ISSN 2788-7979 (online)

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

№1 / 2025

серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



UALIKHANOV University

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN 2788-7979 (online)

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

Меншік иесі "Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" КЕ АҚ
Собственник НАО "Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова"

Главный редактор
Дальбергенова Л. Е., Ph.D, ассоц. профессор
Ответственный редактор
Искакова Г.Ж., магистр
Технический секретарь
Туровская Е.И., маг.филол., отв. сек-рь

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Воркачев С. Г. д.ф.н., профессор
Джусупов Н.М. PhD, профессор
Жакупова А.Д. д.ф.н., профессор
Жаркынбекова Ш.К. д.ф.н., профессор
Жахина Б.Б. д.п.н., профессор
Исмагулова А.Е. к.ф.н.
Маслова В.А. д.ф.н., профессор
Пименова М.В.д.ф.н., профессор
Рысалды К.Т. д.ф.н., профессор
Фаткиева Г.Т. к.ф.н.
Шаймерденова Н.Ж. д.ф.н., профессор
Шалабай Б. д.ф.н., профессор
Шапауов А.К. к.ф.н., профессор
Юрина Е.А. д.ф.н., профессор
Jankowski Henryk dr. hab., full professor
Yilmaz Ahmet PhD, professor

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76
тел./факс: 25-55-83; редакция: 25-03-15;
E-mail: vestnik-kgu@mail .ru

ISSN 2788-7979 (online)

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№1/2025
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издаётся с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Сайт журнала:
https://vestnik.kgu.kz

Внесен в перечень изданий, рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан для публикации основных результатов научной деятельности

Включён в РИНЦ:
https://elibrary.ru/contents.asp?titleid=79564

© Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.
Свидетельство о постановке на переучет печатного издания, информационного агентства и сетевого издания № KZ62VPY00024036, г.Нур-Султан, 11.06.2020 г.

ISSN 2788-7979 (online)

МАЗМҰНЫ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.А. Әбілова, Ж.М. Жампеисова, Р. Айкенова, Ж. Жампеисова
Қазақ тіліндегі гендерлік тұрақты тіркестердің семантикалық компоненттері 9

А.К. Бакытжанова
«Ақыл» интеллектуалды концептісінің лингвомәдени модельденуін салғастырмалы талдау 20

Қ.Т. Бибеков, Л.М. Оразгалиева, М.М. Жакипова
Абайдың тілдік әлеміндегі «адам» концептісі 33

С.Е. Давлетова , А.Е. Біжкенова
Ағылшын және қазақ тілдерінің микротопонимикасы 45

Д.М. Дружиловска, С.Е. Калдыгозова, М.Т. Шакенова
Психикалық блогерлердің сөйлеу ерекшеліктері: ауызша сиқырдан психологиялық әсерге дейін 60

С.С. Исакова, Н.Қ. Құлтанбаева
Әзіл-оспақ дискурсы: мазмұны, құрылымы және ерекшелігі 76

Б.Е. Кеңес, А.С. Ақтанова
Қазақ тілінің ақпараттық технология терминологиясындағы қатыстық сын есімдердің жасалымы 92

Ш. Құрманбайұлы, М.Е. Әділов
Қатын сөзінің семантикасы 104

С.Е. Нургалиева, А.Ш. Жумашева
Мәдени белгілікті қалыптастырудағы аудиовизуалды аударманың рөлі: Қазақстандағы Дисней әндері 114

К.К. Садирова, Р.Б. Жазыкова
Ономастика мәселелерінің дискурстық қырлары 136

Е.В. Сажина, А.К. Елеужанова, Г.З. Бейсембаева, С.М. Дүйсенғазы
Подкасттардағы нейротехнологиялық терминологияларды лексикалық-семантикалық талдау 150

К. Токтарбек, Н.З. Жұманбекова, Б. Жылқыбекұлы
Ағылшын және қытай тіліндегі адам бейнесіне байланысты теңеулердің эталоны 167

М.Т. Хасанова
Шай уақыты: идиомалық тілдің эволюциясымен танысу 181

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

А.Б. Әсенова, Ж.С. Таласпаева, Е.В. Сабиева
Қазақ әдебиетіндегі тақырып пен стильдің эволюциясы: 1920-1930 жылдардағы әдебиет пен қазіргі қазақ әдебиетін салыстыру 197

ISSN 2788-7979 (online)

А.Д. Абилдаева, Ф. Түркмен
Бинарлық оппозициялар көркемдік сананың маркері ретінде 209

Қ.С. Досанова, Е.М. Солтанаева
Д. Исабековтің «Гауһартас» повесінің экранизациясы: кейіпкерлер психологиясы 221

И.Г. Минералова, Қ.Р. Нұрғали, А.Р. Тұлғабекова, С.К. Тоқсанова
XX ғасырдың екінші жартысындағы орыс және қазақ повестеріндегі деректілік пен көркемдік 233

А.А.Туймебекова, А.Б.Салқынбай
А. Бек шығармасындағы Б.Момышұлы батырлығының лингвотанымдық ерекшеліктері 246

М.Б. Хамзина, Д.Р. Жарыкова
«Алпамыс батыр» жырындағы діни дискурс: халықтың рухани бейнесінің көрінісі 260

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

А.Т. Абужалитова, Ж.Н. Сулейменова, М.К. Ажгалиев
Филолог-студенттердің лингводидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі 275

Г. И. Байгунисова, Д. Ж. Мамырбаева
Мәтіннің әртүрлі түрлерімен жұмыс істеу кезінде оқу сауаттылығын дамыту мәселелері .. 289

Р.Д. Бердикулова, А.О. Елюбаева, А.А. Каирова, Б.О. Бектемирова
Мәдениетаралық қарым-қатынасты оқыту барысында Гирт Хофстеденің алты мәдени өлшемін қолдану …….. 302

И.Т. Мухамеджанов, А.Д. Жақупова
7 сынып оқушыларының монолингвтер мен қостілділердің уәждемелік рефлексиясын талдау үшін психолингвистикалық эксперимент ұйымдастыру 316

Д. Нойендорф, А.М. Асабаева, У.Е. Мусабекова
Кәсіби фактордың оқыту тілін таңдаудағы рөлі: әл-Фараби атындағы қазұу студенттерінің тілдік таңдауына сараптама 331

Г. Рысбекқызы, Б. Әбдуалиұлы
Ағылшын тілді аудиторияға қазақ тілін оқытуда антропонимиялық лексиканы қолданудың әдістемелік негіздемесі 346

Біздің авторлар..... 358

ISSN 2788-7979 (online)

СОДЕРЖАНИЕ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Б.А. Абилова, Ж.М. Жампеисова, Р. Айкенова, Ж. Жампеисова
Семантические компоненты гендерных устойчивых выражений казахского языка 9

А.К. Бакытжанова
Сопоставительный анализ лингвокультурного моделирования интеллектуального концепта «ум» 20

К.Т. Бибеков, Л.М. Оразгалиева, М.М. Жакипова
Концепт «человек» в языковом мире Абая 33

С.Е. Давлетова, А.Е.Бижкенова
Микротопонимика английского и казахского языков 45

Д.М. Дружиловска, С. Е. Калдыгозова, М.Т. Шакенова
Речевые особенности блогеров-экстрасенсов: от вербальной магии до психологического воздействия 60

С.С. Исакова, Н.К. Култанбаева
Юмористический дискурс: содержание, структура и специфика 76

Б.Е. Кенес, А.С. Актанова
Образование относительных прилагательных в терминологии информационных технологий казахского языка 92

Ш. Курманбайулы, М.Е. Адилов
Семантика слова катын 104

С.Е. Нургалиева, А.Ш. Жумашева
Роль аудиовиузального перевода в формировании культурной идентичности: песни Дисней в Казахстане 114

К.К. Садирова, Р.Б. Жазыкова
Дискурсивные аспекты проблем ономастики 136

Е.В. Сажина, А.К. Елеужанова, Г.З. Бейсембаева, С.М. Дүйсенғазы
Лексико-семантический анализ нейротехнологических терминологий в подкастах 150

К. Токтарбек, Н.З. Жуманбекова, Б. Жылқыбекұлы
Эталоны устойчивых сравнений, связанных с образом человека (на материале английского и китайского языков) 167

М.Т. Хасанова
Время чаепития: знакомство с эволюцией идиоматического языка 181

ISSN 2788-7979 (online)

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

А.Б.Асенова, Ж.С. Таласпаева, Е.В. Сабиева
Эволюция тематики и стиля в казахской литературе: сравнение литературы 1920-1930 годов и современной казахской литературы …….. 197

А.Д. Абилдаева, Ф. Туркмен
Бинарные оппозиции как маркер художественного сознания ……. 209

К.С. Досанова, Е.М. Солтанаева
Экранизация повести Д. Исабекова «Гаухартас»: психология героев 221

И.Г. Минералова, К.Р. Нургали, А.Р. Тулгабекова, С.К. Токсанова
Документальное и художественное в русских и казахских повестях второй половины XX века 233

А.А. Туймебекова, А.Б. Салқынбай
Лингвопознавательные особенности героизма Б. Момышулы в произведении А. Бека ….. 246

М.Б. Хамзина, Д.Р. Жарыкова
Религиозный дискурс в поэме «Алпамыс батыр»: отражение духовного образа народа …… 260

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

А.Т. Абужалитова, Ж.Н. Сулейменова, М.К. Ажгалиев
Роль информационно-коммуникационных технологий в формировании лингводидактической компетентности филологов-студентов 275

Г.И. Байгунисова, Д.Ж. Мамырбаева
Развитие читательской грамотности при работе с различными типами текста 289

Р.Д. Бердикулова, А.О. Елюбаева, А.А. Каирова, Б.О. Бектемирова
Использование шести культурных измерений Гирта Хофстеде для обучения межкультурной коммуникации …… 302

И.Т. Мухамеджанов, А.Д. Жакупова
Организация психолингвистического эксперимента для анализа мотивационной рефлексии учащихся монолингвов и билингвов 7 классов …….. 316

Дж. Нойендорф, А.М. Асабаева, У.Е. Мусабекова
Роль профессионального фактора в выборе языка обучения: анализ языкового выбора студентов КазНУ им. аль-Фараби …… 331

Г. Рысбеккызы, Б. Абдуалиулы
Методические основы использования антропонимной лексики при обучении казахскому языку англоязычной аудитории 346

Наши авторы 362

ISSN 2788-7979 (online)

CONTENTS

PROBLEMS OF LINGUISTICS

B.A. Abilova, Zh.M. Zhampeisova, R. Aykenova, Zh. Zhampeisova
Semantic components of gender stable expressions of the Kazakh language …… 9

A.K. Bakytzhanova
Comparative analysis of linguistic and cultural modeling of the intellectual concept «mind» 20

K.T. Bibekov, L.M. Orazgaliyeva, M.M. Zhakipova
The concept of "man" in the language world of Abai 33

S.E. Davletova, A.E. Bizhkenova
Microtoponymy of english and kazakh languages …….. 45

D.M. Druzhilovska, S.E. Kaldygozova, M.T. Shakenova
Speech features of psychic bloggers: from verbal magic to psychological influence ……. 60

S.S. Issakova, N.K. Kultanbayeva
Humorous discourse: content, structure and distinctive nature …… 76

B.E. Kenes, A.S. Aktanova
Formation of relative adjectives in the terminology of information technologies of the kazakh language …….. 92

Sh. Kurmanbaiuly, M. E. Adilov
The semantics of the word katyn …… 104

S.Ye. Nurgaliyeva, A.Sh. Zhumasheva
The role of audiovisual translation in shaping cultural identity: Disney songs in Kazakhstan ….. 114

K.K. Sadirova, R.B. Zhazykova
Discursive aspects of onomastics problems 136

E.V. Sazhina, A.K. Yeleuzhanova, G.Z. Beysembaeva, S.M. Duisengazy
Lexical and semantic analysis of the neurotechnology terminology in podcasts …… 150

Қ. Toktarbek, N.Z. Zhumanbekova, B. Zhylkybekuly
Standards of stable comparisons related to the image of a person (based on the English and Chinese languages) …… 167

M.T. Khassanova
The cultural and linguistic evolution of idiomatic expressions ……. 181

LITERARY STUDIES AND FOLKLORISTICS

A.B. Assenova, Zh. Talaspaeva, Ye. Sabieva
The evolution of themes and style in kazakh literature: a comparison of the literature of the 1920s and 1930s and modern kazakh literature ……. 197

A.D. Abildayeva, F. Türkmen
Binary oppositions as a marker of artistic consciousness ……... 209

ISSN 2788-7979 (online)

K.S. Dossanova, Y.M. Soltanayeva
Screen adaptation of D. Issabekov's story "Gaukhartas": psychology of heroes ……... 221

I.G. Mineralova, K.R. Nurgali, A.R. Tulgabekova, S.K. Toksanova
Documentary and Artistic Elements in Russian and Kazakh Novellas of the Second Half of the 20th Century …… 233

A.A. Tuimebekova, A.B. Salkynbai
Linguistic and cognitive features of B. Momyshuly's heroism in the works of A. Beck …….. 246

M.B. Khamzina, D.R. Zharikova
The religious discourse within the epic «Alpamys batyr» offers a profound reflection of the people's spiritual identity ……. 260

METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

A.T. Abuzhalitova, Zh.N. Suleimenova, M.K. Azgaliyev
The Role of Information and Communication Technologies in Forming Linguodidactic Competence of Philology Students 275

G. Baigunissova, D. Mamirbaeva
Developing Reading Literacy through different Types of Text …….. 289

R.D.Berdikulova, A.O.Yelyubayeva, A.A.Kairova, B.O. Bektemirova
Using Geert Hofstede's Six Cultural Dimensions to teach intercultural communication ……... 302

I.T. Mukhamedzhanov, A.D. Zhakupova
Organization of a psycholinguistic experiment for the analysis of motivational language awareness in monolingual and bilingual 7th grade students …… 316

J. Neuendorf, A.M. Assabayeva, U.E. Mussabekova
The role of the professional factor in the choice of the language of instruction: analysis of the language choice of students of KazNU Al-Farabi …….. 331

G. Rysbekkyzy, B. Abdualiuly
Methodological Principles for Incorporating Personal Names Vocabulary in Teaching Kazakh Language to English-speaking Learners ……. 346

Our authors..... 367

ISSN 2788-7979 (online)

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

PROBLEMS OF LINGUISTICS

МҒТАР 16.21.51 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp9-19

Б.А. Әбілова[1], Ж.М. Жампеисова[2], Р. Айкенова[3], Ж. Жампеисова[4]
[1]Халықаралық Астана Университеті, Астана, 010000, Қазақстан
[2]Халықаралық Білім Беру Корпорациясы, Алматы, 050060, Қазақстан
[3]Туран-Астана Университеті, Астана, 010000, Қазақстан
[4]М.Х. Дулати ат. Тараз өңірлік университеті, Тараз, 080000, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ

Гендерлік лингвистикаға деген қызығушылықтың артуы аясында тілдік жүйеде гендерлік рөлдер мен стереотиптердің қалай көрінетініне ерекше назар аударылады.Мақалада қоғамдағы әйел адамдар мен ер адамдардың мәртебесін, сыртқы белгілері мен адамгершілік қасиеттерін, олардың әрқайсысының этнос, отбасы өміріндегі тілдік бейнеде халық менталитетін сақтайтын қазақ тілінің тұрақты тіркестері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – гендерлік оппозицияны қамтитын тұрақты бірліктерге когнитивтік-мәдени талдау жүргізу, сондай-ақ бұл тіркестердің қазақ мәдениетіндегі гендерлік стереотиптерді, дәстүрлер мен әлеуметтік рөлдерді қалай көрсететінін зерттеу.

Негізгі бағыттарға фразеологизмнің лексикалық-семантикалық аспектілерін талдау, сондай-ақ тұрақты тіркестерді мәдени-спецификалық гендерлік коннотацияларды зерттеу кіреді. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы қазақ тілінің гендерлік фразеологиясы туралы білімді кеңейту және лингвомәдениеттану мен гендерлік лингвистиканың дамуына үлес қосу болып табылады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін қазақ тілін оқытуда, аудармада, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникацияда қолдану мүмкіндігінен тұрады. Зерттеу барысында ерлер мен әйелдердің рөлдері туралы қоғамдық стереотиптерді көрсететін қазақ тілінің гендерлік орнықты көріністерінің негізгі семантикалық компоненттері анықталды. Нәтижелер гендерлік стереотиптер мен мәдени құндылықтарды берудегі фразеологизмнің маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу қазақ мәдениетіндегі гендерлік процестерді жақсы түсінуге ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда, гендерлік зерттеулерде, сондай-ақ мағынаны барабар жеткізу үшін тілдің мәдени және гендерлік ерекшеліктерін ескеру қажет аударма тәжірибесінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл когнитивтік-лингвистикалық зерттеудің қазақ халқының космогендік тілін зерттеуде жас ұрпақтың бойында ұлттық гендерлік қатынастар мен гендерлік мінез-құлық туралы дұрыс түсінік қалыптастыруда практикалық маңызы зор.

Кілт сөздер: тұрақты тіркестер, этика, халықтық менталитет, гендерлік қатынастар, семантикалық компонент, когнитивтік, әмбебап стереотиптер, семантикалық компонентер.

ISSN 2788-7979 (online)

НЕГІЗІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі уақытта қазақ қоғамында гендерлік қарым-қатынастың бірқатар мәселелерін шешудің өзекті әлеуметтік қажеттілігі туындап отыр, бұған аты шулы оқиғалар себеп болуда. Мемлекет пен қоғам қабылдаған құқықтық шаралар гендерлік мәселелерді шешудің формальды жағы ғана болып табылады, олар қылмыстың алдын алу тұрғысынан маңызды.

Гендерлік тәрбие мен дұрыс көзқарастың бастауы қазақ халқының салт-дәстүрінде, тіл мәдениетінде жатыр. Бірақ, өкінішке орай, бізде Батыс елдеріне қарағанда, қазақ халқының гендерлік тілдік бейнесі, оқыту әдістемесінде қолдануға болатын гендерлік өрнектер, отбасыларға, мектептерге, университеттерге арналған тәрбиелік кітаптарға қатысты мәдени, лингвоәлеуметтік және когнитивтік зерттеулер өте аз жүргізілді. Қазақ халқының тұрақты тіркестерінде (мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер) адамның гендерлік мінез-құлқының мәні мен нормалары, әр адамның қоғамдағы орны мен рөлі жазылып, қарым-қатынас әдет-ғұрыптары ғасырлар бойы жинақталған.

Арнайы әдебиеттер зерттеулері көрсеткендей, батыс лингвистикасында П. Глик пен С. Фиске теориясына негізделген «ер»/«әйел» бинарлы аспектідегі гендерлік-релеванттық тұрақты тіркестерді қарастырған жұмыстар жеткілікті [1]. Бұл теорияның негізінде патриархалдық саясат қолдану және гендерлік теңсіздікте көрініс табатын өзге жынысты адамға деген қатынастың, көзқарастың амбиваленттік сексизм идеясы жатыр. Гендерлік қатынастар көрініс табатын тұрақты тіркестерді үлкен екі топқа бөліп қарастырған: жасырын немесе қасақана сексизм (әйелді мейіріммен қабылдайды, бірақ патриархалды тәуелділікпен) және айқын сексизм (әйелдерге жеккөрінішпен қарап, кейде қорлайтын, қатал қатынаспен) [2,3, т.б.]. Мұндай зерттеулер алыс азиялық шетел ғалымдарының еңбектерінде де көрініс тапқан [4,5, т.б.].

Батыс лингвистикасында ер адамның сөйлеуі мен әйел адамның сөйлеуін салыстыруға негізделген «дефициттік» тәсіл деп аталатын жүйелі бағыт бар. Сонымен бірге ерлердің сөйлеуі қалыпты, ал әйелдердің сөйлеуі өзіне тән аз сөздік қоры бар ауытқу болып саналады [6, б. 238-239]. Қарым-қатынаста сөйлеудегі сияқты әйелдерге қарағанда ерлердің үстемдік етуінен және оларды бағындыруды қалайтынынан көрінетін үстемдік тәсілі бар (Д. Циммерман, К. Вест, П. Фишман, Д. Спенсер). Біздің ойымызша, бірінші және екінші көзқарастар, негізінен, гендерлік сексизм саласында жатыр. Батыста соңғы кезде ең танымалы динамикалық көзқарас болып табылады, оған сәйкес гендерлік айырмашылықтар әлеуметтік сипатта болады және гендерлік сөйлеу стереотиптері бар. Осыған сәйкес Батыста тұңғыш «Гендерлік терминдер сөздігі» жасалды [7].

Біздің елімізде феминистік дискурстың жоқтығынан (Батыстағыдан айырмашылығы) гендерлік лингвистикалық бірліктерде және сөйлеуде зерттеу соңғы онжылдықтарда ғана пайда болды, негізінен әртүрлі этникалық топтардың жеке бірліктерінің салыстырмалы сипатында [8,9,10,11]. Баранов А.Н. «Фразеология теориясының аспектілері» атты еңбегінде тұрақты тіркестің семантикасының өзекті компонентін зерттеудің ең жақсы әдістерінің бірі – тілдік сананың этномәдени компонентін жақсы көрсететін фрейм [12] деп атап көрсетеді. Осы зерттеуде гендерлік тұрақты тіркестер белгілі анықтамалық құралдардан – С.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінен [13] және М. Аққозин құрастырған мақал мен мәтелдер жинағынан [14] алынып, когнитивтік талдау жасалды.

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы когнитивті лингвистика адам мен тілдің қарым-қатынасын зерттеуге бағытталған, оның әр қабаты ана тілінде сөйлейтіндердің әлемді қабылдау түсінігінен, адамдармен қарым-қатынасынан, құндылықтарды анықтап, сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуі сияқты құнды ақпараттардан, білім мен тәжірибеден тұрады.

ISSN 2788-7979 (online)

Осы тұрғыдан алғанда кез келген тілдегі салт-дәстүр мен әдет-ғұрпы, мінез-құлқы мен қарым-қатынас этикасы бейнеленген, тәжірибесі мен даналығы жинақталған тұрақты тіркестерінің қорын зерттеу арқылы этностың менталды бейнесін көреміз. Осының барлығы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерде тұрақтылық, өнегелік, танымдық және дидактикалық мәнге ие болған гендерлік тілдік оралымдарды зерттеудің өзектілігін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеушілер атап өткендей, гендерлік тұрақты тіркестерді талдау олардың халық санасында қалыптасқан мәдени бейнелерді ашып көрсетуге, олардың отбасындағы, адамның бүкіл ғұмырындағы, қоғамдағы рөлін анықтауға және дәстүрлі көзқарас стереотиптерінің типологиясын нақтылауға мүмкіндік береді. Г.Қ. Аюпова, А.Қ. Сәрсенбаева [15], орыс және қазақ тілдерінің гендерлік фразеологизмдеріне салғастырмалы зерттеулер жүргізе отырып, келесі мәдени тілдік бейнелерді анықтады: әйел-ана-әже: орыс тілінде: *матерь божья, родина-мать, матушка-земля* және қазақ тілінде *жер-ана, Ұмай ана, ақ жаулық;* қыздың, әйелдің, ананың, әженің, әпкенің, құдағидың, жеңгенің, келіннің рөлі *(қыз, әйел, ана, әже, әпке, құдағи, келін, жеңге).* Келесі стереотипті олар әйелдің ішкі қасиеттерін көрсететін сыртқы көрініспен байланыстырады (*красная девица – адамнан асқан сұлу*). Әйелдердің сыртқы сұлулығын сипаттайтын тілімізде қалыптасқан тұрақты тіркестер өте көп. Бұл ретте ерекше стереотип ретінде *жақсы мінез, еңбексүйгіштік* сияқты ішкі қасиеттерді ажыратып, мысалдар келтіреді: орыс тілінде «*с лица воду не пить», кисейная барышня* (изнеженная) – қазақ тілінде *қыз қылығымен, атқан таңдай*. Сондай-ақ авторлар *лживая женщина, базарная баба, чертова кукла, мокрая курица, мужик в юбке – көк бет әйел, долы қатын, тесік моншақ, есік көрген* сияқты жағымсыз образды да атап көрсетеді.

Біз өз жұмысымызда гендерлік тұрақты тіркестерінің дәстүрлі стереотиптік жіктелуін де қарастырамыз, сонымен қатар қазақ халқының қарастырылып отырған тілдік бірліктерінде сақталған маңызды басқа стереотиптерді де енгіземіз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Кез келген тілдегі тұрақты тіркестер ерекше әрі бейнелі болып келеді. Олар ұжымдық немесе жеке жолдармен қалыптасады, олардың семантикалық компонентін қарастырған кезде фондық ақпаратты, лингвистикалық психикалық құбылыстардың ерекшеліктерін, сондай-ақ оларды түсінудегі субъективтілікті, халықтық дискурста қолдануды ескеру қажет. Бейнелі тіркестерді белгілі бір құбылысқа сипаттама ретінде бір кездері есімі уақыт өте келе ұмытылған данышпан айтқан болуы мүмкін. Халықтың басқа өкілдеріне сол тіркестер ұнап, олар күнделікті тұрмыс-тіршілікте белсенді түрде қолданыла келе, тұрақтылыққа ие болған, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалпы халықтық сипат алып, көркемдікке ұласқан. Тұрақты тіркестерде халықтың ақпараттық жадысы және тәжірибесі кодталған, олардың бойында екі концептуалды маңызды бір-біріне ұқсамайтын, солай бола тұра екеуі жұптасып бүтіндік сипат алатын – әйел мен ердің, олардың өмірдегі рөлі мен мәртебесі, тәрбиесі мен білімі, мінез-құлқы және этика нормалары сияқты құндылықтары бағаланып, пайымдалған танымдық білім жинақталған.

Мақалада гендерлік фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері теориялық лингвистиканың дәстүрлі әдістерін, әсіресе сипаттау, бақылау және салыстыру әдістерін қолдану арқылы зерттеледі. Зерттеуді жүргізу үшін материал ретінде Гендерлік тұрақты тіркестер белгілі анықтамалық құралдардан – С.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінен және М. Аққозин құрастырған қазақ мақал-мәтелдері жинағынан үлгілер пайдаланылды. Сенімділік пен объективтілікті қамтамасыз ету үшін этномәдениет танымының ғылыми әдістемесі, контрастивті лингвистика және семантикалық талдау әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ халқының гендерлік бейнелеу ерекшеліктері фразеологиялық бірліктерді, нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді қамтитын тұрақты тіркестердің мағыналық құрамдас бөліктерінде

ISSN 2788-7979 (online)

барынша толық көрінеді. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ болмысы бойынша қоғамда әйел мен еркектің әлеуметтік статусында айқын шекара болды. Ер – отағасы, ру басы, жер иесі («Туған жер – ел» ұғымының мағынасында), оның мұраты – туған жерге қызмет ету (*Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі*), қабілетті, парасатты, дана, мемлекеттік, шаруашылық істермен айналысады. Әйел – оған бағынышты, қорғауында болады, ол – ішкі тірек (*Жақсы қатын – ырыс*), ошақ ұстаушы, ақылды кеңесші (*Ақылды әйел ішінде алтын бесікті ұл жатар*). Қазақ әйелдің қоғамдағы, елдегі, болашақтағы рөлін айқын аңғарған: *Әйелі азған елдің болашағы жоқ.*

Қазақтың менталитеті мен тұрмыс-тіршілігінде қашанда реттілік пен иерархия болған: үлкен – кіші, құрмет – ізет. Бұл гендерлік қатынастарға да тән болды: иерархияда үйдің үлкені – күйеуі, кішісі – әйелі болды, солай бола тұра әйелдердің, әсіресе аналар мен әжелердің рөлі төмендеген жоқ. Тиісінше, гендерлік қарым-қатынаста анаға, әжеге деген құрмет жоғары болды.

Зерттеу барысында гендерлік тұрақты тіркестерді біз семантикада немесе ішкі формада белгілі бір жыныстағы адамның белгісін, ер немесе әйелге тән белгілерді (сыртқы келбеті, мінезі, болмысы және т.б.), білім беру мен тәрбиелеудегі құндылықтар жүйесінің, олардың арасындағы қарым-қатынастың көрсеткіші ретінде қарастырамыз. Сонымен қатар, оларда гендерлік семантика белгілі бір дәрежеде көрсетілуі мүмкін, бұл оларды стереотиптерді анықтау критерийі ретінде таңдауға мүмкіндік береді, оның ішінде сыртқы келбеті, мінез-құлық ерекшеліктері, әдеттері, киім-кешектері, отбасындағы рөлі, қарым-қатынастары, кәсібі, белгілі бір қызмет саласындағы лауазымы бар (1-кесте). Жалпы алғанда, олар қазақ халқының гендерлік мәдени бейнесін құрайды.

1-кесте – Ер адам мен әйел адамның мәдени бейнесі

Ер адамның мәдени бейнесі	Әйел адамның мәдени бейнесі
Сырт келбеті: шымыр денелі, кең жауырынды (*алпамсадай жігіт, бағлан жігіт*), білекті, сақалды (*сақалды басымен; сақалды қолдан берді*)	Сырт келбеті: сұлу, ажарлы, аққұба *(ақ дидар, ақ мандай),* айдай толықсыған, жарқын жүзді *(айдай таза, күндей нұрлы);* бет-әлпеті *(ай қабақ, алтын кірпік);* қос бұрымды *(қолаң шаш),* талдырмаш *(белі талшықтай),* көз жанары (*мөлдір көздері*), ұзын мойынды *(алма мойын аршын тас)*
Мінез-құлқы, әдеттері: батыл, күшті, қаһарлы, ержүрек жауынгер, әділ, мейірімді, парасатты, қартайғанда дана, мысалы: *Батырлық каһары – еліне қорған.*	Мінез-құлқы, әдеттері: тіл алғыш, қонақжай, шыдамды, қорықпайтын (балаларды, отбасын қорғауда), өсекші (әйел туралы), ашуланшақ әйел (қатын), нәзік (көбінесе жас қыз туралы), ерке, ұқыпты: *ақ дидарлы*
Киім, гардероб заттары, атрибуттар: шапан, бөрік (бас киім), етік, жейде (көйлек), қамшы, қанжар (пышақ): *ер қанаты – ат; ер қаруы – бес қару*	Киім, гардероб заттары, атрибуттар: *қамзол* (жилетка), *желек, жаулық* (тұрмыстағы әйелдің бас киімі), *ұзын етек* көйлектер
Туыстық қатынастағы рөлі: *әке, ата, аға, ұл.* Бейтарап атауы – ер. *Әке – асқар тау* (әкесі тірек ретінде) *Отағасы, шаңырақ иесі* (үй иесі) *Ұл – айбарлы қылыш* (қорғаушы мағынасында)	Туыстық қатынастағы рөлі: *ана, әйел, қыз* (қыз ретінде және бойжеткен кезінде), *құдаша, келін, бәйбіше, тоқал, жеңге:* *Анасын көріп қызын ал; ақ әже,* *Келіні жақсының керегесі алтын және т.б.*
Белгілі бір әрекеттегі мәдени бейнесінің статусы: *жауынгер (батыр), сұлтан, би, малшы.*	Белгілі бір әрекеттегі мәдени бейнесінің статусы: *баланы тәрбиелеуші, ас-су берушi, ошақ иесі.*
Ерлі-зайыптылар арасындағы үйлесімдік, тұрақты қарым-қатынас (еркек-әйел), позитивті: *Айрандай ұйып отыр, екі жарты бір бүтін.*	Тұрақсыздық, ерлі-зайыптылар арасындағы нашар қарым-қатынас (еркек-әйел), жағымсыз: *жаман қатын алғанның жау үйінде.*

ISSN 2788-7979 (online)

Зерттеушілер атап өткендей, гендерлік тұрақты тіркестер қоғамдағы, отбасындағы, қарым-қатынас иерархиясындағы белгілі бір гендердің мәртебесі мен орнын көрсету мақсатында, сондай-ақ дидактикалық мақсаттарда, мысалы, *Қызым, саған айтам, келін, сен де тыңда* (мен қызыма айтамын, сен келінсің тыңда) жалпылау үрдісіне ие. Бірақ қазақ халқында ұрпақтар арасындағы байланыс, өмірді жалғастыру – әкеден ұлға, ұлдан немереге, немереден шөбереге және т.б. беріліп отырады. Бұл менталды заң қазақтардың тілдік кодында біз қарастыратын тұрақты тіркестерде нақты көрінеді.

Қазақтың тұрақты тіркестеріндегі адамның мәдени бейнесін зерттеу бірқатар тілдік бірліктерді анықтауға мүмкіндік берді, мұнда олардың қоғам өміріндегі маңызы мен рөліне объективті баға беріледі: *ауырлықты жер көтерер, ауыр қазаны ер көтерер; ер талабы өр мезгер, ердің құны, нардың пұлы*. Соңғы тіркестегі «нардың пұлы» екінші сыңарының мағыналық құрамдас бөлігі қазақ арасында ежелден өте қымбат болған бір өркешті түйенің құнын білдіреді, «ердің құны жоқ» семантикасымен пара-пар (ержүрек жауынгер).

Ол өз жерінің, отбасының қорғаушысы: *ереуіл атқа ер салды*, т.б. жаулардан қорғауға шықты. Оның міндеті – Отанды қорғау: *Отан үшін күрес – ерге тиген үлес*. Сондықтан да ерлерге қорғаушы, жауынгер ретінде құрметпен қарау туралы өсиет халықтың, әсіресе жас ұрпақтың ақпараттық жадында сақталуы маңызды болды. Сондай-ақ *ат айналып қызығын табар, ер айналып елін табар* деген тіркесте де ердің ел үшін туғанын меңзеп тұр. Ердің мақсаты – Отанға қызмет ету: *ит тойған жеріне, ер туған жеріне; ер - елінде, гүл – жерінде.*

Кейбір тұрақты тіркестерде қазақтар үшін ер адамның әлеуметтік маңызы бар рудың, әулеттің, отбасының жалғасы ретіндегі рөліне халықтың объективті бағасын да кездестіреміз: *еркек (ер бала) туды, яғни ұл туды*. С.Кеңесбаевтың сөздігінде тағы бір мағына да берілген: «*батыр, ел туралы айтылады*», яғни, батырлар, халықтар туралы айтылады. Алайда, қазақтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігін лингвомәдениеттанымдық зерттеулер көрсеткендей, мұрагер тумаған отбасы қоғамда толық отбасы болып саналмаған, өйткені отбасын жалғастыратын ешкім болмайды, сондықтан ұлдың дүниеге келуі маңызды оқиға ретінде саналды: «ұл, ер бала» мағынасында еркек кіндік, яғни, ұл, ер бала. Тағы бір тұрақты тіркесте ұл баланың мұрагер болып шығуы «ат ұстар» фразеологиялық бірлігінде сақталған: сөзбе-сөз «ат тізгінін ұстайтын» деген мағынада. Халық түсінігінде мәңгілік өмір (қайталау, тірілу) дәл ұл баламен байланыстырылады, мұны мына тіркес дәлелдейді: *артында қызы қалғанның - ізі қалғаны, артында ұлы қалғанның - өзі қалғаны*. Ұл баланың адамгершілігіне, мінез-құлқына берілген баға отбасы призмасы арқылы анықталады: *ер бесіктен танылады*, т.б. оның мінезі балалық шағында көріне бастайды, ол ерте жастан адамдардың көзіне түседі. Сондықтан отбасы ұл баланың мінез-құлқын жастайынан тәрбиелеуге көңіл бөлуі керек. Жақсы отбасынан лайықты ұл тәрбиеленеді: *ердің ері, егеудің сынығы.*

Қазақ атауында халық арасында «жігіт» ұғымы да иерархияда жоғары орын алады, ол ата-ананың, халықтың тілегі арқылы көрінеді, соған сәйкес тұлғаның қасиеттеріне баға беріледі, ер мінезді болып қалыптасуына мән береді: *жігіт ағасы болды,* яғни есейді*, кісі болды* жақсы отбасын құрды, үлгілі отбасы болды, құрметі артты. Ел көсемі қызметін атқаратын кезге жеткен: *жұртқа ақылшы аға* мағынасы ел басшысы дәрежесіне жетті. Сол аспектіде *ер қара* фразеологиялық бірлігін де келтіруге болады, яғни, жігіт, халық қатарына қосылған адам. Көбінесе жас жігітке қолдау, ісін мақұлдау кезінде айтылады: *Сенің енді азамат болғаның, күнім, ер қара болып ел қатарында еңбекте болдың, - деп баласын мақтап өткендей жымыңдап аз отырды* [13, 54]. *Атқа мінер* фразеологизмінде «әскер жасына жеткен» семантикалық компоненті бар. *Ата сақалы аузына біткен* тұрақты тіркес те есею, ер жету деген мағынаны білдіреді.

Жігіттің, ер адамның халықтық менталитеттегі мәдени бейнесі оның батылдығымен, қайсарлығымен тығыз байланысты: *ер жүрек* («батыл, қайсар» дегенді білдіреді). Ерліктің көрінісі арқылы халық арасында ердің мәртебесі айқындалады: *Ерлік – елдің сыны*. Ер адамға дербестік тән: *ер жолдасы – тәуекел*, қайраттылығы: *ер қайраты*. Жауынгердің, қорғаушының міндетті атрибуты саналатын ер адамның қару-жарағына ерекше рөл берілді. Бұған байырғы фразеологиялық бірлік дәлел: *ер қаруы бес қару*. Яғни, ер адамның қару-

ISSN 2788-7979 (online)

жарағында: қылыш, найза, садақ, шоқпар, сойыл болуы керек. Оның таптырмас серігі – тұлпары, ол досы әрі құтқарушысы. Ер жігіттің тұлпары батырмен бірге туады деген халық нанымы тұрақты тіркестерде сақталған: *ат - ер қанаты*, *ат мініп, аспан асынып, ат сүйек беру.*

Қазақ ер-азаматының, батырдың мәдени бейнесінде өзіне тән келбеті – мықты дене бітімі (*алпамсадай жігіт; бағлан жігіт*), аттың тізгіні мен қылышты ұстай алатын мықты білегі, кең жауырыны ерекше рөл атқарады. Жауына қатал: *алты басты айдаһар; күшті, бурадай бұрқылдады.* Оның Отан қорғаудағы қайратының, қайсарлығының көрінісі: *батырлық қаһары – еліне қорған*. Күресуге, төбелесуге, қарсыласуға бейім еркектерге тән қасиет те атап өтіледі: *ер шекіспей бекіспейді*. Айтқан сөзінде тұратын, жауаптылығын көрсететін тұрақты тіркес: *ер мойнында қыл арқан шірімес*.

Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болу керек деген халық сөзіндегі бірінші мағыналық компонентте «жігіттің сегіз қасиеті бар» сипатты білдірсе, екінші бөлігінде «бір пікірде болу» – шешім қабылдай алу мағынасы бар. Ер адамның қарапайымдылығы, ұстамдылығы: *шын ер жеңсе – тасымас, жеңілсе – жасымас* тіркесінде көрінеді. Өз қадір-қасиетін, теңдігін танытуға тәрбиелеуде *шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңның қара құлы емес,* т.б. тәкаппарға тәкаппар бол, ол пайғамбардың баласы емес, құрметті адамға ізетті бол, атаңның құлы емес деп ескертіп отырады. Қарапайымдылықты, талапшылдықты мінез қасиет ретінде халық қастерлеген: *ұлық болсаң, кішік бол*. *Жігіт елінде патша* деген тұрақты тіркес жастың туған жеріндегі маңыздылығын, құрметін айтады [13, 14].

Адамның әрбір жас кезеңінің халықтық қолданыста дәл белгіленіп, тұрақты сөз тіркестерінде бекітілген өзіне тән тілдік бейнелік ерекшеліктері болады. *Ақсақал болу, атаның жасына келу, ата болу* ақылға, өмірлік тәжірибеге қол жеткізген кезі – ердің ең құрметті кезеңі. Демек, *ақсақалдай сөйлейді* – данышпан сияқты сөйлейді; *Ақсақал алқасы* жасы ұлғайған адамды құрметтеу компонентін қамтиды және ол қазақ отбасында дәстүрлі түрде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Ата, ата-баба – көп қырлы мағыналық компоненттері бар тұрақты тіркестердің үлкен концептуалды өрісінің өзегі. Қазақта үлкендік иерархиясында айтылғандай, *ата-бабадан* әр әулеттің шежіресі бастау алады. С. Кеңесбаев сөздігінде «ата» ұғымы бар 24 фразеологиялық бірлік берілген. Біз оларды мағыналық компонентіне қарай бөлуге әрекет жасадық, мысалы, «рудың ізбасарлары, жалғастырушылары»: *ата-баба зәузаты, ата-бабаның ұрпақтары, атасының баласы, ата жолын қуды, атадан асып туды*; тілек: *ата-бабаның аруағы қолдасын* мағынасында ата-баба әруағы қорғасын, жәрдем берсін; бата алу: *атаңның ботасын алма, батасын ал*; уақыт белгісі: *ата заман, ата заманнан* шалғай заман, бағзы заман мағынасында; жағымсыз сезімдерді, қарғыс пен налуды қамтитын: *ата-бабаңның көрі жаңғыр* – ата-баба бейіті жансын; *атаңның басы*– ештеңе болмайды, ештеңе жоқ мағынасында; *атамнан ары, армен*; *атаңның құны бар ма?* – сенің не шаруаң бар? деген мағынада. Ерлердің мінез-құлқына сәйкес келетін фразеологизмдер: *күш атасын танымас* – күш жасы үлкендікке қарамайды; *ата жау* – ескі жаулар. Енді *ата жауға* антонимдік мағынада *ата жолдас* – ескі достар мағынасында қолданылады; *ата қоныс* – халықтың белгілі қоныстанған көне жері. Отбасылық қарым-қатынасты білдіретін тіркестер де бар: *нағашы ата*; *қайын ата*.

ТАЛҚЫЛАУ

Гендерлік тұрақты тіркестерді зерттеу көрсеткендей, қазақ халқы ер адамның өміріндегі, отбасы өміріндегі әйелдің маңыздылығын әрқашан бағалап, атап көрсеткен: *әйелсіз үй жетім*, әйелі үйде болмаса жайсыз, көңілсіз болады. Немесе: *еркектің бағы да әйел, соры да әйел*, яғни егер жақсы, мейірімді, пысық болса, әйел еркектің бақыты, жаман, ашушаң, шаруаға қыры жоқ болса, бақытсыздығы. Бірінші компонентте мұндай әйел өмір бойы тірек, жақсы кеңесші, адал досқа айналуымен құнды: *жақсы әйел теңі жоқ жолда, түбі жоқ сырлас*; ер мақтанышы, үйдің сәні: *әйел – үйдің көркі; жақсы қатын – үй дәулеті, жақсы шапан – той дәулеті*. Отбасындағы жарасымды, жылы қарым-қатынас әйелге, оның мінезіне байланысты: *әйелі*

ISSN 2788-7979 (online)

жақсы болса – жұмақ, жаман болса – тозақ. Бұл тұрақты тіркестің мағынасы: егер әйел жақсы, мейірімді болса, онда жәннат үйде, ал жаман және ашушаң болса, онда өмір тозақ сияқты. *Жақсы қатын ырыс, жаман қатын ұрыс* тіркестері де осы мағынаны білдіреді. Отбасының басын біріктіретін, ауызбіршілігін ұстап тұратын әйел: *үйдің басын қатын қосар, елдің басын батыр қосар.* Ақылды, жақсы әйел ғана жаман еркекті мырза, хан қыла алады: *жақсы әйел жаман еркекті хан қылады.* Ал, керісінше, жаман қатын отбасын, ошағының тыныштығын бұзады: *жаман еркек той бұзар, жаман қатын үй бұзар*. Ондай қатын алсаң, үйіңде жау ұстағаныңды ескер: *Жаман қатын алғанның жауы үйінде*. Жоғарыда келтірілген фразеологиялық бірліктерде ер азаматтың жар таңдау критерийі ретінде олардың тек адамгершілік қасиеттері ғана емес, сонымен бірге еңбек дағдысы, еңбекқорлығы немесе жалқаулығы да атап өтіледі.

Әйел затының мәдени бейнесіндегі сұлулықты қазақ халқының табиғатпен, құбылыстармен, үйлесіммен байланыстырғанын байқаймыз. Бұл тектес фразеологизмдерде көбінесе ай мен күнге теңеледі: *айдай сұлу; жаңа туған ай секілді.* Әсіресе, қазақ тілінде жалпы «қыз» ұғымымен белгіленетін ару, бойжеткенді сипаттағанда қолданылады. Ежелден қазақ халқының менталитетінде «қыз – отбасында қонақ»: *қыз – қонақ, қыз – жат жұрттық, ұл – қоныс, қыз – өріс*. Қыз тәрбиелеп отырған ата-ана жақсы тәрбиелі қыздың сүйікті жар, ана, аяулы әже болатынын естен әсте шығармаған: *иманды қыз – сүйікті жар – аяулы ана – ақжаулықты әже.*

Қазақтар әрқашан қыздарының болашағына алаңдап, олардың тағдырының оңай болмауы мүмкін екенін түсінген: *қыздың жолы жіңішке*. Отбасында қыздың дүниеге келуі қуаныш болған: *ұзақ болса да жол жақсы, жаман болса да қыз жақсы*; *қыз қылығымен сүйкімді*. Қыз баланы тәрбиелеу де оңай емес екенін түсінген: *қыз ауыр ма, тұз ауыр ма?*, содан кейін *қызға қырық үйден тыйым* салынады. Анасы үшін де, қызы үшін де тәрбиелік сипаттағы тіркестер: *балапан ұяда не көрсе, соны іледі* – отбасында анасынан көрген тәрбиеге қызының болашағы тәуелді деген мағынаны білдіреді.

Балалары есейген отбасының басты мәселесі – олардың отбасылық өмірін реттеу: *ұлын ұяға, қызын қияға қондыру.* Әйтсе де халық ата-ананың ұл мен қызды тәрбиелеуіне де қатаң баға берген: *ұлды асырай алмаған құл қылады, қызды асырай алмаған күң қылады*. Яғни, ұлын дұрыс тәрбиелей алмаған оны құл, қызын күң, қызметші етеді. Болашақта қыз баланың басқа отбасының мүшесі болудағы басты мақсатын түсінген қазақ халқы болашақ отбасылық қарым-қатынастың әлеуметтік жағдайын да тілде түйіп кеткен: *шыққан қыз – шиден тысқары* (күйеуге шыққан қызы – кесілген кесек), ата-ана енді оның отбасына араласа алмайды.

Алайда, тұрмыс құрмаған қыздарды қорғайтын мақсатты тіркестер халық қолданысында да кездеседі: *отырған қыз орнын табар;* ал егер тым таңдағыш болса, таңдау да қалмайтынын ескерткен: *көп таңдаған қыз тазға жолығады*. Дегенмен, барлық ата-ана балаларының, әсіресе қыздарының амандығын, бақытты болғанын қалайды. Ал көпшілігі оны: *қазақ түскен келіннің ші болғанын, кеткен қызының биі болғанын қалайды* деп артық кетуі де мүмкін екені тілді көріністенген. Қазақтың үйге келген келіннің бағынғанын, күйеуге шыққан қызы біреудің үйін басқарғанын қалайды. Әрине, *ана сүтін ақтау, анасын көріп қызын ал* деген тұрақты бірліктерде анасының тәрбиесі мен еңбегін ақтауы керектігі анық айтылған.

Көбінесе қазақ тілінде «ана», «шеше», «апа» үш номинациясы бар «ана» ұғымын беретін тұрақты тіркестер бар, олар да әйел-ананың мәдени бейнесі кең мағыналы семантикалық компоненттерден тұрады. Мысалы, *әкесіз жетім – жарты жетім, шешесіз жетім – тақыр жетім* – тіркестерінде, шынында, әкесіз өскен жарты жетім, анасыз өскен бала өміріндегі ананың алатын орны ерекше екенін халық даналығы көрсетіп тұр. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына байланысты фразеологиялық тіркестер де бар, мысалы, кіндік шеше. Босану кезінде баланың кіндігін кескен әйелге *кіндік шеше* деген құрметті атағы беріледі. Ауылға сыйлы, мінезі жақсы әйелді кіндік шеше жасайды, бала өзінің жақсы қасиеттерін бойына сіңіреді деп есептейді, болашақта ол баланың өміріне белсене араласады. Бұл тілдік бірліктердің қабаты бұрыннан қалыптасқан тұрақты тіркестер тұрғысынан ғана емес, жаңа

ISSN 2788-7979 (online)

көзқарастағы зерттеулерді де қажет етеді, өйткені олар тілімізде жиі қолданылатын үздіксіз динамикалық процесс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, гендерлік семантикалық компоненті бар тұрақты тіркестердің зерттелген материалы бойынша келесідей қорытынды жасалды:

1) гендерлік мәні бар тұрақты тіркестер қазақ халқының тілдік әлемдік бейнесін және оның менталитетін бейнелейді, гендердің қоғам (туған жер, жер), отбасы және жеке адам өміріндегі рөлі мен орнын анықтайды;

2) олар әйел мен ер адамның этносимволдық мәнге ие иерархиялық мәдени бейнелерін білдіреді, олардың сыртқы келбетіне, рухани, моральдық, физикалық және т.б. әртүрлі қасиеттеріне, мінез-құлқы мен өмір сүру салтына деген халықтың мәдени көзқарасын қамтиды;

3) қазақ халқының гендерлік тұрақты тіркестері – тек қана гендердің, олардың қарым-қатынасының психикалық бейнелерін ғана емес, сонымен қатар ұлттық тәрбие жөніндегі халықтық педагогиканы, ұлттық құндылықтарды білдірудегі гендерлік моральдық кодексті қамтитын халықтық қолданыстағы тұрақты құндылықтар (отбасы, үлкенді сыйлау және жақындарына қамқорлық көрсету, жерді, туыстарды қорғау және т.б.).

Гендерлік тұрақты тіркестер бір жағынан символдық сипатқа ие болса, екінші жағынан оларда әйел мен ер адамның нақты бейнелері сақталады, олардың нақты адресаты бар, сондықтан олар бүгінгі күні де жиі, белсенді қолданылып келеді әрі өзектілігін жоймаған. Оларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, мағыналық компоненттерін қарастыру қазақ халқының ұлттық менталитетіне, халықтық педагогикасына негізделген тілдің лингвомәдениеттанымдық бейнесін түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Glick P., Fiske S. T. Ambivalent sexism //Advances in experimental social psychology. – Academic Press, 2001. – Vol. 33. – pp. 115-188.

2 Bergvall, V.L. Toward a comprehensive theory of language and gender //Language in society. – 1999. – Vol. 28. – №. 2. – pp. 273-293.

3 Moreno Ayora, A. I. Lozano Domingo, Feminine language, masculine language (does our sex condition the way we speak?) // Spanish Journal of Linguistics. – 1998 – Vol. 28(2). – pp. 455-486.

4 He, A., Zhang, Y. Sexism in English proverbs and idioms // Jornal of Language Teaching and Research. – 2018. – Vol. 9(2). – pp. 424-429.

5 Khan, L.A., Ali, G. Punjabi proverbs and gender: Construction of multiple identities // NUML Journal of Critical Inquiry. – 2017. – vol. 15(1). – p. 67-XI.

6 Jespersen, O. The Philosophy of Grammar. – London: Routledge, 2013 – 368 p.

7 Денисова А.А., Пушкарева Н.Л., Рябов О.В Гендерлік терминдер сөздігі. – Москва: Ақпараттық XXI ғасыр. – 2002. – 256 б.

8 Шохаева Ә.Р. Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдердің гендерлік сипаты // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015 – Том 153 (№ 1). – 406-410 бб.

9 Маханова Ө. Білім беру жүйесіндегі гендерлік өлшем // Ақиқат. – 2003. – №3. – 28-29 бб.

10 Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері. – Филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009. – 227 б.

11 Исмагулова Г.К. Гендерлік қатынастардың тілдік-мәдени аспектісі: салыстырмалы аспектісі: орыс, неміс және қазақ тілдерінің материалы негізінде. – Филол. ғыл. канд. дисс. – ТюмГУ, 2005. – 178 б.

12 Баранов А.Н., Добровольский Д.О. Фразеологизмдер теориясының аспектілері. – Москва. – 2008. – 655 б.

13 Кеңесбаев І. Қазақ тілі фразеологизмдерінің сөздігі. - Алматы, 1977. – 711 б.

ISSN 2788-7979 (online)
14 Қазақ мақал-мәтелдері – Казахские пословицы и поговорки / Құраст. және ауд. М.Аққозин. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017. – 272 б. – Қазақша, орысша.
15 Сарсенбаева Г.К., Аюпова А.К. Орыс және қазақ тілдерінің фразеологиялық бірліктеріндегі әйел бейнесі // «Орыс тілі XXI ғасырда: жастар зерттеулері» VIII халықаралық ғылыми студенттік конференция материалдары.– Сургут: СурГПУ. – 2021. – 119-122 бб.

Материал 05.01.2025 баспаға түсті

Семантические компоненты гендерных устойчивых выражений казахского языка

Б.А. Абилова [1], Ж.М. Жампеисова[2], Р. Айкенова[3], Ж. Жампеисова[4]
[1]Международный Университет Астана, город Астана, 010000, Казахстан
[2]Международная Образовательная Корпорация, город Алматы, 050060, Казахстан
[3]Университет Туран-Астана, город Астана, 010000, Казахстан
[4]Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, город Тараз, 080000, Казахстан

На фоне растущего интереса к гендерной лингвистике особое внимание уделяется тому, как гендерные роли и стереотипы проявляются в языковой системе.В статье рассматриваются устойчивые словосочетания казахского языка, сохраняющие статус, внешние черты и нравственные качества женщин и мужчин в обществе, менталитет народа в языковом образе жизни каждого из них этноса, семьи. Целью исследования является проведение когнитивно-культурного анализа устойчивых единиц, включающих гендерную оппозицию, а также изучение того, как эти выражения отражают гендерные стереотипы, традиции и социальные роли в казахской культуре.

Основные направления включают анализ лексико-семантических аспектов фразеологии, а также изучение культурно-специфических гендерных коннотаций устойчивых фраз. Научная значимость исследования заключается в расширении знаний о гендерной фразеологии казахского языка и содействии развитию лингвокультурологии и гендерной лингвистики. Практическая значимость работы состоит в возможности использования ее результатов в обучении казахскому языку, переводе, а также в межкультурной коммуникации. В ходе исследования были выявлены основные семантические компоненты гендерно-устойчивых представлений казахского языка, отражающие общественные стереотипы о мужских и женских ролях. Результаты подчеркивают важность фразеологизма в передаче гендерных стереотипов и культурных ценностей. Исследование способствует лучшему пониманию гендерных процессов в казахской культуре. Результаты исследования могут быть использованы в преподавании казахского языка как иностранного, в гендерных исследованиях, а также в практике перевода, где для адекватной передачи смысла необходимо учитывать культурные и гендерные особенности языка. Данное когнитивно-лингвистическое исследование имеет большое практическое значение при изучении космогенного языка казахского народа в формировании у подрастающего поколения правильного представления о национальных гендерных отношениях и гендерном поведении.

Ключевые слова: устойчивые выражения, этика, народный менталитет, гендерные отношения, когнитивный, смысловой компонент, универсальные стереотипы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Glick P., Fiske S. T. Ambivalent sexism //Advances in experimental social psychology. – Academic Press, 2001. – Vol. 33. – pp. 115-188.
2 Bergvall, V.L. Toward a comprehensive theory of language and gender //Language in society. – 1999. – Vol. 28. – №. 2. – pp. 273-293.
3 Moreno Ayora, A. I. Lozano Domingo, Feminine language, masculine language (does our sex condition the way we speak?) // Spanish Journal of Linguistics. – 1998 – Vol. 28(2). – pp. 455-486.

ISSN 2788-7979 (online)
4 He, A., Zhang, Y. Sexism in English proverbs and idioms // Jornal of Language Teaching and Research. – 2018. – Vol. 9(2). – pp. 424-429.
5 Khan, L.A., Ali, G. Punjabi proverbs and gender: Construction of multiple identities // NUML Journal of Critical Inquiry. – 2017. – vol. 15(1). – p. 67-XI.
6 Jespersen, O. The Philosophy of Grammar. – London: Routledge, 2013 – 368 p.
7 Денисова А.А., Пушкарева Н.Л., Рябов О.В. Словарь гендерных терминов. – Москва: Информация XXI век. – 2002. – 256 с.
8 Шохаева А.Р. Гендерный характер казахских и английских пословиц // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия «Филология». – 2015 – Том 153 (№ 1). – С. 406-410.
9 Маханова У. Гендерное измерение в системе образования // Ақиқат. – 2003. – №3. – 28-29 бб.
10 Шохым Г.Т. Научные основы гендерной классификации языка. – Филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009. – 227 б.
11 Исмагулова Г.К. Лингвокультурологический аспект гендерных отношений: соспоставительный аспект: на материале русского, немецкого и казахского языков. – Дисс. канд. филол. наук. – ТюмГУ, 2005. – 178 с.
12 Баранов А.Н., Добровольский Д.О. Аспекты теории фразеологии. – Москва. – 2008. – 655 с.
13 Кенесбаев И. Словарь фразеологизмов казахского языка. - Алматы, 1977. – 711 б.
14 Казахские пословицы и поговорки – Қазақ мақал-мәтелдері /Состав. и пер. М. Аққозин. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017. - 272 б. – На казахском, на русском.
15 Сарсенбаева Г.К., Аюпова А.К. «Образ женщины во фразеологизмах русского и казахского языков» // Материалы VIII международной научной студенческой конференции «Русский язык в XXI веке: исследования молодых. – Сургут: СурГПУ. – 2021. – С.119-122.

Материал поступил в редакцию журнала 05.01.2025

Semantic components of gender stable expressions of the Kazakh language

B.A.Abilova[1], Zh.M. Zhampeisova [2], R. Aykenova [3], Zh. Zhampeisova[4]
[1]Astana International University, Astana, 010000, Kazakhstan
[2]International Educational Corporation, Almaty, 050060, Kazakhstan
[3]Turan-Astana University, Astana, 010000, Kazakhstan
[4]Taraz Regional University named after M.H. Dulati, Taraz city, 080000, Kazakhstan

Against the background of growing interest in gender linguistics, special attention is paid to how gender roles and stereotypes manifest themselves in the language system.The article examines the stable phrases of the Kazakh language that preserve the status, external features and moral qualities of women and men in society, the mentality of the people in the linguistic lifestyle of each of them ethnos, family. The aim of the study is to conduct a cognitive and cultural analysis of stable units that include gender opposition, as well as to study how these expressions reflect gender stereotypes, traditions and social roles in Kazakh culture.

The main directions include the analysis of lexical and semantic aspects of phraseology, as well as the study of culturally specific gender connotations of stable phrases. The scientific significance of the research is to expand knowledge about the gender phraseology of the Kazakh language and promote the development of linguoculturology and gender linguistics. The practical significance of the work lies in the possibility of using its results in teaching the Kazakh language, translation, as well as in intercultural communication. The study revealed the main semantic components of gender-stable representations of the Kazakh language, reflecting social stereotypes about male and female roles. The results emphasize the importance of phraseology in the transmission of gender stereotypes and cultural values. The research contributes to a better understanding of gender processes in Kazakh culture. The results of the study can be used in teaching Kazakh as a foreign language, in gender studies, as well as in translation practice, where cultural and gender characteristics of the

ISSN 2788-7979 (online)

13 Hven S. Memento and the embodied fabula: narrative comprehension revisited // Acta Universitatis Sapientiae Film and Media Studies. – 2015. – Vol. 11, No. 1. – 93-110 бб. https://doi.org/10.1515/ausfm-2015-0017 (қатысу күні: 10 желтоқсан 2024).
14 Zhang M. Digital lifeworld and communicative interaction: conceptualizing the transformative potentials of social networking in the public sphere // Journal of Linguistics and Communication Studies. – 2023. – Vol. 2, No. 4. – 121-131 бб. https://doi.org/10.56397/jlcs.2023.12.14 (қатысу күні: 14 қараша 2024).
15 Попова З.Д., Стернин И.А. Концептуалдық фреймдер тіл мен санада: когнитивті лингвистика мен дискурс. – Мәскеу: Наука, 2020. – 547 б.

Материал 26.02.2025 баспаға түсті

Comparative analysis of linguistic and cultural modeling of the intellectual concept «mind»

A.K. Bakytzhanova
Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, Republic of Kazakhstan

Over the past two decades, linguistics has increasingly adopted a human-centered approach, exploring language as a carrier of valuable linguistic and cultural information. The role of individuals as representatives of specific linguocultures and transmitters of linguocultural knowledge has gained prominence in anthropologically oriented fields such as cognitive linguistics, psycholinguistics, sociolinguistics, gender linguistics, and linguoculturology. Within this framework, key research categories such as ***conceptualization of the world, language categorization and representation,*** *and* ***cognitive metaphorization*** *have become particularly relevant.*

*This article examines the typological features of linguistic and cultural modeling of the intellectual concept of "**mind**" in Kazakh and Russian through a comparative analysis of phraseological units and proverbs—one of the most distinctive layers of ethnic languages. The study provides a typological perspective on the linguistic and cultural representation of the cognitive sphere, illustrating how the concept of "**mind**" is constructed through perceptual and metaphorical components. The findings contribute to understanding how language reflects cognitive and cultural frameworks, offering insights into the broader mechanisms of linguistic conceptualization.*

Key words: intellectual concept, linguistic and cultural modeling, comparative analysis, cognitive sphere, typology, concept of "mind".

REFERENCES

1 Vorobyev, V. V. Concepts and Frames in Cognitive Linguistics: Methods of Analysis and Examples. Saint Petersburg: St. Petersburg University Press, 2022. – 460 p.
2 Alefirenko, N. F., & Semenenko, N. N. Phraseology and Paremiology: A Textbook. Moscow: Flinta, 2018. – 344 p.
3 Langacker, R. W. Cognitive Linguistics and the Language of Thought. In F. Kaal, T. Krennmayr, & M. L. (Eds.), Cognitive Linguistics: Basic Readings. Berlin: Mouton de Gruyter, 2022. – 500 p.
4 Croft, W., & Cruse, A. D. Cognitive Linguistics: An Introduction (3rd ed.). Oxford: Oxford University Press, 2021. – 582 p.
5 Talmy, L. The Conceptualization of Motion and its Representation in Language. In D. Geeraerts & H. Cuyckens (Eds.), The Oxford Handbook of Cognitive Linguistics. Oxford: Oxford University Press, 2015. – pp. 517-541.

ISSN 2788-7979 (online)
6 Shayakhmetova, B. A. Traditional Kazakh Proverbs and Their Cultural Significance. Almaty: Kazakh University Press, 2015. – 580 p.
7 Nikolaeva, I. M. Phraseological Dictionary of the Russian Language: Over 20,000 Expressions and Proverbs. Saint Petersburg: Azbuka, 2017. – 976 p.
8 8. Mukhamjanova, Z. Kazakh Proverbs: An Ethnolinguistic Analysis. Astana: Foliante, 2017. – 424 p.
9 Krysin, L. P. Phraseological Dictionary of the Russian Language: A Lexical-Semantic Approach. Moscow: Nauka, 2015. – 672 p.
10 Anisimova, A. Concept Multilingualism as a Constituent of the Conceptual Sphere in Language Policy. International Journal of Multilingual Education, 2016, Vol. IV, No. 8, pp. 70-80. https://doi.org/10.22333/ijme.2016.8006 (Accessed: November 14, 2024).
11 Banks, B. Consensus Paper: Current Perspectives on Abstract Concepts and Future Research Directions. Journal of Cognition, 2023, Vol. 6, No. 1. https://doi.org/10.5334/joc.238 (Accessed: December 10, 2024).
12 Kasturirangan, R., & Ram-Prasad, C. Cognitive Science in the Indian Context: Perspectives and Approaches. New York: Palgrave Macmillan, 2017. – 310 p.
13 Hven, S. Memento and the Embodied Fabula: Narrative Comprehension Revisited. Acta Universitatis Sapientiae Film and Media Studies, 2015, Vol. 11, No. 1, pp. 93-110. https://doi.org/10.1515/ausfm-2015-0017 (Accessed: December 10, 2024).
14 Zhang, M. Digital Lifeworld and Communicative Interaction: Conceptualizing the Transformative Potentials of Social Networking in the Public Sphere. Journal of Linguistics and Communication Studies, 2023, Vol. 2, No. 4, pp. 121-131. https://doi.org/10.56397/jlcs.2023.12.14 (Accessed: November 14, 2024).
15 Popova, Z. D., & Sterner, I. A. Conceptual Frames in Language and Consciousness: Cognitive Linguistics and Discourse. Moscow: Nauka, 2020. – 547 p.

Received: 26.02.2025

ҒТАМР 16.21.33 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp33-45

Қ.Т. Бибеков [1], Л.М. Оразгалиева [2], М.М. Жакипова[2]
[1]Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы
[2]Astana IT University, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

АБАЙДЫҢ ТІЛДІК ӘЛЕМІНДЕГІ «АДАМ» КОНЦЕПТІСІ

Мақалада Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі «Адам» концептісіне қатысты тілдік бірліктер, сөздер мен сөз тіркестері, мәтін элементтері лингвоконцептологиялық тәсілдеме талдауға түседі.. Лингвоконцептология тәсілдемемен зерттеуде Абай шығармашылығыдағы «Адам» концептісінің семантикалық өрісі анықталды. Лингвоконцептологиялық тәсідеме Абайдың шығармашылығын оның дүниетанымымен, ол өмір сүрген тарихи-мәдени ортамен, өмірлік көзқарастарымен, ұстанымдарымен байланыстыра қарауға мүмкіндік береді. Абайдың тілдік әлемінде «Адам» концептісі адам, кісі, мен, менікі, бала, әке, ата-ана, жақсы, жаман, ақылды, надан, залым, ғалым, туыс, ел, халық, ақын, кемел, единица сияқты т.б. лексемалар арқылы көрініс тапқан. «Адам» концепт аясына жататын адам болмысы, адамның жаратылысы, адамның өмірінің мәні, толық адам, адамның мақсат-мұраты сияқты ұғымдар Абайдың шығармаларының тілінде қалай көрініс тапқаны лингвоконцептологиялық тұрғыдан талдауға түсті. Абайдың тілдік әлемінде «Адам» концептісі сан-алуан сипатқа ие және әр түлі тілдік бірліктер арқылы жарыққа шығып отырады. Абайдың адам туралы тұжырымдамалық танымының бастау

ISSN 2788-7979 (online)

көздері анықталып, тілдік әлемінде қандай орын алатыны зерделенді. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісін лингвоконцептологиялық тәсілдеме негізінде талдау Абайдың тілдік әлемін дүниетанымымен, көзқарастарымен және өмірлік ұстанымдарымен байланыстыра отырып, бұл бағыттағы зерттеулердің перспективаларын көрсетіп берді. Зерттеудің нәтижелерін лингвоконцептология, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану бағытындағы зерттеулерде пайдалануға болады. Сонымен бірге абайтанудың өрісін кеңейтуде де бұл мақаланың өзіндік үлесі бар деуге болады.

Кілт сөздер: лингвоконцептология, концепт, Абайдың тілдік әлемі, «Адам» концептісі, «Толық адам» концептісі, әлемнің тілдік бейнесі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Абайтануға тіл білімі тұрғысынан да қосылып жатқан ғылыми еңбектер, мақалалар аз емес. Абайдың тілін зерттеу мәселесі тіл білімінің әдіснамалық әлеуетін пайдалана отырып, жалғаса берері сөзсіз. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың өлеңдерін алғаш оқығандағы таңданысын, әсерін айта келе: «Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» [1].

Профессор Құдайберген Жұбанов «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында: «Абайдың әдебиет, мәдениет үстеріне қолы тиіп кетсе, ол тек сипап, сүртіп шаңын кетіріп шықпайды, өзінше бұзып, өзінше түзеп, өз қолының ізін қалдырады. Өленнің ырғағы да, ұйқасы да, буыны да, әні де, тақырыбы да, сөз төсегі де, суреті де Абайдың қолынан өткенде бұрын көрмеген жаңа нәрсе болып шығады. Қайсыбіреудің құлағын «шу» дегенде тосаңсытады, бірақ сөйте тұра, Абай өлеңі – қазақ өлеңі, қазақ өмірінің суреті, қазақ тілімен жазылған, қазаққа түсінікті болып шығады» [2, 54]. Ғалым Абайдың ақындығының ерекшеліктеріне тоқтала келе, «Абай өлеңі – қазақ өлеңі, қазақ өмірінің суреті, қазақ тілімен жазылған, қазаққа түсінікті болып шығады» деп, Абай тілінің қазақ, толғанғаны да қазақ өмірі екенін баса айтады.

Зерттеуші С. Тер-Минасова: «Сонымен тіл мен шынайы өмір арасында адам тұр. Тек адам ғана сезім мүшелері арқылы әлемді танып, біледі. Соның негізінде қоршаған орта туралы өз пайымдауын жасайды. Қабылдаған ақпараттарын өз санасынан өткізіп, зерделеп, оны тіл арқылы өз қауымының басқа мүшелеріне жеткізеді. Басқаша айтқанда, шындық пен тіл арасында ойлау тұр.

Тіл ойды бейнелеп, оны бір адамнан бір адамға жеткізетін тәсіл ретінде ойлаумен тығыз байланысты. Тіл мен ойлаудың арақатынасы – тіл білімі мен философияның күрделі сұрақтарының бірі» [3]. Ғалым **шынайы өмір – адам – тіл** арасындағы тығыз байланыстағы адамның рөліне ерекше мән береді.

Қазақ тілі жазба әдеби тіл деңгейіне жету үшін тіл Абай шығармашылығында қандай өзгеріске ұшырап, қалай дамыды деген сұраққа жауап алу үшін семантика-когнитивтік және лингвомәдениеттану, лингвоконцептологиялық тәсілдемелер тұрғысынан зерттеу бірқатар нәтижелерге қол жеткізуімізге мүмкіндік береді.

Абайдың дүниетанымына терең бойлаудың бір ғана жолы оның шығармашылығын, шығармашылығының түйінін шешетін тілін зерттеу болып табылады. Абайдың ой елегінен өткен тілдік бірліктердің танымдық, интеллектуалдық, руханияттық, мәдени-әлеуметтік қырларын ашу үшін лингвоконцептологиялық тұрғыдан зерделеу қажет.

Абай тілінде де сөздің денотаттық мағынасынан басқа, ұлттық мәдениетпен, дүниетанымымен және тарихымен астасып жатқан коннотациялық мағыналары, экспрессивті-эмоционалды бояуы, бағалаушылық реңктері бар. Өйткені нақты тілдің ерекшеліктері адамның танымына да өз әсерін тигізеді. Калеб Эверетт тіл ұғымдық санаттарды белгілеуге ықпал ететіндіктен, тілдердің ерекшеліктері ойлаудағы мәдениетаралық ерекшеліктердің болуына ықпал ететінін айтады [4, 197-198]. Әртүрлі тілдердегі физикалық және метафоралық

ISSN 2788-7979 (online)

қозғалыстарды білдіретін тілдік бірліктерді зерттей келе, Войцех Левандовски мен Шейда Озчалышкан қозғалыс бөліктерін, траекториясы мен орындалуын сипаттауда испан, польяк, неміс тілдерінде өзіндік ерекшеліктер бар екенін анықтаған [5]. Яғни, тіл оны тұтынушылардың дүниетанымына, қоршаған ортаны қабылдауларына өзіндік әсерін тигізеді. Сонымен бірге тұлға ретіндегі өзінің рухани әлемі, таным-түсінігі, құндылықтары да шығармаларының тілінде көрініс табатынын естен шығармауымыз керек. Абайдың санасы, моральдік-адамгершілік құндылықтары, өмірлік ұстанымдары мен көркемдік-эстетикалық танымының сүзгісінен өтіп, туындының дүниеге келу үдерісінде сөздердің, сөз тіркестері мен тілдік бірліктердің мағыналарында, маркерлерінде белгілі бір өзгерістер орын алып, көркем-эстетикалық құрылымның бөлшегіне айналады.

Ғылымдар тоғысында дүниеге келген лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика және лингвоконцептология ғылымдарының негізгі бірліктері концепт болып табылады. «Концепт - мәдениет, сана және тіл саласындағы ғылыми зерттеулерді біріктіруге арналған бірлік, өйткені ол санаға жатады, мәдениет арқылы анықталады және тілде анықталады» [6, 37]. Концепт терминін мәдени философиялық тұрғыдан зерделеген Е.Абақан: «Концепт (ұғым) сөздің мағынасы ретінде түсініледі. Бірақ ол жалпылаудың(абстракцияның) ең жоғарғы деңгейін білдіретін ұғым – концепт емес – «оқиға процесс «дерек» туралы ұғым. Сондықтан «концептуальды талдауда» сөздің немесе сөйлемнің контекске, яғни нақтылы мағынаға қатысты анықталуы тиіс» – деп, лингвистикадағы «концепт» пен философиялық «ұғым» терминдерінің байланыстылығы мен ерекшеліктеріне зер салады [7,46].

Лингвоконцептологияда ғаламның бейнесінің екі түрін бөліп көрсету дәстүрі бар: әлемнің концептуалды бейнесі және әлемнің тілдік бейнесі. Әлемнің концептуалды бейнесі шындықтың санада сәулеленуі нәтижесінде алынған білім-түсінікті ғана емес, сезімдік әсерлердің жиынтығын да қамтиды. Әлемнің тілдік бейнесі тілдік құралдарда бекіген сыртқы және ішкі әлем туралы барлық ақпаратты қамтиды. Әлемнің концептуалды бейнесінің өзегі ұғымдарда берілген ақпарат. Әлемнің тілдік бейнесінің негізін нақты тілдің сөздері мен сөз тіркестерінде бекітілген білім болып табылады.

КІРІСПЕ

Абай шығармаларының тілін лингвоконцептологиялық тұрғыдан зерттеу ауқымы бір мақалаға сыймайтын болғандықтан, ақынның тілдік әлеміндегі «Адам» концептісіне ғана тоқталуды мақсат еттік. Абайдың тілдік әлемінде орталық орын алатын «Адам» концептісі десек, артық айтқандық емес. Айналып келгенде, Абайдың шығармаларында адам, адамның өмірі, адам және қоғам, адам және Алла, адамның жан дүниесі, адам кім деген мәселе көтеріледі. Абайдың шығармаларында адамның өмірінің әрбір кезеңі, өсу жолы сөз болады.

Қазақ тілінде «Адам» концептісімен байланысты сөздер мен сөз тіркестері өте көп болып келеді. Әрине, бұл тек қазақ тіліне тән құбылыс емес. И.М.Ермаков ертегілеріндегі «Адам» концептісін зерттеген ғалым А.В.Пашина орыс тілінде адам өмірінің әр түрлі жақтарын және адам концептісі мазмұнының алуан-түрлі аспектілерін ашатын «адам, тұлға» семасы бар он мыңдаған сөздер барын айтады. Ғалымның пікірінше, көркем мәтінде адамды білдіретін қандай да бір сөздің таңдалуы тек прагматикалық мақсаттармен ғана емес, адамның табиғаты туралы, оның өмірінің маңызды жағдайлары туралы автордың түсінігімен байланысты болады» [8, 14]. «Философиялық энциклопедияда» адамға мынадай анықтама беріледі: «Адам – жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің тарихи үдерісі мен дамуының иегері, сөйлей алатын, ойлауға қабілетті, саналы, рухани әлемі бар, биологиялық-әлеуметтік тіршілік иесі» [9,19]. Көріп отырғанымыздай, адамның тәннен және жаннан тұратыны туралы сөз етілмейді. Адамның сөйлей алатын, саналы, жасампаз, рухани әлемі бар биологиялық-әлеуметтік тіршілік иесі екендігіне басымдық беріледі. Егер басқа да философиялық еңбектер мен сөздіктерді ақтаратын болсақ, осыған ұқсас тұжырымдамаларға кездесеміз. Қазіргі философияда адам жер жаратылысы, әлеуметік, оның санасы бар,

ISSN 2788-7979 (online)

құндылықтар туралы түсінікке ие, үнемі дамып отырады және табиғаттың басқа жаратылыстарынан жоғары тұр деген сияқты анықтамаларды көреміз

Мақаламызда Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісінің орыны мен маңызын анықтап, ақынның дүниетанымындағы адам кім және оның ұстанымындағы адам қандай болу керек деген сұрақтардың жауабын іздеуді жөн көрдік.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі «Адам» концептісіне тән семантиканы беретін сөздер, сөз тіркестері, мәтін элементері лингвоконцептологиялық тәсілдеме тұрғысынан талдауға түсті. Абайдың адам туралы танымы, адам қандай болу керек, оның өмірінде қандай құндылықтар болу керек деген мәселе оның өлеңдері мен қара сөздерінде көрініс тапқан. Ол үшін «Адам» семасы мағынасында бар сөздер мен сөз тіркестері, тұрақты тіркестерді Абай таңдап-талғап қолданып отырған. Абайдың тілдік әлемінде «Адам» концептісі жан-жақты қырынан және алуан түрлі тілдік біріліктер арқылы көрініс тапқаныа қарамастан, арнайы зерттеу нысанасына алынбаған құбылыс екенін көреміз. Абайдың тілдік әлемінде «Адам» концептісіне тән мағыналардың ішінде адамның болмысы, жаратылысы, адамның өмірі, адамның тұлға ретінде қалыптасуы мәселесі жан-жақты ашылады. «Адам» концептісіне қатысты *адам, кісі, пенде, бала, әке, ата-ана, ақын, ақылды, надан, жақсы, жаман, халық, көп, залым, қу, бай, кедей, бәйбіше, ел, дос, жау, орыс, туыс, туған* сияқты т.б. сөздер молынан қолданылады. Біз өз зерттеуімізде Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісіне қатысты барлық тілдік құралдарды анықтауды мақсат еткен жоқпыз. Сонымен бірге «Ақылды» мен «Надан», «Халық», «Ақын» және «Адамның жан әлемі» сияқты «Адам» макроконцептісінің аясына жататын жеке концептілерге де арнайы тоқталмадық. Өйткені бұл концептілердің өзі арнайы зерттеуді қажет етеді. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептсіне қатысты адам болмысы, жаратылысы, адамның өмірлік миссиясы, тұлға ретінде қалыптасуы мәселесіне басымдық берілді. Зерттеу барысында Абай шығармаларының тілі лингвоконцептология тәсілдемесі тұрғысынан талдауға түсті. «Адам» концептісіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын анықтауда компоненттік талдау әдісі кеңінен қолданылды. Сонымен бірге Абайдың мәтін арқылы көрініс тапқан дүниетанымы, көзқарасын, ұстанымын анықтау үшін интерпретациялау әдісі пайдаланылды. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісінің ерекшеліктерін ашу үшін қазақ халқының әлемнің тілдік бейнесіндегі, философия, дін, діни философиядағы және басқа ақындар тіліндегі «Адам» концептісімен салыстыра қарастыруда салыстырмалы талдау әдісі қолданылып отырды. «Адам» концептісінің аясына кіретін басқа концептілер бар екені ескеріліп, концепт құлымын талдау барысында «Адам» концептісіне жататын бірқатар концептілер мен белгілері анықталды.

НӘТИЖЕЛЕР

Абай оныншы қара сөзінде: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?» - деген сұрақ қояды. Абай сұрақ қоя отырып, қазақ қоғамындағы балаға деген көзқарасты ашады. Абай бала сүюдегі қазақ халқының әрбір аспектісіне тоқтала отырып, ол мақсат-мұраттардың алдамшылығына көз жеткізіп, оқырманын тығырыққа тірейді.

Абай адамның рухани жаратылыс ретінде табиғатына ерекше мән береді. Ақынды адамның рухани болмысы, кемелденуі мәселесі қатты толғандырады. Мысалы, «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінде:

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?

ISSN 2788-7979 (online)

Атымды *адам* қойған соң,
Қайтіп *надан* болайын?
Халқым надан болған соң
Қайда барып оңайын?!

Осы шумақтарда Абай екі үлкен мәселені көтеріп отыр: бірінші – адамның рухани жаратылысы мәселесі, екінші – қоғам мәселесі. Адам шынайы адам болуы үшін тіршілік етуі жеткіліксіз, ол ақыл иесі ретінде тереңге бойлауы керек. Ал адамның тұлға ретінде қалыптасуы үшін қоғамның маңызы зор. Адамның қандай болмағы ортасына көп байланысты екендігін түйсінеміз.

Абай адамды Алла жаратқанына және басқа жандылардан артық жаратқанына шәксіз сенеді. Отыз сегізінші қара сөзінде адам баласының жаратылысына ақыл көзімен қарай отырып, оның соншалықты кемел, көркем болып жаратылуы Алланың махаббатынан деп түсінеді. Адам баласында басқа жануарларда жоқ ақылдың берілуі, болмысының ерекше жаратылуы, одан мақшарда сұрақ алынатын етіп жаратылуы әділетті деп санайды. Сондай-ақ адамның сөйлеу қабілетіне де тоқталады. Адамдар тіл арқылы бір-бірімен түсінісіп, бірлесіп мәселелерді шеше алатынына және бір-біріне тіл арқылы өз ойларын жеткізе алатынына назар аудартады. Осы үзіндіден Абайдың «Адам» концептісіне тән бірнеше сипатты көре аламыз: 1) Алла жаратқан жан иесі; 2) белгілі бір мақсатпен жаратылған; 3) ақылы берілген; 4) болмысы ерекше; 5) тіл берілген; 6) өзара сөйлесіп, түсінісіп, бірлесіп әрекет ете алады; 7) тіл арқылы өз ойын басқаларға жеткізе алады; 8) дәм, иіс т.б. сеім берілген. Абай адамның әлеуметтік сипатына ерекше назар аудартады. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Дүниеде жалғыз қалған **адам** – **адамның** өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?». Абай адамның дүниедегі өмірі қоғамда болуы керектігін ескертіп, тіпті көптен бөлінің жалғыз қалу адамның өлгенімен тең екенін баса айтады.

Абай өзінің төртінші қара сөзінде: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының кайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды» - дейді. Алла тағала адамды сондай кемел, ақыл иесі қылып жаратса, не себепті өмірін қор етіп, кейіп өледі? Осы жерде біз Абайдың тілдік әлемінде «Адам» концептісімен байланысты *бірін-бірі аңду, мақтану, өмірді босқа өткізу* сияқты т.б. сөз тіркестерін көреміз. Яғни, осы айтылып отырғандар адамның табиғатында бар және оның болмысына тән нәрселер ме? Жауабын қайдан іздеуіміз керек дегенде, әрине, Абайға жүгінеміз.

Адамның жан дүниесі туралы Абайдың көзқарасы мен танымы қазақ дүниетанымымен және ислам ілімімен байланысты қалыптасқан деуге болады. Дегенмен Абайдың өз танымы, ақылы тұрғысынан терең талданып, өзіндік тұжырымдар жасалған. Абайдың тілдік әлемінде адам болмысының екіжақты сипаты ашылады. Яғни, адам жан және тәннен тұрады. Адамның жан қалаулары жан құмарынан, тән қалауларынан тән құмары шығады. Абай адам болмысын *ақыл* мен *жанды* – **мен,** ал *тән* **– менікі** дейді. Абай адамның шынайы болмысы ақыл мен жан деп қарастырады. Әрі **мен** лексемасы арқылы белгіленген *ақыл мен жан* – мәңгілік. Ешқашан өлмейді. Тән өледі, уақытша өмір сүреді. Бірақ адам баласы соған қарамастан тән құмарын іздейді, өмірін соған арнайды. Тән құмары – ішсем, жесем, ұйықтасам деген сияқты тәнге қажет нәрселермен байланысты болады. Абай тілдік әлемінде адамның жаны мен тәні ғана емес, ақыл да жеке бөлініп қаралуы көңіл аудартады. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісінде адам жан құмарының жетегіне ергенде қандай рухани биіктерге көтерілетіні және толық адам қандай болу керек екені ашылады. Ал тән құмарына ерген жағдайдағы болмысы да жан-жақты қарастырылды. Абайдың адам туралы тұжырымдамалық танымы ислам танымынан бастау алады. Сондықтан Абайдың адам туралы көзқарасын тану үшін исламдық негіздерге көз жіберіп, салыстырмалы аспектіде сараланды. Абайдың тілдік әлемінде концепт жеке сөзбен не сөз тіркесімен де, не белгілі бір сөзбен байланбай, көркем

ISSN 2788-7979 (online)

образдар арқылы да берілуі мүмкін екенін көреміз. Бейнеленіп тұрған обарздардың қандай концептіге қатысты екенін білу үшін Абай шығармашылығын тұтас қарай отырып, Абайдың сөздер мен сөз тіркестеріне берген анықтамалары мен түсініктемелерін жіті зерделеу керек.

ТАЛҚЫЛАУ

Абай адамның әуелгі туа бітті болмысы тәннен және жаннан тұратынын көрсетеді. Абай өзінің жетінші қара сөзінде екі жақты болмысына тоқталады: «Жас *бала* анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар - *тәннің құмары*, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - *жан құмары*, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген». Осы үзіндіде «Адам» концептісі *бала* сөзімен беріледі. Мәтінде *бала* сөзінің таңдалуы кездейсоқ емес. Абай адамның әуелгі табиғатына назар аударту үшін *бала* лексемасын таңдаған. Абай өзінің «Көк тұман – алдыңғы келер заман» өлеңінде осы ойын нақтылай түседі.

Ақыл мен жан — **мен** өзім, тән — **менікі**,
«**Мені**» мен «**менікінің**» мағынасы — екі.
«**Мен**» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«**Менікі**» өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың «**менікінде**»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен —
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Осы шумақтардағы **мен** бірінші жақтың жіктеу есімдігіАбайдың жеке тұлғасына емес, «Адам» концептісіне қатысты жалпы адамзат болмысына қатысты қолданылып тұр. Жалпы ортағасырлық философияда жан мен тәннің және адамның жан дүниесіне тән ақыл мен жүректің бөлініп қаралуы орын алады. Бұл тек исламдық дүниетанымда ғана емес, ежелгі грек және ортағасырлық христиандық дүниетанымда да орын алады.

Ол мәселеге кеңінен тоқталмас бұрын, адамның болмысына қатысты мәселеге оралайық. Құранның Бақара сүресінің 30-аятында: «Адамды топырақтан жаратып, оған жан салды» - делінеді. Бұдан байқайтынымыз, адамның – жан мен тәннен тұратындығы. Осы айтылғандар Абайдың адам болмысы туралы көзқарасы ислам дініне сәйкес келетінін көрсетеді.

Ал адам жанының өлмейтініне келетін болсақ, бұл да ислам дінінің таным-түсінігіне сәйкес келеді. Құранның Мәида сүресінде: «Алла (Т.): «Бүгін шыншылдардың шындықтары пайда беретін бір күн. Оларға астарынан өзендер ағатын жұмақтар бар. Олар онда мәңгі қалады да, Алла олардан разы болады әрі олар да Алладан разы болады. Бұл ірі қол жеткендік» - дейді». (119 аят) Құранда шыншылдардың жұмақта мәңгі қалатыны айтылуы адам жанының мәңгілік екенін аңғартады. Адамның мәңгілік өмір сүруі Алланың рахымынан болған. Алла адамды жаратып, оның жанын мәңгі етті, сондықтан адамның өмірі бұл дүниедегі өмірімен, өзінің өлімімен шектелмесе керек. Абайдың «Адам» концептісінен де біз осы адамның мәңгілік сипатын көреміз. Яғни адамның тәні өлсе де, жаны өлмейді.

Абай адамның ішсем, жесем деген тән қалауы асқына келе бүкіл дүниені менікі деуге алып келетінін көрсетеді.

Адам *ғапыл дүниені* дер *менікі*,
Менікі деп жүргеннің бәрі онікі.
Тән қалып, *мал* да қалып, *жан* кеткенде,

ISSN 2788-7979 (online)

Сонда, ойла, болады не сенікі?

Ғапыл сөзінің мағынасына келер болсақ, «Абай тілінің сөздігінде»: «қаперсіз, қапыда» деп көрсетіледі. Дегенмен мәтіндегі иағынасы одан әлде-қайда терең екені аңғарылады. Абай тіліндегі «Адам» концептісінің бір сипаты ретіндегі *ғапыл* сөзінің діндегі мағынасына қарайтын болсақ: «Ғапылдық» өзін жоқтан бар еткен Жаратушысын ұмыту және өлімді, ақыретті еске алмау десек болады. Бір сөзбен айтқанда: ғапылдық – ақыреттік бейғамдық деген сөз» [10]. Адам баласы дүниеге алданып, өз жаратылысының түп себепшісі Алланы ұмытып қапы қалады. Ғапылдық, білместік, надандық ұғымдары сан қырлы болады. Білместіктің өзінің сан алуан түрі бар [11]

Абай «Көк тұман – алдағы келер заман» өлеңіндегі ойын «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңінде сабақтайды:

Өлсе өлер табиғат, **адам** *өлмес*,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «**менікінің»** айрылғанын
«*Өлді*» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Алдыңғы өлеңмен салыстыра қарағанда Абай **табиғат** пен **тән**, **адам** мен **жан** арасына теңдік белгісін қойып тұрғандай көрінуі мүмкін. Дегенмен табиғат дегенде бүкіл материалдық әлем, бізді қоршаған орта туралы айтылып тұр деген ойдамыз. Иә, барлық жаратылыстың ақыры бар. Әрі *өлсе өлер* етістік тіркесінде болжалды мағына да бар, сонымен келесі болымсыздық мағынаны бекітіп күшейте түседі. Абайдың табиғатты өлді деп айтуына тілдік дәстүр өз әсерін тигізіп тұр. Бұқар жыраудың «Асқар таудың өлгені» толғауында:

Асқар таудың өлгені-
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені-
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені-
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені-
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені-
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты *өлмейді,*
Ғалымның хаты *өлмейді*.

Бұқар жырау толғауындағы табиғат құбылыстарын өлді деп көрсету соңғы жолдағы өлмеу мағынасын, яғни жақсының аты мен ғалымның хаты өлмейтінін күшейту үшін қолданылғаны да байқалады. Әрине, табиғат құбылыстарының, жалпы өмірдің өтпелі, өзгермелі сипатын көрсету де бар. Абайдың табиғатты өлсе өлер деп көрсетуі де үнемі бір қалыпты тұрмай өзгеретінін, дүниеніңбаянсыздығын білдіру үшін айтылған деп болжауға болады. Абайдың да «*Өлді* деуге сыя ма, ойлаңдаршы, *Өлмейтұғын* артына сөз қалдырған?» деуі Бұқар жыраумен үндес шығып отыр. Абай өлеңінде адам мен жанның теңестірілуіне келетін болсақ, «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» өлеңіне мән берейік:

Адамзат — бүгін ***адам***, ертең ***топырақ,***
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

ISSN 2788-7979 (online)

Бір қарағанда, «адам – өлмес» пен «**Адамзат** — бүгін **адам**, ертең **топырақ»** бір-біріне қарама-қарсы ой айтылып тұрғандай көрінуі мүмкін. Алайда біз бұл жерде көркемдік мақсаттың, коннотациялық мағынаны күшейту қажеттілігінің жатқанын да ұмытпауымыз керек. «Көк тұман – алдығы келер заман» өлеңінде Абай «адам өлмес» деп айтқанда, адамның жанына қатысты айтып тұрса, екінші мысалда адамның тәніне қатысты «**Адамзат** — бүгін **адам**, ертең **топырақ»** деп тұр. Екі жағдайда да метонимия құбылысы орын алған. Демек, Абай адам мен жан арасына теңдік белгісін қоймайды. Абайдың тілдік концептісінде адам жан мен тәнен тұрады.

Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концепті аясына жақсы және жаман оппозициясы адамның болмысын ашуға қолданылады. Абайдың өлеңінде «Адам» концепт аясына жататын *жақсы* сөзі қолданылады.

Кеселді болып бітеді
Жақсыға біткен *жақындар*.
Жау жағадан алған күн
Өздері *иттей* тақымдар.

«Абай тілінің сөздігінде» ***Жақсы*** сөзінің осы мағынасын: игі, қасиетті адам деп береді [12, 233]. Әрине, қазақ тілінде ***жақсы*** сөзінің қолданыс аясы кең әрі көп мағыналы сөз де болып келеді. Абай ***жақсы*** дегенде ақылды, адамгершілігі бар адамды айтады.

Ақ көңілді ***жақсыдан***
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, ары тапшыдан
Қу сөзін алма қолқаға.

Осы шумақта ***жақсы*** сөзі *ақ көңілді* эпитетімен қолданылғанда, жақсының көңілі таза, арамдығы жоқ екенін аңғарамыз. Тек Абай тілінде ғана емес, 19 ғасырда ***жақсы – жаман*** сөздері заттық мағынада жиі қолданылып, белгілі бір әлеуметтік топты білдіргені байқалады. Мысалы,

1) ***Жақсыны*** алыс, ***жаманды*** жақын көрме,
Жақсы атансаң, басқаның хақын жеме.
Жақсымын деп момынның малын жеме,
Жаман адам сол болар, мақұл деме.
(Шал ақын)
Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма, өріктің ағашындай.
Жаманның көкірегі - *көр*, көзі - *соқыр*,
Жүрер жолдан тал түсте адасып - ай.
(Сүйінбай Аронұлы)

Шал ақын *жақсының* сипаттарына басқаның хақын жемеу, адалдықты жатқызса, ал момынның малын жегенді жаманға жатқызады. Сүйінбай *жақсы* көпке пайдасы тиетін адам деп біледі. Әрі жұртқа пайда *жақсының* білімінен екенін *сөзі* дегеннен аңғарамыз. Ал оған қарама-қарсы қойылып отырған жаманның сипаты «*көкірегі – көр, көзі - соқыр*», яғни, надан деп білеміз. Басқаға пайдасын тигізбек тұрмақ, өзі де адасып жүреді. Қазақ тілінде «Адам» концепт аясына жататын ***жақсы – жаман*** ұғымдарының халық санасында ертеден орныққанын «Жақсы мен жаман» деген ертегінің болуы да айғақтайды. Сонымен бірге «Жақсыдан – шарапат, жаманнан - кесапат», «Жақсының жаттығы жоқ», «Жақсы тауып айтады, жаман қауып айтады», «Жаманның намысы болмайды, шөлдің қамысы болмас», «Жаманға сырыңды айтсаң, жарға жығады» сияқты т.б. мақал-мәтелдер қазақ тілінде бұл ұғымдардың ертеден орныққанын көрсетсе керек. Ортағасырлық түркі ғұламаларының шығармаларында да жақсы адам мен жаман адам қарсы қойылып, суреттеледі. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» кітабында да *жақсы – жаман* образын көреміз. Мысалы,

Екі түрлі ат тілде жүрер жалғанда,
Бір – ***жақсы***, бір ***жаман*** мына жалғанда.
Жаманды сөгіп, ***жақсыны*** асыл санайды,

ISSN 2788-7979 (online)

Байқап қара, көңілің нені қалайды?!
Жақсы болсаң, атыңды атап мақтайды,
Жаман болсаң, ей, ер, сөгіп даттайды.

Жүсіп Баласағұн **жақсы** мен **жаманға** деген қоғамдық көзқарасын таратып жазып, жақсылардың қатарында болуды насихаттайды. ***Жақсы*** – ***жаман*** халықтың санасына терең сіңген түсінік екенін көреміз. Абай ***жақсы*** сөзін адамгершілігі бар, көркем мінезді адам мағынасында қолданып отырған. Сонымен бірге Абай тілінде ***жақсы*** сөзі ел басшысы деген мағынада әлеуметтік термин ретінде де келеді. Мысалы,

Единица – ***жақсысы***,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?

Абай *жақсы* деп елге жөн көрсетіп басшылық жасай алатын адамды айтып отығанын байқаймыз. Осы мәнмәтінге үңілетін болсақ, еиница сөзі де кездейсоқ алынып тұрмағандығын байқаймыз. Осы шағын үзіндінің ішіне единица сөзі үш рет қайталанып беріліп тұр. *Единица* – бүтін, нөлге қарама-қарсы, өзіндік мәні бар сан, сонымен бірге ауыспалы мағынада келу арқылы жеке тұлға мағынасын да береді. Абай *единица* сөзін бүтін, толық мағынасында алып тұрғандығы байқалады. Өйткені санаудың өзі бірден, единицадан басталады. Осы мәнмәтінде Абай айтып отырған ***жақсы*** қандай ***жақсы***? Ел басқарғанның бәрі жақсы ма деген сұрақ туады. Осы мәселеге көз жеткізу үшін осы өлеңнен тағы бір үзінді келтіріп өтейік:

Сәулең болса кеудеңде,
Мына сөзге көңіл бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел.
Имамсыздық намазда –
Қызылбастың салған жол.
Көп *шуылдақ* не табар,
Билемесе бір ***кемел***?

Сонымен ел билеуге лайық ***жақсы*** – ***кемел*** адам болуы керек екен. Абайдың ел басқаруға қатысты көзқарасы, белгілі бір мөлшерде, әл-Фарабидің көзқарасына жақын келетінін де байқаймыз. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала» еңбегінде: «... қайырымды қаланың бірінші басшысында болуға тиіс неге болын қызмет ету құралы да, басқа бір өнердің билейтін объектісі болмақшы емес. Оның өнері сондай өнер – барлық басқа өнер соның мақсатына бағынышты және қайырымды қаладағы барлық іс-әрекет осы мақсатқа бола жасалады. Мұндай адамды басқа ешкім билемейді: ол ***кемелділік*** дәрежесіне жетіп, парасат пен ұғымға айналған адам» - дейді [13,153]. Әрине, бұл жерде әл-Фарабидің барлық философиялық көзқарасын талдау мақсат етілмейді. Әл-Фараби да билік жеке бір кемелдік дәрежесіне жеткен тұлғаның қолында болу керек екені жайлы ой қозғайды. Абай да ел билеуге *кемел* адамның лайық екенін айтады. Абайдың тілдік әлемінде *кемел, кәміл, толық* сөздері синоним ретінде бірінің орынына бірі жұмсала береді. Дегенмен «Абай тілінің сөздігінде» *кемел* сөзіне – данышпан, дана деп түсініктеме береді [12,307]. Абайдың «Адам» концепті өрісіне кіретін *кемел* сөзі осы сөздікте берілген мағынасымен де «Ақылды» концепт аясына тән мағынаны береді. Абай толық адам кім деген мәселені өзінің өлеңдерінде, қара сөздерінде таратып жазған. Мысалы,

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда *толық* боласың *елден* бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ *жарыместі жақсы* демек

ISSN 2788-7979 (online)

Абайдың *толық* деп тұрғаны – *ақыл, қайрат, жүректі* бірдей ұстаған адам. Осы мысалдарда «Адам» концепті өрісіне қатысты *ел, жарымес* сөздері қолданылып тұр. Осы мәнмәтінде *жарыместің* қолданылуы тегін емес. Тілдік қолданыста жарымес сөзінің жағымсыз экспрессиясы күшті болып келеді. Дәл осы мәнмәтінде жарымес сөзі ерекше экспрессия тудыру мақсатында емес, *толық – жарым* ұғымдарын қарама-қарсы қою үшін қоданылғаны анық. Яғни, адам толық болу үшін оның қасиеттері де толық болу керек: жарым ақыл, жарым қайрат, жарым жүрек жарамайды. Міне, кемелдіктің бір сипаты осы дей аламыз. Ал ел сөзіне келер болсақ, әлеуметтік лексика қабатына жатып, халық, жұрт, қоғам мағынасында қолданылады. Жоғарыда берілген мәтінде *ел* сөзі басқа адамдар мағынасында қолданылған. Не үшін басқа адамдар *ел* сөзімен белгіленді дегенде, *толық* боласың *елден* бөлек – дегенде, жалпы көпшілікке тән, қоғамда қабылданған, яғни, адамдар тобын ортақтастыратын, біріктіретін белгінің, сапаның барын білдіреді. Ал Абайдың *ел* сөзін таңдауы кездейсоқ емес, толық адам ол жалпы көпшілікке тән емес, адамды көпшіліктен ерекшелеп тұратын қасиет болып табылады. Сонымен бірге бөлек сөзі де ерекше, басқа, айрықша мағыналарын күшейтіп тұр. Демек, бұл жерде ел сөзі «Көпшіік» концептісін белгілеп тұр дей аламыз. Ал енді алдағы келтірген мысалда *Ерген елі* бейне нөл – дегенде, *ел* сөзі халық, бұқара, жұрт мағыналарын берген. *Елдің* басын біріктіріп тұрған белгінің бірі ретінде бір орталыққа бағынған, тарихи тағдырды таңдаған, ортақ мүдде біріктірген деген сияқты мағыналар бар деп айта аламыз. Осы қолданыста *ел* сөзі «Халық» концептісіне тән мағыналық өрісте жатыр. «Көпшілік» концептісіне жататын ағынаны *шуылдақ* сөзінен де көреміз. *Шуылдақ* – заттанған сын есімінің мағынасында, көп мағынанасынан да, басым жатқан бағалауыштық компонент бар: ауызбіршілігі жоқ, келісімге келе алмайтын, бір-бірін тыңдай алмайтын адамдар тобы. Олардың тіпті ортақ мақсаттары болмауы да мүмкін.

Абай жалықпай қайталап айта беретін ақиқаттар оның бүкіл шығармашылығының өзегі болып тұр. Абайды толғандырған – ***адам*** мәселесі. Адам қайтсе адам болады? Адамның адамшылығы немен болады?

Адам – бір *боқ көтерген боқтың қабы*,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Мені мен *сен* тең бе деп *мақтанасың*,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Кеше *бала* ең, келдің ғой *талай жасқа*,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, *Алланың хикметін сез*,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Абай алдыңғы шумақта тән құмарын қуған адамның жағдайын көрсетеді: *Адам* — бір *боқ көтерген боқтың қабы.* Адам ішсем, жесем деген мұратпен өмір сүрсе, ол – боқтың қабы, көтерген жүгі де боқ. Образдың сомдалуына қазақ тіліндегі дүние боқ, боқ дүние деген сияқты образдар негіз болған сияқты. Ал енді екінші шумақта дүниенің өзгермелілігі туралы айта келе, өзгермейтін құндылықтар сөз болады: «*Адамды сүй, Алланың хикметін сез».* Осы арада біз ***махаббат, ақыл, ғылым*** деген нәрселерді көріп тұрмыз. Өйткені Алланың хикметін тану үшін ақыл мен ғылым керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісіне тән адам болмысы, адамның жаратылысы, адамның табиғаты, адам өмірі ұғымдарының мәнін ашуды көздеген едік. Абайдың шығармаларын лингвоконцептологиялық тұрғыдан тадау барысында адамның жан мен тәннен тұратын болмыс деп қарайтыны анықталды. Сонымен бірге Абай Алланың адамды жаратуы, адам жанының мәңгіліктігі мен тәнінің бұл дүние үшін ғана тұрақ болатынына баса назар аудартады. Адамның мәңгілік мұраттары оның жан қалауынан туындап жатады. Абайдың толық адам тұжырымдамасының тілдегі көрінісі «Адам»

ISSN 2788-7979 (online)

концептісінің аясында жан-жақты талдауға түсті. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісін лингвоконцептологиялық тәсілдеме негізінде талдау Абайдың тілдік әлемін дүниетанымымен, көзқарастарымен және өмірлік ұстанымдарымен байланыстыра отырып, бұл бағыттағы зерттеулердің перспективаларын көрсетіп берді.

Тағы да ойландыратын Абайдың «*Ақыл мен хауас барлығын білмей-дүр, жүрек сезе-дүр*» деген мәселе болып тұр. Олардың ара жігін ажырату үшін талдау қажет. Адамның жан әлемін құрайтын концепт өріске не жататыны туралы мәселе туындайды. Адам рухани жаратылыс болса, оның рухани әлемін не құрайды? Соның ішінде Абайдың жан әлемі концептісін тану үшін шығармаларына жүгінеміз. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісінің сан қырлы екенін көріп отырмыз. Демек, адамдықтың негізі «ыстық *қайрат*, нұрлы *ақыл*, жылы *жүрек*» екен. Сонымен бірге Абай тілінде адамның жан әлеміне қатысты ақыл, қайрат, жүрек сөздері кеңінен қолданылып, Абайдың дүниетаымынан, адам болмысы туралы түсінігінен мол мағлұмат береді. Сондықтан бұл сөздермен байланысты концептілерді арнайы талдау керек деп ойлаймыз. Әрине, адамның жан әлеміне қатысты ұғымдар бұл үшеуімен шектелмейді. *Жан, көңіл, ар* сөздерінің мағыналары мен олармен байланысты концептілерді де назардан шығармау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Байтұрсынұлы, А. Таңдамалы шығармалары. «Қазақтың бас ақыны». – Астана, 2022. –240 б.
2 Жұбанов, Қ.Қ. Шығармалар мен естеліктер. – Алматы: «Өнер», 1990. – 208 б.
3 Тер-Минасова, С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
4 Everett C. From patterns in language to patterns in thought: relativity realized across the Americas// international journal of american linguistics. vol. 83, no. 1, January 2017, pp. 173–201.
5 Lewandowski W., Özçalışkan S. Running across the mind or across the park: does speech about physical and metaphorical motion go hand in hand? // Cognitive Linguistics. – 2023. Vol. 34(3–4). pp. 411–444
6 Воркачев, С.Г. Лингвокультурный концепт. – Волгоград: ВолГУ, 2007. – 400 с.
7 Абақан, Е. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос, 2000. – 184 б.
8 Пашина , А.В. Концепт человек в сказах И.М. Ермакова//Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Тюмень, 2006. – 25 с.
9 Философиялық энциклопедия. – Алматы: Лантар Трейд, 2021. – 527 б.
10 https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2021-10-04/37717-gapyldyk-pen-masyldyk/.
11 Faber, M., Frick, M., Zahrnt, D. Ignorance // January 2019. See discussions, stats, and author profiles for this publication at: https://www.researchgate.net/publication/331989428
12 Абай тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 734 б.
13 Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. – Алматы, 2015. – 284 б.

Материал 30.01.2025 баспаға түсті

Концепт «человек» в языковом мире Абая

К.Т. Бибеков[1], Л.М. Оразгалиева[2], М.М. Жакипова[2]
[1]АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», Астана, 010000, Республика Казахстан
[2]Astana IT University, Астана, 010000, Республика Казахстан

В статье *рассматриваются* языковые единицы, слова и словосочетания, элементы текста, относящиеся *к понятию* «человек» *в* стихах и Словах назидания Абая.. При изучении подхода *лингвоконцептологии* определено семантическое поле концепта «Человек» *в*

ISSN 2788-7979 (online)

творчестве Абая. *Лингвоконцептологический подход* позволяет соотнести творчество Абая *с* его мировоззрением, историко-культурной средой*, в которой* он жил, жизненными взглядами, позициями. *В* языковом мире Абая *понятие* «Человек " выражено лексемами*, такими как адам, кісі, мен, менікі, бала, әке, ата-ана, жақсы, жаман, ақылды, надан, залым, ғалым, туыс, ел, халық, ақын, кемел, единица и* т.д. *С точки зрения лингвоконцептологического подхода* проанализировано*, как* такие понятия, как бытие человека, сотворение человека, смысл жизни *человека*, целостный человек, цель-идеал человека отражены в языке произведений Абая. *В* языковом мире Абая *понятие* «Человек " имеет разнообразный характер и *проявляется* через языковые единицы. Определены истоки концептуального познания Абая о человеке, изучено, какое место *он занимает в* языковом мире. Анализ концепта «Человек» *в* языковом мире Абая *на* основе *лингвоконцептологического* подхода показал перспективы исследований в этом направлении, связав языковой мир Абая *с его* мировоззрением, взглядами и жизненными позициями. Результаты исследования *могут* быть использованы *в* исследованиях *в области лингвоконцептологии*, когнитивной лингвистики, лингвокультурологии. *А также* эта *статья* расширяет горизонты абаеведения.

Ключевые слова: лингвоконцептология, концепт, языковой мир Абая, *концепт* «Человек», концепт «Совершенный человек», языковая картина *мира*.

Материал поступил в редакцию журнала 30.01.2025

The concept of "man" in the language world of Abai

K.T. Bibekov[1], L.M. Orazgaliyeva[2], M.M. Zhakipova[2]
[1]AEO "Nazarbayev Intellectual Schools", Astana, 010000 Republic of Kazakhstan
[2]Astana IT University, Astana, 010000 Republic of Kazakhstan

This article explores linguistic units, words, and textual elements related to the concept of "Man" in Abai's Verses and Words of Edification. Through a linguistic-conceptual approach, the study identifies the semantic field of the concept of "Man" in Abai's works, correlating his language with his worldview, historical and cultural context, and philosophical perspectives. In Abai's linguistic world, the concept is expressed through lexemes such as 'adam', 'kisi', 'men', 'meniki', 'bala', 'ake', 'ata-ana', 'zhaksy', 'zhaman', 'akyldy', 'nadan', 'zalym', 'galym', 'tuys', 'el', 'halyk', 'akyn', 'kemel', and 'unit'. The analysis examines how key themes such as human existence, creativity, life's purpose, the integral person, and the ideal human being are reflected in Abai's language. The study also explores the origins of Abai's conceptual understanding of humanity and its role in his linguistic worldview. The findings demonstrate the significance of the linguoconceptological approach in connecting Abai's linguistic expression to his philosophical and ethical positions. This research contributes to the fields of linguoconceptology, cognitive linguistics, and linguoculturology while broadening the scope of Abai studies.

Key words: linguoconceptology, concept, Abai's linguistic world, the concept of "Man", the concept of "Perfect man", the linguistic picture of the world.

REFERENCES

1 Baitursynuly A. Tandamaly shygarmalary. «Kazakhtyn bas akyny» (Selected works. The main Kazakh poet). – Astana, 2022. – 240 p. (in Kazakh)
2 Zhubanov K.K. Shygarmalar men esteykter (Works and memoirs). – Almaty: Oner, 1990. – 208 p. (in Kazakh)
3 Ter-Minasova S.G. Tyl zhane madenietaralykh kommunikatsiia (Language and intercultural communication). – Almaty: Ulttykh audarma biurosy, 2018. – 320 p. (in Kazakh)
4 Everett C. From patterns in language to patterns in thought: relativity realized across the Americas// international journal of american linguistics. vol. 83, no. 1, January 2017, pp. 173–201. (in English)

ISSN 2788-7979 (online)

5 Lewandowski W., Özçalışkan S. Running across the mind or across the park: does speech about physical and metaphorical motion go hand in hand? // Cognitive Linguistics. – 2023. Vol. 34(3–4). pp. 411–444. (in English)
6 Vorkachev S.G. Lingvokulturnyi kontsept (Linguistic and cultural concept). – Volgograd: VolGU, 2007. – 400 p. (in Russian)
7 Abakan E. Tyldyn madeni filosofiiasy (Cultural philosophy of language). – Almaty: Aikos, 2000. – 184 p. (in Kazakh)
8 Pashina A.V. Kontsept chelovek v skazakh I M Ermakova (The concept of man in the tales of I.M. Ermakov): Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk. – Tiumen, 2006. – 25 p. (in Russian)
9 Filosofiialyk entsiklopediia (Philosophical encyclopedia). – Almaty: Lantar Treid, 2021. – 527 p. (in Kazakh)
10 https www muftyat kz kk articles islam-and-society 2021-10-04 37717-gapyldyk-pen-masyldyk (in Kazakh)
11 Faber, M., Frick, M., Zahrnt, D. Ignorance // January 2019. See discussions, stats, and author profiles for this publication at: https://www.researchgate.net/publication/331989428 (in English)
12 Abai tylynyn sozdygy (Dictionary of the Abai language). – Almaty: Gylym, 1968. – 734 p. (in Kazakh)
13 Abu Nasyr al-Farabi. Kaiyrymdy kala (Benevolent city). – Almaty, 2015. – 284 p. (in Kazakh)

Received: 30.01.2025

МРНТИ 39.29.15 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp45-60

С.Е. Давлетова[1], А.Е. Бижженова[1]
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

МИКРОТОПОНИМИКА АНГЛИЙСКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ

Актуальность данного исследования обусловлена необходимостью изучения концептуальных и лингвокультурных параметров микротопонимов для понимания историко-культурных, ментальных и языковых особенностей национальных языков, а также их дальнейшего активного развития и распространения. Это способствует формированию ментальных границ различных наций и культур и формированию представления об уникальности национального вернакулярного контента.

Целью данной работы является исследование ключевых характеристик нейминга микротопонимических объектов на примере казахского и английского вернакулярного контента. В исследовании использовались методы: лексико-семантический анализ, сравнительно-сопоставительный анализ, лингвокультурологический анализ и аналитико-синтетический метод.

Исследование подчеркивает важность микротопонимов для понимания культурных и языковых особенностей, а также их роль в формировании национальных идентичностей. Анализ микротопонимов на примере Астаны и Лондона выявил мотивы, такие как профессиональная деятельность, городские и жилые массивы, географическое положение и культурные аллюзии. В результате анализа вернакулярных наименований установлено, что казахские и английские микротопонимы объединяет использование образных и символических названий. Однако казахские микротопонимы чаще включают национальные символы, в то время как в английских наименованиях преобладают аллюзии национального характера.

ISSN 2788-7979 (online)

Заключение подчеркивает значимость дальнейшего изучения микротопонимов для глубокого понимания культурных и языковых аспектов национальных идентичностей.

Ключевые слова: вернакулярный контент, лингвистика, когнитивно-коммуникативные механизмы, географические объекты, историко-культурный контекст.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Основная задача – понять, какие факторы определяют использование и развитие местных языковых и культурных особенностей и как они взаимодействуют с официальными и более широко распространенными языками и культурами.

Изучение вернакулярного контента актуально, в первую очередь, с точки зрения следующих факторов: осознания того, что именно микротопонимы отражают концептуальное представление о мире в национальном сознании, отсутствия официально зарегистрированных данных о таких ономастических единицах (например, в картах), необходимости установления связи между способами неофициального (культурно-исторического, социально-бытового) и официального нейминга локализмов. С помощью исследования микротопонимов можно узнать множество этнографической, исторической, краеведческой, культурной информации, раскрыть когнитивные основы и лингвистические инструменты, используемые в процессе называния географических объектов.

Целью данного исследования стало рассмотрение особенностей нейминга вернакулярных микротопонимов в казахском и английском языках на примере городов Астана и Лондон. Исходя из цели данного исследования, были поставлены следующие задачи: изучить лексико-семантические группы наименований микрорайонов (кварталов), исследовать взаимосвязи между лингвистической природой названий и их когнитивно-коммуникативной обусловленностью, выяснить сходные и отличные черты между казахской и английской микротопонимическими системами. Предметом изучения стал вернакулярный контент Астаны и Лондона, рассматриваемый с лингвокультурной и когнитивно-коммуникативной точек зрения.

ВВЕДЕНИЕ

Зерттеуде ономастикалық атауларды дискурстық талдау негізінде дискурс бірлігі деп танып, оған қазықталған мәтіндерді екі сипатта қарастырамыз: ономастикалық атаудың берілуіне негіз болған мәтін немесе білім, сондай-ақ ономастикалық атауды түсінуге, зерделеуге жағдай жасайтын мәтін не білім. Ономастикалық мәселелердің дискурстық сипаты дегенде біз «атауды беруші (тіл иесі - халық) – атау (ономастикалық бірлік) – атауды қолданушы (тілді пайдаланушы) – сөйлеу жағдаятында ономастикалық атаудың қандай мағынада қолданылып тұрғанын айқындайтын мәтін не білім» тізбегіндегі атауды түсінеміз. Ономастикалық атаудың сөз әрекетінде жандануы (сөйлеуші тарапынан аталуы мен тыңдаушы тарапынан түсінілуі) дискурс деп ұғынылып, дискурстық сипаты атауларға байланысты мәтіндердің (білімнің) әрекеттесуі деп қабылданады. Ал ономастикалық атауға қатысты барлық мәтіндер дискурстық өріс деп аталады. Ономастикалық атаудың мазмұнында бекіген, дискурста тасымалданатын білім қарым-қатынасқа қатысушылар тарапына түсінікті болғанда ғана дискурстық сипатқа ие болады. Бұл кезде қарым-қатынасқа түсушілердің дискурстық тәжірибесі маңызды болып саналады. Ономастикалық атауларды дискурстық аспектіде зерттеу қазақ тіл ғылымында қолға алынғанымен, жеткілікті деңгейде емес. Сондықтан аталған мәселе өзекті.

Ғалымдарды қызықтыратыны –білімдердің тілде қалай сақталып, дискурста қалай тасымалданатыны мен қарым-қатынас барысында ол білімнің қалай ашылып, танылатынын анықтау. Бұл біздің зерттеуімізде нақты «Ұмай» ониміне қатысты таңдалып отыр. Бұл онимді таңдау себебіміз мынадай: 1) қазақтың салт-дәстүрінде күні бүгінге дейін «Ұмай анаға» сену келін түсіру кезінде от басына апарып, келіннің бетіне май жағу ырымының сақталуы, 2) «Ұмай» ониміне қатысты түрлі мазмұндағы мәтіндердің мол болуы, біз олардың 9 түрін талдау материалы ретінде пайдаландық. Сәйкесінше, ғылыми зерттеулерде бұл мақсатқа сай түрлі әдістер қолданылып жүр.

ISSN 2788-7979 (online)

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ономастика мәселелерін дискурс теориясы тұрғысынан зерттеген Ж.О.Тектіғұл [4],Г.Б.Мадиева [5], Б.Нитлинг [6], М.В.Горбаневский [7]т.б. ғалымдардыңеңбектеріндегі тұжырымдар мақаламыздың теориялық және методологиялықбазасын құрады.

Г.Б.Мадиеваның көрсетуінше, Қазақстанда ономастика мәселелеріне қатысты қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялар саны 1949-2015 жылдар аралығында 100-ден асқан және ономастикалық мәселелер функционалды-прагматикалық (Е.А.Керімбаев, И.С.Карабулатова, И.В.Крюкова, Н.В.Васильева т.б.), психолингвистикалық (И.С.Карабулатова, Е.Л.Березович, Л.М.Дмитриева, И.В.Крюкова, М.Е.Новичихина, В.И.Супрун т.б.), әлеуметтік лингвистикалық (З.К.Ахметжанова, Г.Алдаберген, О.Б.Алтынбекова,М.К.Исаев, С.И.Исабеков, А.Е.Карлинский, М.М.Копыленко, Ж.Смагулова, С.Ю.Сон, Э.Д.Сулейменова, Б.Х.Хасанов, В.А.Никонов, А.В.Суперанская, В.И.Супрун, Т.Д.Жанұзақов т.б.), этнолингвистикалық және лингвомәдени (М.В.Горбаневский, Н.А.Бердяев, А.А.Абдрахманов, Г.Б.Мадиева, Е.А.Керімбаев т.б.), когнитивтік (Т.Жанұзақов, Т.Қоныров, Е.Керімбаев, Г.Б.Мадиева т.б.) тұрғыдан қарастырылған. Г.Б.Мадиева ономастиканың аталған бағыттарын саралай отырып, олардың әрбірінің негізгі зерттеу мәселелерін нақты санамалап көрсетеді. Ғалымның көрсетуінше, онимдерді функционалды-прагматикалық тұрғыдан зерттеу дегеніміз – әртүрлі сөздегі онимдердің қолданыс ерекшелігін анықтау [9, 6], түрлі коммуникативтік жағдаяттағы жалқы есімдердің қызметі мен рөлін [9, 12] анықтау болса, психолингвистикалық тұрғыдан онимдерді зерттеу – онимдерді жасау не жалқы есімді атау, қалыптастыру және оны тұлғалардың, тұтас ұжымның психологиялық тұрғыдан қабылдауын, жалқы есімдердің адамға әсерін, жалқы есімнің түрлі сезім туғызуын (қуану, мақтан тұту, күлкі туғызу, ашу шақыру, жек көру, жиреніш туғызу, өкіндіру т.с.с.), жалқы есімдер арқылы өз мәдениетін және өзге мәдениетті игеру тетіктерін, жалқы есімдер семантикасы мен формаларының мағынасын, жалқы есімнің мәтінге кірігуінің психологиялық бағдары мәселелерін зерттеу [9, 17] деп анықталады. Онимдерді әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерттегенде әлеуметтік өзгерістердің жалқы есімдерге ықпалы, тіл тұтынушылардың өзгеруі, тілдің әлеуметтік және территориялық сарапануы, жаңа мемлекеттің құрылуы, әлеуметтік прогресс, қоғамдық сананың өзгерісі, қоғамның саналы түрде тілге ықпал етуі, тілдік контактілер мен тілдік жағдаят т.с.с. мәселелердің онимдерге ықпалы талданады. Онимдерді этнолингвистикалық және лингвомәдени аспектіде зерттегенде жалқы есімдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері талданады, ұлттық-мәдени ерекшелікке ие онимдерге қойылатын талаптар анықталып, онимдер мәдени семантикаға ие мәдени код ретінде алынады. Жалқы есімдерді когнитивтік тұрғыдан зерттеуде негізгі мәселелерге мыналар жатқызылады: нақты тілдік социумда қолданылатын жалқы есімдердің қабылдануы, тілдік тұлғалар санасында жалқы есімдердің қызметі, жалқы есімде бейнеленген менталды шындықтың берілуін сипаттау, тілдік сананың когнитивтік ұлттық базасын құрайтын тірек не өзек жалқы есімдерді анықтау, онимдерді әлемнің тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі ретінде талдау т.б. [9, 37].

Е.А.Керимбаев өз зерттеуінде қазақ тіліндегі жалқы есімдер қызметін қарастырады, жалқы есімдер сөз бен тіл қостағанында және әлеуметтік тұрғыдан талдап, ауызша және жазбаша сөздегі, актив және пассив қолданысы, жалпытілдік және диалектілік, әдеби және әдеби емес қолданыстарын салыстыра зерделейді [10].

Көріп отырғанымыздай, ономастика мәселелері тек дәстүрлі, құрылымдық тұрғыдан ғана қарастырылмай, тіл білімінің антропоөзекті парадигмасына сай қалыптасқан жаңа бағыттар нысанына да алынып, зерделене бастаған. Тек ол зерттеулердің үлес салмағында ғана айырмашылық байқалады. Нақтырақ атасақ, онимдердің ішінде антропонимдер мен топонимдер өзгелеріне қарағанда кеңірек және тереңірек, жан-жақты зерттелген. Қандай бағытта талданса да, онимдер не жалқы есімдер адамның «тілді қолданған кезінде», басқаша айтқанда, дискурста толыққанды танылады. Г.Б.Мадиева жалқы есімдердің тілдегі сөздер

ISSN 2788-7979 (online)

екенін, сондықтан оларды тіл білімінде қалыптасқан ережелер мен тұжырымдарға сай әрі арнайы лингвистикалық әдіс-тәсілдерді қолданып зерттеу керектігін, тіл білімінің әр бағыты тұрғысынан талдауға, зерттеуге болатынын атап көрсеткен [9, 37]. Ғалым пікіріне сүйене отырып біз онимдерді дискурс теориясы тұжырымдарына сай, әрі аталған ғылымның зерттеу әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып талдап, ерекшеліктерін анықтауға болады деп ойлаймыз.

Дискурс теориясына қатысты ғылыми айналымдағы зерттеулерде дискурсталдау термині түрлі мағынада жұмсалатыны аңғарылады: 1) әлеуметтік зерттеу жүргізу әдісі ретінде, 2) сөз бен мәтіннің қалай ұйымдасатыны туралы эмпирикалық білімнің көлемі ретінде, 3) адамзат коммуникациясының жұмысы мен табиғаты туралы түрлі теориялардың негізі санатында, 4) әлеметтік шындықтың құрылымы мен түсінілуінің теориясы сапасында ұғынылады [11, 40].Дискурс теориясының пәнаралық сипатына сай дискурс талдау терминінің түрлі мағынада жұмсалуы да заңды. Дегенмен, дискурс талдау лингвистикалық зерттеу әдісі ретінде де орныққан. Бұл тұрғыдан келгенде, дискурс талдау әдісі «әрекет үстіндегі тілді» немесе «қолданыстағы тілді», яғни дискурсты «дискурсқа шикізат болған мәтін» мен сол мәтінді «қозғалысқа түсірген» коммуникация қосындысы ретінде қарап, талдау жасайды, сөз қарым-қатынасының орнауына шикізат болған мәтіннен басталып, оның нәтижесінде «мәтін (дискурс өнімі)» түзілетін үдерісті толық сипаттауға қолданылатын әдіс ретінде қалыптасқан. Біз дискурс талдау әдісінономастикалық атаулардың дискурстық сипатын анықтау мақсатындақолдандық. Дискурс талдау әдісінде: 1) тілдің формалды және функционалды қырысемантикамен, прагматикамен байланыста алынады, 2) тілдіңқарым-қатынастық қызметі әлеуметтік әрекетпен теңдестіріледі; 3) тілді құрылымдық талдаудан қызметтік талдауға көшеді немесе астырт-үстірт құрылымдық талдау жүргізіледі. Ономастикалық атауларды талдауда аталған әдісті қолдана отырып үстірт құрылымына тілдік сипатын талдауды, ал астырт құрылымына атау мазмұнына бекітілген мәтіндер мазмұнын жатқызамыз.

НӘТИЖЕЛЕР

Ономастика теориясы мен дискурс теориясы өзара тығыз байланыста. Осы тығыз сабақтастықты негізге ала отырып дискурсқа ономастика аспектісінде, ал ономастикаға дискурс аспектісінде анықтама беруге болады. Ономастика аспектісінде дискурсқа: «Дискурс – бұл белгілі бір атаулар мен терминдерді қолданып, қоғамда әртүрлі мағыналық және идеологиялық контексті қалыптастыратын тілдік және коммуникативтік әрекеттер жүйесі» деп анықтама беруге болады, бұл анықтама дискурстың белгілі бір әлеуметтік топтар, мемлекет, мәдениет немесе қауымдастықтың көзқарастарын, құндылықтарын және идеологияларын көрсету үшін атауларды қолдану арқылы олардың мәнін арттыратынын және адамдардың сол атауларды қалай қабылдайтынына әсер ететінін танытады. Дискурсология аспектісінде ономастикаға мынадай анықтама ұсынамыз: «Ономастика – бұл атаулардың (топонимдер, антропонимдер, гидронимдер, т.б.) тек лингвистикалық құрылымын ғана емес, олардың қоғамдағы саяси, мәдени, тарихи және әлеуметтік дискурстағы рөлін зерттейтін ғылым». Яғни, ономастика атаулардың тек семантикасын емес, оларды қолдану арқылы берілетін белгілі бір мәдениетаралық мағыналарды, идеологиялық ұстанымдарды, әлеуметтік көзқарастарды және құндылықтарды ашады. Осыған байланысты орыс тіл білімі ғалымдарының ғылыми зерттеулерінде ономастиканың дискурстық теориясы мәселелері көтеріліп жүр. Е.Ю.Позднякова [8] ономастикалық лексиканы немесе онимді коммуникативтік үдеріске енетіндіктен, яғни белгілі бір тілде қарым-қатынасқа түсушілердің тек атауыштық мәнінде қабылдамай, олардың астарындағы мәтінді тұтас ұғатындықтан ономастиканың дискурстық теориясын жеке және жаңа теория ретінде түсінуді ұсынады. Ол өзінің бұл тұжырымына алғышарт ретінде атау теориясының ұстанымын атайды. Атау теориясында оним ономастикалық әрекеттің аясында қаралады да, шындықты тану үдерісі және соның нәтижесі де деп қабылданады. Белгілі бір нысанға (ол географиялық (топоним, микротопоним), қала нысандары (қалалық урбононим), коммерциялық кәсіпорын атаулары (эргоним), оның ішінде мейрамханалық бизнес, салтанатты шаралар мен мереке атаулары,

ISSN 2788-7979 (online)

тұрғынжай ұйымдарының атаулары т.с.с.) атау беруде тіл өкілдері саналы түрде және шығармашылықпен әрекет етеді. Бұл үдеріс атау беру теориясында қарым-қатынасқа байланыссыз түсіндіріледі. Бірақ ономастикада онимдердің жеке атауыштық мәні ғана емес, оларды тұтас мәтін ретінде қабылданатыны аталып жүр. Демек, бұл ономастикалық атаулар – дискурстық әрекеттің бөлігі, олар дискурста түзіледі және қабылданады. Өздері дискурстың нәтижесі ретінде атауыштық мәнге ие бола отырып, дискурстың шикізатына да айналады, нақтырақ айтқанда, қарым-қатынаста ономастикалық атаудың астарындағы тұтас мәтіндік ақпарат ұғынылады. Дискурс күрделі коммуникативтік құбылысқа жатқызылады да, оның құрамына мәтін мен сол мәтінді түсінуді болғызатын тілден тыс мәнбірлер (қабылдаушының әлем туралы білімі, бағдары, пікірі және мақсаты) енеді.

Ал оним не ономастикалық атау тілдік тұлғалардың тілдесуі барысында дискурстық сипатқа ие болады да, сол дискурстық әрекетте атауыштық мәнімен қоса тілден тыс мәліметтерді де қоса тасымалдап, олардың түрлі қызмет атқаруына жағдай жасайды. Бұл тікелей адресаттың ономастикалық атауды не онимді субъективті қабылдауына және сол атаумен қандай мәнді ұғуына байланысты болады. Бұл ақпараттардың барлығы онимнің дискурстық өрісінде орын алады[8].

Ономастикалық атауларға дискурстық талдау жасағанда олардың мазмұнына қатысты мәтіндерді үшке топтастыратыны (бүгілген, қарапайым, іріленген) аңғарылады. Ономастикалық атаулар – өз астарына атаудың уәжін немесе аталу себебін түсіндіретін ақпараттарды «жасырған» мәтін. Бұл ой М.В.Горбаневский зерттеуінде мынадай тұжырыммен беріледі:«...кез келген нысанның географиялық атауының бойында жасырынған ақпарат(мәтін) болады, ал ол мәтіннің толыққанды ашылуы оған кәсіби деңгейде ғылыми сипаттама берумен байланысты болса, мәтіннің ішінара көлемде ашылуы дискурстың мақсаты мен міндетіне сай ауызша немесе жазбаша сөз барысында жүзеге асады. Ол өз кезегінде монологтың, диалогтың, полилогтың лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктеріне сай, дискурсқа қатысушылардың эмоционалдық, интеллектуалдық, білімдік, әлеуметтік және жас ерекшеліктеріне сәйкес көрініс табады [7, 254]. Мұндай дискурстық сипат (мәтіннің атау бойында бүгілуі мен коммуникативтік жағдаятқа сай ашылуы) тек топонимдерге ғана тән емес, ол кез келген атауға тән болып саналады [8, 247]. Мұндай ой В.О.Максимовтың зерттеуінде де жазылған, ол өз зерттеуінде мұндай мәтінді виртуалды куб сапасында елестетеді, оның әр қырында «бүгілген мәтін не ақпарат» орналасады, ол әдетте жеке компьютердің ұйқы режиміндегі сәтімен ұқсатылады. Коммуникация барысында қатысушылар өзінің коммуникация актісіне, мақсат-міндетіне сай сол кубтың өзіне қажетті ақпарат орналасқан қырын айналдырады. Бұл ақпараттың не мәтіннің өзектелу үдерісі қатысушылардың қалауына не қаламауына тәуелсіз жүзеге асады [12, 86]. Енді бір ғалымдар ономастикалық атаулардың мазмұнындағы мәтін не ақпарат жинақталып, бір сөз не сөз тіркесіне дейін кішірейеді деп есептейді, оны «қарапайым мәтін деп атайды [13,21]», біз оны «сығымдалған мәтін» деп ұсынамыз. Олартұтас қабылданады, мәтіннің ішкі байланыстары көзге түспейді. Мұндай мәтіндерге мекеме не дүкен маңдайшалары, шығарма тақырыптары, немесе мақаланың түйін сөздер жиынтығын т.с.с. жатқызуға болады. Бұл Н.В.Михайлюкованың зерттеуіндеқарастырылған. Оның айтуынша, маңдайшаларда (нысан атауы – қарапайым мәтін сапасында алынып отыр) үш компонент болады: сәйкестендіруші – қала нысанының жалпы атауы, оның қандай типке жататынын білдіретін бөлік (дәмхана, кәсіпорын т.с.с.), жіктеуші – қала нысанын нақтылайды, мысалы, гүл салоны, саралаушы – нысанның жеке атауы (эргоним). Сонымен қатар жарнамалық мақсаттағы ақпарат та енгізілуі мүмкін[14,6].

М.В.Голомидованың зерттеуінде урбанонимдер семиотикалық аспектіде сипатталған. Ғалымның пайымдауынша, бұл атаулар синкретті урбанонимдік іріленген мәтіндер деп қарастырылып, коммуникацияға қатысушының қабылдауына бағытталған кеңістіктік үзінділер деп саналады[15,13].Ономастикалық атауларды дискурс ретінде зерттеуді ұсынғанЕ.Ю.Позднякованың негізгі ойы мынаған саяды: онимдерді дискурстық тұрғыдан зерттеу керек, бұл ономастиканы жаңа қырынан танытады. Онимдер – белгілі бір семантиканы

ISSN 2788-7979 (online)

арқалаған, құрылымдалған, өз мазмұнына сан түрлі ақпаратты сыйғызып тұрған, бірыңғай қарым-қатынас заңына сай құрылған, атау берушіден қабылдаушыға қарай бағытталған, дискурста түсінілетін сөзге не сөз тіркесіне дейін сығымдалған мәтін. Дискурстық тұрғыдан талдағанда онимнің әрбірі атауды қабылдаған тілдік тұлғаның санасында сол атаумен парадигматикалық, синтагматикалық, ассоциативтік байланыстағы мәтіндер өзектелінеді. Дискурстық тұрғыдан талдағанда ономастикалық атаулар когнитивтік-дискурстық табиғатқа ие және дискурстық бірлік деп саналады. Ономастикалық атауды қабылдаған кезде қабылдаушыда сол атауға байланысты мәтіндер өзектелді деген сөз – сығымдалған мәтін ашылды, оқылды, зерделенді, яғни мәтін қозғалысқа түсті, дискурс жүрді деген сөз. Дискурстық бірлік сапасындағы ономастикалық атауға қатысты санадағы барлық мәтіндер жиынтығы дискурстық өрісті түзеді. Дискурстық өріс негізінен мынандай құрамдас бөліктерден тұрады: *«атауды беруші (тіл иесі - халық) – атау (ономастикалық бірлік) – атауды қолданушы (тілді пайдаланушы) – сөйлеу жағдаятында ономастикалық атаудың қандай мағынада қолданылып тұрғанын айқындайтын мәтін не білім».*

Осы ғылыми тұжырымдарды енді нақты ономастикалық атауды, оның ішінде «Ұмай ана» мифонимін дискурстық бірлік сапасында алып, оның дискурстық құрал ретіндегі қызметін және дискурстық рөлін түсіндіріп көрейік.

ТАЛҚЫЛАУ

Ономастикалық дискурста ономастикалық атаулар дискурстық бірлік, дискурстық құрал ретінде жұмсалады және дискурстық рөл атқарады. «Ұмай ана» мифонимін талдауға кіріспес бұрын, осы аталған үш терминді анықтап көрейік.

Дискурстық бірлік – дискурстың құрамдас бөлігі болып табылатын мәтіндік не коммуникативтік элемент (сөз, сөз тіркестері, сөйлем, абзац, реплика т.с.с.). Ол нақты мәнмәтінде мағыналық тұтастық түзеді.

Дискурстық құрал – дискурстағы байланысты қамтамасыз ететін, мәтін (сөз) бөліктерін бір мағыналық жүйеге біріктіретін тілдік және прагматикалық элементтер (интонация, екпін, т.б. байланыстырушы элементтер). Олар дискурстағы мәтіннің тұтастығы мен логикалық құрылымын сақтауға қызмет етеді.

Дискурстық рөл – 1) дискурсқа қатысушының қызметтік міндеті немесе сөйлеу жағдаятындағы орны, 2) дискурстық бірліктің қоғамда қандай мағына мен қызмет атқаратыны, яғни қандай идеялар мен құндылықтарды қалыптастыратыны. Біздің ұсынып отырған жұмысымызда дискурстық рөл терминінің бірінші мағынасы «Ұмай ана» мифонимінің тілдік тұлға санасындағы сипатын анықтауға арналған сауалнамаға қатысушылар жауаптары негізінде талданды, ал екінші мағынасы «Ұмай» терминінің жалпы мәтіндегі мағыналарынан, мазмұнынан шығарылды.Ономастикалық дискурста әр онимнің дискурстық бірлік, дискурстық құрал ретіндегі сипаты мен дискурстық рөлін анықтауға болады. Бұл үш термин өзара тығыз бірлікте жұмсалады. Олардың арақатынасын 1-кестеден көруге болады.

1-кесте. Дискурстық бірлік, дискурстық құрал, дискурстық рөл терминдерінің арақатынасы

Термин	Анықтама	Айырмашылығы
Дискурстық бірлік	Мәтіннің негізгі құрылымдық элементі	Негізгі құрылым ретінде қаралады
Дискурстық құрал	Дискурсты ұйымдастыратын тілдік және прагматикалық элементтер	Бірліктер арасындағы байланысты реттейді
Дискурстық рөл	Дискурсқа қатысушының сөйлеу жағдаятындағы орны не дискурстық бірліктің мағынасы мен атқаратын қызметі	Қатысушылардың не дискурстық бірліктің қызметін сипаттайды

ISSN 2788-7979 (online)

«Ұмай» мифонимі – түркі халықтарының мифологиясындағы мәдени-тарихи және рухани мазмұндағы жалқы есім ретінде дискурстың мағыналық элементі қызметін атқарады. Ол қызмет – дискурста нақты ұғымды, идеяны бекіту қызметі. Мысалы, діни-мифологиялық дискурста «Ұмай босанатын әйел мен балаға қамқорлық жасайды», қазіргі дискурста «Ұмай – қазақ брендтерінің бірі ретінде анаға құрметті білдіретін атау», бұл аналарды үймен қамтамасыз ету мақсатындағы «Ұмай» бағдарламасы не Назарбаев университетінің Ақылды жүйелер және жасанды интеллект институты (ISSAI) дайындаған адамның цифрлық прототипі Ұмай (Umay) т.б.атаулар әсерінен қалыптасып орнықты деуге болады.

«Ұмай» атауы қазақтың ұлттық символдарының бірі ретіндегі мәдени идентификация құралы қызметін атқарады. Сонымен бірге бұл атау қамқорлық пен қорғауды сипаттауда метафоралық қызмет атқарады.

«Ұмай» атауы ономастикалық дискурста түрлі рөлге ие: тарихи-мәдени дисскурста – құндылықтарды сақтаушы, діни-рухани дискурста – рухани қамқоршы, қазіргі медиа не жарнамалық дискурста – ұлттық бренд пен дәстүрдің символы, мәдени жобаларда «Ұмай» атауы – ұлттық құндылықтарды насихаттаушы рөлін атқарады. «Ұмай» атауының дискурстық бірлік, дискурстық құрал сипаты мен дискурстық рөлін 2-кестеге түсірдік.

2-кесте. «Ұмай» атауының дискурстық бірлік, дискурстық құрал сипаты мен дискурстық рөлі

Ономастикалық дискурста «Ұмай» атауының сипаты	
Дискурстық бірлік	Мәтіндегі негізгі мағыналық элемент
Дискурстық құрал	Ұлттық мазмұнды ұйымдастыратын метафоралық қызметі мен мәдени идентификация құралы болуы
Дискурстық рөл	Мәдени, тарихи не жарнамалық дискурста символдық қызмет атқаруы

Осы айтылғандарға сүйене отырып біз«Ұмай ана» мифонимін дискурстық бірлік деп санауға болады деп есептейміз. Оны осы атаудың бойына қазықталған қазақ дүниетанымында орныққан түсінікті мазмұндайтын мәтіндердің (білімнің) болуымен түсіндіреміз. Ол білімдер не мәтіндер осы атауға қатысты сөз жағдаятында қозғалысқа түседі, айтылады, қабылданады, түсініледі және сол ақпараттар негізінде қабылдаушылар санасында жаңа ақпарат не білім түзіледі. «Ұмай ана» атауына қатысты парадигматикалық, синтагматикалық, ассоциативтік байланыстағы мәтіндер өзара санада сабақтасып дискурс жүзеге асады. «Ұмай ана» атауының үстірт құрылымы – «Ұмай» жалқы есімі мен ана сөзінің тіркесі болса, мифонимнің астырт құрылымы – осы атаудың, яғни тілдік бірліктің мазмұнында бүгілген, сығымдалған мәтіндер мазмұны.

«Ұмай ана» бейнесінің тілдік санадағы сипатын анықтау мақсатында Google кесте арқылы сауалнама жүргізілді.Онда «Ұмай анатуралы не білесіз, ол кім?»деген сұраққа жауап алынған болатын. Сауалнамаға барлығы 100 респондент қатысты, олардың барлығының ұлты – қазақ. Әлеуметтік статусы бойынша басым бөлігі – студенттер (90,2%), мұғалімдер үлесі – 3%.

Қатысқан 100 респонденттің тілдік санасында Ұмай ананы Тәңірлік образ (Құдай әйел) ретінде қарастырады, жағымды образда қалыптасқан. Тілдік тұлғалардың санасында Ұмай мифоантропонимі көркем шығарма, ертегі, миф кейіпкеріне қатысты өзектелген. Сауал тілдік тұлғалардың танымдық әрекетіне түрткі болды, «Ұмай ана» атауы туралыойланды, атау берушінің интенциясын зерделеді, басқаша айтқанда атаудың негізіндегі пресуппозициясынашты. Осылайша «Ұмай ана»мифонимінің дискурстық өрісі анықталды деуге болады. Ол түрлі экстралингвистикалық мәнбірлерге(қабылдаушының біліміне, жасына, әлеуметтік дәрежесіне, көңіл-күйіне, жеке тұлғаның субъективтік тәжірибесіне, өмірлік ұстанымдарына, дискурстық тәжірибесіне) т.с.с.байланысты болады. Ономастикалық атаулар дискурс барысында ғана өзінің мазмұнын толық ашады. Дискурсқа қатысушылар онимдіқабылдап түсінген сәттіолардың танымындаорныққан, бұрыннан бар қабылдаған атауға байланысы бар білім (мәтін) қозғалысқа түседі. Осыны біз атауға сәйкес танымда бардискурстық өрістің қозғалысы дейміз. Ономастикалық дискурстаонимніңлексикалық, энциклопедиялық мағыналары, әлеуметтік-мәдени мазмұны түсініледі.

ISSN 2788-7979 (online)

Осы сауалға берілген жауап негізінде *«Ұмай ана»* мифонимінің дискурстық өрісін былай ұсынамыз: *халық (атау беруші) – атаудың өзі – 100 респондент (атауды қабылдаушы) – Ұмай ана – Тәңірлік образ (Құдай әйел) (ономастикалық атауға қатысты танымдағы білім-мәтін).*

Ғылыми айналымда жүрген «Ұмай ана» атауына қатысты төмендегі 9 мәтінді– танымдағы білім (дискурс-мәтін) деуге болады. Ол «Ұмай ана» атауының мазмұнына «сығымдалған». Бірақ дискурстасол мәтіндерді білген тілдік тұлғалар үшін ғана оның мазмұны оқылады, астырт құрылымдар мәні айқындалады.

*1-дискурс-мәтін:*Түркі халықтардың дүниетанымында Ұмай ана – ұрпақ жалғастыруды қолдаушы, ырыс-несібе тәңірі. Бұл тәңірді қазақ, хакас, қырғыз, алтайлықтар мен тывалықтар, шорлар және түріктер пір тұтқан. Ұмай анағақатысты мәліметтер Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде, фольклор материалдарында (финн-угор халықтарында да) кездеседі. Ислам діні таралған соң Ұмай ана мен Көк Тәңірі қатар аталып,Ұмай ана есімі аналар мен нәрестелердің жебеуші пірі деп сақталған.

*2-дискурс-мәтін:*Ұмайанаөмір сүрген уақыт – біздіңдәуірімізгедейінгіІІғасыр, әкесі – АрғынАспар.

*3-дискурс-мәтін:*Ұмай ана – әйел толғатқандақолдайтын періште. Сондықтан қазақтарда қыз ұзату, неке қиғызу кезінде, жүктілер толғатқанда Ұмай анаға жалынып, одан қолдау күткен.

*4-дискурс-мәтін:*Ежелгі түркі тілінде «Ұмай» сөзінің білдіретін мағынасы: «бала орны мен ізі», «ананың жатыры».Ұмайдың«құдай-әйел» деген түсінігітүркі халықтарының этнографиясында сақталған.

*5-дискурс-мәтін:*ҒалымС.Қондыбайдың пікірінше,түркі халықтарының түсінігінде Ұмай – Май-ене деп те аталған. Ұмай сөзіндегі «ұма – баланың жолдасы» дегенді білдірген. Ұмай – әйел кейпіндегі мифтік тәңір ие.

*6-дискурс-мәтін:*Көне түркілер қастерлеген заттың бірі –от. Ұмай ананың табанынан от жаралған. Сондықтан от адамға жылылық пен ризық сыйлайды. Осы түсініктен Ұмай ана шаңырақтың,ошақтың, нәрестеніңсақтаушысы.

*7-дискурс-мәтін:*Ежелгі қазақ мифологиясында «Ұмай ана –Тәңірдің жұбайы, дербес құдай». Мифтік түсінікке сай «Тәңір –Құдайдыңең жоғарғысы», ол аспан мен жерді жаратады, сонан соң өзі қақ айырылып, ер мен әйелге ажырайды. Тәңірдің қақ айырылған әйел жартысы – Ұмай Тәңір. Ұмай Тәңір ананың сүті ағатын көл – Сүтті көл.


*8-дискурс-мәтін:*Қырғыздардың мифтік танымындағы«Ұмай» бейнесінде«сүтімен асырайтын жер ана, егін мен мал өнімінің құдайы» деген түсінік орныққан.Өнімніңтүсімділігіоның омырауынан аққанда сүтке байланысты деп сенген.Омырауынан сүт аққан Жер-ана түсінігі ежелгі үнді мен грек мифтерінде де айтылған.

9-дискурс-мәтін:«Ұмай Ана және Аю батыр» мифінде Аю батыр көкке қарап жалбарынып, қар астында қалың ұйқыға кеткен Айсұлудың оянуын тілейді. Сол кезде Ұмай мен Құмай деген екі құс батырдың басын жанап өтіп, бірі – ақ, екіншісі – қызыл, екі үлкен тасты жерге тастайды. Тастарды бір-біріне ысқылағанда от тұтанып, оның жалынымен Айсұлу жылынып оянады. Соданқұс кейпінде ұшып келген Ұмайанағаайналып, отты маздатады. Ұйқысынан оянған Айсұлу Ұмай ана мен отқа тағзым етіп, сәлем салады. Ұмай Айсұлудың бетін отқа тосқан қолымен сипап: «Аю батырмен некелесіп, үбірлі-шүбірлі болыңдар, оттарың өшпесін» деп бет сипап, сағым секілді жоқ болып кетеді. Күндердің күнінде Айсұлуды толғақ қысады. Қиналған жан Ұмай анаға жалбарынады. Сонда Ұмай ана келіп келіншекті босандырып, сәбидің кіндігін кесіп, Айсұлудың маңдайынан сипап, баланы алдына беріп, батасын айтып көзден ғайып болыпты.

Осы 9 мәтін – «Ұмай ана» атауының дискурстық өрісі болып саналады. Оның 4-5-мәтіндері «Ұмай ана» аталуының шығу төркінін түсіндіріп тұр. Дискурстық өріске атаудың уәжін негіздейтін мәтіндер де, адресатқа түсінілуіне, қабылдануына негіз болатын мәтіндер де кіреді. Сызбаға түсірсек (1-сызба):

ISSN 2788-7979 (online)

1-сызба. «Ұмай ана» ономастикалық бірлігінің дискурстық өрісі




Ал «Ұмай» ономастикалық атауының дискурстық сипаты дискурстық бірлік (үстірт құрылым) пен соның мазмұнындажинақталған мәтінді (астырт құрылымдағы, танымдағы білім)түсінумен анықталады (2-сызбаны қараңыз).

2-сызба. «Ұмай ана» ономастикалық бірлігінің дискурстық сипаты

Үстірт құрылым	Ұмай ананың әкесі – Арғын Аспар	Ұмай ана – ұрпақ жалғастыруды қолдаушы, аналар мен нәрестелерді жебеуші пір	Ұмай мағынасы: «ананың жатыры, бала орны, ізі». Ұма – баланың жолдасы	Ұмай ананың табанынан от таралған, Ұмай – шаңырақтың сақтаушысы.	Ұмай – Сүтті көл	Ұмай – Жер-ана
Ұмай						
Астырт құрылым	2-дискурс-мәтін	1-дискурс-мәтін 3-дискурс-мәтін	4-дискурс-мәтін 5-дискурс-мәтін	6-дискурс-мәтін	7-дискурс-мәтін	8-дискурс-мәтін

Ономастикалық атау дискурстақабылдаушы тарапынан сол атауға қатысты білетін ақпаратын санада өзектеп, соған сабақтастырып қабылданады. Бұл жоғарыда келтірілген «атауларөз мазмұнында мәтіндерді виртуалды куб тәрізді жинақтап, астарында сақтап тұрады, оның әр қырындағы ақпарат коммуниканттың мақсатына, біліміне, жасына, әлеуметтік дәрежесіне т.с.с.сай өзектелгенде ғана оқылады» деген пікірмен сабақтасады. Біздің тәжірибемізде респонденттердің тілдік санасында «Ұмай ана – Тәңірлік образ (Құдай әйел) деген мәтін ғана өзектелгені байқалады (3-сызбадаберілді).

3-сызба. Респонденттер танымында «Ұмай ана» бейнесінің өзектелуі



ISSN 2788-7979 (online)

Оның себептерін біз былай түсіндіреміз:1) сауалнамаға қатысқан респонденттердің 90,2% оқып жүрген студенттер, олардың танымында «Ұмай ана – құдай әйел» мазмұнындағы мәтін өзектелген; 2) Қалған дискурс-мәтіндермазмұны сауал берілген сәтте ойда«оянбаған», ол сауалнаманың электронды нұсқада алынуынан немесе респонденттердің дискурстық тәжірибесі (өзге мәтіндерді білмеуінен не білсе де, жауап берер сәтте ойына келмеуінен т.с.с.) болмауынан деп ойлаймыз. Әрине оның біз атамаған басқа да себептері болуы ықтимал.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, ономастика мәселелерінің дискурстық қырлары ономастикалық атауларды дискурстық бірлік деп санаудан басталады. Онимдердің дискурстық сипатын талдау өзекті.Ономастикалық дискурста атаулар танымдық (когнитивтік)-дискурстық сипатқа ие болады. Олардыңтанымдық сипатын ономастикалық атаудың бойына қазықталған мәтіндер жиынтығы немесе дискурстық өрісі түзеді. Дискурстық сипаты осы танымда орныққан дискурстық өрістің нақты коммуникативтік жағдаятта тек қатысушылардың санасында өзектелгенінен ғана көрініс тауып, қозғалысқа түсуімен айқындалады. Бұл адресант пен адресаттың дискурстық тәжірибесімен тікелей байланысты орындалады. Сондықтан онимдердің дискурстық сипатын тану үшін дискурс талдау әдісі, нақты айтқанда, үстірт-астырт құрылымдық талдау қолданылады. Онимнің мазмұны қарым-қатынас барысында айқын ұғынылады. Бұл ономастика мәселелерін дискурстық аспектіде зерттеудің маңыздылығын танытады. Осы сипатта зерттеу жүргізу ономастикалық атауды қабылдаудағы заңдылықтарды анықтауға сабақтасады. Зерттеудің болашағы осымен байланысты.

Ономастикалық атаулар, өзге де атаулар тәрізді дискурстық бірлік болып саналады. Олар дискурстық өріс түзеді. Оның құрамдас бөліктері бар: *«атауды беруші (тіл иесі - халық) – атау (ономастикалық бірлік) – атауды қолданушы (тілді пайдаланушы) – сөйлеу жағдаятында ономастикалық атаудың қандай мағынада қолданылып тұрғанын айқындайтын мәтін не білім»*. Атаудың дискурстық өрісіне оған қатысты барлық мәтіндер енеді.

Ономастика мәселелерін дискурстық тұрғыдан зерттеу «сөйлеуші адамды»тану мүмкіндігін арттыра түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Красных В.В. Единицы языка vs единицы дискурса и лингвокультуры (к вопросу о статусе прецедентных феноменов и стереотипов)/В.В.Красных //Вопросы психолингвистики. – Москва, 2008. – № 7,– С. 53–58.
2 Кубрякова Е.С. Язык и знание: на пути получения знаний о языке. Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.
3 Sadirova,K., Orynbasarovna, T.Z., Baktygalievna, B.-A.-A., Balgalievna, Z.R., Sandybayevna, S.P.Phytonyms of the Kazakh Steppe Reflecting the Culture and Sacred Awareness//Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9(2), 142–150 p.
4Tektigul Zh.O., Karabaev M.I., Duzmagambetov E.A., Bayadilova-Altybayeva A.B. Mythological aspect of some Kazakh toponyms // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2021. – №4-2(55). – P. 71–75. http://doi.org/10.24412/2500-1000-2021-4-2-71-75
5 Madiyeva G., Boribayeva G., Medetbekova P., Mambetov K., Ingamova J. Peculiarities of toponymic reflexes of Kazakhstan //XLinguae. –2018. Volume 11, Issue 1, January. –P. 342-353. http://doi.org/10.18355/XL.2018.11.01.29
6 Neethling, B. (2016). Street Names: A Changing Urban Landscape. In C. Hough, & D. Izdebska (Eds.)The Oxford Handbook of Names and Naming (pp. 145–157). Oxford: Oxford Univ. Press. https://dx.doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199656431.013.50

ISSN 2788-7979 (online)
7 Горбаневский М.В. Русская городская топонимия: проблемы историко-культурного изучения и современного лексикографического описания: дис...д-рафилол.наук / М.В.Горбаневский. М.; ГосИРЯП, 1994. – 432 с.
8 Позднякова Е.Ю.К вопросу о дискурсивной теорииономастики//Культура и текст.– Москва,2021. – № 1 (44).–С. 243-261.
9 Мадиева Г.Б. Ономастика Казахстана:аналитический обзор (подходы исследования онимов). – Алматы, 2018. 80 б.
10 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 б.
11 Cameron D. Working with spoken discourse. – London, 2013. – 316 p.
12 МаксимовВ.О.Русский фамильный антропоним как свернутый текст и еголексикографическое описание /В.О.Максимов// Вестник РУДН, серия «Русскийи иностранные языки и методика их преподавания». – Москва, 2015. – № 4. – С. 83–89.
13 СахарныйЛ.В. Набор ключевых слов как текст / Л.В. Сахарный, С.А.Сиротко-Сибирский,А.С.Штерн// Психолого-педагогические и лингвистические проблемы исследования текста: Тез. докл. –Пермь: Пермский политехнический ин-т, 1984. – С. 81–83.
14 МихайлюковаН.В.Тексты городских вывесок как особый речевойжанр (на материале языка г. Владивостока):автореф. ... дис.канд.филол. наук /Н.В. Михайлюкова. – Владивосток, 2013. – 27 с.
15 ГоломидоваМ.В.Урбанонимы как ресурс управления восприятиемгородского пространства / М.В. Голомидова // Коммуникативные исследования. – Омск, 2019. – Т. 6.– № 1.– С.11–30.

Материал 04.03.2025 баспаға түсті

Дискурсивные аспекты проблем ономастики

К.К. Садирова[1], Р.Б. Жазыкова[1]
[1]Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, 030000, Республика Казахстан

В статье дано обоснование исследования проблем ономастики в дискурсивном аспекте. Цель работы состоит в том, чтобы рассматривать вопросы ономастики как дискурсивные действия и исследовать онимы как процесс в реальной жизни и результат этого процесса. Основное направление: ономастический дискурс, идея: оним – дискурсивная единица, его дискурсивное поле, различное по ситуативной актуализации в языковом сознании. Научная и практическая значимость: дискурсивный характер онимов, дискурсивное поле, определение, описание терминов «сжатый текст», передача модели анализа. В исследовании метод анализа дискурса использовался для объяснения раскрытия в дискурсивной деятельности «сжатых текстов», хранящихся в содержании онима (Умай). Основные результаты: дискурсивное поле онимов состоит из следующих частей: дающий имя – само имя – получатель имени – дискурс-текст, относящийся к ономастическому названию. Дискурсивное поле включает опорные тексты, которые послужили основой для ономастического наименования, его понимания, восприятия. Знания, закрепленные в содержании онимов, переносимые в дискурсе, приобретают дискурсивный характер только тогда, когда они понятны коммуникантам. Дискурсивный опыт также важен в это время. Ценность исследования: результаты исследования онимов в дискурсивном аспекте дополняют новыми выводами науки дискурсологии, ономастики. Практическая значимость: дискурсивное поле онимов, результаты анализа актуализации в соответствии с обстоятельствами подходят для исследований в данном направлении.

Ключевые слова: дискурс, ономастика, оним, дискурсивный опыт, дискурсивное поле, имя.

ISSN 2788-7979 (online)

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Красных В.В. Единицы языка vs единицы дискурса и лингвокультуры (к вопросу о статусе прецедентных феноменов и стереотипов)/ В.В.Красных // Вопросы психолингвистики. – Москва, 2008. – № 7, – С. 53–58.
2 Кубрякова Е.С. Язык и знание: на пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. М.: Языки славянской культуры, 2004. –560 с.
3 Sadirova, K., Orynbasarovna, T.Z., Baktygalievna, B.-A.-A.,Balgalievna, Z.R., Sandybayevna, S.P.Phytonyms of the Kazakh Steppe Reflecting the Culture and Sacred Awareness// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9(2), 142–150 p.
4 Tektigul Zh.O., Karabaev M.I., Duzmagambetov E.A., Bayadilova-Altybayeva A.B. Mythological aspect of some Kazakh toponyms // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2021. – №4-2(55). – P. 71–75. http://doi.org/10.24412/2500-1000-2021-4-2-71-75
5 Madiyeva G., Boribayeva G., Medetbekova P., Mambetov K., Ingamova J. Peculiarities of toponymic reflexes of Kazakhstan //XLinguae. –2018. Volume 11, Issue 1, January. –P. 342-353. http://doi.org/10.18355/XL.2018.11.01.29
6 Neethling, B. (2016). Street Names: A Changing Urban Landscape. In C. Hough, & D. Izdebska (Eds.) The Oxford Handbook of Names and Naming (pp. 145–157). Oxford: OxfordUniv. Press. https://dx.doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199656431.013.50
7 Горбаневский М.В. Русская городская топонимия: проблемы историко-культурного изучения и современного лексикографического описания: дис…д-ра филол. наук / М.В.Горбаневский. – Москва: ГосИРЯП, 1994.– 432 с.
8 Позднякова Е.Ю.К вопросу о дискурсивной теорииономастики//Культура и текст. –Москва, 2021. – № 1 (44). – С. 243-261.
9 Мадиева Г.Б. Ономастика Казахстана: аналитический обзор (подходы исследования онимов). – Алматы, 2018. 80 б.
10 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 б.
11 Cameron D. Working with spoken discourse. – London, 2013. – 316 p.
12 Максимов В.О.Русский фамильный антропоним как свернутый текст и еголексикографическое описание / В.О.Максимов // Вестник РУДН, серия «Русскийи иностранные языки и методика их преподавания». – Москва, 2015. – № 4. – С. 83–89.
13 Сахарный Л.В. Набор ключевых слов как текст / Л.В. Сахарный, С.А.Сиротко-Сибирский, А.С.Штерн // Психолого-педагогические и лингвистические проблемы исследования текста: Тез. докл. –Пермь: Пермский политехнический ин-т, 1984. – С. 81–83.
14 Михайлюкова Н.В. Тексты городских вывесок как особый речевой жанр (на материале языка г. Владивостока):автореф. ... дис.канд.филол. наук /Н.В. Михайлюкова. – Владивосток, 2013. – 27 с.
15 Голомидова М.В. Урбанонимы как ресурс управления восприятием городского пространства / М.В. Голомидова // Коммуникативные исследования. –Омск,2019. – Т.6.– № 1. – С.11-30.

Материал поступил в редакцию журнала 04.03.2025

Discursive aspects of onomastics problems

K.K. Sadirova[1], R.B. Zhazykova[1]
[1]K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan

This article provides a theoretical justification for examining onomastics from a discursive perspective. The study aims to explore onomastic phenomena as discursive actions, analyzing onyms both as dynamic processes in real-life communication and as their resulting linguistic products. The research focuses on the concept of onomastic discourse, proposing that onyms function as discursive

ISSN 2788-7979 (online)

units with fields of meaning that vary depending on situational actualization in linguistic consciousness.

The scientific and practical significance of the study lies in its examination of the discursive nature of onyms, the structure of their discourse field, and the conceptualization of terms such as "compressed text" and models of discursive analysis. Discourse analysis is employed to investigate how "compressed texts" embedded in onyms (e.g., Umai) are revealed through discursive activity.

The findings indicate that the discursive field of onyms comprises several components: the name giver, the name itself, the recipient of the name, and the discourse-text associated with the onym. Additionally, the discursive field includes reference texts that form the basis for onomastic naming, shaping its interpretation and perception. The knowledge encoded within onyms acquires a discursive character only when it is actively processed and understood by communicants, with discursive experience playing a crucial role in this process.

The study contributes to both discourse analysis and onomastics by offering new insights into the interaction between linguistic naming and discourse. The practical implications of this research extend to studies on the contextual actualization of onyms, providing a methodological framework for further investigations in this field.

Key words:discourse, onomastics, onym, discursive experience, discursive field, name.

REFERENCES

1 Krasnykh V.V. Edinitsy yazyka vs edinitsy diskursa i lingvokultury(k voprosu o statuse pretsendentnykh fenomenov i stereotipov) //Voprosypsikholingvistiki[Units of language vs units of discourse and linguoculture (on the question of the status of precedent phenomena and stereotypes) // Questions of psycholinguistics](Moscow, 2008) [In Russian].

2 Kubryakova E.S. Yazyk i znanie: na puti polucheniya znanii o yazyke:Chasti rechi s kognitivnoi tochki zreniya. Rol yazyka v poznaniimira [Language and knowledge: on the way to gaining knowledge about language: Parts of speech from a cognitive point of view. The role of language in the knowledge of the world] (Moscow, 2004)[In Russian].

3 Sadirova, K., Orynbasarovna, T.Z., Baktygalievna, B.-A.-A.,Balgalievna, Z.R., Sandybayevna, S.P.Phytonyms of the Kazakh Steppe Reflecting the Culture and Sacred Awareness// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9(2), 142–150 p.

4 Tektigul Zh.O., Karabaev M.I., Duzmagambetov E.A., Bayadilova-Altybayeva A.B. Mythological aspect of some Kazakh toponyms // International Journal of Humanities and Natural Sciences. – 2021. – №4-2(55). – P. 71–75. http://doi.org/10.24412/2500-1000-2021-4-2-71-75[In English].

5 Madiyeva G., Boribayeva G., Medetbekova P., Mambetov K., Ingamova J. Peculiarities of toponymic reflexes of Kazakhstan //XLinguae. –2018.–Vol. 11, Issue 1. –P. 342-353. http://doi.org/10.18355/XL.2018.11.01.29[In English].

6 Neethling, B. (2016). Street Names: A Changing Urban Landscape. In C. Hough, & D. Izdebska (Eds.) The Oxford Handbook of Names and Naming (pp. 145–157). Oxford: Oxford Univ. Press. https://dx.doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199656431.013.50

7 GorbanevskyM.V. Russkaya gorodskaya toponimiya: problem istoriko-kulturnogo izucheniya sovremennogo leksigraficheskogo opisaniya: Dis…d-ra filol.nauk[Russian urban toponymy: problems of historical and cultural study and modern lexicographic description: dissertation of Doctor of Philology]. (Moscow, 1994) [In Russian].

8 Poznyakova E.Yu. K voprosu o diskursivnoi teorii onomastiki// Kultura I tekst[On the issue of the discursive theory of onomastics // Culture and Text]. (Moscow, 2021) [In Russian].

9 Madiyeva G.B. Onomastika Kazakhstana: analiticheski ozor (podchody issledovaniya onimov) [Onomastics of Kazakhstan: analytical review (approaches to the study of onyms)]. (Almaty, 2018) [In Russian].

10 Kerimbaev E.A. Kazakhskaya onomastika v etnokulturnym, nominativnom funktsoinalnom aspektakh [Kazakh onomastics in ethno-cultural, nominative functional aspects] (Almaty, 1995).[In Russian].

ISSN 2788-7979 (online)
11 Cameron D. Working with spoken discourse (London, 2013) [In English].
12 MaksimovV.O.Russkii familnii antroponim kak svernutyi teksti ego leksikograficheskoe opisanie// Vestnik RUDN, seriya “Russkie i inostrannye yazyky i metodika ikh prepodavaniya”[Russian family anthroponomy as a collapsed text and its lexicographic description // Bulletin of the Russian Academy of Sciences, series “Russian and foreign languages and methods of their teaching”].(Moscow, 2015) [In Russian].
13 Sakharny L.V.Nabor kljuchevyh slov kak tekst// Psihologo-pedagogicheskie i lingvisticheskie problemy issledovaniya teksta: Tez. Dokl.[A set of keywords as a text //Psychological, pedagogical and linguistic problems of text research: abstract of reports]. Perm, 1984) [In Russian].
14 MikhailyukovaN.V. Teksty gorodskikh vyvesok kak osobyi rechevoi zhanr (na material yazyka g.Vladivostoka): avtoref. ... dis.kand.filol. nauk[Texts of city signs as a special speech genre (based on the material of the language of Vladivostok: abstract ... dissertation of the Candidate of Philology](Vladivostok, 2013) [In Russian].
15 Golomidova M.V.Urbanonimy kak resurs upravleniya vospriyatiem gorodskogo prostranstva [Urbanonyms as a resource for managing the perception of urban space // Kommunikativnie issledovaniya].(Omsk, 2019) [In Russian].

Received: 04.03.2025

IRSTI 16.01.11 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp150-166

E.V. Sazhina[1], A.K. Yeleuzhanova[2], G.Z. Beysembaeva[2], S.M. Duisengazy[2]
[1]Francisk Skorina Gomel State University, Gomel, 246003, Republic of Belarus
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

LEXICAL AND SEMANTIC ANALYSIS OF THE NEUROTECHNOLOGY TERMINOLOGY IN PODCASTS

This article explores how podcasts, as a modern media communication genre, contribute to the formation, adaptation, and popularization of neurotechnology terminology on popular platforms such as "YouTube", "www.litres.ru" and "Podcasts.lab" among a broad audience.

In the era of globalization and the rapid development of technology, the emergence of new scientific terms demands effective integration into everyday language. Podcasts offer a valuable means for non-experts to grasp complex terms in an accessible and engaging manner.

The aim of this study is to analyze the lexical and semantic characteristics of neurotechnology terminology in podcasts, identify strategies for adapting specialized vocabulary, and compare the effectiveness of different podcast formats in popularizing scientific knowledge.

The scientific novelty of the study lies in considering podcasts as a genre of media discourse that contributes to the formation and dissemination of neurotechnology terminology — a topic that has not been previously explored from a linguistic perspective.

To achieve the research aim, quantitative and qualitative methods were used, including lexico-semantic analysis, content anaysis, and comparative analysis.

Podcasts were selected based on criteria such as popularity, topic relevance and format (in this study, podcast-monologue and podcast-interview).

Audio and video materials were transcribed using the "Taguette" and "Python" programs, the coding process facilitated by "QualCoder" software. Terminological units were categorized according to the their lexical and semantic characteristics (e.g., borrowings, neologisms, blendings, calques, abbreviations, etc.).

ISSN 2788-7979 (online)

Content analysis was conducted to identify the frequency of terms, their explanations, and the use of real-life examples. In the final stage, the podcast formats were compared. The program "Miro" was used to visualize the results.

The findings of this study can serve as a valuable resource for specialists in lexicography and will also be useful for a broad audience specialized training or knowledge in the field.

Key words: neurotechnology, podcast, cyborgization, digitalization, brain-computer interface, nanotechnology.

MAIN PROVISIONS

Terminology studies explore issues related to terms in language. In linguistics, there is no universally accepted definition of the term. The concept originates from the Latin word *terminus*, meaning "boundary" or "limit."

The key distinction between terms and other lexical units is that they designate precisely defined concepts, phenomena, or objects.

Terminology refers to both the set of terms within a specific field of knowledge and the branch of linguistics that investigates the function and formation of terms. One of the primary sources in the development of terminological system is the borrowings. This phenomenon occurs across all disciplines, each of which maintains its own terminological system and specialized vocabulary.

Any lexical unit introduced from one language into another does not remain unchanged; rather, it undergoes a certain degree of adaptation over time.

According to S.V. Grinev-Grinevich, this process involves the assimilation of the borrowed lexeme by the recipient language through its phonetic, graphic, grammatical, and lexico-semantic characteristics to the norms of the target language [1, 74-75].

The use of terminology across various media genres largely depends on the goals, target audience, and formats. For example, scientific articles are characterized by a strict, formal style, and terms usually adhere to established academic standards. In contrast, blogs offer a more informal platform where authors can express personal opinions and share experiences.

Social networks are known for their brevity and informal communication, where colloquial expressions, slang, and emoticons are commonly used. In such cases, scientific terms may be simplified or abbreviated for easier comprehension, sometimes leading to linguistic interference.

Podcasts, however, occupy a special place among media platforms. They represent a hybrid format, where scientific terms can be used in both academic and conversational styles, depending on the topic and the target audience.

Nowadays the emergence of new genres is closely linked to the rapid development of Internet communication.

A review of theoretical literature indicates a lack of consensus among scholars regarding the classification of Internet communication genres. Commonly recognized genres include emails, forums, chats, blogs, social networks, and virtual conferences.

According to S. Herring [2, 144-147] blogs are defined as "frequently updated web pages where dated entries are displayed in reverse chronological order".

A more comprehensive definition is provided by M.Yu. Sidorova, who describes a blog as "a website containing dated multimedia entries arranged in reverse chronological order, with the ability to comment on posts and view each entry on a separate webpage" [3, 193].

The classification of blogs is offered by Scott Nowson, who distinguishes between *news blogs*, *commentary blogs*, and *journal blogs* [4, 279].

Rebecca Blood further refines this classification by identifying three types of blogs based on content: *filter blogs* (describing global and online events), *personal journals* (reflecting the author's thoughts and experiences), and *hybrid diaries*, which combine features of both [5, 114-120].

In addition to the term *blog*, synonyms such as *Internet diary* and *online diary* are also used; however, *blog* remains the most widely accepted term.

ISSN 2788-7979 (online)

The stylistic characteristics of professional blogs include the use of journalistic and conversational functional styles, as well as various expressive linguistic devices and techniques. Blog posts often incorporate hyperlinks to social media platforms, enabling readers to share content with their networks. (e.g.: Subscribe me. Share with this post. Leave comments. Click like etc.).

Authors frequently utilize direct address techniques and imperative constructions to enhance communication with their readers.

While blogs provide in-depth content, social media platforms offer faster, interactive communication, allowing users to engage with content in real time.

The term *social media* is frequently equated with *social networks*; however, it is also commonly used as a synonym for *new media*.

The concept of a *social network* was introduced by Norwegian sociologist James Barnes in 1954, referring to a circle of acquaintances, partners, or professional connections.

Matthews defines social media as "a set of network technologies, practices, or communities that people use to create content and exchange opinions, ideas, experiences, and perspectives with one another" [6, 17-19].

«алтынмен тең» болса, ауыспалы мағынасында «адал, жақсы, сенімді» дегенді білдіреді. *(as) fierce as a tiger* - тура мағынасында «жолбарыстай жойқын» болса, ауыспалы мағында «өте ашушаң, агрессивті немесе қатал» дегенді меңзеп көрсетеді.

Вербальды (етістікті) салыстырмалы модельдеу- яғни «етістік + like + белгісіз артикль+ зат есім (сөз тіркесі)» формасында қолданылады, мысалы: *talk like a book* - тура мағынасында «кітапша сөйлеу» деген мағынаны білдірсе, ауыспалы мағынада «табиғи емес, жаттанды» деген мағынаны білдіреді, мысалы: *agree like cats and dogs* - тура мағынада «ит пен мысықша араздасу» болса, ауыспалы мағынада «бір- бірімен келіспеу» деген мәнді аңғартады.

Құрылымыдық семантикалық модель сөз тіркестерінен жасалған фразеолгизмдерді ғана емес, сөйлемдерден тұратын фразеологизмдерді де қарастырады [4, 45-46].

Фразеологизмдерге эмоциялық және экспрессивтік белгілер тән, сонымен бірге адамның түрлі сезімдік әрекеттерін бейнелеуде, әсіресі күрделі эмоцияны білдіретін, ашулану, ұрсу, ұру, қорқу т.б. ерекше эмоциялық реңкті фразеолозизмдер тобы бар [3, 15]. Мақалада қарастырылатын фразеологизмдер тұрақты теңеулерге жатады. Теңеулер ағылшын және қытай тіліндеде фразеологиялық саласында ерекше орын алып, адамның түрлі сезімдік әрекеттерін бейнелейді. Теңеулердің фразеологиялық ерекшелігі дәстүрлі салыстыруға негізделген тұрақты және қайталанатын, күрделі семантикалы сөз тіркестері екені белгілі. Олар бір бірімен салыстырмалы жағдайда көзге түсіп, ондағы тұрақты тіркестер екі немесе одан да көп компоненттерден құралады.

Зерттеу нысаны ретінде әр тілдегі адам бейнесіне байланысты тұрақты теңеулер (устойчивое сравнение) қарастырылады. Яғни онда адамдардың қоршаған ортасы, оның уақытқа, жағдайларға, іс әрекетке байланысты көзқарасын қарастыратын боламыз. Зерттеу еңбектерде көбінесе қазақ және орыс, қазақ және ағылшын, қытай және орыс тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстырады. Сабитова М.Г. өзінің «Основы немецкой и казахской сопоставительной фразеологии» атты монографиясында неміс және қазақ тілдеріндегі теңеулердің құрамы мен семантикасын анықтайды [5]. Ал Жуманбекова Н.З. қазақ, неміс, орыс тілдеріндегі теңеулердің ішкі формасын, когнитивтік негіздерін сипаттап, салыстырып зерттейді. Соңғы уақыттарда ғалым енбектерінде неміс және қазақ тіліндегі теңеулердің концептуалдық негіздерін «қорқу- Angst» эмоциямен байланысқан топты талқылады [6].

Теңеулер тақырыбын қазақ және ағылшын тілінде немесе орыс және қытай тілінде салыстыра зерттеген еңбектерден қытай лингвисті Юй Фэнин «Устойчивые сравнения, характеризующие лицо человека, в русской языковой картине мира (на фоне китайского)» еңбегінде ол «Тематическая классификация эталонов устойчивых сравнений, описывающих лицо человека»- адам бейнесін сипаттайтын тұрақты теңеулер эталонына тақырптық классификациясы бойынша орыс тілінде 290 эталонды анықтаса, қытай тілінде 110 түрлі эталонды анқытап, аталмыш екі тілдегі эталондарға ортақ сәйкестіктердің және айырмашылықтардың барын атап көрсетті. Тақырыптық эталондық классифика ішінде ең әуелі ол жан- жануарлар әлемінің өкілдері, ыдыс- аяқтар мен тұрмыстық заттар атаулары, фитонимдер, яғни көкөністер, тұқымдар және өсімдіктер атаулары, адам аттарымен байланысты, табиғат атаулары, табиғи заттар мен минералдар атаулары және т.б. 18 түрлі тақырыптық эталондардың екі тілде де бар екендігін, сонымен бірге ол қытай тілінде «тағамдар мен сусындар атауларына», «аяқ киімдер мен киім кешек атауларына», «ғимараттар мен оларды бөлшектерінің» атауларына байланысты тақырыптық эталондардың болмауы оның орыс тіліне сәйкес келмейтін тұстары екендігін анықтады [7, 15].

Б.Н. Ағабекованың «Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің ұлттық мәдени сипаты» атты жұмысында қазақ және ағылшын тіліндегі фразеологиялық теңеулерді салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы ұлттық мәдени ерекшеліктерін айқындап, ортақ көрнекті айшықтарын тауып, теңеулердің жасалуына негіз болған ортақ уәждерді ашып көрсетті. Осы жұмыста ол «Адам» макроконцептісіне жататын фразеологиялық теңеулерді жағымды- жағымсыз оппозициялық микроконцептілерге бөліп қарастырды және олардың мән-мағыналарының қалыптасуындағы ерекшеліктерді анықтады. Ол «Адам» концептісіне

байланысты теңеулерді төмендегідей мағыналық-тақырыптық топтарға жіктеп көрсетті (2-кесте) [8, 13-15].

2- кесте

«Адам» концептісіне байланысты теңеулердің түрлері

№	«Адам» концептісіне байланысты теңеулердің түрлері	Мысалдар	
		Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
1	Адам мінезі мен ақыл- ой қабілетін сипаттаушы	*дала бүркітіндей қырағы*	*a memory like an elephant*
2	Адамның жағдай-күйіне байланысты	*Сең соққан балықтай*	*as miserable as a bandicoot*
3	Адамның сыртқы келбетін сипаттаушы	*ақ маралдай әдемі*	*as fair as a lily*
4	Адамның өмірі мен қызметін сипаттаушы	*ит пен мысықтай өмір сүру*	*as thick as thieves*
5	Адамның эмоциялық жағдайын сипаттаушы	*найза үстінде отырғандай*	*to sit on a powder keg*
6	Адамның басқа бір адамға немесе затқа қатынасын сипаттаушы	*жыландай жек көру*	*hate smb like poison*
7	Құбылыстар мен заттардың сапасын сипаттаушы	*жаман түйенің жабуындай*	*fresh as a daisy*
8	Түсті сипаттаушы	*ақ бөкеннің таңындай*	*as white as driven snow*
9	Заттар мен құбылыстардың көлемін сипаттаушы	*қойдың құмалағындай*	*as light as a drum*
10	Арақашықтықты сипаттайтын	*есік пен төрдей*	-
11	Уақытты сипаттаушы	*қас қаққандай*	-

Зерттеушілердің пікірінше адам бейнесін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді адамның жалпы белгілеріне, адамның физиологиялық жай- күйін сипаттайтын, адам бойындағы қасиеттер мен мінез- құлық ерекшеліктерін, адамның рухани дүниесін, адамның іс- қимылын, адам болмысының әртүрлі аспектілерін сипаттайтын айырмашылықтарына қарай алты топқа жіктеп, қарастырып келе жатқаны белгілі.

Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы ағылшын және қытай тіліндегі адам бейнесіне байланысты теңеулердің эталоны тақырыптық- семантикалық классификациясын салыстырмалы түрде ұсынумен бірге отандық фразеология саласында зерттелген фразеологиялық құрылымдарды салыстырмалы аспекті бойынша қарастырып, оны зерттеп-зерделеудің өзектілігін көрнектілендіру болып табылады.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты ағылшын және қытай тілдеріндегі адам бейнесіне байланысты теңеулердің эталонын салыстыра зерттеу. Әлемнің тілдік суретіндегі «адам бейнесі» белгілі бір ұлттық мәдени менталитетке ие тұлғаның өзекті белгілерінің көрінісі. Салыстырмалы фразеологияның басты теорияларын ұсыну; ағылшын және қытай тілдеріндегі теңеулердің жіктеу принциптерін қарастыру; адам бейнесін сипаттайтын тұрақты тіркестер мен теңеулердің эталонын мысалдар келтіре ашып көрсету осы жұмыстың басты міндеті болып табылады.

КІРІСПЕ

Тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі теңеу болып табылады, ол белгілі бір зат пен құбылыстың ерекше белгілерін көрсете отырып, оларды басқа заттармен салыстыра суреттеу арқылы ақпаратты жеткізуге бағытталған. Адам бейнесіне қатысты теңеулер ауызекі тілде және көркем әдебиетте жиі қолданылады. Мұндай теңеулердің құрылымы күрделі және мағыналық реңктерге бай.

Осыған орай, аталмыш зерттеудің өзектілігі ағылшын және қытай тілдеріндегі адам бейнесіне қатысты теңеулердің эталонын салыстыра зерттеу арқылы, екі тіл арасындағы лингвомәдени ерекшеліктердің сәйкестіктері мен айырмашылықтарын қарастырумен байланысты. Сонымен қатар, сол тілдерге тән мәдени ерекшеліктерді зерттеу қажеттілігі

ISSN 2788-7979 (online)

туындайды. Теңеулердің сөйлеу барысында қолданысқа ену заңдылықтарын анықтау сөйлеу мәдениеті мен ойды бейнелеудегі маңыздылығын көрсетеді.

Ағылшын және қытай тілдеріндегі теңеулерді жан- жақты зерттеу, екі елдің мәдениеті мен тілдерінде ортақ адам бейнесін сипаттайтын тұрақты тіркестерді анықтау, сондай- ақ, адам бейнесіне қатысты теңеулердің тақырыптық семантикалық классификациясын ұсыну мақаланың басты мақсатын құрайды.

Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы ағылшын және қытай тіліндегі адам бейнесіне қатысты теңеулердің эталондық классификациясын ұсыну болып табылады. Зерттеу материалында түрлі тілдердің отандық фразеология саласында талданған фразеологиялық құралдар салыстырмалы аспектіден өзектілігін дәлелдейді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Сөздік қоры бес мың жылдық тарихқа ие қытай тілі мен тарихы тереңге тамыр тартқан ағылшын тіліндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау, нақтылап айтқанда, ағылшын және қытай тіліндегі адам бейнесіне байланысты теңеулердің эталоны тақырыптық-семантикалық жүйесін салыстыру – аталған тілдердің тұрақты тіркестер құрылымы жақтағы өзіндік ерекшеліктерін танып- білуге жол ашады. Сонымен бірге олардың ұлттық ерекшеліктері мен сөйлеу дағдысының қалыптасуы мен даму мүмкіндіктерін айқындап береді. Бұл зерттеу жұмысында салыстыру, жинақтау, жүйелеу және талдау жүргізу әдістері қолданылып, ағылшын және қытай тіліндегі адам бейнесіне байланысты теңеулердің эталоны тілдік ерекшеліктер негізінде сипатталады. Теориялық тұжырымдарды сараптап-саралау барысында аталған екі тілдегі адам бейнесіне байланысты теңеулердің эталондық негіздер нақтылы мысалдар мен осы тақырыпты зерттеп, ой-тұжырым білдіріп жүрген тілтанушы ғалымдардың дәйексөздері мен дәлелдері арқылы сараптамалық қорытынды-тұжырымдарға мойынсұнды.

А.О. Долгова «Грамматико-семантические типы устойчивых сравнений (на материале русского, английского и немецкого языков)» тақырыбындағы жұмысында тұрақты теңеулерді оң жақтық және сол жақтық сипаттағы екілікті мағынаға ие фразеологиялық бірліктер класы болып табылады деп атап көрсеткен. Олар сол жағы (исходной- тура мағынасы, тематической- тақырыптық мағынасы) болса, оң жағы (эталонной- эталондық, рематической- рематикалық) бөліктерден құралады деген тұжырымға келеді. Осы еңбекте автор үш тілдегі стандартты сөздіктен алынған орыс тілінің 255, ағылшын тілінің 225 және неміс тілінің 276 тұрақты теңеулерін салыстырып зерттеді [9, 296].

Кочкарева И.В. «Устойчивые сравнения, характеризующие свойства личности человека (на материале русского и английского языков)» еңбегінде адамның жеке басының қасиеттерін сипаттайтын идеографиялық топтарға қатысты орыс және ағылшын тілдерінің салыстырмалы фразеологиялық бірліктерін қарастырады. Адам сипаты, ақыл- ой қабілеттері, интеллектуалдық белсенділігі, іскерлік және адамгершілік қасиеттері жағынан салыстыра қарастырып, екі тілдің ұлттық мәдени ерекшеліктерін көрсететін бейнелердің тілдік реализациясы талданады. Орыс және ағылшын теңеулерін салыстырудың ұлттық мәдени бірегейлігі қарастырылады. Ол өз жұмысында орыс және ағылшын тілдеріндегі бірсыпыра теңеулерді зоонимдік эталон бойынша анықтаған [10, 14-17]. Осы көзқарас- пікірлердің бәрі ағылшын және қытай тілдеріндегі теңеулердің эталонын зерттеу мен ұлттық және мәдениет жақтағы ерекшеліктерін көрсету арқылы фразеологизмдердің күрделі семантикасын түсінуге жол ашады.

Тіл біліміндегі “әлем суреті” деген ұғым “әлемнің фразеологиялық бейнесі” деп фразеология саласында да қолданалады. “Языковая картина мира отражает национальную картину мира...[11, 72]. Халықтың әлеуметтік тұрмыс- тіршілігімен өмір сүру дағдылары тілде сонымен бірге фразеологизмдерде, тұрақты тіркесте көрініс тапқаннан кейін осы жұмыста зерттелетін теңеулердің тақырыптық- семантикалық жіктеу адамдардың іс әрекеттеріне байланысты жіктеленеді. Қазақ халқының тұрмыс- тіршілігі мен мәдениеті төрт түлік мал

ISSN 2788-7979 (online)

шаруашылығымен қалыптасқандықтан фразеологизмдерде де, оның ішінде теңеулерде осы жағдай анық көрінеді. Мысалы: *қой аузынан шөп алмас*- тура мағынасында «қойды тамақтандыру» болса, ауыспалы мағынасында «жуас, момын» дегенді білдіреді. *Сиыр сипағанда білмейді*- тура мағынасында «сиырды сипасада түсінбейді» болса, ауыспалы мағынасында «жақсылықты түсінбейді» дегенді білдіреді. *Ат жалын тартып міну*- тура мағынасында «аттың жалынынан ұстап міну» болса, ауыспалы мағынасында «азамат болу» дегенді білдіреді.

Тіл біліміндегі салыстырмалы- салғастырмалы әдіс генеалогиялық жағынан туыстас және туыстас емес тілдердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және фразеологиялық жүйелерін зерттеудің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Бұл әдіс XIX ғасырдың басында пайда болған салыстырмалы-тарихи әдістің негізінде қалыптасқан. Аталмыш әдістің деректері мен нәтижелері тіл біліміндегі жаңа теориялық қағидаттарды анықтауға мүмкіндік берді және зерттеу тақырыбының жаңа мәліметтермен толықтырылуына ықпал етті. XX ғасырда салыстырмалы әдіс арқылы туыс емес тілдерді зерттеуге де болатыны туралы тұжырым пайда болды. Осы аясында біз ағылшын және қытай тілдеріндегі теңеулердің эталондарын салыстырып зерттеу жүргізіп отырмыз.

НӘТИЖЕЛЕР

Теңеулердің күрделі семантикасын қарастырғанда, тура мағынасы мен ауыспалы мағынасын салыстырғанда, олардың арасында қандайда бір когнитивті метафора мен когнитивті метонимия денгейіндегі қарым- қатынастардың бар екендігі анық. Когнитивтік лингвистикада концептуалды метафора немесе когнитивтік метафора бір идеяны немесе концептуалды доменді екінші идея тұрғысынан түсінуді білдіреді. Ал когнитивті метонимия танымның негізгі тәсілдерінің бірі болып, адамдардың, заттың немесе оқиғаның өздеріне тән белгілі бір бөлігі арқылы тұтастай заттық бейнеде көрініс табады. Төменде біз осы мәселе төңірегінде тереңірек қарастырамыз.

Теңеудің құрамы салыстыру пәнінен, эталонынан тұратыны жасырын емес. Философияда aRb формада беріледі. Бұл формула әр тілде бірдей болады. Бұл формулада a- пәні, b- эталоны ал R (tertium comparationis). Мысалы: Ағылшын тілінде: *as big as an elephant* (тура мағынасы: «пілдей үлкен», ауыспалы мағынасы: денелі) бұл мысалда **a**- яғни пәніне әр адам немесе объект жатады, ал *elephant* эталоны, *big* **R** (tertium comparationis) бұл адамның бейнесі. Қытай тілінде: 老鼠胆- lǎo shǔdǎn, тура мағынасы: «тышқанның өті», ауыспалы мағынасы «қорқақ». Бұл мысалда老鼠- эталоны болып b ны белгілесі, әрбір адам бейнесі ол пәні болып табылады, ал **R** (tertium comparations)- өт.

Фразеология белгілі бір мән- мағынаны айқындайтын тілдік құрылым секілді жүйелі ұғым. Фразеологияны құрастыратын бірліктер әртүрлі топтарға бөлінеді. Осыған орай мақалада зерттелген теңеулер тақырыптық, семантикалық құрылымына сәйкес бірнеше топтарға жіктеледі. Адам бейнесіне байланысты теңеулер фразеологиялық жүйенің бір ерекше тобы болып келеді.

Адам бейнесіне байланысты қытай және ағылшын тіліндегі теңеулердің эталоны мағыналық реңктерге байланысты әртүрлі тақырыптарға жіктеледі. Оларды зоонимдер (ағылшын тілінде 48; қытай тілінде 131), ыдыс- аяқтар мен тұрмыстық заттардың атаулары (ағылшын тілінде 43; қытай тілінде 87), фитонимдер (ағылшын тілінде 38; қытай тілінде 54), тұлғаның атауы (ағылшын тілінде 42; қытай тілінде 113), табиғат құбылысының атауы (ағылшын тілінде 35; қытай тілінде 60), діни наным- сенім ұғымдары (ағылшын тілінде 25; қытай тілінде 50), ішпек- жемек тағамдардың атауы (ағылшын тілінде 34; қытай тілінде 73) және киім- кешек атаулары (ағылшын тілінде 45; қытай тілінде 62) секілді бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады.

3- кесте

Ағылшын және қытай тіліндегі теңеулердің тақырыптық эталонға жіктелуі

	Теңеулер эталондары	**Ағылшын тілінде мысалдар**	**Қытай тілінде мысалдар**
1	Зоонимдер	as short-sighted as mice, as timid as a mouse, as soon as the hare rises the falcon swoops	蛇入鼠出 - shé rù shǔ chū, 对牛弹琴- duìniútánqín, 虎头虎脑 - hǔtóuhǔnǎo
2	Ыдыс- аяқтар мен тұрмыстық заттардың атаулары	As noisy as a pot banging，as heavy as a cast iron pot，as shiny as a silver spoon	囤积居奇 tún jī jū qí,七零八碎 qī líng bā suì, 银装素裹- yín zhuāng sù guǒ; 只鸡斗酒 zhī jī dǒu jiǔ
3	Фитонимдер	As sweet as an apple, as ripe as a peach, as cool as a cucumber	桃李满天下-táo lǐ mǎn tiān xià, 果然如此 - guǒ rán rú cǐ, 如梨似棠 - rú lí shì táng
4	Тұлғаның атауы	as proud as Lucifer， as wise as Solomon	卧虎藏龙- wò hǔ cáng lóng,一诺千金 (yī nuò qiān jīn)
5	Табиғат құбылыстарының атауы	As fast as the wind，as clear as crystal，as rough as the sea	风华正茂- fēng huá zhèng mào, 日新月异- rì xīn yuè yì
6	Діни наным- сенім ұғымдар	As pure as a dove，as devoted as a monk，as faithful as a lamb	念念不忘 – nià n niàn bù wàng, 无欲无求- wú yù wú qiú
7	Ішпек- жемек тағамдардың атауы	As tough as old boots，as rich as chocolate，as fresh as a daisy	鸡毛蒜皮 - jī máo suàn pí, 五谷丰登 - wǔ gǔ fēng dēng
8	Киім- кешек атауларыы	As neat as a pin，as elegant as a swan	衣锦还乡 - yī jǐn huán xiāng 衣衫褴褛 -yī shān lán lǚ

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, ағылшын және қытай тілдерінде әртүрлі эталонға байланысты теңеулердің саны біршама көп. Кестеде солардың бірнешеуі ғана мысал ретінде берілді. Жалпы қай тіл болмасын адам бейнесіне байланысты теңеулердің көп сандысы тұрмыстық және аң- құс аттарымен, өздері өмір сүріп отырған тілдік ортадағы белгілі тұлғалардың аттарымен әрі діни наным- сенімдермен тікелей байланысты болатындығын аңғара аламыз.

Ағылшын және қытай тілі екі басқа мәдениеттің айнасы болғанымен, ол тілдерде адам бейнесін бейнелеуде тұрмыстық атаулар, зоонимдер, табиғат құбылыстары және де діни-наным- сенім атауларын қолданатыны белгілі болды. Ағылшын тілінде *mouse*- тышқан атауы *as short- sighted as mice*- тышқандар әдетте алысты емес жақынды ғана жақсы көре алады. Тіркестің тура мағынасы «тышқан сияқты көру қабілеті нашар» болып, ойлау кеңістігінің тарлығын білдіретін теңеулерде қолданылса, ал ауыспалы мағынада «болашағын болжамайтын, алысқа көз тікпеу» деген мағынада қолданылады. Қытай тілінде *тышқан* атауы *蛇入鼠出- shé rù shǔ chū*- тура мағынасында «жыланның тышқан ініне кіруі» болса, ауыспалы мағынада «қауіпті жағдайға қарсыласа өмір сүру» мағынасында қолданылады. ағылшындарда тышқан ойлау кеңістігі тар мағынадағы теңеулерде қолданылатын болса, қытай тілінде қу, айлакерлікпен байланысты болады.

Ағылшын тілінде *silver* – күміс сөзіне байланысты *as shiny as a silver spoon* тұрақты тіркесінде тура мағынада «физикалық тазалықты, әдемілікті» білдірсе, ауыспалы мағынада «бай, ауқатты отбасында дүниеге келу» дегенді білдіреді. Күміс, қасиеттері бойынша, әрдайым жарықты жақсы көрсетеді, сондықтан ол сән-салтанаттың символы болып табылады. Қытай тілінде *银- yín- күміс* иероглифмен байланысты *银装素裹- yín zhuāng sù guǒ* тіркесі тура мағынада «күміс киіммен оралған» болса, ауыспалы мағынада «табиғаттың әдемілігін және эстетикалық сұлулықты» біліру үшін қолданылады екен. Яғни осы аталған екі тілде де *күміс* ұғымы сұлулықтың, тазалықтың, әдеміліктің символы ретінде қолданылады.

ISSN 2788-7979 (online)

Ағылшын тіліндегі жеміс атауына байланысты теңеулерден *peach-* шабдалыға байланысты *as ripe as a peach* тіркесінің тура мағынасында «пісіп жетілген шабдалы» болса, ауыспалы мағынасында «барлық іске толықтай дайын» деген мағынаны білдіреді екен. Ал қытай тілінде тура осы атауға байланысты*桃李满天下- táo lǐ mǎn tiān xià* тіркесінде тура мағынасы «шабдалы, алмұрттың пісіп жетілуі» деген мағынада қолданылса, ауыспалы мағынада «белгілі ұстаздың шәкірттерінің жетістіктерге жетуін» білдіреді. Осы тұста біз ағылшын тілі мен қытай тілінде де *peach- 桃(táo)- шабдалы* атауының жетістікке жетумен байланыстырылатынын байқадық.

Тұлға атауларымен байланысты теңеулер ағылшын тіліндегі *as proud as Lucifer* тіркесінің тура мағынасында «Луцифер сияқты тәкәппар, мақтаншақ» деген мағынаны білдерсе, ауыспалы мағынасында «адамдардың артық мақтаныш, өзін жоғары сезіну немесе басқа адамдардан өзін бөлек сезіну сияқты» мінезін білдіреді. Қытай тілінде де тұлға атауларымен байланысты теңеулер көптеп кездеседі. Солардың бірі *卧虎藏龙- wò hǔ cáng lóng* тіркесі, ол тура мағынада «жатқан жолбарыс, жасырынып жатқан айдаһар» дегенді білдіреді, ал ауыспалы мағынада «адам бойындағы көзге көрінбейтін белгілі бір қасиеті» деген ұғымда қолданылады. Берілген екі мысалдағы тіркестердің шығу тегіне үңілсек, олар ағылшын және қытай мифологиясымен байланысты екендігіні аңғарамыз. Луцифер мақтаншақтығы мен тәкәппар мінезімен құдайға қарсы шыққандытан аспаннан қуылған періште кейіпіндегі христиан мифологиясының бір өкілі. Ал қытай тіліндегі*卧虎藏龙- wò hǔ cáng lóng* тіркесі қытай мифологиясында және мәдениетінде күшті, ұлы тұлғаларды немесе адамдардың жасырын қасиеттерін сипаттау үшін қолданылады. Тіркес алғаш рет Цинь дәуірінде қолданылған, ал оның белгілі бір көрінісі «卧虎藏龙»- wò hǔ cáng lóng- «жатқан жолбарыс, жасырынып жатқан айдаһар» атты шығармамен байланысты болған.

Табиғат құбылыстарының атауларымен байланысты тұрақты теңеулер ағылшын тілінде *As fast as the wind-* осы мысалда *wind-* жел сөзі бар теңеулер жылдамдқтың белгісі болса, қытай тілінде*风华正茂- fēng huá zhèng mào,* 风- жел иероглифі бар теңеулер жалындап тұрған жастықты, мығым жігерді бейнелейтін көрінеді.

Діни наным сенімдерге байланысты теңеулер ағылшын және қытай тілдерінде үнемі кездеседі. Ағылшын тілінде *as devoted as a monk* тіркесі тура мағынада «монахтың өмірі мен мінез- құлқын» сипаттайды. Ауыспалы мағынада «бір істі табандылықпен, ықыласпен және адалдықпен орындаған адамды» сипаттау үшін қолданылады. Монахтар, әдетте, өз өмірлерін рухани мақсаттарға арнап, монастырларда тынымсыз еңбек етеді. Олар дінді, медитацияны және қызметті бірінші орынға қояды, бұл олардың адалдығы мен табандылығын білдіреді. Қытай тіліндегі*念念不忘- niàn niàn bù wàng* тіркесі қытай әдебиетінде және философиясында кеңінен қолданылып, адамның белгілі бір нәрсені үнемі ойынан шығармауын немесе оған терең қызығушылығын білдіреді. Тіркестің түбірі 念- niàn- оқу, ойлау немесе есте сақтау, ал 忘- wàng- ұмыту деген мағынаны білдіреді. Тура мағынасында «ойдан шығармау, ешқашан ұмытпау» болса, ауыспалы мағынада «адамның бір нәрсеге деген сезімдерін, еске алуды және адалдықты» білдіреді. Яғни ағылшын және қытай тілдерінде де діни наным сенімдерге қатысты теңеулер адалдықпен, табандылықпен байланысты болады деген тұжырымға келе аламыз.

Ішпек- жемек, тағам атауларына байланысты теңеулер эталоны бойынша, ағылшын тілінде *as rich as chocolate-* тура мағынасында «шоколадтай бай» болса, ауыспалы мағынада «адамның өте бай екенін, үлкен қаржылық мүмкіндіктері бар» екенін білдіреді. Қытай тіліндегі *五谷丰登- wǔ gǔ fēng dēng* тіркесінің тура мағынасында «бес астықтан (бидай, күріш, арпа, жүгері, құмай немесе сорго) мол өнім алуын» білдірсе, ауыспалы мағынада «халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайының» жақсы екенін білдіреді. Ағылшындар өмірінде шоколад жоғары деңгейде бағаланады. Мереке- мейрамдарда дастарханларына қойылады, дисерт ретінде үнемі шоколадты қолданады. Сыйлық ретінде ағылшындар бір-біріне сыйлайды, олардың өмірінде шоколад жайлылық, рахаттылық және қуаныш сыйлайды деп

ISSN 2788-7979 (online)

сенеді. Қытай тарихтан ауылшаруашылықпен айналысқан ел ретінде тұрмыс- тіршілігін егінмен, дәнді дақылдармен байланыстыратыны даусыз. Астықтың көп болуын тоқшылықтың, байлықтың, қуаныштың символы ретінде қарастырады. Сондықтан да, ағылшын және қытай тілдерінде ішпек- жемек, тағам атауларымен байланысты теңеулер тұрмыстың ауқаттылығымен байланысты болса керек.

Теңеулерді қолданатын эталон топтар арасында маңызды болған тақырыптық сәйкестік олардың әрбір этностық әлемінің сол тілдік ортадағы бейнелі жүйесі негізінен ортақ элементтер ретінде адамдардың дүниетанымы мен ойлау жүйесінің жоғары дәрежеді ұқсастығын аңғартады. Дегенмен, теңеулерді қолданау барысында бірқатар ұқсастықтар (қасқыр, бүркіт, ақ зығыр, қағаз және т.б.) өзара сәйкес келумен бірге, жекелеген тақырыптық топтарды толықтайтын теңеулердің сандық мөлшері мен кейбір ерекшеліктері арасында айтарлықтай айырмашылықтардың бар екендігін байқауға болады.

Осылайша, ағылшын және қытай тілдері теңеулерінің эталондары екі тілде де ұсынылған тақырыптық топтардың айтарлықтай ортақтық сипатқа ие ерекшеліктері бар екендігін көрсетеді. Бұлар ағылшын және қытай тілдерінде «Жануарлар әлемінің өкілдері», «Жемістер, көкөністер мен өсімдіктердің атаулары- фитонимдер», «ыдыс- аяқтар пен тұрмыстық заттардың атаулары», «Табиғат құбылыстарының атаулары», «Тұлғалардың аты-жөні» қатарлылардың семантикасымен біріктірілген эталон топтары екі тілде де мол кездесетіндігі анықталып отыр.

ТАЛҚЫЛАУ

Әрқандай бір ұлт тілінің лингвомәдениет аралық қарым қатынастық даму үдерісі барысында бір тілдегі атаулар мен терминдердің екінші бір тілге ауысуы заңды құбылыс десек те, тұрақты сөз тіркестерінің түп тамырлас немесе туыс емес тілдерден екінші бір тілге ауысып, сіңіп кіруі және құрылымын бұзбай, сол қалпында қолданысқа қосылып кетуі өте қиын.

Жоғарыда біз ағылшын және қытай тіліндегі теңеулерді жан-жануарлар атауларына байланысты; ыдыс- аяқ, тұрмыстық зат атауларына байланысты; фитонимдер- жеміс- жидек атауларына байланысты; киім кешек атаулары, діни наным сенімдер, табиғат құбылыстарының атауларына байланысты т.б 8 түрлі эталонға жіктеп қарастырдық. Осы эталондарға байлансыты теңеулер екі тілде де кездесетінін байқадық. Соның ішінде ең көп кездесетіні жан- жануарлар атауларына байланысты, яғни зоонимдік теңеулер ағылшын тілінде 48, ал қытай тілінде 131 теңеудің бар екендігін байқадық.

Зоонимдер ұғымына байланысты теңеулердің басым көп бөлігі жыл атауларымен (12 жыл бір мүшел) байланысты болып келеді. Ағылшын тілінде ат, доңыз және ит атауларымен байланысты тұрақты тіркестер көп кездесетін болса, қытай тілінде ат, жолбарыс және айдаһар есімдерімен байланысты тіркестер көптеп кездеседі. Ағылшын тілінде маймылдар тақырыбынан бөлек, жолбарыс және айдаһар есімдерімен байланысты теңеулер аз болса, қытай тілінде қоян, маймыл және доңыз атауларына байланысты теңеулер аз кезігеді екен.

4- кесте

Ағылшын және қытай тіліндегі зооним эталонына байланысты теңеулердің жай- күйі

	Саны көп теңеулер	Саны аз теңеулер
Ағылшын тілінде	ат, доңыз, ит	жолбарыс, айдаһар, маймыл
Қытай тілінде	ат, жолбарыс, айдаһар	қоян, маймыл, доңыз

Ағылшын және қытай тілдеріне де *жылқы* атауына байланысты теңеулердің саны жағынан көп болып табылады. Ағылшын тілінде ***horse-*** *жылқы* тақырыбына байланысты теңеулерден ***As fast as a horse-*** тура мағынасында «аттай тез» дегенді білдірсе, ауыспалы

ISSN 2788-7979 (online)

мағынада «біреудің бір істі тез орындауы немесе ақпаратты жылдам жеткізуі». Ағылшындар атты көлік құралы ретінде пайдаланған, атты жылдамдық пен күштіліктің символы ретінде бағалаған. Ал қытай тілінде *马- mǎ- жылқы* атауына байланысты теңеулерден ***千兵万马- qiān bīng wàn mǎ,*** тура мағынасында «мың әскермен жүз мың ат» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «соғысқа мықты дайындалған әскери күшті» білдіреді. Яғни қытай тұрмыс-тіршілігінде де жылқы көлік құралы ретінде қолданылып, соғысқа, жорыққа шыққанда ер қанаты болып табыла білген [12].

Ағылшын «Библия» бойынша *dragon- айдаһар* ол зұлымдықтың, шайтандықтың символы ретінде қарастырған. Батыс мәдениеті бойынша айдаһар- қорқынышты құбыжық болып, қатігез әйелдердің бейнесі ретінде қарастырылады. Мысалы: *As fierce as a dragon-* тура мағынасында «айдаһардай ашулы, қатулы» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «өте қатал, агрессивті немесе қауіпті адамды» сипаттау үшін қолданылады. Ал қытайлықтар өздерін*龙的传人- Lóng de chuánrén-* айдаһардың ұрпағымыз деп есептейді, әрі айдаһар ұғымын күштің, даналықтың, жоғары мәртебеліліктің символы ретінде қарастырады. Сондықтан да айдаһар ұғымына байланысты теңеулер өте көп кездеседі, мысалы: ***望子成龙- Wàngzǐchénglóng-*** тура мағынасында «баласының айдаһар болуын қалау» болса, ауыспалы мағынада «баласынан жоғары жетістіктер мен үлкен үміт күту» деген мағынада. ***人中之龙- Rén zhōng zhī lóng-*** тура мағынасында «адамдар арасындағы айдаһар» болса, ауыспалы мағынада «табысты, көрнекті, шығармашылық немесе көшбасшылық қабілеттері бар адамдарды» білдіреді. Қытай елінде айдаһарды ерекше құрметтейді, әртүрлі логотиптерде, жарнамаларда, фото суреттерде де айдаһар бейнесін кеңінен қолданады. Яғни айдаһар ұғымыны қытай елінің тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алатындығын байқалады [13].

Жануарлар эталонына байланысты тұрақты тіркестер- фразеологизмдер тобындағы саны жағынан көп болып кездесетін түрі болып табылады. Адам өмірінде жан- жануарлармен тығыз байланысты болғандықтан, жануарлар бойындағы кейбір қасиеттерді адамдар бойынан таба білген және соған теңеген. Мысалы, *as sly as a fox* тіркесінің тура мағынасы «түлкідей қу» болса, ауыспалы мағынада «қу, айлакер» мінезді адамдарды бейнелейді. Жануарлармен ұзақ қарым-қатынаста адамдар жануарларға тән қасиеттерді түсінді және олардың жануарлар мен адамдарға ұқсас қасиеттері бар және олар өздерінің танымы арқылы жануарларға онтологияның мәнін түсіндіру үшін белгілі бір мағына береді.

Бір жануар әртүрлі мінез құлықты немесе ұғымдарды бейнелеу үшін қолданылады Мысалы, *сиыр* жануары «күш, күшті дене, баяу реакция, табандылық, адалдық және шынайылық» сияқты теңеу мағыналарды бере алады.

Салыстырылған тілдердегі адам бейнесіне байланысты теңеулердің құрылымындағы тіректік сөздердің үнемдеу құбылысына ұшырағаны бірден айқындалып, ағылшын және қытай ұлттарының дүниетанымдық сипаттағы рухани құндылықтарын саралап- салмақтау барысында ашылды. Бұл тұста ағылшын және қытай халықтарының тұрақты сөз тіркестерінлдегі тілдік деректер мен оның қолдану аясындағы мәдениет аралық қарым-қатынастар да зерттеу нысанының өзекті мәселесіне айналды. Сөйтіп олардың лексикалық құрамы мен семантикалық мән- мағынасындағы ерекшеліктер сол халықтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығы және дүниетанымының өзгешеліктерінен туындайтындығы дәлелденді.

Ағылшын және қытай халықтары- ғасырлар бойы иық тіресе, көршілік жағдайда өмір сүрмесе де, тұрмыс- тіршілік шаруашылығында өзіндік ортақ белгілер болғандықтан, әрі екі халықтың тілінде кездесетін тілдік деректер мен тұрақты сөз тіркестеріндегі өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін анықтау барысында бірқатар адам бейнесіне қатысты теңеулердің жақындығы немесе образды бейнелерінің ұқсастығы және ортақ ерекшеліктері анықталды. Мысалы, *to sit on a powder keg* тура мағынасында «ұнтақ бөлшекке отыру» болса, ауыспалы мағынада «қиындыққа қалу, қауіпті жағдайға тап болу» деген мағынаны білдіреді. Ал қытай тіліндегі *对牛弹琴- duì niú tánqín* тура мағынасында «сиырдың құлағына домбыра шерту» болса, ауыспалы мағынада «түсіндіріп айтқанмен ештеңе түсінбейтін адамдарды» білдіреді. Аталған тұрақты теңеулердің екі тілдегі нұсқасынның дыбыстық жақтан

ISSN 2788-7979 (online)

айтылымында өзгешеліктер болғанымен, ішкі мән-мағыналық сипатындағы жақындықтар бірден аңғарылады.

Жинақтап айтқанда, бұл зерттеу жұмысында жинақтау, салыстыру және талдау әдістері қолданылды, нәтижесінде ағылшын және қытай тілдеріндегі теңеулердің эталондық түрлері салыстырылып, сипатталды. Теориялық тұжырымдарды саралау үшін аталған тілдердегі адам бейнесіне қатысты теңеулер мысалдар негізінде талданды. Пайдаланылған әдіс- тәсілдер зерттеу жұмысының құрылымдық жүйесінде теориялық және практикалық сипатта мақсатқа жетуге бағытталған, нақты нәтижелермен қол жеткізілді. Ұлттық мәдени айырмашылықтардың болуы себепті, бұл тақырып аясында шешімін таппаған көптеген қызықты ғылыми мәселелерге жолығатынымыз анық. Кейбір тұрақты тіркестерде ағылшын және қытай тілдерінде ұқсастықтар кездессе, басқаларында айырмашылықтар айқын көрінеді. Осы тақырыпты әрі қарай зерттеу барысында терең талдау жүргізу және жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі бар екендігін атап өткен жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада фразеологияның жалпы теориясы қарастырылып, отандық және шетелдік ғалымдардың осы саладағы еңбектерін негізге ала отырып, адам бейнесіне байланысты теңеулердің эталонын жануарлар атауларына байланысты, ыдыс- аяқ, тұрмыстық зат атауларына байланысты, киім- кешек атауларына байланысты, тұлға аттарымен байланысты және т.б сегіз түрлі эталонға бөліп қарастырдық.

Әртүрлі эталондарға жіктеп қарастыру барысында жануарлар әлемі өкілдерінің атауымен байланысты теңеулерді басқа эталондармен салыстырғанда саны жағынан көп екендігіне көз жеткіздік. Мысалдар келтіре отырып берілген теңеулердің тарихына, шығу тегіне, ішкі формасына үңіле отырып ағылшын және қытай тіліндегі осы саладағы теңеулер эталонының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атап көрсеттік. Сонымен бірге теңеулер осы тілдерді қолданушы ұлттың да дүние танымдық ерекшеліктерінің айқын көрінісі екендігін ашып көрсеттік, сайып келгенде адамзатқа ортақ ойлау жүйесінің бір- бірімен етене жақындығы бірден байқалатындығы бізді өзіне қызықтырды, әрі жершары сынды ортақ үйіміздегі адамзат баласының түп тамырының бір-бірінен алшақ еместігін анық көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Добровольский Д.О. Сопоставительная фразеология: межъязыковая эквивалентность и проблемы перевода идиом. //Русский язык в научном освещении. № 2(22), 2011 – 219-246 с.
2 Colson, Jean-Pierre. “Cross-linguistic phraseological studies”. Phraseology. An interdisciplinary perspective, edited by Sylvian Granger / Fanny Meunier, –2008. –№ 3. 191–206 pp.
3 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 8-15бб.
4 Kunin A.V. Course in Phraseology of Modern English: Textbook for Institutes and Faculties of Foreign Languages. – 2nd ed., revised. – Moscow: Vysshaya Shkola, Dubna: Publishing Center "Phoenix", 1996 – p. 381.
5 Сабитова М.Т. *Неміс және қазақ салыстырмалы фразеологизмдерінің негіздері.* – Алматы: Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті баспасы (ҚазХҚжӘТУ). –1999. -184 с.
6 Zhumanbekova N.Z. Konzeptualisierung der Emotionen in den deutschen und kasachischen Phraseologismen Aktuelle Trends in der phraseologischen und parömiologischen Forschung weltweit Band II, Verlag Dr.Kovac, 2022, 183-195
7 Юй Фэнин. Устойчивые сравнения, характеризующие лицо человека, в русской языковой картине мира (на фоне китайского). –Автореферат диссертация на соискаиие ученой степени к.ф.н., - Санкт-Петербург. 2016. -24 с.

ISSN 2788-7979 (online)
8 Ағабекова Б.Н., Ағылшын және қазақ тілдеріндегі теңеулердің ұлттық мәдени сипаты, Ф.ғ.к ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның автореферат. – Алматы. 2010. 13-15б.
9 Грамматическая и лексико-семантическая структура устойчивых сравнений как класса фразеологических оборотов (на материале русского, английского и немецкого языков): автореф. дис. …канд. филол. наук. Белорус. гос. ун-т. – Минск, 2007. – 22 с.
10 Кочкарева И.В. (2018), Устойчивые сравнения, характеризующие свойства личности человека (на материале русского и английского языков). //Евразийский гуманитарный журнал. НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ № 4, 2018, 14-17 сс.
11 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие/ В.А.Маслова.-3-е издание перераб. И доп.-Минск: ТетраСистемс, 2008.- стр.72
12 汉典- Электрондық сөздік. 2024. Электрондық ресурс: URL: https://baike.baidu.com/reference/8397880/533aYdO6cr3_z3kATPeJyPTzMn3BM96kueLbAOBzzqIP0XOpX5nyFJI26dRx8PJzWwiE49czMYdaxLHzCUlF8K9ULA
13 Синьхуа мақал- мателдер сөздігі. 2024. Электрондық ресурс: URL: https://baike.baidu.com/reference/5992106/533aYdO6cr3_z3kATPbYmfqlOyrFM4-tvbOFVbtzzqIP0XOpX5nyFIAr5NQ7sPRoGUTIqddqdNtG2fqwAkhD6-lINbA

Материал 11.12.2024 баспаға түсті

Эталоны устойчивых сравнений, связанных с образом человека (на материале английского и китайского языков)

К. Токтарбек[1], Н.З. Жуманбекова[1], Б. Жылқыбекұлы[2]
[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010008, Республики Казахстан
[2]Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова. 020000, Республики Казахстан

Известно, что особое место в области языкознания занимают сопоставительные исследования, позволяющие определить универсальные и национальные особенности фразеологических систем неродственных языков. В этом контексте сложная и многоаспектная семантическая структура фразеологизмов, в том числе устойчивых сравнений, требует комплексного анализа.

В сопоставительной фразеологии устойчивые сравнения в неродственных языках подвергались исследованию во многих работах. В настоящей статье проводится тематическая классификация эталонов сравнений с целью выявления и изучения сходств и различий, в английском и китайском языках с лингвокультурологической точки зрения. При этом рассматривается тематическая классификация устойчивых сравнений, связанных с образом человека.

Фразеология как лингвистическая дисциплина делит регулярные словосочетания на несколько групп: идиомы, пословицы, крылатые слова и словосочетания. Анализ эталонов устойчивых сравнений в английском и китайском языках позволил выделить несколько тематических групп: зоонимы, фитонимы, имена собственные, наименования посуды и предметов быта, названия явлений природы, религиозные понятия и т.д.

Ключевые слова: сопоставительная фразеология, устойчивые сравнения в английском и китайском языках, лингвокультурные особенности, сравнения, связанные с образом человека, эталон.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Добровольский Д.О. Сопоставительная фразеология: межъязыковая эквивалентность и проблемы перевода идиом. //Русский язык в научном освещении. № 2(22), 2011 - 219 -246 с.

ISSN 2788-7979 (online)
2 Colson, Jean-Pierre. “Cross-linguistic phraseological studies”. Phraseology. An interdisciplinary perspective, edited by Sylvian Granger/ Fanny Meunier, - 2008. - № 3. 191–206 pp.
3 Смагулова Г. Казахская фразеология в лингвистических парадигмах: монография. – Алматы: «Издательство Элтаным», 2020. – С. 8-15.
4 Kunin A.V. Course in Phraseology of Modern English: Textbook for Institutes and Faculties of Foreign Languages. - 2nd ed., revised. - Moscow: Vysshaya Shkola, Dubna: Publishing Center “Phoenix”, 1996 - p. 381.
5 Сабитова М.Т. Основы немецкой и казахской сравнительной фразеологии. -Алматы: Издательство Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (КазУМОиМЯ). -1999. -184 с.
6 Zhumanbekova N.Z. Konzeptualisierung der Emotionen in den deutschen und kasachischen Phraseologismen Aktuelle Trends in der phraseologischen und parömiologischen Forschung weltweit Band II, Verlag Dr. Kovac, 2022, 183-195
7 Юй Фэнин. Устойчивые сравнения, характеризующие лицо человека, в русской языковой картине мира (на фоне китайского). -Автореферат диссертация на соискаииие ученой степени к.ф.н., - Санкт- Петербург. 2016. -24 с.
8 Агабекова Б.Н., Национально- культурный характер сравнений в английском и казахском языках, автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора философии. - Алматы. 2010
9 Грамматическая и лексико-семантическая структура устойчивых сравнений как класса фразеологических оборотов (на материале русского, английского и немецкого языков): автореф. дис. …канд. филол. наук. Белорус. гос. ун-т. - Минск, 2007. - 22 с.
10 Кочкарева И.В. (2018), Устойчивые сравнения, характеризующие свойства личности человека (на материале русского и английского языков). //Евразийский гуманитарный журнал. НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ № 4, 2018, 14-17 сс.
11 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие/ В.А.Маслова.-3-е издание перераб. И доп.-Минск: ТетраСистемс, 2008.- стр.72
12 汉典- Электронный словарь. 2024. Электронный ресурс: URL: https://baike.baidu.com/reference/397880/533aYdO6cr3_z3kATPeJyPTzMn3BM96kueLbAOBzzqIP0XOpX5nyFJI26dRx8PJzWwiE49czMYdaxLHzCUlF8K9ULA
13 Словарь пословиц Синьхуа. 2024. Электронный ресурс: URL: https://baike.baidu.com/reference/5992106/533aYdO6cr3_z3kATPbYmfqlOyrFM4-tvbOFVbtzzqIP0XOpX5nyFIAr5NQ7sPRoGUTIqddqdNtG2fqwAkhD6-lINbA

Материал поступил в редакцию журнала 11.12.2024

Standards of stable comparisons related to the image of a person (based on the English and Chinese languages)

K. Toktarbek[1], N.Z. Zhumanbekova[1], B. Zhylkybekuly[2]
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National university, 010008, Astana, Kazakhstan
[2] Shokan Ualikhanov Kokshetau university. 020000, Astana, Kazakhstan

It is known that comparative studies occupy a special place in the field of linguistics, allowing to determine universal and national features of phraseological systems of unrelated languages. In this context, the complex and multifaceted semantic structure of phraseological units, including stable comparisons, requires a comprehensive analysis.

Despite the fact that in comparative phraseology stable comparisons in unrelated languages have been studied. This article provides a thematic classification of comparison standards in order to identify and study similarities and differences in the English and Chinese languages from a linguacultural point of view. At the same time, the thematic classification of stable comparisons associated with the image of a person is considered.

ISSN 2788-7979 (online)

Phraseology as a linguistic discipline divides regular phrases into several groups: idioms, proverbs, catchphrases and phrases. The analysis of the standards of stable comparisons in English and Chinese allowed us to identify several groups: zoonyms, phytonyms, proper names, names of dishes and household items, names of natural phenomena, religious concepts, etc.

Key words: comparative phraseology, stable comparisons in English and Chinese, linguocultural features, comparisons related to the image of a person, standard

REFERENCES

1 Dobrovol'skij D.O. Sopostavitel'naya frazeologiya: mezh"yazykovaya ekvivalentnost' i problemy perevoda idiom. //Russkij yazyk v nauchnom osveshchenii. № 2(22), 2011 – 219-246 s.
2 Colson, Jean-Pierre. “Cross-linguistic phraseological studies”. Phraseology. An interdisciplinary perspective, edited by Sylvian Granger / Fanny Meunier, –2008. –№ 3. 191–206 pp.
3 Smagulova G. Qazaq frazeologiyasy lingvistikalyq paradigmalarda: monografiya. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2020. – 8-15bb.
4 Kunin A.V. Course in Phraseology of Modern English: Textbook for Institutes and Faculties of Foreign Languages. – 2nd ed., revised. – Moscow: Vysshaya Shkola, Dubna: Publishing Center “Phoenix”, 1996 – p. 381.
5 Sabitova M.T. Nemis zhane qazaқ salystyrmaly frazeologizmderinin negizderi. –Almaty: Abylaj han atyndaғy Qazaқ halyқaralyq qatynastar zhane alem tilderi universiteti baspasy. –1999. -184 s.
6 Zhumanbekova N.Z. Konzeptualisierung der Emotionen in den deutschen und kasachischen Phraseologismen Aktuelle Trends in der phraseologischen und parömiologischen Forschung weltweit Band II, Verlag Dr.Kovac, 2022, 183-195
7 Yu Fenin. Ustojchivye sravneniya, harakterizuyushchie lico cheloveka, v russkoj yazykovoj kartine mira (na fone kitajskogo). –Avtoreferat dissertaciya na soiskaniie uchenoj stepeni k.f.n., - Sankt-Peterburg. 2016. -24 s.
8 Agabekova B.N., Agylshyn zhane qazaq tilderindegi teneulerdin ulttyq mədeni sipaty, F.g.k gylymi darezhesin alu ushin dajyndagan dissertaciyanyn avtoreferaty. – Almaty. 2010
9 Grammaticheskaya i leksiko-semanticheskaya struktura ustojchivyh sravnenij kak klassa frazeologicheskih oborotov (na materiale russkogo, anglijskogo i nemeckogo yazykov): avtoref. dis. …kand. filol. nauk. Belorus. gos. un-t. – Minsk, 2007. – 22 s.
10 Kochkareva I.V. (2018), Ustojchivye sravneniya, harakterizuyushchie svojstva lichnosti cheloveka (na materiale russkogo i anglijskogo yazykov). //Evrazijskij gumanitarnyj zhurnal. NAUCHNYJ ZHURNAL № 4, 2018, 14-17 ss.
11 Maslova V.A. Kognitivnaya lingvistika: Uchebnoe posobie/ V.A.Maslova.-3-e izdanie pererab. I dop.-Minsk: TetraSistems, 2008.- str.72
12 Van Singuo, Qytaj tilinin turaqty tirkester sozdigi, Qytaj bilim beru baspasy, 2016. Elektrondyk resurs: URL: https://baike.baidu.com/reference/8397880/533aYdO6cr3_z3kATPeJyPTzMn3BM96kueLbAOBzzqIP0XOpX5nyFJI26dRx8PJzWwiE49czMYdaxLHzCUlF8K9ULA
13 Sin'hua maqal- matelder sozdigi. Qytaj kommerciyalyq baspasy, 2005. Elektrondyk resurs: URL: https://baike.baidu.com/reference/5992106/533aYdO6cr3_z3kATPbYmfqlOyrFM4-tvbOFVbtzzqIP0XOpX5nyFIAr5NQ7sPRoGUTIqddqdNtG2fqwAkhD6-lINbA

Received: 11.12.2024

IRSTI 16.01.11 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp181-196

M.T. Khassanova
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

THE CULTURAL AND LINGUISTIC EVOLUTION OF IDIOMATIC EXPRESSIONS

The widespread use of idioms across languages highlights their cultural significance and the shared cognitive frameworks that shape their evolution. This cross-linguistic presence underscores the role of cultural exchange in the development of idiomatic expressions. For instance, idioms like spill the beans exhibit syntactic flexibility, allowing for adaptations such as spill the tea or spill your guts, which acquire new meanings in different contexts. In digital communication, particularly on platforms like TikTok and Twitter, spill the tea has emerged as a central phrase in discussions of gossip, emphasizing its role in contemporary discourse.

This study provides a comprehensive analysis of the idiom spill the tea, tracing its historical origins, cultural relevance, and ethical considerations, as well as examining its evolving usage in modern contexts. Using a dataset of millions of tokens, we analyze the frequency and concordances of both traditional and modified idioms. Additionally, we investigate the historical background of these expressions, incorporating insights from a survey conducted among American students at Al-Farabi Kazakh National University. While idioms are often considered fixed linguistic units, their ongoing transformation—driven by cultural shifts, social media, and youth language—illustrates the dynamic nature of language and its adaptability to societal change.

Key words: spill the beans, spill the tea, idioms, survey, cultural shift.

MAIN PROVISIONS

The idiom “spill the tea” showcases the evolution of language as shaped by cultural and technological shifts. It originated in African American Vernacular English (AAVE) and became widely recognized through LGBTQ communities. In the 20th century, this term gained popularity in informal way of speaking. Its rise was accelerated by digital platforms such as TikTok and Twitter. Scholars such as Raafat [16,] in “The application of memes on English learners' idiomatic and motivation” and Nurbayani [12] et al. in “Dualism of digital society’s acceptance of spill the tea actions of victims of sexual violence” highlight how social media platforms promote the adoption of idioms. These digital spaces have transformed “spill the tea” into a central expression in modern online communication. In contrast, the idiom “spill the beans” has a long history tied to ancient Greek voting practices. Beans were used to cast votes and spilling them prematurely revealed secrets. This phrase retained its meaning of disclosing confidential information over centuries. Holmes in “The man from tall timber and Everaert [17] in Idioms: Structural and psychological perspectives” documented its historical and linguistic significance. Although it remains in use today, “spill the beans” is less prevalent among younger generations. Džanić and Berberović [13] in “Conceptual integration theory in idiom modifications”, explain that idioms like this evolve through cultural adaptation. These changes make them relevant to contemporary discourse. Research conducted at Al-Farabi Kazakh National University examined preferences for these idioms. Surveys indicated that American students chose “spill the tea” over “spill the beans”. Younger participants associated “spill the tea” with humor and gossip, making it more appealing. Statistical analyses using Sketch Engine supported these findings. While “spill the beans” appeared more frequently overall, “spill the tea” dominated in modern digital contexts. This illustrates the adaptability of language to meet the needs of informal communication. The evolution of idiomatic expressions also raises ethical concerns. Yoon [11] in “Liberatory practices for learning: Dismantling social inequality and individualism with ancient wisdom” discuss how phrases like “spill the tea” encourage openness. However, they caution that this openness can lead to oversharing or breaches of privacy. The alteration from “spill the beans”

ISSN 2788-7979 (online)

to “spill the tea” highlights the interchange between tradition and innovation. It demonstrates how societal trends and technological changes reshape language, reflecting broader shifts in communication.

INTRODUCTION

The evolution of idiomatic language surrounding tea serves as a fascinating lens through which to examine broader cultural shifts and societal norms. The aim of this research is to analyze the historical development, cultural importance, and modern usage of the idioms “spill the beans” and “spill the tea” especially focusing on their evolution in digital and cultural diversity contexts. Idioms such as “spill the beans” traditionally associated with the act of revealing secrets, have modified into more modern options as “spill the tea” and “spill your guts” reflecting an idea on gossip and social discourse in the area of digital communication. This linguistic transformation underscores the fluid nature of language and highlights how the symbolism of tea has shifted from a representation of formality and tradition to a medium for modern social interaction, fostering humor and camaraderie in personal narratives.

Additionally, as we follow the global adventure of tea from its origins in China to its cherished place in British culture, it is clear that these sayings are filled with rich historical meaning, echoing the intricate stories of trade, colonialism, and cultural sharing. As idiomatic expressions surrounding tea have evolved, they also reflect broader cultural shifts and societal norms. For instance, as Goodwin [1] claims, the transition from “spill the beans” which implies revealing secrets, to “spill the tea” captures a more contemporary emphasis on gossip and social discourse, particularly within digital communication platforms. This linguistic shift not only highlights the evolving nature of idioms but also emphasizes how tea, once a symbol of formality and tradition, now serves as a social tool that brings humor and connection to everyday conversations.

Зерттеудің құндылығы ретінде қазақ халқының болмысы бұрмаланбай, қоғамдық проблемалары айқын болған жағдайда, оның шешу жолдарын табу оңайырақ болатындығы туралы ой салатын талдаулар берілген. Бұл тұста қоғамның айнасы саналатын туындыларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызы айқындалған.

Кілт сөздер: дәлдік, экранизация, түпнұсқа, фильмге бейімдеу, салыстыру, психологизм, тура суреттеу.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мәдени және лингвистикалық кеңістікте кино әлемі мен сөз өнері бір бірімен тығыз байланысты. Автордың ойын терең ұғыну, кейіпкерлерді тану үшін жазушы шығармашылығымен танысатының анық. Алайда, бүгінгі күні кітапты оқудың басқа жолдары бар. Кітаппен бетпе-бет сырласпай-ақ, оның мазмұнын елестетуге болады. Мысалы, кітаптар радиода оқылады, ғаламторда аудиокітаптар көбейе бастады, экранда шығарма желісімен түсірілген фильмдер тағы бар. Кітап мазмұнының интерпретациясын экранизация, түрлі блогтар, мақалалар арқылы да түсінуге болады. Бұл тұста, әрине, екі түрлі көзқарас бар. Кейбір ғалымдардың пікірінше, керісінше, кино жастарды кітап оқуға, түпнұсқамен салыстыруға итермелейді.

Бүгінгі күні кітап оқуға деген көзқарас және де кітаппен сырласу жолдары өзгерді. Ғалымдардың зерттеуінше, кітаптың экрандық нұсқасынан гөрі кітаптың өзін оқуды артық санайтын адамдар саны сирек. Визуалды мәтін ретінде экранизация терең ойлы оқырманға арналған шығарма мәтінінен гөрі визуалды тұтынуды қалайтын қоғаммен оңайырақ қабылданады [1, 148]. Бұл тұста, жоғарыда айтқанымыздай, кино әлемі оқырманды кітаптан алшақтататыны айтылады. Дегенмен, бұл мәселе бойынша қоғамда басқа да көзқарас қалыптасқан. Гонконг қалалық университетінің ғалымы Klaudia H.Y.Lee CLCWeb: Comparative Literature and Culture журналында жариялаған «Audience Response and from Film Adaptation to Reading Literature» атты мақаласында керісінше, қазіргі студенттердің «қозғалатын бейнеге барған сайын мұқият болып, кітап бетіндегі жай сөздерге шыдамсыздық танытатынын» айтқан болатын [2]. Әлемді «көп модальділік» арқылы бастан кешіріп жатқан студенттер қауымының мұндай бетбұрысы әлем педагогтерінің сол білім алушылардың қажеттілігіне орай оқу ортасын құрып, оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізуіне әкелді. Оқыту мен оқудың ең жақсы нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында сыныпта фильмдер мен мультимодальды композициялар сияқты мәтіндік формаларға көбірек көңіл бөлінуде.

Klaudia H.Y.Lee жүргізген зерттеу нәтижесінде студенттердің көп бөлігі мәтінді оқығаннан гөрі экрандағы бейнесін көргенді ұнататыны, сонымен қатар шығарманың адаптациялық нұсқасынан (экранизациясынан) кейін түпнұсқаны оқуға деген құлшыныс пайда болатындығы анықталған. Ал «неге киноны көріп болғаннан кейін кітапты оқығыңыз келеді?» деген сауалға студенттер кейіпкерлердің психологиялық жай-күйін, сезімдерін, эмоцияларын тереңірек түсіну мақсатында екенін айтқан болатын [2]. Фильмнің экранизациясы кейіпкерлердің психологиялық жай-күйін, сезімі мен эмоциясын терең жеткізе алмауы мүмкін немесе фильм экранизациясын бағалаудың негізгі өлшемі – дәлдік сақталмауы ықтимал.

ISSN 2788-7979 (online)


КІРІСПЕ

Киноның дами түсуімен экранизация уақыт өте келе әдеби шығармаларды жаңаша құрылымда және комбинацияда қайта өңдеу, яғни киносценировка және әдеби шығарманы еркін көрсету, импровизация арқылы бірте-бірте интерпритация тереңдігіне, көркемдік дербестікке ие бола бастады.

Фильмге бейімделу – уақыт форматымен шектелген, сол себепті барша сюжет желілері, кейіпкерлер, кейіпкерлердің диалогтары, авторлық түсініктемелері толық қамтылмайды. Оған қоса, әр әдеби мәтінде екінші семантикалық қатар ретінде субтекст бар. Әдеби шығарманың өнердің бір түрінен екінші түріне ауысуында шығынның болмай қоймайтыны осы себепті.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан халқы үшін өзектілігін жоғалтпаған, сан түрлі шығармалардың, фильмдердің негізгі тақырыбына айналған шынайы шыншылдыққа жақын тақырыптардың бірі – әйел тағдыры. Дулат Исабековтің «Ғаyһартас» шығармасы да осындай өзектілігімен оқырманның көңілін бұрып, ойын толқытты, қуантып, қайғыртты. Әскерде жүргенде радиодан Бибігүл Төлегенованың орындауында «Ғаyһартас» әнін естіп, туған жерге деген үлкен сағыныштан туған шығарма оқырман жүрегіне жол тауып, сұранысқа ие болған соң да, 1975 жылы «Қазақфильм» студиясында режиссер Шәріп Бейсембаевтың басшылығымен көгілдір экраннан көрініс тапты. Проза мен кино − екі түрлі өнер. Олардың әрқайсысының өзіндік сөйлеу тәсілі бар. Кинода кейіпкердің бір көзқарасы прозадағы бірнеше бетті ауыстыра алады. Фильм, сайып келгенде − режиссердің жұмысы, онымен жазушы келісуі керек. Қиындықтарына қарамастан, режиссер мен жазушының үндесіп жасаған жұмысының нәтижесі «Ғаyһартас» фильмі – қоғам үшін бағалы еңбек. Жоғарыда талдап өткен қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – жастардың бойынан кітап оқуға деген қызығушылықты ояту. Klaudia H.Y.Lee жүргізген зерттеу нәтижесі осы мәселені шешуде экранизацияның рөлі маңызды екені анықталды. Біз де бұл сұрақ бойынша Алматы қаласының бірқатар мектеп оқушылары мен жастары арасында сауалнама жүргізген едік.

№1 диаграмма. Шығарма мен оның экранизациясының жастар арасында танылуы



Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, жастардың көп бөлігі алдымен фильмді көрген. Кейін кейіпкерлердің психологиясын, көңіл-күйін, сезімдерін терең түсіну мақсатында шығарманың тұпнұсқасын оқыған екен. Ал жалпы психологтардың зерттеулері бойынша қазіргі мектеп оқушыларының 85 пайызы − ақпараттың негізгі бөлігін көру арқылы қабылдайтын визуал оқушылар. Мектеп оқушыларының 9 пайызы − ақпаратты ең алдымен есту арқылы қабылдайтын аудиалдар. 5 пайызы − кинестетиктер, олар ақпаратты иіс, жанасу және қозғалыс сияқты сезімдер арқылы қабылдайды. Оқушылардың тек 1 пайызы − сандарға, белгілерге және логикалық дәлелдерге сүйене отырып, ақпаратты логикалық түсіну арқылы қабылдайтын

ISSN 2788-7979 (online)

дискретті оқушылар. Бұл оқушылардың негізгі бөлігі оқу материалдарын көрнекі-бейнелі ойлаудың арқасында қабылдайтынын көрсетеді [3]. Яғни заман талабына сай шығарманы экранизациялау көпшіліктің назарын шығармаға аударды десек те болады. Ал кей жағдайда керісінше, «комерциялық кино өндірісі үшін экранизация экономикалық жағынан тартымды. Табысты кітаптың немесе қойылымның үлкен аудиториясы қалыптасқан, сондықтан түпнұсқасын ұнатқан адамдар оның фильмін де көруі әбден мүмкін. Тіпті, түпнұсқа туралы еміс-еміс естіген адам да билет сатып алуы ықтимал. Экономикалық ынталанудан өзге, кей кездері киногерлер жоғары бағаланған романның немесе қойылымның экранизациясы арқылы мәртебе, яғни атақ-даңқ іздейді» [4, 584]. Шынында, кітап та киноны көруге жетелейді. Сонымен қатар, мысалы, бірі кино арқылы жазушыны танып жатса, бірі шығарма арқылы режиссерді танып жатады. Алайда, әдебиеттанушы Б. Майтанов айтқандай: «Көркем шығармадағы өмір шындығының кепілі – психология да, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығарма феномен – психологизм» [5, 232]. Шығарманың да, оның фильмге бейімделуінің де маңызды тұсы – кейіпкерлердің ішкі болмысын, қоғам қалыптастырған қоғамдық құлқын, барлық психологиялық ерекшеліктерін жеткізу.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мақаламыздың зерттеу материалы − Д. Исабековтің «Гауһартас» повесі мен Шәріп Бейсембаевтың жазушы шығармасының желісімен түсірілген аттас фильмі; Шығарманың фильмге бейімделуі барысындағы кейіпкерлердің психологиялық болмысы. Зерттеу барысында әдеби шығармадағы психологизм, шығарманы фильмге бейімдеу, экранизацияға тән ерекшеліктерді жүйелеу, баяндау, талдау, салыстыру секілді әдістер пайдаланылды. Сонымен қатар, құрылымдық-функционалдық талдау кино мен шығарманың жекелеген элементтерін талдауға, құрылымын анықтауға және олардың өзара ықпалдасуы туралы болжамдарды анықтауға көмектесті.

Тақырып төңірегіндегі зерттеулер зерделенді, шығарманың экранизациясы мен кейіпкерлер психологиясына талдаулар жасалды. Шығарма тұпнұсқасы мен оның экранизациясын халықтың қабылдауы бойынша зерттеулер жүргіздік. Өйткені экранизация барысында дәлдіктің сақталуы да өзінше маңызды рөл атқарады. Екі өнер туындысы да халықтың жүрегіне жол тауып, негізгі айтылмақ түйінді жеткізгенін қалаймыз. Дәлдік – түпнұсқаның рухына деген адалдық. Көрермен дәлдікті фильмді бағалаудың табиғи стандарты деп қабылдайды. Бірақ фильмдерді зерттеу кезінде дәлдік идеясы біздің назарымызды «бірдей» хикаятты айтудың әртүрлі әдістеріне шоғырландырудың тәсілі ретінде барынша пайдалы. Түпнұсқа мен фильмді салыстыра отырып, біз әртүрлі медиа ұсынған мүмкіндіктердің аясындағы көрініс көреміз және киногерлердің алдынан шыққан нақты таңдауларды түсіне бастаймыз. Біз тіпті «дәл емес» экранизацияларды талдай отырып та, кино өнері туралы көп нәрсе біле аламыз [4, 587]. Фильмді бейімдеу – бұл экранда кітапты оқып қана қоймай, оны тағы бір қайталап оқудың, жаңа интерпретациялар мен талдаулардың нәтижесі, соның арқасында жұртшылық «ұлы әдебиет сюжеттерімен» таныса бастайды. Зерттеу барысында экранизациялаудағы дәлдіктіктің, дәлдік пен идеологияның және эквиваленттердің сәйкестігін кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктерінің берілуіне тікелей байланысты екені анықталды.

Талдау барысында дәлдік, дәлдік пен идеология, эквиваленттер сәйкестігі бойынша жұмыстар жүргізілді.

НӘТИЖЕЛЕР

Экранизация уақыт форматымен шектелгендігін айтқан болатынбыз. Соған қарамастан, автордың айтпақ ойы мен идеясын жеткізуде дәлдіктің сақталуы маңызды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде «Гауһартас» шығармасының экранизациясы негізгі ойды сақтады деп

ISSN 2788-7979 (online)

айта аламыз. Себебі, шығармада да, фильмде де Тастанның (Ыбыштың) рухани жеңілуі бар. Тастан секілді болу – әйел заты үшін, қоғам үшін, болашақ ұрпақ үшін қауіпті екені мойындалған. Шығармада Ыбыштың жеңілуі бейіттің басындағы қалпынан байқалады. Өзінің қаталдығын, жігерсіздігін, қолында барды бағалай алмағандығын мойындағанының және оның не себепті сондай адам болып қалыптасқанын түсінудің өзі Ыбыштың жан-дүниесіндегі өзгерістердің белгісі еді. Ал фильмде Тастанның жеңілуі бригадаға баруынан, жаңа өмірге бет бұруынан байқалады. Әкесіне «баланың өз таңдауы, өз қалауы қайда?» деген сөзінен-ақ, оның бойындағы төңкерісті байқаймыз. Түпнұсқадағы негізгі ой кейіпкерлердің психологиясында қалыптасқан әрбір өзгеріс, шығарылған түйін экранизация барысында сақталған деуге болады.

«Гауһартас» шығармасының экранизациясына орай, ұлттық қазынаға айналған шығармаларды талқылауға арналған «Гауһартас» бағдарламасында, «Еларна» телеарнасындағы «Ашық көрсетілім» мен «Abai TV» арнасындағы «Соңғы муза» бағдарламасында, «Алқа» әдеби-мәдени жастар клубының отырыстарында талқыланды. Аталған бағдарламалардағы талдаулардың барлығында фильм қазақ болмысын, қазақ отбасындағы құндылықтарды, ене мен келіннің, қайынінің мен жеңгенің қарым-қатынасын дәл жеткізуімен бағалы екенін айтады. Байланыс технологиялары біріктіріліп, хабарламаларды әртүрлі формалар мен аудиторияларға бейімдеуге мүмкіндік беретін симбиотикалық экожүйені құрайды. Коссальтер (2021) атап өткендей, бұл технологиялық өзара әрекеттесу бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі өзгеріп отырады, мұнда бастапқыда теледидарда көрсетілген қозғалмалы кескіндер басқа ақпарат құралдарына таралып, ақпарат жасаушылар мен тұтынушылар арасында делдал болады [6, 3].

ТАЛҚЫЛАУ

Кинорежиссер, сценарист, актер Отар Иоселиани: «Экранизация барысында, семантикалық жағы бейнеге енеді, ал фактілер экранға өткенде басқа тығыздыққа ие болады, басқаша көрінеді» [7, 263], − дейді. Осы ойға сәйкес, Дулат Исабековтің «Гауһартас» шығармасының экранизациясы семантикалық жағын, ұлттық болмысты, салт-дәстүрді, ене мен келіннің, қайны мен жеңгенің қарым-қатынасын, біздің ұлтымызға ғана тән архетиптерді көрсете білген. Дәлдік сақталған, дегенмен кейіпкерлер психологиясында біршама өзгерістер де бар. Әрине, оны толық талдап айту үшін Д. Исабековтің шығармасының негізгі ойын, тұжырымын түсіну маңызды. Себебі негізгі кейіпкердің бірі − шығармадағы Ыбыш пен кинодағы Тастанның психологиялық ерекшеліктерінде өзгешеліктер бар. Жазушы Дулат Исабеков шығармада адам санасы, ойлау жүйесі, психологиясы қабылдаған түрлі құбылыстарды табиғатпен, сыртқы детальдармен, монологтармен, тіпті мал бағу әдеттерімен де терең жеткізген.

Төмендегі кестеден Тастанның шығармадағы және кинодағы ішкі жан-дүниесі, психологиясына салыстырмалы талдау жасалды.

№1 кесте. «Тастанның шығармадағы және кинодағы психологиялық бейнесі»

Ыбыш	Тастан
Шығармада Ыбыштың Салтанатқа сезімі жоқтай, болса да Ыбыш оны өзі де түсінбегендей, тек шығарма соңында ғана оның өзегін өкініш өртейді. Алайда, Салтанаттың көзі тірісінде оған ешбір сезімі байқалмайды, бір жылу қабақ танытпайды. Салтанаттың өзі айтқандай оқырман Ыбыштың бойынан тек қаталдықты көреді, дегенмен шығарма соңына дейін батылдық пен жігерлікті сарылып күтеді. Тіпті, ауырған шағында бір де бір рет хал-жағдайын сұрамайды.	Кинода Тастан: −Көкпардан келе жатып «беу, беу, Гауһартас» деп ән салуы; −Айлы түнде суға шомылуға Салтанатты алып баруы; −Салтанат сұлулық туралы сөз қозғағанда, әйелінің сұлу екенін мойындауы және оны Салтанаттың өзіне айтуы;

ISSN 2788-7979 (online)

	−Үйге келгенде үнемі Салтанаттың қайда екенін сұрап білуі; −Ауырғанда дәрігерге өзі шауып кетуі; −Ауырғанда хал-жағдайын сұрауы.

Кестеде көрсеткеніміздей, шығармадағы Ыбыш пен кинодағы Тастанның өз жарына деген қарым-қатынасында біршама айырмашылық бар. Жалпы шығармада Ыбыш пен Салтанаттың арасында үлкен алшақтық бар: өмірге көзқарастары, адаммен қарым-қатынасы, мінездері. Психология ғылымы тұрғысынан да адам өзіне лайықты адамды ғана тартады деген тұжырым мүлдем жоққа шығатындай. Мысалы, адамдардың жар таңдау себептерін анықтауға тырысқан алғашқы ғалымдардың бірі Зигмунд Фрейд өз теориясында адам өзіне өмірлік жарды қарама-қарсы жыныстағы ата-анасына ұқсатып таңдайды деген. Оның пікірінше, бірқатар бейсаналық процестерге байланысты балалар бұл тартымдылықты болашақта жар таңдауға ауыстырады, бұл қыздардың көбінесе әкелеріне, ал ұлдардың анасына ұқсас жар таңдауымен түсіндіреді [8, 128]. Шығармада жар таңдаудағы психологиялық заңдылықтарға қарама-қайшылықтар болған секілді.

Біріншіден, З. Фрейдтің зерттеуіне сүйенсек, Салтанат әкесіне ұқсас жар таңдауы шарт. Ал Салтанаттың ерке, еркін мінезіне қарап, оны қатал әке тәрбиеледі деу қиын.

Екіншіден, шығармада да, фильмде де балаларға таңдау құқығы берілмеген. Қазақы дәстүр бойынша ата-анасының таңдауына көнді делінген. Дегенмен, жастардың ішкі қарсылығы туралы да сөз болған жоқ. Немістің әлеуметтік психологы З. Зидлердің пікірінше, отбасын құрған адамдар бір-бірін танымаса да, неке жарын таңдау үрдісін сүзгілеу (фильтрлеу) әрекеттері өзімен-өзі жүреді екен. Адамдар байқамаса да, алдымен әлеуметтік жағдайлары ұқсас адамдар қосылады, екіншіден психологиялық тұрғыда бірін-бірі толықтыратын адамдар қосылады екен [9, 198]. Сондықтан да, шығарманың соңына дейін оқырманда үміт болады. Ыбыш өзгеріп, әйеліне мейірімін көрсетер деген сенім болады. Салтанат: «Мен жар сүюден бақытты емеспін. Қосылмай тұрғанда Ыбышты үш-ақ рет көрдім ғой. Бірінде – ол қарсы жолығып, қасындағы кісілермен әлдене жайлы сөйлесіп қала берді. Екіншісінде – біздің үйге көкпар әкеліп тастағанда, үшіншісінде – айттыра келгенде. Енді ақталып кетейін, алғашқы кезде біртүрлі жылы көрінді және оның бойында ерге тән қаталдық, батылдық, жігерлілік жатқан секілді еді. Бірақ оның бойында біріншісі ғана бар екен...», − деген болатын. Алайда осы ойына қарамастан, Ыбыш пен Салтанат мүлдем бір-бірін ұнатпаған болса, қосылмас еді. Өйткені, Салтанат Қайыркенге сол махаббатты, бақытты Ыбыштан, оның бойындағы қаталдықтан іздейтінін айтқан болатын. Ыбыш та шығармада жігерлі, алған бетінен қайтпайтын, қойға қасқыр шауып жатса да жайбарақат, өзінің бабымен жүретін адам ретінде суреттелген. Егер де Салтанат мүлдем көңіліне жақпаса, оның қарсы шығары анық.

Мүмкін шығарманың Салтанаттың өлімімен аяқталуының себебі осында шығар. Себебі, жар таңдауда психологиялық қайшылықтар бар. Сол себепті автор Салтанат сияқты қыздың мынадай ортада өмір сүруі мүмкін емес екеніне әкеліп тірегендей. Алайда, Швейцариялық психолог, ойшыл К.Г. Юнг әдебиеттегі психологиялық талдаулардың жаңа бағытын ұсына отырып, ұжымға тән психологизмнің жалпыадамзаттық сананың астары мен оның өзгеріске ұшырамаған образды түрінен, яғни архетиптен іздейді. Бұл тұста Юнг: «адамды психология ғылымы мен көркем әдебиет екі түрлі бағытта және екі түрлі мақсатта зерттейтінін, әдеби шығармаға психологиялық әдістememен келу бір басқа да әдеби көркемдік тұрғыда талдау мүлдем өзге өрнекте өрістейтінін ескертеді» [10, 105]. Олай болса, Дулат Исабеков осы шығарма арқылы, оқиғалар қайшылығы, кейіпкерлердің жанжалдары арқылы отбасылық құндылықтардың құлдырау себептерін, ата-ана тәрбиесінің бала өміріндегі рөлін, қазақы болмыстың қоғам дамуына орай өзгеруі керектігін, адамдардың рухани жақындығы мен алшақтығын жеткізгісі келген секілді. Ең маңыздысы, бүгінгі күнге дейін актуалды болып отырған қазақ әйелдерінің тағдыры, қазақ санасында қалыптасқан ер адам мен әйел адамға тән

ISSN 2788-7979 (online)

стереотиптердің, бесіктен тәрбие беретін аналардың қоғамдағы беделінің өзгеруі қажет екендігін меңзейді. Автор адам тағдыры арқылы өз қоғамының айнасы бола білді. Бұл тұрғыда З. Қабдолов: «Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі де: өмірде көрген тірі адамдар туралы, олардың хал-күйі, кескін-кейпі туралы тебірене, толғана ойланудан көбіне суреткердің сол адамдар өмір сүрген қоғам туралы көзқарасы қалыптасады, нәтижесінде сол қоғамдық шындықты көркем жинақтау мақсатындағы творчестволық әрекеті басталып кетеді» [11, 119], − дейді.

Ал фильмде жоғарыда талданған Тастан мен Салтанат арасындағы осы алшақтықты режиссер сейілткен сыңайлы. Шығармада Ыбыштың жігерлігі, батылдығы, қаталдығы, адамдармен, әйел затымен қарым-қатынасы қатыгездікке бағытталып суреттелсе, кинода оның қайырымы да бейнеленген, нағыз ер адамға тән байсалдық, тұрақтылық, батылдық сынды қасиеттерді бойына жинаған, сұлу ат, сұлу келіншегі бар сері жігіттей суреттелген. Тастан сұлулықты жақсы көретін, бағалайтын кейпімен тартымды. Әйелінің сұлулығын да бағалайды. Фильмде Салтанат пен Тастанның диалогында:

Салтанат: − Сұлулықты сен де ұнатасың, астыңдағы атың да сұлу, ертоқымы қандай, маңдайына шашақ жасап бер деп сұрап жүрсің, ал айналаңдағы сұлулықты аңғармайсың. Маған көңіл де бөлмейсің, − деп назын жеткізеді.

Тастан: − Көзге көрініп тұрса, неге аңғармайық, неге көңіл бөлмейік.

Салтанат: − Ал мен сұлу емеспін бе?

Тастан: − Сен әйелімсің. Ал менің әйелімнің сұлу болмауына құқы жоқ, − деген сөздері кейіпкер Тастанның қаталдығын жұмсартып тұрғандай, Салтанатты бағалайтынын көрсетіп тұр емес пе!? Әйеліне деген сезімі бірнеше эпизодта суреттелгендігі туралы жоғарыдағы кестеде көрсеттік. Осы эпизодтар психология ғылымының зерттеулеріне сай, екеуінің бас қосуы кездейсоқтық емес екендігін дәлелдей түседі. Бірақ тату-тәтті отбасы болуына түрлі факторлардың жетіспеушілігі әсер етті.

Психология ғылымдарының докторы, профессор С.В. Ковалев некеге тұру кезінде сүйіспеншіліктен басқа, рухани жақындықты, материалдық көзқарастарды, психологиялық сәйкестік пен моральдық құндылықтарды ескеру маңызды екенін көрсетеді. Ол өз шығармасында некеде тек ыстық сезіммен ғана емес, өзіне ғана тән мінезі, темпераменті, жеке ерекшеліктері бар шынайы адаммен өмір сүру керектігін ұмытып кететінін айтады. Сондықтан екі тұлғаның бірігуі әрқашан біртұтас «Біздің» құрылуына әкелмейді [9]. Ғалымның пікіріне сүйенсек, шығарма да, фильмде де Тастан мен Салтанаттың арасында рухани жақындықтың болмағанын көрсетеді. Сөз өнерінде психологиялық тұрғыдағы жақындық осы рухани болмыс арқылы берілген. Себебі, адамның рухани болмысы − адам психологиясының айнасы. Әдебиеттегі психологизмді терең зерттеген ғалым Б. Майтанов: «Адамның рухани әлемі оның мінез-құлқы, қам-қарекетімен тамырлас болмай, психологиялық талдау мақсаты толық орындалмайды» [5, 8], − дейді. Сондықтан кейіпкерлердің рухани әлеміне терең үңілдік. Дулат Исабеков өз кейіпкелерінің психологиялық ерекшелігін әртүрлі тәсілдер арқылы берген. Фильмде де осы ерекшеліктер барынша сақталған.

Біріншіден, өнерге деген көзқарас. Қайыркен мен Салтанат өнердің нәзік түрін, яғни адамның сезімін дыбыстық формада беретін әнді, әуенді, күйді және сөз өнерін сүйді. Тастан да өнерді сүйді, бірақ ол батырлыққа, батылдыққа, шыдамдылыққа,ептілікке баулитын өнерді, қазаққа ғана тән ойын түрі көкпарды сүйді. Шығармада да, фильмде де Салтанат пен Тастанның рухани байланысының әлсіздігі осы тұстан көрінеді. Дегенмен, фильмде Тастан мен Салтанаттың сұлулық туралы диалогы екеуінің арасын жұқа, әлсіз жіппен байлап тұрғандай.

Жалпы шығарманы экранизациялауда музыканың рөлі ерекше. Ал кейіпкерлердің әнді сүюі бұл құбылысты нығайта түседі. Әннің мәтіні, әуені кейіпкердің психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп алынған. Дулат Исабеков «Гауһартас» туындысының жазылу тарихын айтқанда, туған жерге деген сағыныш туралы айтады. Фильмнің бүгінгі күнге дейін көрерменнің көкейінде болуының да сыры − автордың сағынышынан туындаған нағыз қазақ болмысының суреттелуінде. Ал сол сағыныш қай кезде пайда болды? Әнді естігенде.

ISSN 2788-7979 (online)

Әннің әр жолынан Салтанаттың бейнесін көруге болады. Фильмдегі Салтанаттың бейнесінен әннің сәтті экранизацияланғанын байқаймыз. «Кино өнеріне кіріспе» кітабының «Кино және музыка» бөлімінде ән әлеуетті, жемісті алғышартты, тіпті хикаяттағы кейбір нақты қайталанатын сәттерді ұсынғанына қарамастан, екі өнер формасының уақыт шкаласы бір-біріне сәйкес келе бермейтіндігі туралы айтылады [4, 619]. «Гауһартас» фильмінде ән табиғатпен жарасып, сұлулық тек Салтанаттың келбетімен емес, қазақ жерінің табиғатымен ұштастырылған, уақыт шкаласы сәйкестендірілген. Төмендегі кестеден фильм мен шығармада орындалған әндер мен ән арқылы берілген кейіпкердің жан дүниесі салыстырылды.

№2 кесте. «Ән арқылы кейіпкерлер психологиясын талдау»

	Орындалған әндер	Ән арқылы берілген кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктері
«Гауһартас» шығармасы	«Гауһартас» әнінің орындалуына Қайыркен мынадай баға берген болатын: Салтанат әннен өзге дүниенің бәрін мүлде ұмытып кеткен секілді. Ол бірде көк аспанға шалқалай қарап, дәл төбесінде шырылдап тұрған бозторғайдан көз алмай әндетеді, енді бірде ерке қызының нәзік үніне тамсанып, көзін жұмып, кең даласын түп-түгел құшағына сыйдырып алғысы келгендей екі қолын жайып тастап, айналасына таусылмас махаббатпен мейірлене қарайды. Осы даладағы сұлулық біткен Салтанаттың кеудесіне кеп құйылып жатса, оның өн бойындағы сұлулық көмейінен ән боп төгіліп, төңіректі жаңа леп, жаңа нұрға бөлеп тұрған сияқты.	Бұл жолдарда автор кейіпкерінің образын психологиялық сыртқы симптомдар, денесінің және іс-әрекетінің поэтикасымен, емеурінімен, ишарасымен танытады. Салтанаттың сезімталдығын оның ән айтқандағы іс-қимылы, табиғатпен байланысы, әннен өзгені ұмыта беріліп айтуы арқылы берді. Ол сүйсе, бар жанымен, тәнімен сүйетінін түсіндірді. Салтанаттың ішкі сұлулығын, жан-жағына деген махаббатын, әр адамды сол күйінде қабылдай, сүйе алатынын да «кеудесіне құйылған сұлулықтық көмейінен ән болып төгілумен» бейнелейді. Салтанат Ыбыштың қаталдығын қабылдай алғанымен қанша ұрысып тастаса да, көп ренжімейтінінен елемейтінін байқалды. Бұл оның адамды қабылдай алуы еді.
	«Жеңешемнің әні»: Еркін дала еркесі, Әнді сүйген жеңеше-ай. Бақытым деп қатыгез Жанды сүйген жеңеше-ай. Жабырқаған өмірге Наз әкелген жеңеше-ай. Тұнжыраған көңілге Жаз әкелген жеңеше-ай. Періштесі ең аспанның, Қондың қайтіп, жеңеше-ай? Біздерге арнап әніңді Келдің бе айтып, жеңеше-ай. Тағы өзіңе жыр арнап, Толғанайын, жеңеше-ай. Азырқанбай қабыл ал, Айналайын жеңеше-ай!	Қайыркеннің берген бағасы арқылы Салтанаттың бойындағы тұрақтылықты, күйеуінен намысқа тиер сөз естісе де, қаталдықты сезінсе де ашуға берілмей, бақытын сол қаталдықтан табуға бел буатын қайсарлық пен тұрақтылықты, адаммен тіл табыса алу шеберлігін көрсетеді. Солай бола тұра, оның ән орындалған уақыттағы көз жасы оның сезімталдығы мен ұяңдығын танытады.
«Гауһартас» фильмі	«Гауһартас» әнінің орындалуының экранизациясында дәлдік сақталған. Табиғат көрінісі, Қайыркеннің ынтығып тыңдауы, көзқарасы, құлап-	Экранизация барысында әннің орындалуы, әуен, табиғаттың әнмен бірге тербелуі Салтанаттың сезімталдығын, жан-жағына нұр

ISSN 2788-7979 (online)

	сүрініп, Салтанаттан тағы ән айтуын сұрауы. Шығармада Салтанаттың жан-дүниесі Қайыркеннің суреттеуімен беріледі, фильмде де Қайыркеннің іс-әрекеті, эмоциясы арқылы және Салтанаттың сыңғырлаған дауысы арқылы, табиғаттың керемет көрінісімен ұштастырыла беріледі.	шашып, адамды баурап алатындығын көрсетеді. Бұл тұста да Қайыркен екеуінің диалогында оның Тастанға ән айтып, оның қарсылығын оңай қабылдағанын, ешқандай өкпе, реніштің жоқтығын сездіреді. Режиссер сол диалог арқылы Салтанаттың әр адамды тұлға ретінде сыйлап, әр тұлғаға тән мінезді түсініп, қабылдай алатынын көрсете білді.
	Фильмде «Жеңешемнің әні» мәтіні дәл сол қалпында алынған.	Фильмде қайнысының жеңешесіне берген бағасынан әннің мәтіні арқылы ғана емес, сонымен қатар Салтанаттың қайсарлығын, тұрақтылығын, әнді тыңдағанда біресе күліп, біресе мұңаюынан-ақ байқаймыз. Ал ұяңдығын, қарапайымдылығын ән біткен бойда барлық фокусты Қайыркеннің өзіне бұра салуынан, оның ақындығына, ән айту шеберлігіне бұрғанынан байқаймыз.

Екіншіден, кейіпкердің табиғатпен байланысы. Қайыркен мен Салтанат табиғаттың әр тылсым күшін сезінді. Салтанат әнді «даладан, таудан, құрайдан» іздейтін. Қайыркеннің атынан баяндалатын шығармада автор табиғатты, Аршабайды суреттеу арқылы оның ішкі жан-дүниесін жеткізе білді. Көркем шығармадағы психологиялық талдаулардың бірі – «тура» талдауды шебер қолданған автор кейіпкерінің жан дүниесіндегі өзгерістерді көркемдік таным тұрғысынан танып білу, яғни ішкі сөз, қағытпа түрі, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ішкі монолог, еске алу және елестету секілді талдаулар арқылы жеткізген. Аршабайдың табиғатын суреттегенде Қайыркеннің табиғатты жан-тәнімен сезіне алатын сезімталдығын байқаймыз, Салтанаттың сұлулығын айтса да, тойдағы ойын-сауықты айтса да, көкпар ойыны туралы айтса да, Аршабай табиғатымен параллель суреттейді. Фильмде бұл суреттеулердің барлығы экраннан көрініс тапқан. Фильмнің басынан бастап табиғаттың сұлу көрінісі назар аудартады. Фильмде Салтанаттың сезімталдығын оның ән айтқандағы, айлы түнде суға шомылғандағы сұлу табиғаттың көрінісімен берсе, еркіндігі мен сезімталдығын фильмнің әр фрагментінде: ән айтқанда, күреңге мініп қасқырға шапқанда шебер көрсеткен. Бұл тұста түпнұсқада психиканы берудегі сыртқы психологиялық сыртқы қимыл көріністері секілді көркемдік, психологиялық детальдарға мән беру, оның басқа да түрлерін қолдану арқылы жеткізілген [12, 56]. Жоғарыдағы кестеде психологиялық талдаудың бұл түрлеріне мысалдар келтірілді.

Салтанаттың сырқаттануына алып келетін табиғи құбылыс та алдын ала үрей туғызады. Автор табиғаттың ең қолайсыз сәттерін Салтанаттың дертімен ұштастырып, соңын оның өлімімен аяқтады. Ал фильмде нөсерлі жаңбырдан суық тигізген Салтанат сырқатынан айыға алмай, ауруханаға түсті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кинематография − танымал мәдениеттің өнімі ретінде қоғамның көзқарастары мен идеалдарын бейнелейтіндіктен, үлкен назар аударуға тұрарлық. Әр фильм белгілі бір мәдениетке жатады және соған сәйкес дамиды. Олар біздің құндылықтарымызды және қоғамда қалай өмір сүретінімізді көрсетеді. Фильм бізге нақты өмірде адамдармен қарым-қатынас жасағаннан гөрі не ойлайтынымызды және сезінетінімізді анық көрсете алады [13]. Адам трагедиясы − уақыт қасіреті, халық қайғысымен желілес. Адам – тарихи, әлеуметтік объект қана емес, психологиялық, биологиялық субъект [5, 38]. Ж. Аймауытовтың «Ақбілегі», М. Дулатовтың «Шолпаны», Д. Исабековтің «Салтанаты» − осындай психологиялық субъект. Олардың миссиясы – жаулық жамылғандардың қазақ халқының түсінігіндегі тұрмысын,

ISSN 2788-7979 (online)

тағдырын өзгертуге үлес қосу. Ал экранизация − осы миссияның орындалуына үлкен үлес қосуда. Жоғарыда айтқанымыздай, бүгінгі күннің ұрпағы − визуал (көру арқылы есте сақтайды). Сондықтан әр шығарманың экрандағы көрінісі маңызды.

Режиссердің алдында түпнұсқаның сақталуы, не сақталмауы деген үлкен сұрақ болады. Бұл дәлдікті айқындайды, дәлдік не бар, не жоқ. Оқиғамен байланысып, жымдаспайды деген оймен кейіпкерді алып тастау немесе оны өзгеше суреттеу бар. «Гауһартаста» барлық кейіпкерлер сақталған, айтылмақ ой жеткізілген, тек жеткізу барысында кейбір кейіпкерлермен байланысты оқиғаларға өзгерістер енгізген. Мысалы Әскербектің фильмдегі рөлі жоғарырақ. Бұл тұста заманның талабына сай, саясаттың шеңберінде режиссер мәдени дамудың артықшылықтарын, көппен бірге бригада болудың артықшылығын көрсетуге тырысқан. «Фильмде автор көздеген құрылымдық таңдаулардың фильмде көрініс табуы сәтті экранизацияны көрсетеді» [14]. Сөз өнері мен кино әлеміндегі баламаларды табу жағы сәтті шыққан. Мысалы, шығармада көркем сөзбен жеткізілген Салтанаттың еркелігі, еркіндігі, ұяңдығы кинода Қайыркен мен Салтанаттың бір-ақ диалогынан аңғарылады.

«Өнер туындысы эстетика заңдылықтары бойынша жасалмайды, бірақ оларды білу кез келген көркемдік әрекетті бағалау үшін қажет және бұл жағдайда суретші мұндай бағалауды елемеуге болмайды, әйтпесе оның туындыларының эстетикалық жарамдылығына күмән туындайды» [15]. Шығарманы экранизациялау барысында эстетикалық тұрғыда барлық талаптар сақталған. Көркем мәтіннің сахналық және кинематографиялық интерпретациясы оны түбегейлі басқа тілге қайта кодтаудан тұрады. «Гауһартасты» экранизациялауда сөз көрермен тіліне сәтті аударылған. Сол себепті де күні бүгінге дейін фильм өз құндылығын жоғалтқан жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Симбирцева Н. А. Экранизация визуалды мәтін ретінде: мәселені тұжырымдау бағытында/ Орал федералды университетінің хабаршысы, 1-серия, Білім, ғылым және мәдениет мәселелері. 2013, №3 (116), 148-154 беттер. http://elar.urfu.ru/handle/10995/21684
2 Klaudia H. Y. Lee Audience Response and from Film Adaptation to Reading Literature / CLCWeb: Comparative Literature and Culture, 2016, https://doi.org/10.7771/1481-4374.2957
3 Буза А. Г. Оқу ақпаратын қабылдаудың психофизиологиялық ерекшеліктері // VI халықаралық студенттердің ғылыми конференциясы: «Студенттік ғылыми форум – 2014». https://scienceforum.ru/2014/article/2014007295
4 Бордуэлл Д., Томпсон К., Смит Д. Кино өнеріне кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. − 728 б.
5 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
6 Torres-Toukoumidis A., Leon-Alberca T., Henriquez-Mendoza E. Echoes of the gothic: transmedia reinterpretions of Edgar Allan Poe’s legacy in independent films and video games/ Humanities and Social Sciences Communications, 2024 (846) https://doi.org/10.1057/s41599-024-03370-1
7 Висконти Л. Мақалалар. Куәлік. Мәлімдеме // құрастырған, редакциялаған және пікірлер авторы Козлов Л.К. – Мәскеу: Искусство, 1986. – 302 б.
8 Фрейд З. Психоанализге кіріспе: дәрістер. – Мәскеу. СМУ, 2007. – 480 б.
9 Ковалев С. Нейролингвистикалық бағдарламалау негіздері. Адам кемелдігіне кіріспе: оқуға арналған нұсқаулық. – Мәскеу. Твои страницы, 2011. – 208 б.
10 Юнг К. Психология және поэтикалық шығармашылық. – Мәскеу. Политиздат, 1991. – 366 б.
11 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. Өлке. 2014. – 495 б.
12 Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы. Жазушы, 1987. – 336 б.
13 Afifulloh M. Producing Power: Dennis Hume Wrong’s Perspective on Gender in Contemporary Indonesian Cinema/ RedFame, №3, 2024. https://doi.org/10.11114/smc.v12i3.6983
14 Trashchynskaya-Stsiapushyna T. Adaptations of Chekhov’s A Boring Story in Polish Cinema / Slavia Meridionalis 24, 2024 https://orcid.org/0009-0003-3414-3798

ISSN 2788-7979 (online)

15 Nurgali K., Suleimenova Sh. Bogdanova Y. Conflict and ways of indivdualising mass images in early Kazakh pose/ Journal of Language and Linguistic Studies, 2021. 7(3), 1277-1289. https://www.jlls.org/index.php/jlls/article/view/3146

Материал 04.11.2024 баспаға түсті

Экранизация повести Д. Исабекова «Гаухартас»: психология героев

К.С. Досанова[1], Е.М. Солтанаева[1]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, 050010, Республика Казахстан

В статье рассматривается достоверность экранизации романа Д. Исабекова «Гаухартас», анализируется психология героев, сделаны научные выводы. Цель, основное направление и идея исследования − путем сравнения и анализа произведения «Гаухартас» и фильма установить, сохранилась ли точность в психологии героев. Подтверждена важность передачи увиденного и услышанного писателем фактов в изложении, позиции мышления, принципов описания, особенностей подачи идеи в процессе экранизации.

Научная значимость произведения в том, что аналитические работы помогают передать точность сохранения произведения, оригинальную мысль и психологию героев при экранизации. Анализ, итоги и вывод работы: литература – духовное достояние каждого народа, наследие, раскрывающее природу и психологические особенности народа, наглядно показывающее его развитие и проблемы. При экранизации любого литературного произведения важно точно передать ту главную мысль, которую хотел донести писатель.

Ценность исследования заключается в наводящем на размышления анализе того, что, если идентичность казахского народа не искажена, а социальные проблемы ясны, то будет легче найти их решения. На этом этапе определяется важность передачи творений из поколения в поколение, которые являются зеркалом общества.

Ключевые слова: точность, экранизация, оригинал, сравнение, психологизм, прямое описание.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Симбирцева Н. А. Экранизация как визуализированный текст: к постановке проблемы / Известия Уральского федерального университета, сер. 1, Проблемы образования, науки и культуры. 2013, №3 (116), с.148-154 http://elar.urfu.ru/handle/10995/21684

2 Клаудия Х. И. Ли Реакция аудитории и от адаптации фильма к чтению литературы / CLCWeb: Сравнительная литература и культура, 2016. https://doi.org/10.7771/1481-4374.2957

3 Буза А.Г. Психофизиологические особенности восприятия учебной информации// VI Международная студенческая научная конференция «Студенческий научный форум – 2014». https://scienceforum.ru/2014/article/2014007295

4 Бордуэлл Д., Томпсон К., Смит Д. Введение в искусство кино. – Алматы: Общественный фонд «Национальное бюро переводов», 2020. − 728 с.

5 Майтанов Б. Казахский роман и психологический анализ. – Алматы: Санат, 1996. – 336 с.

6 Torres-Toukoumidis A., Leon-Alberca T., Henriquez-Mendoza E. Echoes of the gothic: transmedia reinterpretions of Edgar Allan Poe’s legacy in independent films and video games/ Humanities and Social Sciences Communications, 2024 (846) https://doi.org/10.1057/s41599-024-03370-1

7 Висконти Л. Статьи. Свидетельство. Высказывание//сост.,ред.и авт.комментариев Козлов Л.К. – Москва: Искусство, 1986. – 302 с.

8 Фрейд З. Введение в психоанализ: лекции. – Москва. СГУ, 2007. – 480 с.

ISSN 2788-7979 (online)
9 Ковалев С. Основы нейролингвистического программирования. Введение в человеческое совершенство: учебное пособие. – Москва. Твои страницы, 2011. – 208 с.
10 Юнг К. Психология и поэтическое творчество. – Москва. Политиздат, 1991. – 366 с.
11 Кабдолов З. Искусство слово. – Алматы. Ольке. 2014. – 495 с.
12 Байтурсынов А. Сборник сочинений в пяти томах. Том 1. – Алматы. Жазушы, 1987. – 336 с.
13 Afifulloh M. Producing Power: Dennis Hume Wrong's Perspective on Gender in Contemporary Indonesian Cinema/ RedFame, №3, 2024. https://doi.org/10.11114/smc.v12i3.6983
14 Trashchynskaya-Stsiapushyna T. Adaptations of Chekhov's A Boring Story in Polish Cinema / Slavia Meridionalis 24, 2024 https://orcid.org/0009-0003-3414-3798
15 Nurgali K., Suleimenova Sh. Bogdanova Y. Conflict and ways of indivdualising mass images in early Kazakh pose/ Journal of Language and Linguistic Studies, 2021. 7(3), 1277-1289. https://www.jlls.org/index.php/jlls/article/view/3146

Материал поступил в редакциюжурнала 04.11.2024

Screen adaptation of D. Issabekov's story "Gaukhartas": psychology of heroes

K.S. Dossanova[1], Y.M. Soltanayeva[1]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan

This article examines the authenticity of D. Issabekov's novel Gaukhartas in its film adaptation, focusing on the psychological depth of the characters and drawing scientific conclusions based on comparative analysis. The study aims to determine whether the film adaptation preserves the psychological accuracy of the characters as depicted in the original literary work.

The research highlights the importance of the writer's role in maintaining key thematic elements, narrative techniques, and character portrayals during the adaptation process. Particular attention is given to how the author's observational approach, descriptive principles, and presentation of ideas are translated into film. The study's scientific significance lies in its analytical approach, which helps maintain fidelity to the original work while effectively conveying the characters' psychological depth.

The findings emphasize that literature serves as the spiritual and cultural heritage of a people, reflecting both societal development and challenges. In adapting literary works to film, it is crucial to preserve the core message intended by the author. The study underscores the idea that an accurate representation of Kazakh identity and social issues in cinematic adaptations contributes to a more profound understanding of societal dynamics and facilitates meaningful discourse. Ultimately, the research highlights the importance of preserving literary works as a reflection of society and passing them down through generations.

Key words: accuracy, film adaptation, original, comparison, psychologism, direct description.

REFERENCES

1 Simbirceva N.A. Ekranizaciya kak vizualizirovannii tekst: k postanovke problemi [Ekranizaciya kak vizualizirovannii tekst: k postanovke problemi] / Izvestiya Uralskogo federalnogo universiteta_ ser. 1_ Problemi obrazovaniya _ nauiki i kulturi. 2013 №3 (116), s.148-154 http://elar.urfu.ru/handle/10995/21684 [in Russian]
2 Klaudia H.Y.Lee Audience Response and from Film Adaptation to Reading Literature / CLCWeb: Comparative Literature and Culture, 2016. https://doi.org/10.7771/1481-4374.2957 [in English]
3 Buza A.G. Psihofiziologicheskie osobennosti vospriyatiya uchebnoi informacii [Psychophysiological features of perception of information] // VI Mejdunarodnaya studencheskaya nauchnaya konferenciya «Studencheskii nauchnii forum – 2014» https://scienceforum.ru/2014/article/2014007295 [in Russian]

ISSN 2788-7979 (online)
4 Borduell D., Tompson K., Smit D. Kino önerine kirispe [Introduction to Filmmaking]. – Almati. «Ūlttiq audarma byurosi» qoğamdyq qory.− 2020. − 728 b. [in Kazakh]
5 Maitanov B. Qazaq romani jäne psihologiyaliq taldau [Kazakh novel and psychological analysis). – Almati. Sanat. 1996. – 336 b. [in Kazakh]
6 Torres-Toukoumidis A., Leon-Alberca T., Henriquez-Mendoza E. Echoes of the gothic: transmedia reinterpretions of Edgar Allan Poe's legacy in independent films and video games/ Humanities and Social Sciences Communications, 2024 (846) https://doi.org/10.1057/s41599-024-03370-1 [in English]
7 Viskonti L. Stati. Svidetelstvo. Viskazivanie (Articles. Evidence. Statement)// sost.red.i avt.kommentariev Kozlov L.K. – Moskva. Iskusstvo.1986. – 302 s. [in Russian]
8 Freid Z. Vvedenie v psihoanaliz: lekcii (Introduction to psychoanalysis:lectures). – Moskva. SGU.2007. – 480 s. [in Russian]
9 Kovalev S. Osnovi neirolingvisticheskogo programmirovaniya. Vvedeniya v chelovecheskoe sovershenstvo (Fundamentals of neurolinguistic programming. Introduction to Human Excellence):uchebnoe posobie. – Moskva. Tvoi stranici. 2011. – 208 s. [in Russian]
10 Yung K. Psihologiya i poeticheskoe tvorchestvo (Psychology and poetic creativity). – Moskva. Politizdat. 1991. – 366 s. [in Russian]
11 Qabdolov Z. Söz öneri (The art of words). – Almati. Ölke. 2014. – 495 b. [in Kazakh]
12 Baitūrsinov A. Bes tomdiq shiğarmalar jinağı (Collection of essays in five volumes. Valume 1). 1-tom. – Almati. Jazushi.1987. – 336 b. [in Kazakh]
13 Afifulloh M. Producing Power: Dennis Hume Wrong's Perspective on Gender in Contemporary Indonesian Cinema/ RedFame, №3, 2024. https://doi.org/10.11114/smc.v12i3.6983 [in English]
14 Trashchynskaya-Stsiapushyna T. Adaptations of Chekhov's A Boring Story in Polish Cinema / Slavia Meridionalis 24, 2024 https://orcid.org/0009-0003-3414-3798 [in English]
15 Nurgali K., Suleimenova Sh. Bogdanova Y. Conflict and ways of indivdualising mass images in early Kazakh pose/ Journal of Language and Linguistic Studies, 2021. 7(3), 1277-1289. https://www.jlls.org/index.php/jlls/article/view/3146 [in English]

Received: 04.11.2024

МРНТИ 17.07.41 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp233-246

И.Г. Минералова[1], К.Р. Нургали[2], А.Р. Тулгабекова[2], С.К. Токсанова[2]
[1] Московский педагогический государственный университет, Москва, 119435, Россия
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

ДОКУМЕНТАЛЬНОЕ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ В РУССКИХ И КАЗАХСКИХ ПОВЕСТЯХ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XX ВЕКА

Данная статья посвящена сравнительному анализу документальных и художественных элементов в русских и казахских повестях второй половины XX века. Анализируются сходства и различия в подходах авторов к созданию жанровых форм. Исследование основано на контенте литературных журналов и произведениях писателей, представляющих русскую и казахскую литературы, таких как В. Быков, Ч. Айтматов, М. Ауэзов и других. В статье рассматриваются русские и казахские документальные повести в контексте авторских жанровых определений, относимые к мемуарной и документальной прозе. Статья содержит анализы повестей авторов, творчество которых было изучено очень мало, и заключения о том, что авторские жанровые обозначения не всегда поддаются

ISSN 2788-7979 (online)

строгому структурированию и определению. Вместе с тем представлены авторские жанровые формы повести. Журналы по своей природе объединяют элементы литературы и публицистики, создавая пространство для синтеза жанровых форм. Это приводит к появлению в их содержании очерков, эссе, документальных статей и других жанровых вариаций. В завершение авторы подчеркивают эволюцию жанра повести, анализируя его внутренние трансформации и приводя примеры различных авторских интерпретаций в контексте разных жанров.

Ключевые слова: документальная проза, художественная проза, жанровые формы, русский и казахский литературный процесс, мемуаристика.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Осмысление истории – одно из ведущих направлений, в котором работают писатели. В этой связи в иследовании вопросов литературы всегда актуальным остается то, каким образом соотносится документальное и художетвенное. Осмысление истории – одно из ведущих направлений, в котором работают писатели. В этой связи в исследовании вопросов литературы всегда актуальным остается то, каким образом соотносятся документальное и художественное.

Изученность рассматриваемой темы исследования следует разделить на несколько значимых частей. Дискуссии о природе жанра, его сосуществовании, определении и разграничении возникли задолго до нас.

Повесть на сегодняшний день является уже устоявшимся жанром, который был исследован многократно, в частности и в русской литературоведческой традиции. Слово «повесть» берет начало из древности. Многие произведения древнерусской литературы названы повестями, поскольку повествуют нам о событиях и героях. Среди них есть переводные повести, русские обработки заимствованных повестей, оригинальные повести (Орлов). Изначально оригинальные древнерусские повести носили легендарно-исторический характер, позже они развиваются в историко-эпическом («Повесть о Царь-граде», 15 в.; «История о Казанском царстве», 16 в., и др.) и историко-биографическом («повесть о Петре и Февронии Муромских» 15-16 вв., «повесть о дворянке Юлиании Лазаревской» 17 в.) направлениях [1].

Вопросы жанровых разграничений, классификация, типология жанров часто становятся предметами обсуждений еще в трудах Белинского В.Г. и Сиповского В.В. «В русской литературе повесть еще гостья, но гостья, которая, подобно ежу, вытесняет давнишних и настоящих хозяев из их законного жилища» - как пишет Белинский. Ведь в этот самый период происходит становление повести как отдельного жанра в русской литературе.

Определение и особенности жанра обширно представлены в трудах Г.Н. Поспелова. Вместе с тем определение повести как жанра представлено в словаре литературоведческих терминов Тимофеева и Тураева. Идейно-сюжетный разборы повестей XX века представлены в работах С.А.Тузкова, Е.Б. Скороспеловой.

Повести также были изучены в рамках содержания «толстых журналов» в культурно-историческом аспекте на примере определенных произведений в журналах «Новый мир» и «Юность». Реже в исследованиях упоминаются журналы «Жалын», «Жулдыз».

ВВЕДЕНИЕ

Особый пик популярности жанра повести в творчестве прозаиков русской и казахской литературе приходится на вторую половину XX-го века. Повести встречаются в творчестве известнейших писателей В.П.Астафьева, В.Ф.Тендрякова, В.Быкова, В.П.Аксенова, Ч.Айтматова, М.Ауезова. Однако круг писателей, в творчестве которых присутствовали повести во много крат шире. Для второй половины XX-го века весьма важна и активность

ISSN 2788-7979 (online)

читателя. В этот период ведущую роль в литературном процессе сыграли литературные журналы.

На 1960-1980-е годы приходится расцвет журнальной эпохи, когда рассказы, повести, романы, очерки, стихи и другие литературные формы и жанры прежде появлялись на страницах литературных газет и журналов. Вместе с тем, это уникальный период развития русской и казахской литературы под общим куполом советской литературы.

Цель данной работы – анализ эволюции жанра повести в русской и казахской литературе второй половины XX века. Мы стараемся рассмотреть повесть не только как литературный жанр, но и как уникальный документ эпохи, отражающий исторические события и культурные изменения. Особое внимание при этом уделяем документальной составляющей жанра, его ценности как своеобразной хроники, фиксирующей значимые события советской истории и судьбы её участников. Задачи данного исследования включают:

Изучение жанровой специфики повести, где черты документальности взаимодействует с художественными элементами, создавая целостное произведение.

Исследование повести как отражения исторической эпохи позволяет понять, каким образом писатели через этот жанр передавали память о событиях, а также ценности и идеалы, присущие советскому обществу.

Мы можем проследить трансформации жанра повести в виде изменений, происходивших под влиянием политических и культурных процессов 1950-1980-х годов.

Таким образом, данное исследование направлено на то, чтобы продемонстрировать повесть не просто как повествовательный жанр, но как значимый источник культурной и исторической информации, преломляющую факты через призму авторских интерпретаций и личных воспоминаний.

В изучаемый нами период одними из самых читаемых журналов были «Новый мир», «Юность», «Жалын» и «Жулдыз», о чем свидетельствуют их значительные тиражи. Каждый из этих журналов внес свой вклад в развитие литературы. Во-первых, архивные экземпляры журналов представляют собой важный пласт литературного наследия. Во-вторых, на их страницах можно встретить произведения, которые больше нигде не публиковались. В-третьих, это простор как для исследования творчества писателей, так и для изучения особенностей литературы прошедшей эпохи.

Изучая содержание журналов, нельзя не отметить многонациональный и поликультурный характер литературы. Здесь стоит упомянуть и о развитии литературных связей. Так в журнале «Новый мир» были опубликованы повести и рассказы казахских писателей М.Ауезова, Т.Ахтанова, А. Сейдимбека, а в номерах журналов «Жулдыз» и «Жалын» публикуются переводы произведений Л.Н.Толстого, М.Ю.Лермонтова, А.И.Куприна, Е.А.Евтушенко.

Развитие жанра повести в СССР проходило на фоне масштабных политических и социальных перемен, что оказало непосредственное влияние на содержание и стилистические особенности произведений. Эти изменения способствовали тому, что повесть заняла особое место в литературе, став инструментом передачи коллективной памяти и отображения исторических событий.

Период «оттепели» (середина 1950-х — начало 1960-х годов), наступивший после сталинских репрессий и значительных потерь Второй мировой войны, стал важнейшим этапом в развитии литературного жанра повести. Это время обозначило переход от идеологически строгих и героических образов к более реалистичному изображению героев, стремящихся осмыслить собственный опыт и переоценить своё место в истории. В повестях того периода (например, в «лейтенантской прозе») особое внимание уделяется внутреннему миру героя, его моральному выбору и психологическим переживаниям. Такие произведения отразили новые настроения советского общества, которому было важно осмыслить недавнее прошлое и начать говорить о ранее запрещённых темах.

Период, который трактуется как эпоха застоя в советской литературе (1970-1980-е годы) с её цензурными ограничениями и стабильностью также нашла отражение в повестях.

ISSN 2788-7979 (online)

тоғысар тұсынан шығады. Әсіресе, ұлттық тілдің қадір-қасиетінің нақышы мен өрнегін тұлғалар тілінен іздестіру - осы жұмыстың үдесінен шықты. XX ғ. ақпараттар мен жаңалықтар ағынымен келсе, соғыс атты қаныпезердің адам тағдыры мен санасында өшпес із қалдырғаны анық. Соғыс адамдардың санасы мен сезімін тұтас өзгертетін бір ареал деуге болады. Онда бейбіт күндегі сезім-күй Отан қорғау, абыройлы іс, парызды өтеу, борышқа адалдық сияқты арнаға ауысады. Ұлы Отан соғысын басынан өткерген Батырымыз – Б.Момышұлы туралы айтарымыз да осыған ұласады. Соғыстан соң Отан қорғаған жауынгерлер бейбіт өмірге араласты. Бірі – оқуға түсіп, білімін жалғастырса, екіншілері- әскери қызметті жалғастырды. Ал Б.Момышұлы өмірінде әскери қызметпен байланысты көп ақтаңдақтар болғанын біле бермейміз. Көбінесе Батырды мінезінің тіктігімен, оңайлықпен иіле қоймайтын қаталдығын алға тартып, өзгеше тұлға жасап алғанбыз. Жазылған, айтылған пікірлерде көптеген субъективті пікірлер бар екендігін байқауға болады. Батыр барды бар, жоқты жоқ деп айтатын, қылыштың жүзіндей өткір әділдік пен шыншылдықты алға тартып, жоқ адамға көмектесіп, барға насихат айтатын тұлға екендігін тануымыз қажет. Қазақтың бар даналығы мен ақылының, өршілдігі мен батырлығының, ержүректілігінің қайдан келетіндігін іздейді. Осы тұста көптеген ой толғаныстар жасайды. Нәтижесінде барлық танымдық түсінігі халықтың ой-санасы мен тәрбиесінен, шыншылдық пен турашылдықты жақтайтын мінезінен көрініс табады. Халқымыздың жаугершілік заманда да туған жерін қорғап, от пен суға түсіп, табандап тұрып, ұл мен қызын жерін, елін сүюге тәрбиелеген асыл сөздің мәйегіндей мақал-мәтелдері тіршілікте көрген жақсылығы мен жаманшылығын таразылар ой-танымынан қалды. Барлық мақал-мәтел орнымен, тиісті орнында қолданылып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болған. Халқының асыл сөз мәйегінен бір елі ажырамай, жауынгерлік әрекетте баға берер ұстанымы болған. Батырлық пен қорқақтықты да көре білген дана халқымыз жас ұрпағына тәрбие мен тәлімді беру жолы етіп қалыптастырған. Осы сөз асылын теріп, жауынгерлерін тәрбиелеуде, әскери үрдіс пен өнерге үйретіп баулуда, баға жетпес өнеге болғанын көреміз. А.Бек шығармасында осынау мүлдем табиғаты бөлек халықтың сөз асылын қолдануының өзі, шығарма сыртында айтушы, баяндаушы Батыр отырғанын көрсетеді. «Арпалыс» романы бастан-аяқ жауынгерлік тәртіп, дәстүр, ар-намыс, абырой мен парыз, адамгершілік пен адалдықтың үрдісін сақтаудан тұрады. Біз бұл шығармадан Б.Момышұлының әлемнің тілдік бейне жасауы арқылы оның ұрпағына аманат еткен үлкен борышты көреміз. Ол борыш - қандай жағдай болмасын, Отанын қорғау. Бүгінгі күні жастар тәрбиесінде кемшін түсіп жатқан мәселе деуге болады. Жастарды туған елін сүю, қадірлеуге шақырар іс-әрекеттерді көреміз. Сондықтан да мақалада жеке тұлға тілін зерттеу - ұлттың еңсесін көтере түседі деген сеніммен қарадық. Осы арқылы кешегі білгенімізге қосымша Б.Момышұлының батырлық тұлғасы туралы ақпараттарды толықтыра түстік.

ТАЛҚЫЛАУ

Халықтың ғасырлар бойы жинаған мәдени, рухани тілдік байлығы, оған септестік етер адам мен оның санасының терең тұнығында жатқан ұлттық танымынсыз қалыптасқан дүние болмайтыны анық. Сондықтан батырлық үлгісін берер мысалды сонау XI ғ тіл мен халықтың рухани байланысы негізінде алған М.Қашқари сөздігінде сілем тартқанын көреміз, сөздікте түркі тілінің жанашыры ретінде батыр, ерлік істеу, күштілік көрсету, жүрек сөздеріне анықтама береді. «Батыр» сөзі «тоңа» [5] деп қарастырылған, ал ерлік істеу, күштілік көрсету – тоңалады ретінде берілген. Тоңа Алып Ер (түріктердің ұлы ханы- Афрасиаб) батырымыздың есіміндегі «тоңа» сөзі сөздікте «пілден де күшті, жолбарыс тектес аң деп беріледі» [5] және «батыр» мағынасында сипатталады. «Бұл сөз көбінесе адамдарға лақап орнында қолданылады» [5] деп түсіндіріледі. «Батыр» сөзінің мағынасын сондай-ақ «иүрек» яғни жүрек сөзі де берген. Ерлік істеді, күштілік көрсетті сөздері «Ер тоңалады» [5] деп, мағынасы «Ер батырлардың, күштілердің ісін істеді» [5] деп беріледі.

Ал ғалым А.Байтұрсынұлы 1926 ж. Бақы қаласында өткізілген Бірінші Бүкілодақтық түркология сиезінде жасаған баяндамасында «В культуре каждой нации, кроме собственного

ISSN 2788-7979 (online)

творения, имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного» [4, 579] - деп көрсеткеніндей әрбір қатар отырған ел мәдениеттері ұқсас болса сыйысып, бірінің жоғын бірі тауып кетер еді, ал соңғы көрші орыс мемлекеті тек құлдық санамен жаншумен болды, бұрынғы барымыздан айырылғанымызды көруімізге болады. Әйтсе де ғалым осы сиезде түркі тілдерінің ерекшелігі мен бар қасиеттерін сақтап қалған қазақ тілі екендігін де айтқан.

Тіл адам баласының ішкі ойын сыртқа шығаруда тұрақтылық мәнге ие емес.Айналадағы өзгерістер тілдің де дамуда, өзгерісте болатынын көрсетеді. Бірақ бұл құбылыс адам санасынан тыс болмайды. Тіл білімінде синергетика ғылымы туралы мағлұматтар айтылады. Ғалым Ж.Манкеева сөз синергиясы туралы былай деді: «Сондықтан В.Гумбольдтың түсіндіруіне сай адам жанын, өмір салты мен мәдениетін білу арқылы тіл үйрену әрбір халықтың айналасында «рух шеңберін» орнатады»[10,54]. Яғни тілдің даму барысында Б.Момышұлының өз шығармашылығында болсын А.Бек романында болсын батырлық пен батылдық сөздері кездеседі. Екеуінің берер мағынасы батырлық та батылдық та адам бойындағы ерекше қасиеттер тәрбие мен азаматтық борыштан туар ар мен намыстан туатын әрекет. «Ерлікті, батырлықты соғыстан ғана емес, бейбіт күнде де көреміз. Ол да дұрыс тәрбие өз басыңның қатерін ұмытып, өзгелерді қауіпсіз ету, азаматтық парызыңды өтеу, ақылмен, тәуекелмен орындау, ақылсыз әрекет ақымақтыққа әкеледі.Бұл жөнінде «Батылдық – қимыл-әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық. Тәуекелді есеп ақтайды. Есепсіз тәуекел – тұл» [9, 17] - дейді Б.Момышұлы.

К.Юнгтің пікірлерін зерттеген ғалымдар ойынша, «архебейне ми арқылы қалыптасқан атадан балаға тартылған психикалық стереотиптер. Ең алғашқы батырлар туралы мифтен оның батырлығы, жауыздықты жеңуі, зұлым күшпен алысуы көрініп, оны міндетті түрде жеңеді» [12]. Міне, осы қасиеттердің барлығы ғасырлардан-ғасырларға жалғасып, кешегі батырларымыздың ерлігінен, Б.Момышұлының Мәскеу түбіндегі жауды жеңу үшін жасаған жанқиярлық ерлігіне ұласты деп айта аламыз.Яғни батырлық біздің қанға сіңген қасиетіміз. Егер батырлықпен елін, жерін қорғамаса, қазіргі күнімізді қалай болжар едік?

Тіл мен мәдениеттің байланысы туралы ХХ ғ.басында-ақ А.Байтұрсынұлы тілге мәдениеттің жемісі деп қарау пікірін қалыптастырды. Тілдің иесі адам болғандықтан, барлық ойлау, ақпарат адамға тән болып, келе когнитивті лингвистика мен линговомәдениеттану өз зерттеушілеріне жол ашты. ХХғ. 90 - жылдарында лингвомәдениеттану ғылымы қалыптасты. Ал ХХғ басында қазақ тіл білімінің атасы - Ақаң тіл өнерінің халықтың этномәдени өмірінен бөліп алғысыз дүние екендігіне көз жіберіп, сол кездің өзінде - ақ қазақы діліміздің түп-тамырымен орайлас мәдениетті тірнек өнер, көрнек өнер деп бөлген. ХХ ғ. екінші жартысында қазақ тілін зерттеуші ғалымдардың осы Ақаң салған сүрлемнен адаспай, халықтың рухани, тілдік, мәдени өміріндегі атаулар мен ұғымдардың тұрақтануына, тілдің өміршеңдігіне талдау жасап, қазақ тілінің өсіп-өнуіне сүбелі іргелі зерттеулер арнады. ХХ ғ. басында ғалым Қ.Жұбанов: «Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» [6,93] - дейді. Бұл тұрғыда ғалым Е.Жанпейісов түркі тілдері этномәдени өмірінде қызмет еткен сөздер мен сөз тіркестеріне этимологиялық, салыстырмалы, семантикалық талдау жасады. Халықтың ғасырлар бойы жинаған мәдени, рухани тілдік байлығы, оған септестік етер адам мен оның санасының терең жатқан ұлттық танымынсыз қалыптасқан дүние болмайтыны анық. Лингвомәдени таным жеке өз алдына тіл білімінің бір бағыты болып табылады. Ол мәдениет пен тілдің арақатынасын анықтап, тілдің мәдени сипаттамасын жасайды. Себебі халық артында жеке адам , жеке батыр тұр.

Тіл мен мәдени өміріміздің жалғастығын тілші - ғалым Ә.Қайдардың этнолингвистикалық сөздігінен көреміз. Сөздікте қазақ тілінің салты мен өмірінен сыр шертетін сөздерге анықтама беріледі.

«Әсіресе, ұлттық рухымыз жаңғырып, салт-дәстүрлеріміз қайта жанданып жатқан қазіргі қазақ қоғамындағы рухани-әлеуметтік құбылысты дұрыс бағалап, негізін түсіну үшін ұлттық тілдің дамуының ішкі формасынан туындайтын жалпы заңдылықтарды жеке адам, ерекше

ISSN 2788-7979 (online)

тұлғалардың психикасымен(рухымен) және оның жалпы ұлттық санаға әсерімен байланысты түсіне білудің маңызы зор» [10] - деп ғалым Ж.Манкеева айтпақшы, кейінгі ұрпаққа саналы тәрбие мен ұлттық даралық сыйлағымыз келсе, қазақтың тұлғаларымен үндесуіміз қажет. «Батырлық» сөзіне жеке бөлек тоқталмаса да Б.Момышұлы шығармашылығында шамшырақтай қайталанатын адамдық белгісі - ар сөзі болса, осы сөзді ғалым Ә.Қайдар да өз сөздігінде анықтама беріп, оған «адамның болмысына тән аса қымбат, аса құнды әрі мәнді зиялы қасиеттердің бірі деп санайды.Оны ұлттық менталитетінің өзекті мәселесі «ар» деп білетін қазақ жұртының арасында кеңінен тараған «Малым - жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген қанатты сөзінен айқын аңғаруға болады» [7, 34] - деп топшылайды. Батырлықты, ерлікті шыңдайтын - ар ілімі, ар қасиеті екендігін Б.Момышұлы да нақтылайды.Батырдың өмірлік кредосы да ар ісінен тұрады.

Қазақ тілінің ғана емес, түркі тілдерінде батырлық зат есімінің лингвотанымдық мәні ерекше. Батырлық ұғымына қатысты мақалдар, қанатты сөздер, халықтың мінезі мен ділінің, психологиясының айшықтылығын көрсетеді. Когнитивті лингвистика этникалық тұрғыдан ой жасайды, лингвотанымдық сипаты қаралады. Тілдің табиғатын түсіну үшін тіл мен халықтың, тарихтың, мәдениеттің байланыстылығын көреміз.

Соғыс адам мен оның болмысын сынайтын үлкен арена деуге болады. Онда барлық ар-ұят, абырой, парыз, борыш, адалдық көз алдымызда өтіп жатады. Соғыстан соң жараланған, қайтыс болған жауынгерлердің саны алынып жатса, адалдық пен ар ілімі таразыланып жатады. Соғыста ерлігімен көзге түскендерге марапат берілсе, қашып кетпек болған немесе бұғып қалғандар үшін ар соты қатар жүріп жатады. Романның басынан аяғына дейін автордың осы мәселеге шүйіліге зерттеуі - автордың да соғыстың нақ ортасында жүргендігінен хабардар етеді. «Арпалыс» романында шығарманың бастауында автордың кейіпкермен танысу сәті суреттеледі. А.Бек Б.Момышұлынан соғыс жайын сұрайды. Б.Момышұлы - соғыс жайын көрген, сезген адам біледі, менің сізге айтарым жоқ [1] - дейді. Тіпті қолқалап қоймаған соң, Батыр оның өзіне қарсы сұрақ қойған. - Махаббатты білесіз бе? [1,17] – деп сұрайды. Сонда бұл сұраққа өзі былай деп жауап береді: - Жар сүю, бала сүю, жеке өмірде кездесетін сезімнен өзгеше сезім ар-намыс сезімі бар. Адамда ар-намыс сезіміне қарама-қарсы қорқыныш сезімі болады. Біздің қазақтың «Қорыққанға қос көрінеді», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтірер», «Жаным- арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті» деген сөз мәйегін түзуі бүкіл халықтың ой-санасын, танымын көрсетеді. Қорқыныш бойын билесе, алға баса ала ма? Жоқ. Әлде командирден қорқып қимылдай ма? Жоқ. Оны ілгері итеретін жігері мен қайраты. Ол қорқақ атанбас үшін ар-намысын шыңдайды» [1,17] . Бауыржанмен қалай танысқанын баяндау тұсында: « Атым - Бауыржан. Әкем - Момыш, мен соның ұлымын, баласымын, түсіндіңіз бе?» [1,9] - деді.

- Менің фамилиям жоқ, - деді ол. - Менің қазақ екенімді, далада қой жайып өскен фамилиясы жоқ жігіт екенімді білсін, жұрт - [1,9] дейді. Неге қой жайып дейді? - деп ойласақ, Батырдың айтар ойы мынаған саятын сияқты. Қазақты жалқау дейсіңдер, егер ол жалқау болса, мал бағып жүрер ме еді, малмен жан бағып, ішер асы, киер киімін де малмен байланыстырған. Тіпті ет, сүт өнімдерінен түрлі құнарлы ас әзірлеп, қазақтың ұлттық мәдениетінің бір сілемін қалыптастырды емес пе? Сондықтан бұл «оттауизм» деуі тегін емес. А.Бек Б.Момышұлының сөз сөйлеу мәнеріне былай баға береді: «Орыс сөзі мен сөйлемдерінің нақышын бұзбайды, кейінірек байқағаным, - қазақша сөйлегенінде сөзі тезірек ағылатын сияқты көрінді» [1,9] - дейді. XX ғ. ұлттық тілде атаулар мен кісі тегінің бұрмалана қолданылуына қарсы, аламан тарих қазанының қайнауынан шымырланып шыққан Б.Момышұлы өз тегін өзгертпеді, себебі осы тегіндегі ұлы арқылы өзінің қарсылығын, табандылығын көрсетті. Екінші дүниежүзілік соғыста Мәскеу түбінде жауды тойтарған Бауыржан Момышұлы кешегі алаштықтардан елді сүюді үйренсе, жаугершілік замандарда елін қорғаған Ақментей батыр бабаларынан тараған батырлық, елдік, өршілдік рухпен қаруланып, осы күш оны жау алдында қайыстыра алмады.

Жазушы А.Бек майдан даласына келіп, Б.Момышұлымен кездесіп, оның ерекше жаратылысы бөлек адам екендігін көріп, көркем шығарма жазуға кіріседі. Ол жоспарын

ISSN 2788-7979 (online)

Б.Момышұлына айтады. Б.Момышұлы оның шындықтан ауытқыса, оң қолын, екінші рет қателік қайталанса, оның сол қолын шабатындығын айтады. Б.Момышұлының бір ерекшелігі соғыста қылышын асынып жүрді. Мұны көрген генералдар дивизия командирі И.Панфиловқа ескертті де, бірақ Б.Момышұлы уставта қылыш асынып жүруге болатындығын көлденең тартады. Осылайша ерекше тұлғалы, киім киісі мен қылыш асынып жүруі, Күрең төбел атын мініп, майдан шебін аралап жүруін көріп, оны жаугершілік заманның батырларына ұқсатамыз. А.Бек тек көрген-білген, естігенін шындыққа сай етіп жазуға кіріседі. Ең алғашқы тарау – «Қорқыныш» деп аталады. Себебі А.Бек талай күн алғы шепте жүреді, қорқынышты сезінді, енді сипаттай алар деген оймен жазғызбақ болды. Осы тарауда Боранбаев деген солдаттың «аттан» деген сөзден зытып, орманда қалып, өз қолын өзі атып, соғыстан жалтармақ болған мысалын көлденең тартады. Ату жазасына бұйырғанда жауынгер Қалимолдин, Добряков, Блоха өз саптас жауынгерін оққа қимайды, кешірім сұрап, командирден өтінгендей қалде болады. Б.Момышұлы өз әкесінің қарақұрт шағып, у тарамас үшін шаққан жердің етін ойып тастағаны бар - деп мысал айтады. Соғыста қорқыныш жеңсе, сенімсіздік жайласа, әскерден жеңіс қалай күтесің? Соғыста командир ретінде әр жауынгерге жауап беріп оны өлімге емес, өмір сүруге жұмсауы қажет. Кезінде генерал И.Панфилов та осылай айтқан болатын. И.Панфиловтың өзіне сонау Талғарда Б.Момышұлының өзі де «мен батальонымен өлуге даярмын» дегенде, «батальонда 700-800 адам бар, 20-30 ұрыс жүргізіңіз, бірақ батальонды сақтап қалыңыз» [1,61] деген. Б.Момышұлы «бірақ мен абыроймен өлуге даярмын» деген екен. Сап алдына Боранбаевты тұрғызып қойып, ату жазасына кеседі. Сот та жоқ, үкім де жоқ. Кейін бұны не үшін жасағанына, егер осы іс осылай қалса, жауынгерлік тәртіп, міндет босаңсиды. Сондықтан осындай әрекетке бардым дегенде, генералдың өзі рапорт жазып, құжатын реттеп қоюын тапсырған. Б.Момышұлы жауынгерлерді сап түзетіп, сап алдында Боранбаевқа қарап «Ал бұлар болса, сен құсап арын сатқан жоқ. Бұлар - адал жауынгерлер. Міне, ұрысқа баратын осылар. Бұлар - ел намысы, ер намысы үшін қасық қанын аямай күреседі. «Жаным - арымның садағасы» деген ата - бабамыздың батырлық дәстүрін берік ұстайды»[1,35] - дейді. Міне, А.Бектің шығармасында қазақ мақалдары мен қанатты сөздері неге жүр? деген сұрау туындайды. Бұл сұраудың жауабынан шығарманы Б.Момышұлының өзі жазған деп танимыз. Батырлық сөзін Б.Момышұлының өзі де айтып отыр. Мақалада А.Бектің шығармашылық қабілеті немес көркем шеберлігіне баға беруден аулақпыз, ондағы негізгі кейіпкер Б.Момышұлының дүниетанымы, оның батырлық ұғымына қойылар талабы ескеріледі. Бұл шығарманың стиліне қарап, Б.Момышұлының айтып отырып жазғызғаны, тіпті өзі жазғандығы байқалады.Сондықтан тілдік семантикалық ерекшеліктер, батырлыққа тән сөз сілемдері еркін анықталады.

Батырлық, ерлік туралы дүниежүзі ғалымдары мен психологтары бас қатырып, ол қай кезде көрінеді деп сан-саққа жүгіріп жүрсе, Бауыржан атамыз сонау 1941 жылы-ақ соғыстағы адам мен соғыс психологиясына тоқталып, белгілі ой-қорытындысын жасап үлгерген екен. Әлі де батырлық сөзі қайдан шықты деген сұраққа атамыз былай жауап береді: «Шыншылдық-Екіжүзділік, Батырлық- Қорқақтық – ғарыштық сипаттағы ұғым» [8 ,136]. Қорқақтық бәріміздің бойымызда бар, қажет болса қорғана жүріп, шабуыл жаса, батырлық адамның ерік-жігерінен туады, алға қойған мақсаты мен міндеті айқын болса, сол жолға бар күшін төгеді, осылайша адал борышын абыроймен атқарады.

Батырлық пен батыр туралы шетелдік ғалым М.Подлесная батырлықтан гөрі жеңістің салмағы ауыр секілді, себебі біз «Сіздің бұл (батырлық) ерлігіңіз мәңгі ұмытылмайды» дейміз, батыр мен батырлықтан барып ерлік әрекет туады [13,508] - дейді. 28 - Панфиловшылар ерлігі дейміз, ал егер бір жауынгер өз досын жау қолына бермесе, ерлікке тән әрекет жасады» (Также присутствует пространственная разница - подвиг более объемен, масштабен:подвиг 28 панфиловцев или подвиг под Сталинградом - деяния, отражающиеся в физическом и морально-психологическом масштабе на всю войну, а поступок рядового Иванова, не бросившего товарища в битве под Смоленском, - геройский) [13,508] - дейді. Яғни барлық әрекет мекеншақпен өлшенеді, әрі нарративке, яғни оқырманға баяндаумен жеткізіледі.

ISSN 2788-7979 (online)

«Батырлықтың мәдени-айрықша ерекшеліктерін білу, қазіргі заманда батыр мен батырлық концепциясына жаңаша қарау парадигмасын ұғындырады»(Предполагается, что знание культурно-специфичных значений героизма может быть полезно для пролития света на модернизированные представления о концепции героя и раскрытия роли героической парадигмы в современном обществе) [14,21] - дейді.Батырлық пен ерлік үлгісін әлі де көрсетіп жатыр. Ол біреудің өмірін құтқару, жеке басының қауіпсіздігінен гөрі, қиындыққа ұшыраған адамға қол ұшын созу сияқты әрекеттер. Мен батырлық жасайыншы демейді, оның тәрбиесі мен ар-ұяты шыдатпайды, осы әрекетке барғызады.

Батырлықтың үлгісі саналатын көптеген бай ауыз әдебиетіміз, жыр-дастандарымыз бар. Халықтың санасында батырлық концепциясымен бірге астасып жанды адам жүретіні белгілі. Халқымыз ұрпағына арман, өсиет, өнеге ретінде батыр ұлдарын дәріптеп, жыр-дастандарына қосқан. Егер халқымыздың тәрбиелік мәнге толы осы жыр-дастандары болмаса, ұрпағы қалай қанаттанар еді? Жазу-сызу болмаған кездің өзінде жаттап алып, таңнан – таңға жеткенше батыр ұлдарын дәріптеген толғаулары болмаса, батырлық рух қалай жанданбақ? Міне осы жыр-дастандардағы батырлық идеяларының сілемдері Батыр Б.Момышұлымен жалғасты. Бұл дастандарда Батырдың келешек іс-әрекетіне негіз болатын туған жерін қорғау, намысын таптатпау идеялары жатыр. Б.Момышұлын да толғантқан абырой, намыс, ұят, адамгершілік, адалдық сияқты қасиеттер. Осы қасиеттер оның бүкіл өмірінің кредосына айналды.Ұлы Отан соғысында Б.Момышұлын талай ойын сан-саққа жүгірткен қиын-қыстау шақтарда жол тауып, қоршаудан шығуда, тосыннан атакаға шығуға бararда терең толқыныспен шешім қабылдайтынын көреміз. Махамбет ақын айтпақшы «Түн қатып жүріп, түс қашқан» ұйқыны білмей, тығырықтан, қоршаудан шығу үшін қалай қиналғанын көрсек, Батыр өз жанын емес, қарамағындағы жауынгерлерінің өміріне жауапты екендігін сезінген. Содан соң барып, ертең жауынгерлерден айырылып, сопаң етіп жалғыз қалсам не болғаны деп, күні-түні ұйықтамай, ұйқысы қашып, жер-суды, жер жағдайын зерттеп, барлау ұйымдастыруы – үлкен шешімді қажет етеді. Немістер де ақымақ емес, кешегі қираған жолмен жүрмеуге тырысады, біз басқа жағынан шығуымыз қажет деуі, тіпті ұзыннан ұзақ шұбатылған жау эшелонының арасынан тіліп өту деген – не деген ерлік! Генерал И.Панфиловқа кездескенде, бұл соғысқа «психологиялық соғыс» деген ат береді. Генералдың қарамағындағы батальон командирі Б.Момышұлын зер сала тыңдауы, сосын сіз не айтасыз? - деп ақылдасуы, өзін генералмын деп асқақтаудан аулақ, соғыс жағдайын терең білетін шебер қолбасшы екендігін көрсетеді. Соғыстағы өмір мен өлім арпалысы Батырды жан тебірентер сезімдерге бөледі. Қорқақтық, қорқыныш, парыз, абырой, ерлік, батырлық, ұят туралы ойларын күнделікке түсіріп жаза бастады. Күнделік жазуына себепкер бір жағынан генерал И.Панфиловтың да үлесі бар секілді. Өйткені ол кісі күнделікті қандай маневрде болдыңдар - деп сұрап, есеп талап ететін. «Арпалыс» романында бүкіл техникалық жағдай, соғыс картасын сызу, топографияны жасау – Б.Момышұлы мен Рахимовтың қолынан өтті. Белуардан су кешіп, қараша айында қатты ауырады. Ертеңіне шабуылды тойтару, реті келсе шабуылға шығу - осының бәрі Батырдың ой-санасынан қорытылды. Осы ой ширатылып келіп, оның 1944 жылы елге келгенде арада үш жыл бойы пісіп жетілген тиянақты ойтолғақ есебіндегі бес күндік дәріске ұласқанын білеміз. «Соғыс психологиясы» атты дәрісі - Б.Момышұлының өмірлік тәжірибе қайнауынан шыққан таза мінсіз әскери дүние. Онда адам санасының қатпарлы қиын сауалдары, соғыс деген алапаттың әсері, оған адамның шешуін табар сауалдары араласқан. Жас ұрпақты қалай тәрбиелеу керек? Соғыстың терең астарлы мәні бар адам санасын қопаратын психологиялық дүние екендігін дәлелдеген. А.Бектің шығармасы да осы терең тербелістің негізінде туған. Соғыстың алғашқы күнінен бастап басталған әскери даярлық, Б.Момышұлының әскери тәртіпті қатаң сақтайтын қолбасшы екендігін көреміз. Тау-тасқа қарамай әскерді ойлы-қырлы жермен жүргізтіп, жауынгердің құрал-саймандарының қалай жинақы тұруына дейін тәртіптілікке шақыруын көреміз. Отын-суды әзірлеу, күлді-күйелеш болса да, жауынгердің тамағын өзі пісіруін қадағалауы, ертеңгі соғыста жай-күй талғамайтыны, бұдан да қиын жағдайлар болатындығы да ескерілген. Кешегі журналист, мұғалім, суретші, ғалым, дәрігер, музыкант соғыста не істеуі қажет? Соғыс жағдайына қалай тәрбиелеу керек деген мәселені

ISSN 2788-7979 (online)

күн тәртібінен еш түсірмеді. Әскер жасақтауда, кешегі түрлі саланың маманы бүгінгі жауынгер болып шыға келді.Осы жолға тәрбиелеуді командир абыройлы атқарса, ол жасақ еш жеңіліске ұшырамайды.

Отанын, туған жерін аңсау - кез келген адамның қанында бар. Батыр да сонау бір зұлмат соғыста жүріп, отбасы мен туған жерін бір сәтке естен шығармаған. Әке мен әже, халқының тәлім-тәрбиесін алып өскен батырымыз әр уақытта абыройлы, парасатты ой үдесінен шығуды қадағалайды. Соғыста жүріп Отанның ұлтқа, ұлысқа бөлінбейтіндігін, оның әрбір талы мен дарағының қымбат екендігін түсінеді. Артта қалған бала мен ата-ананың ертең өзі үшін ұялып жерге қарамауы үшін соғысады және әрдайым жауынгерлеріне де ертең жаман аты қалмауын өтініп бұйрық жүзінде де , сапта да, жай әңгіме жүргізгенде де айтып отырған. Б.Момышұлы табиғаты қатал суық Мәскеу түбінде терең ой үстінде талай ойларға беріліп, ой-толғаныстарда отырғанын көреміз. Кей кездері қатты ой үстінде: «Мен неге айдалада қан төгісте жүрмін?» [1,129] - деген де сұрақ қояды. Бірақ жауынгердің анты мен борышы, артындағы қалың елі, жаугершілік заманда батырлардың ел бетін көрмей, шайқасқандығын, ұлтарақтай жер үшін күрескендігін, ар мен намыстың туын жықпағанын көріп өскен отбасы тәрбиесінен алшақ кете алмайды. – Мен Отанымды қорғап отырмын, бағыты мен өмір сүру ортасы бір Мәскеу- біздің жүрегіміз, халқымыз - бәріміздің қазынамыз, адам деген ең киелі байлық, ал туған жерді қорғау, аман сақтау – менің парызым - деп түсінеді.

Қарамағындағы жауынгерлерді өз бауырындай көріп, жақсы көрсе, адалдықтан аттаса, соншалықты жек көру сезімдерін де бастан өткізеді.Батырлық пен ерлік қарақан басының қамы емес, артта қалар ұрпағыңа сын деп түсінген шақта ғана орындалар міндет деп түсіндіреді. Бірде А.Бекке «Бәлкім, сіздіңше, Ерлік деген - анадан туа бойға біткен қасиет шығар? Әлде каптенармустың шинелімен қоса «пәленшеге берілді», «түгеншеге берілді» деп белгі соғып үлестірген сыйы болар?» [1,15] - дейді. Ерлік деген сын сағатта туады. Оған ешкім дайындалмайды. «Қарауындағы жұртпен жүрегің бір соқса, ой-ниетің солармен бір болса, командирден бақытты кім бар! Сол бақыт тап осы минутта менің қолыма тигендей болды. Батальонда бүгін батырлық пайда болғандығы ақылыма аян, жүрегіме кәміл еді» [1,129] - дейді. Әскери абырой, әскери ант, азаматтық борышқа адалдық, батальонның жауынгерлік тәртібі мен дәстүрінен абырой мен сенімге құрылған міндет шығады. Совет жауынгерлері осы мақсатқа жету үшін күресті. Адам мен адам тату, ешкім баласынан, анасынан, әкесінен айырылмауы қажет, ешкім ешкімнің баға жетпес байлығы - өміріне қол сұғуына құқығы жоқ екендігін көрсетті. Қалай болғанда да Ұлы Отан соғысы кезіндегі Волоколамск тас жолындағы шешуші шайқас Қазақстанда құрылған 316-атқыштар дивизиясының атын тарихта алтын әріптермен жазды. Б.Момышұлының әскери командир ретінде қалыптасу жолында әкесіндей ұстазы болған генерал И.Панфиловтың есімі ерекше аталады. «Арпалыс» романындағы желідей тартылған сыйластық, әке мен бала сияқты татулық, жанашырлық, баланың әкесіндей адамнан ұятқа қалмау жолын ойластырғаны жау ортасынан сытылып шығып, ұстазына қайта оралуы, оның салалы саусақтары мен бет әлпетінің қырлы жүзін бақылауы, келер күннен жеңісті жолдарға аттандырар әке қамқорлығын көргендейміз. «Болар баланың бетін қақпа, белін бу» деген халқымыздың қасиетті сөзі осы тұста өзі сұранып тұр. Майданның ең қиын резервтік қызметін атқару бұйырады Б.Момышұлына. Б.Момышұлының ержүректілік пен қайсарлыққа толы, Отанына деген борышына адал ұлдың ниетін, міндеті мен парызын ұққан Б.Момышұлыны генерал И.Панфилов осындай салмақты тұстарға аттандырады.Генерал тарапынан сенім мен әскери міндетті атқара білушілікті Б.Момышұлы соғыста бірнеше мәрте дәлелдеді.

Б.Момышұлының батальоны И.Панфиловтың таңдауымен сұңғыла командирдің амал-айласының мол екендігін бағалап, оның батальонын резервтік етті. Қай жерде қиын-қыстау жағдай, сол жерден бұл батальон табылуы қажет болды. Осындағы аш нәр татпаған жауынгердің әскери міндетін орындаудағы жанқиярлық ерлігін қарасаңызшы! Қараңғы түнде жаудың тылына өту үшін қалың орманда ағаш кесіп, аралап, жол ашу деген ерлікке апарар жол. Бұл ерлікке себеп дұрыс бағытталған әскери тәртіп пен міндет болды. Әскер басында тәуекелшіл, қорқынышты жеңе білген командир болуы керек. Бірақ шешуші сәтте

ISSN 2788-7979 (online)

шабуылдаушы, әрекет етуші батальон болды. Жауынгерлік ерліктің бастауы да, шыңы да әскери тәртіппен, азаматтық борышпен, маневрлік соғыс тактикасын дұрыс құра білуден шығады. Б.Момышұлы өз жауынгерлерінің жүзіне барлап, ертеңгі күнін болжап отыратын болған. Батальондағы 700 адамды сөзімен, бұйрығымен, тәрбиесімен басқара білген Б.Момышұлы соғыста абыройға ие болды. Соғыстағы тағы бір батырлықты шыңдайтын нәрсе - сенім мәселесі. Жауынгерлерін тастап кетуге болмайды. Жау шебін бұзып өтерде қандай қауіпті жағдай болмасын, атына мініп алдына түсіп, қайқаңдап жүрмеген. Сарбаздарының соңын ала, түтеген оқтың астында жүрген. Егер атқа мініп, шаба жөнелсем, бас иесіз қалған әскер, өздерінің әкесінен айырылғандай сезімде болатынын түсінеді. Сондықтан қандай жағдай болмасын, әскерінің алдына шығып шаба жөнелу дұрыс еместігін біледі. Тіпті көрші батальондардың арша-аршасы шығып келе жатқан түрін де көрсетпеуге, лажы болса, олармен араластырмауға тырысады. Себебі, жеңіліс тапқан, басшысы бір жақта, өздері екінші жақта шашырап қалған әскерден оңды әңгіме күтпейді. Әскери тәрбиенің бүге-шігесіне дейін зерттеген дарынды басшы жеңіске қуана білуді де біледі. Күнделікті марапатқа сарбаздарын ұсынып, ол тізімді нақтылап отырған. Жауынгерлік әрекеттен барып, жеңісті сәттер болатыны, сол жеңіске қуана білу де қажет екенін тапқан. Екінші дүниежүзілік соғыстағы жаумен текетіресте неміс әскери командованиесінің жоспарын орындатпай, талқандады. Жау бұрынғыдан да адам шығынына қарамастан бар күшін осы төңірекке төкті. Бірақ аз күшпен әскери тактика мен маневрдің арқасында Б.Момышұлының батальоны жау тылынан бірнеше мәрте жарып шықты. Ұзыннан - ұзақ шұбалған неміс әскерін де ромб түрінде сыналап кіріп кесіп өтеді. Б.Момышұлының тағы бір әдісі - винтовкамен залпымен оқ ату, осы әдіс арқылы жаудың орасан зор күшіне тап береді. Немістерді бас көтертпей, орманға жүгіріп өтеді. Екінші бір жағдайда жауды бекіністен өткізбейді. Жау енді оң жақ пен сол жақтан қиып өтіп бұлар тағы тылда қалып қояды. Жаудың тылынан әрекет жасап, тағы да асқан әскери сұңғылалығымен Б.Момышұлы жаудың аралық шебінен өтіп кетеді. Қандай қиыншылық болса да Б.Момышұлының ұйықтамай түні бойы жоспар құрып шығатынын, тіпті бір жолы қатты ыстығы көтеріліп ауырса да, су аяқ киіммен, су киіммен қалшылдаған қарашаның суығында Отан деген отбасын ұмытпаған. Әскери тәртіптің соншалықты дұрыс құрылғанының куәсі боларлық жағдай, бүкіл батальонға бір қорап темекінің қалған кездегі ешкімнің темекіге қол созбауы, Синченконың егер мен біреуін алсам, қалғандарға жетпейді ғой дегенінің өзі, үлкен ұжымдық, біреуі үшін бәрінің бірлескен ортақ парызы жолындағы әрекеті. Б.Момышұлының соғыстағы тактикасы мен маневрі де саналы түрде ұйымдастырылған, асқан жауапкершілікпен құрылған. Б.Момышұлының тағы бір соғыстағы тактикасы қандай жағдай болмасын, солдаттың қаруы таза болуы керек. Қаруың даяр болмаса, оқ ата алмайсың. Аш қиналып, жау қоршауынан шықса да тамақ ішіп үлгере алмай, қайта соғысқа қайта тапсырмамен жау қолынан деревняларды азат ету әрі жауға тосыннан шабуыл жасау, жауға «біз бармыз» деген сес көрсету мақсатында, яғни Б.Момышұлы айтқандай соғыс психологиялық сипатқа ие екенін дәлелдей түседі. Жау да кешегі жеңіліс тапқан жолмен емес, басқа тәсілмен әрекет етуде. Бірақ 7-8 км аралықта бір батальонның жауға қарсы қорғануы тарихта болмаған жағдай. Сондықтан ең маңызды мәселе - қорғана білу. Шығынға батпау, жауды неғұрлым жақындатып барып ату, оқ шығынын жасамау мәселелері де қарастырылған. Тіпті жау шебінен пулемет пен винтовка түсіру де қарастырылған. Жаумен соғыста ең басты мәселе - қателік жібермеу, осының бір дәлелі Брудныйдың жеңіліс табуы, осы жолда оны жазалайды. Б.Момышұлы Брудныйдың қол астындағы жауынгерлері мен қаруынан айырылуына қарсы екенін көреміз. Брудныйды түн ішінде қаруын тауып келуді қайта жұмсайды. Брудный екі винтовка жаудың бірнеше документін қолға түсіріп келеді. Шилов батальон командирі әскерінен айырылып, өзі жараланып жатады. Оның да тірлігі құптарлық емес. Әскерінің қайда қалғанын білмейді, ұзақ уақыт күйзеліске түседі. Бозжанов нағыз өз ісінің шебері. Пулеметті шашып жинап, соғысқа даярлаған. Рахимов бүкіл карта жасау, жау шабуылына қарсы қимыл ұйымдастырушы, маман. Әрине, И.Панфиловтың шеберлігі, соғыс тактикасын үйрету жағынан жалықпайтындығы, тәжірибесі, жауынгерлерге тең қатарда сөйлесуі, кісіні тыңдай білетіндігі туралы айтуымызға болады. Б.Момышұлы батальонының

ISSN 2788-7979 (online)

орналасқан жерін байқап, тағы да жаудан қорғану, алдау мақсатында қосымша шеп жасауды ұсынады. Түні бойы адам бойымен екі траншеяны қазуы, оны біреуінде адам , біреуінде жоқ. Жау осы жаңа топырақ үйілген шепті атқылап, біраз шығынға батады. Осы жерде Бауыржанның бізді «Жер ана» сақтап қалды дейтіні бар. 700 адамның 7-8 км жерді қорғауы өте қиын ойлап қараған адамға.И.Панфиловтың соғыс тактикасы да керемет құрылған. Ол екі соғысты көрген қыран. Жаудан жасырынар жар қабақ жеткіліксіз ағаштарды кесіп өзеннен өтер сал жасауды тапсырады. Соғыс тактикасы мен стратегиясының дұрыс құрылуы командирге байланысты. Дұрыс берілген бұйрық та ұрыстың шешуші әрекетіне қажет. Ұлы Отан соғысында Орта Азия әскери округінде құрылған жауынгерлерді бастап шешуші ұрыста жанқиярлықпен ерлік көрсеткен советтік Отанымызды қорғаудағы ерлігі еленбей қалса да, өзін дүниежүзілік Батырға теңестірген Б.Момышұлы есімі мәңгі өшпейтіндігін біз бүгін тағы дәлелдеп отырмыз.

Б.Момышұлы туралы жазылған жазушы А.Бектің «Арпалыс» романында Бауыржан батырлығына себепкер – тәрбие мен өмір тәжірибесі десек болады. Себебі роман басында жазушы кейіпкерімен танысқанда кейіпкерінің ерекше адам екенін көреміз. Оны сөз саптауынан көреміз. Момышұлы деген текті ұстануының өзі тектілік белгісі, мен далада мал жайған қазақ баласымын – деуінде мән бар. Малсыз қазақтың күні жоқ десек, Батыр атамыз да сол мәселені нұсқап отыр. Қазақтың «Малым - жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деген мақалын бүкіл өміріне ереже етіп алған десек болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Түйіндей келе, А.Бектің «Арпалыс» романындағы Б.Момышұлының батырлық тұлғасын жинақтайтын ұғым-түсініктер талданды. Мақаланың мақсатына сай Б.Момышұлының тілдік концептілік ұғымдар мен түсініктері туралы материал жинау, сұрыптау және концептологиялық талдау әдістері пайдаланылды.Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары бойынша тілдің ұлттық ерекшелігі, кейіпкер тілінде қолданылған мақал-мәтел, тілдік қолданыстарға қарап, оның батырлықты, ерлікті бойына жинаған тұлға екендігі танылды. Батырлықтың, ерліктің қайнар көзі - абырой мен сенім екендігі табылды. А.Бектің «Арпалыс» романына өзек болған Батыр Б.Момышұлының айтуымен жазылған деректі шығармада батырлығымен ерлігімен көзге түскен жауынгерлер есімі ерекше құрметпен аталады. Б.Момышұлы өзі айтқандай, барлық жауынгерлер есімі өзгертілмей тарихта өз аттарымен қалды. Әртүрлі салада қызмет еткен қызметкерлер мен жұмысшылардан әскери тәртіпке бағынған, өз елінің шынайы батырларын тәрбиелеп шыққан әскери командирлер мен қолбасшылардың ерен ерлігі деп санаймыз. Кейінгі ұрпақ «менің атам батыр болған екен деп айтарлықтай азаматтар болды». Б.Момышұлының әр уақытта айтары «Өлімнен ұят күшті, Ел намысы- ер намысы» атты халқымыздың даналыққа балар асыл сөздері ұранындай болды. Соғыс аяқталған соң да Б.Момышұлы соғыстағы қыран ерлерімен кездесіп отырған. Б.Момышұлы бейнесі шығарманың өне бойында баяндаушы ретінде беріледі. Сондықтан соғысты өз басынан өткерген, ерлігімен көзге түскен халқымыздың Батыр ұлы туралы бұл шығарма өміршеңдігін жоймайды.Сондай-ақ әскери абырой, әскери ант, азаматтық борышқа адалдық, батальонның жауынгерлік тәртібі мен дәстүрінен өріс табатынына дәлелдер анықталды. Шығарманың өне бойында негізгі кейіпкер, Б.Момышұлының қаһармандық жолы, батырлық пен ерлікке толы батальонының жауынгерлік жолындағы Отанын сүю, туған жерін қадірлеу туралы ойлары талқыланды.

Зерттеу жұмысымыз болашақта Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің батырлыққа толы іс-әрекеттерінің беймәлім жағы мен сырын анықтауға, Б.Момышұлы туралы ақпараттарды тереңірек зерттеуге жетелейді.Сондай-ақ зерттеу жұмысы Б.Момышұлы туралы қосымша деректер мен мәліметтерді толықтыра түседі.Осы арқылы тілдің ұлттық сипатының, тілдің ғаламдық бейнесінің жекелеген тұлғаларда даралана түсетіндігіне көзіміз жетті.

ISSN 2788-7979 (online)

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Бек А. Арпалыс. Көптомдық шығармалар жинағы. 27 том (1-кітап) -А., 2010. - 320 б.
2 Бек А. Арпалыс. Көптомдық шығармалар жинағы. 28 том (2-кітап) – А., 2010. - 280 б.
3 Бек А. Арпалыс. Көптомдық шығармалар жинағы. 29 том (3-кітап) – А., 2010. - 260 б.
4 Байтұрсынұлы А.Қазақ тіл білімінің мәселелері./Құраст: Ғ.Әнес/- А., 2013. - 640 б.
5 Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-том /Аударған А.Егеубай/ - А., 2017. - 528 б.
6 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - А.,1999. - 581 б.
7 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – А., 2009. - 784 б.
8 Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. /Ауд.:М.Қазыбек/ - А., 2010 - 336 б.(электронды оқулық)
9 Манкеева Ж.А. Этномәдени мазмұн және сөз синергиясы//Тілтаным.- 2022.- № 86 (2), - Б.48-58.
10 Васильченко А.В. Тіл- ұлттық ментальдылық пен мәдениеттің көрінісі ретінде
Білім мен ғылымның даму тенденциялары.№ 83-1 .2022. Б. 144-147 trnio-03-2022-40.pdf (электронды ресурс)[орыс тілінде]
11 Жуков В.Н. К.Г.Юнг:Ұжымдық бейсаналық, архетиптер, мәдениет//Білім және құқық.-2022.-№3.311-325б, DOI:10.24412/2076-1503-2022-3-311-325, file:///C:/23/k-g-yung-kollektivnoe-bessoznatelnoe-arhetipy-kultura.pdf (электронды мақала) [орыс тілінде]
12 Подлесная М.А., Шевченко О.К. және Ильина И.В.Батырлар мен батырлық - ұжымдық сананың репрезентациясы ретінде// Хабаршы РУДН. Серия: Әлеуметтану. 2023. Т. 23. № 3. Б. 503–524. DOI: 10.22363/2313-2272-2023-23-3-503-524,https://cyberleninka.ru/article/n/geroi-i-geroizm-kak-reprezentatsii-kollektivnoy-pamyati/viewer [орыс тілінде]
13 Sargsyan M.,Madoyan A.Heroes and heroism: Realization of the heroic paradigm in Scottish folktales. In Esse: English Studies in AlbaniaТом 12, Выпуск 1, 2021,С.5-23, https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85139092193&origin=inward&txGid=6c145b710a85122f03d7dacef264b51a [ағылшын тілінде]
14 Dugarov B. S. Buryat Hesariad: Tengrist mythology and the epic interpretation
// Санкт-Петербург университетінің хабаршысы. Философия және конфликтология. 2019. Т. 35. Шығ. 4. Б. 580–592. https://doi.org/10.21638/spbu17.2019.406 [ағылшын тілінде]
15 Ярматова М.А. Тіл-мәдениет арқауы //Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің өзекті мәселелері. Арнайы шығарылым. 2023. №S/1(3)- 2023 Б.110-117. (Электронды журнал). Ярматова+Мехринисо%20(1).pdf [орыс тілінде]
16 Голубенко Е.А. Әлемнің тілдік бейнесіндегі «соғыс» және «бейбітшілік» концептілерін майданда ұйымдастыру.// Хабаршы РУДН. Серия: Тіл теориясы. Семиотика. Семантика. 2019 Vol. 10 .No 1.Б. 197—212. polevaya-organizatsiya-kontseptov-voyna-i-mir-v-sovremennoy-yazykovoy-kartine-mira.pdf (Электронды ресурс) [орыс тілінде]
17 Мерве Багчи Шенгюль Шығыс майдандағы казак әскерлері.//Ортақ түркі тарихы зерттеулері. 2023. Т.5. Шығ.10. Б.789—806. 10.53718-gttad.1216338-2820122.pdf (электронды ресурс) [түрік тілінде]

Материал 22.12.2024 баспаға түсті

Лингвопознавательные особенности героизма Б. Момышулы в произведении А. Бека

А.А.Туймебекова[1], А.Б.Салқынбай[1]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, 050038, Алматы, Республика Казахстан

В данной статье исследуется внутреннее сознание и познание человека, восходящие в своих истоках к достоинству и чести воина, человека, который смог противостоять

ISSN 2788-7979 (online)

огромной силе врага, сокрушить чашу весов в Великой Отечественной войне, в статье также изучается человек на войне, его мировоззрение, отношения командира и солдата.

Известно, что русский писатель А.Бек, который хотел собрать материалы о военных событиях 1941 года, о направлении военных действий, говорил об этом с героем Б.Момышулы, в разговорах с легендарным героем речь шла о войне, о месте человека на войне, его воспитании, о вопросах нравственности в лихие годы. В результате этих разговоров и появилась известная книга А.Бека. Беседы с Бауыржаном Момышулы, которые составили композиционную основу книги, породили следующие вопросы: в крови казахов есть героизм, мужество, если бы их не было, то как бы мы смогли сохранить свои необъятные земли? Мы сохранили свою независимость и свободу благодаря острию копья и силе кулака.

Примером героизма, уходящего корнями к данной традиции, является Б. Момышулы. В результате исследования установлено, что в становлении языкового познания Б. Момышулы сыграли решающую роль национальная специфика, народное познание и ментальность. Мы видим, что традиции героизма и доблести восходят к глубокой древности, эти качества пришли к нам из далеких времен, наши предки сражались в войнах, ставя честь и отвагу выше собственной жизни. Очевидно, что благодаря боевой чести и вере, присяге, верности гражданскому долгу, боевой дисциплине и традициям наши отцы побеждали в оборонительных войнах, в том числе в Великой Отечественной войне.

Ключевые слова: концепт, храбрость, героизм, честь, победа, лингвопознание, страх.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Бек А. Арпалыс. Собрание многотомных произведений. Том 27 (Книга 1) - А., 2010. -320 с. [на казахском языке]
2 Бек А. Арпалыс. Собрание многотомных произведений. Том 28 (книга 2) - - А., 2010. -280 с. [на казахском языке]
3 Бек А. Арпалыс. Собрание многотомных произведений. Том 29 (книга 3) - А., 2010. -260 с. [на казахском языке]
4 Байтурсынулы А. Проблемы казахского языкознания /Сост: г. Анес / - А., 2013. - 640 с. [на казахском языке]
5 Кашгари М. Турецкий словарь. Том 3 / Перевод А. Егеубай / - А., 2017. -528 с.[на казахском языке]
6 Жубанов К. Исследования по казахскому языку. - А., 1999.-581 с[на казахском языке].
7 Кайдар А. Казахи в мире родного языка. – А., 2009. -784 с. [на казахском языке]
8 Момышулы Б. Книга, написанная кровью. / Пер.: М. Казыбек/ - А., 2010-336 с. [на казахском языке]
9 Манкеева Ж. А. Этнокультурное содержание и синергия слова//Тілтаным.- 2022.-№ 86(2), - с. 48-58. [на казахском языке]
10 Васильченко А.В. Язык как отражение культуры и национальной ментальности Тенденции развития науки и образования. Номер: 83-1. 2022 С.144-147 trnio-03-2022-40.pdf (электронный ресурс) [на русском языке]
11 Жуков В.Н. К.Г.Юнг:коллективное бессознательное, архетипы, культура.//Образование и право.-2022.-№3.С. 311-325 DOI: 10.24412/2076-1503-2022-3-311-325, file:///C:/23/k-g-yung-kollektivnoe-bessoznatelnoe-arhetipy-kultura.pdf [на русском языке]
12 Подлесная М.А., Шевченко О.К. и Ильина И.В. Герои и героизм как репрезентации коллективной памяти.// Вестник РУДН. Серия: Социология. 2023. Т. 23. № 3. С. 503–524- DOI: 10.22363/2313-2272-2023-23-3-503-524 , https://cyberleninka.ru/article/n/geroi-i-geroizm-kak-reprezentatsii-kollektivnoy-pamyati/viewer [на русском языке]
13 Sargsyan M.,Madoyan A.Heroes and heroism: Realization of the heroic paradigm in Scottish folktales. In Esse: English Studies in Albania part 12, Vol 1, 2021, pp.5-23, https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-

ISSN 2788-7979 (online)
85139092193&origin=inward&txGid=6c145b710a85122f03d7dacef264b51a. [на английском языке]
14 Dugarov B. S. Buryat Hesariad: Tengrist mythology and the epic interpretation // Вестник Санкт-Петербургского университета, Философия и конфликтология. 2019. Т. 35. Вып. 4. Б. 580–592. https://doi.org/10.21638/spbu17.2019.406 [на английском языке]
15 Ярматова М.А. Язык - носитель культуры //Актуальные проблемы социально-гуманитарных дисциплин. Специальный выпуск. 2023. №S/1(3)- 2023 С.110-117. Электронный журнал. Ярматова+Меҳринисо%20(1).pdf [на русском языке]
16 Голубенко Е.А. Полевая организация концептов «война» и «мир» в современной языковой картине мира.// Вестник РУДН. Серия: Теория языка. семиотика. семантика 2019 Vol. 10 №1 С.197—212. (электронный ресурс) polevaya-organizatsiya-kontseptov-voyna-i-mir-v-sovremennoy-yazykovoy-kartine-mira.pdf [на русском языке]
17 Merve Bagchi Shengul Cossack troops on the eastern front. Journal of General Turkish Historical Research. vol 5. no 10. 2023.pp.789—806. (electronic resource) 10.53718-gttad.1216338-2820122.pdf [in Turkish]

Материал поступил в рдакцию журнала 22.12.2024

Linguistic and cognitive features of B. Momyshuly's heroism in the works of A. Beck

A.A.Tuimebekova[1], A.B.Salkynbai[1]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050038, Republic of Kazakhstan

In this article a person who was in war, his worldview, his attitude towards a commander and a soldier, the inner consciousness and cognition which originates from his honor and dignity, who steadfastly stood against the enemy's great power, which weighed on the terrible war's scale that led to a great turn in the world is observed. It is known, that in 1942 a whole work made on the basis of the conversation between the hero B.Momyshuly and the Russian writer A.Beck, who went to the battlefield to collect the material about the war, its direction, the place, upbringing and the people's morality in the war. According to this work how did save our vast land, if not heroism and courage in Kazakh people's blood - the question is raised. We saved it with the help of our strength and a spearhead. It was B.Momyshuly who showed the model of heroism and rooted in our tradition. As a result of a research it was found that the formation of B.Momyshuly's linguistic knowledge has included folk knowledge and mentality, national identity. We see that the tradition of heroism and bravery have been living with our people since the time of hostilities, and it has always been the young people's ironclad, who fought with honour. It is clear, that thanks to the combat honour and faith, oath, loyalty to civil duty, combat discipline and tradition, we could get victory.

Key words: concept, bravery, heroism, honor, victory, language knowledge, fear.

REFERENCES

1 Bek, A. (2010) Arpalys. Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Collection of multi-volume works] (Almaty, 2010) [in kazakh]
2 Bek A. Arpalys. Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Collection of multi-volume works] (Almaty, 2010) [in kazakh]
3 Bek A. Arpalys. Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy. [Collection of multi-volume works] (Almaty, 2010) [in kazakh]
4 Baitursynuly A.Qazaq til biliminiń máseleleri[Issues of Kazakh language education] (Almaty, 2013). [in kazakh]
5 Qashqarı M. Túrik sózdigi. [Turkish dictionary (Almaty, 2017) [in kazakh]
6 Jubanov Q. Qazaq tili jónindegi zertteýler. [Research on the Kazakh language] (Almaty, 1999) [in kazakh]

ISSN 2788-7979 (online)
7 Qaıdar Á. Qazaqtar ana tili áleminde. [Kazakhs in the world of their native language] (Almaty, 2009) [in kazakh]
8 Momyshuly B. Qanmen jazylǵan kitap. [A book written in blood] (Almaty, 2010) [in kazakh]
9 Mankeeva J.A. Etnomádenı mazmun jáne sóz sınergıasy [Ethnocultural content and synergy of words] //Tiltanym[linguistics], vol. 86, no 2, pp.48-58 (2022) [in kazakh]
10 Vasil'chenko A.V. Yazyk kak otrazhenie kul'tury i nacional'noj mental'nosti [Language as a reflection of culture and national mentality] Tendencii razvitiya nauki i obrazovaniya. [Trends in the development of science and education] no 83-1.Samara. pp.144-147 (2022) trnio-03-2022-40.pdf (elektronnyj resurs) [na russkom yazyke]
11 Zhukov V.N. K.G.YUng:kollektivnoe bessoznatel'noe, arhetipy, kul'tura. [C. G. Jung: collective unconscious, archetypes, culture// Obrazovanie i pravo [Education and law], no 3. Moscow, pp. 311-325.(2022) [in Russian]
12 Podlesnaya M.A., SHevchenko O.K. and Il'ina I.V. Geroi i geroizm kak reprezentacii kollektivnoj pamyati. [Heroes and heroism as representations of collective memory]] // Vestnik RUDN. Seriya: Sociologiya. [Bulletin of RUDN University. Series: Sociology] vol. 23. no 3. (2023) pp.503-524.[in Russian]
13 Sargsyan M. and ,Madoyan A. Heroes and heroism: Realization of the heroic paradigm in Scottish folktales.In Esse: English Studies in Albania vol 12, no 1, pp.5-23 (2021) https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85139092193&origin=inward&txGid=6c145b710a85122f03d7dacef264b51a [in English]
14 Dugarov B. S.(2019) Buryat Hesariad: Tengrist mythology and the epic interpretation , Bulletin of St. Petersburg University, Philosophy and conflictology. no. 35.
Vol. 4. pp. 580–592. https://doi.org/10.21638/spbu17.2019.406 [in English]
15 Yarmatova M.A. Yazyk - nositel' kul'tury [Language is the carrier of culture] //Aktual'nye problemy social'no-gumanitarnyh disciplin. Special'nyj vypusk. [Current problems of social and humanitarian disciplines. Special issue]. no S/1(3)- 2023. 2023.pp.110-117. Yarmatova+Mexriniso%20(1).pdf .[in Russian]
16 Golubenko E.A. Polevaya organizaciya konceptov «vojna» i «mir» v sovremennoj yazykovoj kartine mira. [Field organization of the concepts “war” and “peace” in the modern linguistic picture of the world.] // Vestnik RUDN. Seriya: Teoriya yazyka. semiotika. semantika [Bulletin of RUDN Series: Theory of language. semiotics. semantics] 2019 Vol. 10 no1 pp.197—212. polevaya-organizatsiya-kontseptov-voyna-i-mir-v-sovremennoy-yazykovoy-kartine-mira.pdf.[in Russian]
17 Merve Bagchi SHengyul' Kazach'e vojska v vostochnom fronte. ZHurnal obshchih turecskih istoricheskih issledovanij. no 5. Vol.10. 2023.pp.789-806. (elektronnyj resurs)[na turecskom yazyke]

Received: 22.12.2024

ҒТАМР 16.31.61 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp260-274

М.Б. Хамзина[1], Д.Р. Жарыкова[1]
[1]«Астана медицина университеті» КеАҚ, Астана, 010000 Қазақстан Республикасы

«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ДІНИ ДИСКУРС: ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БЕЙНЕСІНІҢ КӨРІНІСІ

Зерттеу жұмысы «дискурс», «мәтін», «сөйлеу әрекеті» ұғымдарының байланысын зерттей отырып, діни дискурс мәселесін қарастыруға арналады. Зерттеудің өзектілігі ұлттық тілдегі діни ерекшеліктердің, діни сананың және діни сипаттағы тілдік құралдардың жүйесін зерттеу қажеттілігімен байланысты.

ISSN 2788-7979 (online)

«Алпамыс батыр» жыры – қазақ халқының бай мәдени мұрасының бір бөлігі. Аталған жырда тарихи оқиғалармен қатар, қазақ халқының діни көзқарастары, наным-сенімдері де жан-жақты көрініс табады. Жырдағы діни лексиканы зерттеу арқылы қазақ халқының рухани дүниесі туралы бірқатар ақпараттар ала аламыз.

Зерттеуде дедукция мен индукция әдістерінің интеграциясы арқылы лингвоконфессиологияның ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы рөлі анықталды. Тілдік бірліктерді іріктеу, бақылау, прагматикалық және когнитивтік-семантикалық талдау, сондай-ақ статистикалық талдау сияқты әдістерді қолдана отырып, ислам дінінің тілдік ерекшеліктері мен «Алпамыс батыр» жырындағы діни дискурс ерекшеліктері зерттелді.

«Алпамыс батыр» жырында кездесетін діни лексика негізінен ислам дініне тән сөздер мен ұғымдардан тұрады. Алайда, жырда түркі халықтарының ежелгі діни наным-сенімдерінің іздері де байқалады. Бұл, қазақ халқының исламды қабылдағанға дейінгі және қабылдағаннан кейінгі кезеңдердегі діни көзқарастарының синтезі екенін көрсетеді. Жырда діни дискурсты жүзеге асыратын тілдік бірліктердің, соның ішінде мұсылман, Алла, намазшам, құтпан, диуана, әулие, тұмарлық, әзірет, құбыла сөздерінің мағынасы нақтыланып, мәтін ішіндегі жұмсалымдық қызметі анықталды. Жырдағы діни лексика келесі қызметтер атқарады: кейіпкерлердің Алланың құдыретіне деген сенімі, олардың жақсылыққа ұмтылуы, күнәдан аулақ болуға тырысуы; сондай-ақ, жырда діни ұғымдардың көмегімен оқиғалардың нәтижесі байланыстырылады: Алланың көмегімен перзентті болуы; Алпамыстың жеңісі. Жырдағы діни лексика арқылы қазақ халқының дүниеге деген көзқарасы, өмір мәні туралы түсінігі көрініс табады.

Жырдағы діни элементтер қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі екенін аңғардық.

Кілт сөздер: Алпамыс батыр, Байбөрі, ислам, діни дискурс, діни лексика, ұлттық дүниетаным.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі таңда ұлттық дүниетанымды зерттеу өзекті мәселеге айналды. Жаһандану жағдайында ұлттық тілде бейнеленген халықтың рухани бейнесінің лингвистикалық және экстролингвистикалық факторларын зерттеу қарқын алып келеді. Ал ұлттың мәдени коды – зерттеудің перспективалы нысанына айналды.

Соңғы он жылдықта тіл ғылымында тіл мен діни бірлестіктер арасындағы байланысты зерттеуге деген қызығушылық артып келеді. Бұл лингвомәдениеттану ғылымында жаңа бағыттың пайда болуына әкеліп соқты. Бұл бағытқа атау беруде ғалымдар пікірлері сан қилы. Мысалы, В. И. Постовалова (2010) лингвистика мен теологиялық антропологияның қиылысында пайда болатын теолингвистика деген жаңа ғылыми бағыттың қажеттілігін айтады. Бұл бағыт теолингвомәдениеттану (тіл мен діни мәдениеттің өзара байланысын зерттеу) және теоконцептология (адамның рухани әлеміндегі діни ұғымдарды зерттеу) сияқты бағыттармен тығыз байланысты [1]. Сонымен қатар, мұндай зерттеулерде лингвомәдени шекаралардың тарылып, негізгі назар теологияға ауысып жатқанын айта кету керек. Этностың белгілі бір дінге жататындығы тіл жүйесінде көрініс табатындықтан, тілдік құбылыстардың өзін және ұлттық тілдердің деңгейлерін зерттеу лингвоконфессиология ғылымының көмегімен жүзеге асады (Буянова, 2014) [2.]. Бұл орайда Л. Л. Григорьеваның (2009) әртүрлі дін өкілдерінің дүниетанымындағы айырмашылықтар туралы айтқан пікірі өте орынды [3].

Лингвомәдениеттанудың перспективалы бағыттарының бірі ретінде лингвоконфессиология бүгінде діннің және оның ұғымдарының тілдегі бейнеленуін, сондай-ақ әрбір этнос үшін діннің маңыздылығын әрі оның қандай рухани құндылықтарды қалыптастыратынын зерттейді. Тіл мен дін арасындағы қатынасты осы тұрғыдан қарастыру этностың діни-мәдени ерекшелігін, ұлттық ерекшеліктері мен әмбебап құндылықтарын халықтың дүниетанымының құрамдас бөлігі ретінде лингвистикалық тұрғыдан анықтауға және сипаттауға мүмкіндік береді.

ISSN 2788-7979 (online)

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі ұлттық тілдің барлық деңгейіндегі діни ерекшеліктердің көрінісін, діни мәдениеттің ұлттық мәдениет пен ұлттық дүниетанымның қалыптасуындағы рөлін, діни сананы және діни сипаттағы тілдік құралдардың жүйесін зерттеу қажеттілігімен байланысты. Лингвомәдениеттанудың маңызды саласы болып саналатын лингвоконфессиология діни мәдениеттің тілде, әртүрлі сөйлеу жағдайларында көріну құралдарын, тәсілдерін және негіздерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты «Алпамыс батыр» жыры негізінде ұлттық тіл арқылы берілетін діни элементтердің ұлттық дүниетанымды зерттеудегі маңыздылығын дәлелдеп, Қазақстанның көп тілді және көп мәдени кеңістігінде діни (ислам) дискурсының қызмет ету ерекшеліктерін анықтау және сипаттау.

Түркі халықтарының ортақ мұрасы саналатын «Алпамыс батыр» жыры түркі әлемінің рухани бірлігін және ортақ тарихын айқындай түседі. Басты кейіпкердің аты әртүрлі аталуына қарамастан – Алпамыс, Алпамыш, Алпамша, Барсын-Хыллу, Алып-Манаш – эпостың мәні мен идеясы барлық түркі халықтары үшін өзгеріссіз қала береді.

Жыр тек қана ру, тайпа мәселесі немесе елін, жерін қорғау ғана емес, отбасындағы баланың орны, кейіпкерлердің Құдайға деген сенімі, болашаққа үміті, кейіпкерлердің жеке басының мүддесі сынды мәселелер қарастырылған. Зерттеу жұмысында «Алпамыс батыр» жырындағы діни дискурсты танытатын тілдік бірліктерді зерттеу көзделеді.

Зерттеудің теориялық негізін мәтін мен дискурсты зерттеген отандық ғалымдардың еңбектері (Қ. Жаманбаева, 1998; Ш.М. Елемесова, 2003; Ф.Б. Қожахметова, 2004; А. Ислам, 2005; Г.Е.Имашева, 2009; Г.Ә. Мұратова, 2009), сондай-ақ, әлеуметтік институттарға тән дискурсты зерттеуге арналған шетелдік ғалымдардың еңбектері (Н.С.Валгина, 2003; В.И.Карасик, 2002; Е.С.Кубрякова, 2000), лингвокультурология және лингвоконфессиология саласындағы зерттеулер (Л.Ю. Буянова, 2014; В.И. Постовалова, 2010; М.А.Федоров, 2022) құрайды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеуде дедуктивті-индуктивті әдіс қолданылады, ол лингвоконфессиологияның ұлттық дүниетанымды, соның ішінде тілдік дүниетанымды құрудағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ислам дінінің тілдік ерекшеліктерін анықтау үшін тілдік бірліктерді сұрыптау әдісі және бақылау әдістері қолданылады. Ал діни дискурстың ерекшеліктерін анықтау үшін прагматикалық және когнитивтік-семантикалық талдау әдістері қолданылады. Әрі діни лексиканың қолданылу жиігін анықтау үшін статистикалық әдіс пайдаланылды. Зерттеу материалы ретінде алынып отырған «Алпамыс батыр» жырының мәтіні Алматы қаласында «Алматыкітап» баспасынан шыққан кітаптан (Алпамыс батыр = Alpamyc batyr [Мәтін]: Батырлар жыры / ... – Алматы : Алматыкітап, 2006. – 143 б.) алынды. «Алпамыс батыр» жырында бірқатар діни лексика ұшырасады. Жырдың басы «*Бұрынғы өткен заманда, Дін мұсылман аманда*» деп басталады. *Мұсылман* – ислам дінін ұстанушы, тұтынушы. Түркі тілдерінде *муслим, мүсілім, мұсылман* түрінде әрқилы жазылып, әрқилы айтылатын бұл сөз өзінің о бастағы «дінге берілген, мойынсұнған, дінді тұтынушы адам» мағынасын үнемі сақтаған. «Алпамыс батыр» жырында да осы тура мағынасында жұмсалып, мұсылманға тән сенім, үміт, тәуекелшілдік және т.б. ұғымдар қатарласа беріледі.

Дүниетаным – жеке адамның, әлеуметтік топтың немесе тұтас қоғамның қызметінің бағыты және шындыққа деген қатынасын айқындайтын ұстанымдардың, көзқарастардың, мақсат-міндеттер мен сенімдердің жүйесі. Дүниеге көзқарас қоғамдық сананың барлық формаларына қатысты элементтерден құралады: онда философия, саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен рөл атқарады. Ғылыми білімдер дүниеге көзқарас жүйесіне ене отырып, адамның немесе бүкіл топтың қоршаған әлеуметтік және табиғат шындықтарын

ISSN 2788-7979 (online)

бағдарлау мақсаттарына қызмет ету, сонымен қатар ғылым адамды әртүрлі нанымдар мен адасулардан құтқарып, оның шындық болмысын ақыл-ой арқылы тануына жағдай жасайды [4, 142]. Демек, көзқарастар мен сенімдер дүниетанымның күрделі құрылымының өзегі болып табылатындығын байқауға болады. Ал белгілі бір кезеңдегі қоғам өкілдерінің сенімдері мен нанымдарын ғылыми тұрғыдан зерттеу – ұлтымыздың өзегін, болмысын тануға мүмкіндік берері хақ.

Әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлшегі болып саналатын діни дискурс әлемнің діни бейнесін танытады. Көркем мәтіндегі әлемнің бейнесі де діни дискурстың элементтерін пайдалана отырып, шығарманың рухани бейнесін қалыптастырады. Зерттеу жұмысы көркем мәтіндердің лексикалық құрылымында көрініс табатын діни дискурстың негізгі ұғымын анықтауды көздейді. Мұндай ізденістің өзектілігі ұрпақтан ұрпаққа ауызша тараған, ауыз әдебиетінің үлгілерінің бірі – «Алпамыс батыр» жырындағы діни дискурстың ерекшеліктерін, сөз қолдану айырмашылықтары мен концептосферасын талдау қажеттілігімен анықталады.

НӘТИЖЕЛЕР

Дін – әлеуметтік институт ретінде адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан рухани құбылыс.

Батыс мәдениетінде «Дін» ұғым түсінігінің мәні екі мағынада түсіндіріледі.Оның бірінші мағынасы латын тіліндегі «religare» деген ұғым-түсінік. Бұл ұғым түсінікпен жер мен көк / аспан/ арасында рухани байланыс бар екендігі түсіндіріледі. Ал, екінші, осы латын тіліндегі «religio» ұғым-түсінігі қасиетті, табыну заты, құдайға құлшылық ету мағынасында танылып, қолданылады.

Екінші ұғым біріншісіне қарағанда діннің мәнін нақтылы бейнелейді.

Батысқа қарағанда исламдық өркениетте «дін» терминінің мәні басқашалау түсіндіріледі. Құранда «дін» термині әртүрлі 100-ден аса мағынада қолданылады. Ол «сот», «тиісінше бағалау», «Ақырет күні» деген сөз айшығы ұғымында жеке адамның «сенімін», «дінін» және діни қауым өмірінің негізі болып табылатын салт-жораның жүйесі ретіндегі діннің мағынасын білдіруі мүмкін. «Дін» терминінің негізгі мәні Аллаға құлшылық етудің міндеттілігі мен оның билігінің шексіздігі туралы айтылған аса маңызды Құран идеясына байланысты.

Сонымен, мұсылмандық дінтанушылардың түсіндірулерінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш Алланың барлығына сенім. Бүкіл әлемді және адамды жаратушы ие – Жалғыз Алла адам баласының жүрегін өзіне ұштастыра жаратады, яғни Жаратушының барына сеніп, оның ажырамас бөлшегі екенін адам өз жүрегі арқылы сезінетін болады. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдаймен байланысын орнату болса, ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады. Барлық тіршілік атаулы, ондағы құбылыстар мен үдерістер Алла Тағаланың қолында екендігіне және күнәлі істері үшін оның қарғысына ұшырайтынына мұсылман кәміл сенеді. Осы сенім – оны жаман істерден тежеуші және дұрыс жолдан тайынбай, имандылықтан шықпауының себепшісі. Иманын жоғалтқан адам дінінен айырылғанымен тең.

Зерттеу жұмысымыздың материалы ретінде алып отырған «Алпамыс батыр» жырында бұл нышандар нақтылы көрсетіледі. «Ежелден береке дарып, бақ қонған Жиделібайсын жерінің ең бір әлуетті руы Қоңырат болғанда, сол Қоңырат руының жұрттан асқан жуан сіңір байы Байбөрінің бойынан қуат, білегінен күш қайтып, тіршіліктің әсіре қызыл өткіншілігіне ой зерделеткен шағында көкірегіне шемен болып қатқан қасіреттің ең зоры – баласыз, алды-артының тұлдырлығы екенін аңғарады. Оның үстіне, «Жығылғанға – жұдырық» дегендей, Байбөрінің ет жақын ағайын-туғаны да селдір. «Жыласаң – жұбатып, сүрінсең – демейтін қандасың болса, оған да шүкірлік етер едің ғой деп», – Байбөрі мұны да бір арман қылатын. Байбөрі қасіретін айтып, алдымен, жаратқанға жүгінеді. Оның жырдың келесі шумақтарынан аңғара аламыз:

Байбөрі Хаққа налынды:
«Алмадың, Құдай, жанымды.
Бір баланың жоғынан
Ағайын жейді малымды.
Айналайын атыңнан
Жаратқан жалғыз Құдайым,
Бір баланың жоғынан
Зорлық қылды маңайым» («Алпамыс батыр» жыры).


Тезекші қара күңнің баласын бауырына басқанмен, ержеткенҰлтан Байбөрі мен Құлтайға «алжыған қақбас» дей бастады. Осы жағдаятқа Аналықтың айтқан сөзі Байбөріге қайта үміт сыйлады:

Мақұл десең, алғаным,
Алаша төсек салғаным,
Әзіреті сұлтанға
Екеуміз де баралық.
Әулие қылса керемет,
Болар ма екен жаңалық? («Алпамыс батыр» жыры).

Осылайша Аналық бір перзенттің зары үшін қызыл аяқ қыр кешіп, жалаң аяқ жар кешіп, қасірет шеккен күйлерін көрсетіп, зарларын Тәңірдің құлағына жеткізуді ұсынады.

«Баталы құл арымас» деп, Байбөрі мен Аналық жұртымен қоштасып, батасын алып, жолға шықты. Жұртының ықылас-пейілдері көкірегіне үміт отын жақты. Сол үміт отын белгісіз сапарының жолына шырақ етіп ұстады. Әулиеден әулие қоймай жалбарынып, жердің жүзін шарлаған Байбөріге Тәңірі Алпамыстай ұлды, Қарлығаштай қызды сыйлады.

Зерттеу материалы ретінде алынып отырған халық ауыз әдебиетінің үлгісі «Алпамыс батыр» жырына кешенді мәтіндік талдау жасайық. Мәтіннің өзегі ретіне «Байбөрінің қасіреті» концептісін алуға болады.



1-Сурет. «Байбөрінің қасіреті» концептісі

Жырдағы Ислам – бұл жай ғана дін емес, ол өмірдің барлық саласына әсер ететін күшті идеология. Байбөрі мен әйелінің Аллаға жалбарынуы, олардың Хаққа налып, сенім артуы

ISSN 2788-7979 (online)

исламның сол кезеңдегі маңыздылығын танытады. Алайда, эпостағы Ислам халықтық түсінікпен араласқан. Мысалы, әулиелерге сиыну, құдіретті күштерге сену сияқты элементтер исламның таза түсінігіне жатпайтыны анық. Эпостағы маңызды тақырыптардың бірі – перзент сұрау. Байбөрі мен әйелінің перзенттерінің болмауы олардың үлкен қайғысына айналады. Бұл арқылы ұрпақтың отбасы мен қоғамдағы орнының маңыздылығы көрсетіледі. Сонымен қатар, баланың туылуы – Алланың берген сыйы ретінде қабылданады. Эпоста әулиелердің рөлі өте үлкен. Олар адамдарға көмектеседі, олардың тілектерін қабылдайды. Жыр арқылы адамгершілік, мейірімділік, шыдамдылық сияқты жақсы қасиеттер насихатталады. Байбөрі мен әйелінің басынан кешкен қиындықтары оқырмандардың өмірлік қиындықтарды қайта таразылауға түрткі болады.

Аталған жырда Байбөрі мен Аналықтың қасіреті келесі тілдік бірліктер арқылы көрініс табады: **зат есім тұлғасында**– *қайғы; зар; мұң; зорлық; байғұс, бишара, мүгедек*; **сын есім тұлғасында** – *перзентсіз; қапалы;* **етістік тұлғасында** – *еңіреу; қаймығу; налу; зар ғылу; зарлау; зар жылау; аңырау; бетінен қаны қашу; іреңі қуару; аңқылдап жылау; қорлыққа көну; көзінің жасы көл болу; ботадай боздау; қоздаған қойдау маңырау; құдайға налыс қылу.*

Көріп отырғанымыздай, жырда эмоционалды реңкі жоғары – *зарлану, қаймығу, мұң-зар, байғұс* және т.б. тілдік бірліктер; стилистикалық бояу үстейтін фразеологизмдер – *көзінің жасы көл болу; қорлыққа көну; жасын тия алмау*; шарасыздықты танытатын тілдік бірліктер – *аңырау; қаймығу; не көрмедік?; енді қалай қылалық?*; бейвербалды амалдар – *құбылаға бас беру; екі көзге жас беру; намаз оқу; көзінің жасы* парлау сынды тілдік бірліктер кейіпкерлердің өмірі перзентсіз қуаныштан, өмір мәнінен айырылғанын көрсетеді. Олар болашақта оларды не күтіп тұрғанын білмей, шарасыздыққа ұшырайды. Мысалы, келесі үзіндіде Аналықтың мұңы керемет суреттеледі:

Байбөрі байдың бәйбіше –
Жарының аты Аналық,
Жылай берді зарланып:
«Көрмедік,– деп, – самалық.
Жасымыз болса кеп қалды,
Енді қандай қылалық?» *(«Алпамыс батыр*» *жыры).*

Шарасыздық – амалы жоқтық, дәрменсіздік, лажсыздық сөздерімен синонимдес келіп, адамның белгілі бір жағдаятта қолынан ешнәрсе келмей, дәрменсіздікке ұшырау күйін білдіреді. Ислам дінінің негізгі кітабы Құран Кәрімде адамның жаратылысы туралы толық мәлімет берілген. Аяттарда Адам атаның топырақтан жаратылып, содан кейін оның ұрпағының судан жаратылғаны айтылады. «Сад» сүресінде болса, Алланың адамды өз қолымен жаратқаны баяндалады. Бұл аяттар адамның жаратылыстағы ерекше орнын және Алланың оған берген құрметін көрсетеді. Адам атаның топырақтан жаратылуы, оның жаратылыстың бір бөлігі екенін көрсетсе, Алланың құдірет қолымен жаратуы, адамның рухани жағынан жоғары екендігін білдіреді. Байбөрі мен Аналық та шарасыздықтан шығудың жолы – Аллаға құлшылық жасап, ризашылығын алып, перзентті тек Жаратушыдан сұрау қажеттігін түсінеді.

«Алпамыс батыр» жырында *«Алла»* лексемасы – 16, *«Құдай»* лексемасы – 56, *«Жаратқан»* лексемасы – 7, *«Хақ»* лексемасы – 2, *«Тәңір»* лексемасы 1 рет қолданылған.

Алла – Құдай, Тәңір, Жаратқан лексемалары бір-бірімен мәндес, күллі мұсылман қауымына ортақ, үнемі жалқы, тура мағынасында жұмсалатын сөздер. Берілген синонимдік қатардағы Алла – араб, Құдай – парсы сөзі, бір-біріне эквивалент лексемалар. Мағынасы жағынан тең дәрежедегі Алла, Құдай, Тәңір, Жаратқан, Хақ сөздері «Алпамыс батыр» жырында кезектесе қолданылып, діни дискурстың қалыптасуына негіз болады. Аталған лексемалардың жырда қолданылуының мақсаты – Алланың шексіз құдіретіне деген сенімді, үмітті таныту. Нақтылайтын болсақ, аталған жырда берілген келесідей үзінділерден кейіпкерлердің Аллаға деген шексіз сенімін, махаббатын, үмітін байқауға болады: *«Алланың*

ISSN 2788-7979 (online)

өзі бермесе, Бенденің бар ма шарасы?»; «Елге қойды қадамды, Бергесін Алла хабарды»; «Аллатағала жар болса, Қара мылтық бар болса, Беремін атып қабыланды»; Әйелге әйел сыр айтып, «Жақсылық, – дейді, – Алладан!»; «Әмірімен Алланың Арыстай қылып ұл тапты» немесе «Шұбарға қарғып мінеді, Құдайдан медет тіледі»; «Құдіреті күшті Құдайым, Жарылқаса не етеді?! »; «Ақырын Құдай оңдағай, Күллі әулие қолдағай»; Ар қылмай, ерлер қаша ма?! Жалғыздың жары бір Құдай!»; «Тәңірі берсе – менікі, Адам берсе – сенікі!»; «Екі көзге жас беріп, Байбөрі Хаққа налынды».

Сонымен қатар, «Алпамыс батыр» жырында адамның сенімі және Аллаға құлшылық ету рәсімдерін танытатын тілдік бірліктер де кездеседі. Діни дискурсқа өзек болатын келесідей тілдік бірліктердің мағынасын айқындай түсуді жөн көрдік:

Намазшам *– күн батар алдында оқылатын төртінші намаз, күн батар алдында оқылатын төртінші намаз уақыты [5].*

Құтпан *– бес уақыт намаздың ең соңғысы; құтпан намазы оқылатын мезгіл (түнгі сағат 10-11аралығы) [5].*

Намазшам *еді – күн батты,*
Құтпанның *болды уақыты.*
Намазын оқып, шам жағып,
Бұрынғы қылды әдетті («Алпамыс батыр» жыры).

«Намазшам» және «құтпан» тілдік бірліктерінің «Алпамыс батыр» эпосында қолданылуы тек уақытты нақтылап қана қоймай, сонымен қатар оқырманды терең діни атмосфераға енгізіп, кейіпкердің ішкі әлемін тарихи-мәдени контекст аясында аша түседі.

Әулие *– зат. Ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам [6].*

Диуана *(Ауғ.; Ир.) – дін жолына біржола түскен, бұл өмірдің қызығынан арғы дүниені жоғары қоюшы адам. Ырзығын көктен тілеп кәсіпсіз жүретін діндар, тақуа адам [6].*

Бір ***диуана*** *келді де,*
Асамен түртіп оятты.
Көкірегін оятып,
Бетіне бетін қаратып,
Есектен түспей тіл қатты:
«Ей, бишара мүгедек,
Жаныңызға не керек?
Дейсің ғой: «Маған ұл керек!»
Әулиені *қыдырдың,*
Жердің жүзін сыдырдың,
Маңдайыңа төбелеп («Алпамыс батыр» жыры).

«Алпамыс батыр» жырындағы «диуана» мен «әулие» бейнелері терең символикалық мағынаға ие. «Әулие» сөзі араб тіліндегі «уәли» деген сөзден шыққан, яғни «жақын дос», «қамқоршы» деген мағынаны білдіреді. Исламда әулие – рухани жетілудің шыңына шыққан адам. Ол Аллаға деген шексіз сенімімен, исламның ұстанымдарын қатаң сақтауымен және Пайғамбарға деген шын ықыласымен ерекшеленеді. Құран мен хадистерде әулиелер – Алланың

ISSN 2788-7979 (online)

ерекше ығметіне бөленген құлдары деп айтылады. Жырда осындай әулие адамдардың молдасына барып, түнеп, перзент сұрағаны бейнеленген.

Б.Момынова «Шәкәрім поэзиясының тілі» еңбегінде аталған лексемаға төмендегідей анықтама береді: «Дуана сөзі – мифтік әрі діни-наным сенімді білдіретін тілдік лексема. Мағынасы жағынан кезбе дегенді білдіреді» [7, 210].

Аталған жырда «Диуана» – мистикалық қабілеттері бар адам. Ол көбінесе жоғары күштермен яғни пайғамбармен байланысы бар тұлға ретінде бейнеленеді. Диуананың пайда болуы сюжетке жаңа серпін беріп, оқырманның қызығушылығын арттырады.

Тұмарлық – сын. Тұмарболарлық,тұмарға лайық [5].

Жыртып алды тұмарлық, Диуананың тонынан. Сол уақытта диуана, Ғайып болды жолынан (Батырлар жыры).

*Жыртып алды **тұмарлық***
Диуананың тонынан.
Сол уақытта диуана
Ғайып болды қолынан («Алпамыс батыр» жыры).

Тұмар – бұл адамды түрлі жамандықтардан қорғайтын киелі зат. Оны тіл тию мен көз сұғынудан, сондай-ақ басқа да қауіп-қатерлерден сақтану үшін пайдаланған. Дәстүрлі қазақ қоғамында тұмар ретінде әртүрлі табиғи материалдар қолданылған: туған жердің киелі топырағы, үкінің құдіретті қауырсыны, қасқырдың азу тісі сияқты заттар тұмарларды жасауда жиі кездескен. Ал «Алпамыс батыр» жырында жақсы хабар, жақсылықтың нышаны ретінде Диуананың тонынан тұмарлыққа жыртып алуы, сол кездегі наным-сенімнің көрінісін аңғартады.

***Әзірет – зат.** Жарықтық, әулие немесе ағзам, ұлы мәртебелі деген мағынада пайғамбарлар мен пірлердің, әмір мен сұлтандардың атына, титулына қосылып айтылатын құрметті атақ [5].*

Бірнеше күн жүргенде,
Өлдік-талдық дегенде,
***Әзіретке** келеді.*
***Әзіреттің** төбесін*
Күндік жерден көреді («Алпамыс батыр» жыры).

Құбыла – (араб) мұсылмандардың намаз оқығанда сәждеге бас қоятын Қағба бағыты [6].

Бір етегін жамылып,
Көзінен жас ағылып,
***Құбылаға** бас беріп,*
Жарыса түсіп бұл жатты («Алпамыс батыр» жыры).

«Құбыла» сөзі әрбір мұсылман үшін аса маңызды. Тіпті бұл ұғым тек діни құлшылық ету үшін бет түзейтін бағыт ғана емес, жол нұсқайтын бағдаршам ретінде де қолданылады. Қазақ танымында «төрт құбыласы түгел» деген ұғым өмірдің барлық саласындағы бақыт жоғары шыңы мен үйлесімге жету идеясын білдіреді.Дәстүрлі мәдениетте төрт саны қасиетті мәнге ие болып, дүниенің толықтығы мен тұрақтылығын білдірген. Бұл тіркес халық поэзиясында және эпостарда жиі кездесіп, адам мен қоғам өміріндегі тұтастық пен тепе-теңдіктің маңыздылығын баса көрсетеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу жұмысына арқау болып отырған діни дискурс мәселесі қазіргі тіл ғылымында ғалымдардың қызығушылығын арттырып отырған мәселелердің бірі. «Дискурс – мәтін және дискурс – сөйлеу әрекеті» ұғымдарының байланысы мен айырма тұстары ғалымдар арасында

ISSN 2788-7979 (online)

дау тудырып жүргені анық. В.И. Карасиктың анықтамасы бойынша, дискурс – бұл коммуникативтік жағдаятқа бағытталған мәтін [8].

Н. Д. Арутюнованың анықтамасы бойынша, дискурс – бұл экстралингвистикалық (прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және т.б.) қосымша факторлармен тығыз байланысты, өзара байланысты ойлардан құралған мәтін. Басқаша айтқанда, дискурс – бұл тек жазбаша немесе ауызша сөйлемдердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар осы сөйлемдер арқылы айтылған жағдайдың, сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынас сипатының және басқа да көптеген факторлардың әсерінен қалыптасқан күрделі құбылыс [9].

Қазақ тіліндегі дискурстың құрылымдық негіздеріндегі мәтін түзу мәселесін зерттеген Г.Садирова: «дискурс – өмірдегі яғни шынайы уақыттағы нақты оқиғалардың тілге көшкен тізбегінің ағымы болса, мәтін – дискурс үзігі, ол жанр заңдылықтарына сай рәсімделеді немесе тіпті арнайы рәсімделмеуі мүмкін», – деген пікірді басшылыққа алады. [10, 11].

Ғалымдардың тұжырымдарын ескере келе, «дискурс – белгілі бір уақыт, кеңістік, әлеуметтік, мәдени және басқа да жағдайларда сөйлеуші, тыңдаушы (бақылаушы және т.б.) арасында өтетін коммуникативтік әрекет немесе оқиғаның жазбаша немесе ауызша тілдік өнімі» деген тұжырым жасауға болады. Әлеуметтік-философиялық тұрғыдан алғанда, дискурс – белгілі бір мағыналық маңыздылық пен семиотикалық жүйенің логикасымен өрнектелген, оларды түсінуге, бастауға және жобалауға мүмкіндік беретін коммуникативтік іс-әрекеттің тұтас кешендері, эпизодтары, жағдайлары, құрылымдары немесе бағыттары болып табылады. Дискурс танымдық, аксиологиялық, тәрбиелік және прагматикалық қызметтер атқарады: ол білім бере алады, эмоционалдық жағдайға әсер етеді, әрекетке ынталандырады және оны басқарады.

Дискурстың социолингвистикалық аспектісі қоғамда қалыптасқан институттарды, мысалы, білім беру, дін, медициналық көмек, әскер, сот ісі, саяси қызмет, коммерция, спорт сияқты институттарды қамтиды. Зерттеу жұмысымызда «Алпамыс батыр» жырындағы діни дискурсты қарастыруды көздедік.

Дін – адамзат баласына тән жалпыға мәлім құбылыс. Бүгінгі күндегі барлық институттардың бастауы діннен басталғаны белгілі. Қазіргі кезде олардың арасындағы байланыс үзілгенмен, мектеп, медицина және тіпті саясат сияқты институттардың түпкі тамыры дін институты болып табылады. Дін – бұл әлемге деген көзқарас пен сезімнің, жоғарғы күш – Құдайға деген сенім негізіндегі адамның мінез-құлқы мен діни рәсімдердің жиынтығы. Тар мағынада, діни дискурс дегеніміз – діни ортада қолданылатын сөйлемдер мен сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы болса, кең мағынада – адамды дінге жақындату мақсатындағы әрекеттер мен сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы. Қай діни кеңістікте болмасын, соның ішінде «Алпамыс батыр» жырындағы діни дискурстың басты міндеттерінің бірі – иманды жанның (Байбөрі, Аналық, Алпамыс) арман-тілегін, жалбарынысын, үмітін жеткізу, рухани күш-қуат пен қолдау табу.

Діннің дамуы мен оның көрініс беру түрлері оның мақсаттарына байланысты: а) Құдайдан қолдау іздеу; ә) жанды тазарту; б) жақындарын иман жолына бағыттау және тәубеге шақыру; в) иман жолындағы тұлғалардың сенімін нығайту; г) діни рәсім арқылы өзінің қай дінге жататынын түсіну [8, 165].

Діни дискурсты ғалымдар әртүрлі аспектіде зерттеп жатқанын айтқан жөн. Роберт Дж. Вутноудың діни лексеманы әлеуметтік тәжірибе ретінде қарастырып, діни лексика уағыздар, дұғалар, рәсімдер сияқты діни нанымдардың көрінісі ғана емес, діни қауымдастықтарды қалыптастырудың және сақтаудың маңызды элементі екендігіне баса назар аударады [11].

Наср Хамид Әбу Зейдтың «Діни дискурсты сынау» атты кітабы консервативті мұсылмандар тарапынан қатты сынға ұшырады. Бұл кітапта исламдық мәтіндер мен оларды интерпретациялауға мүлдем жаңа көзқарас ұсынылады. Автор Құранның дәстүрлі түсіндірілулерін қайта қарауға шақыра отырып, тарихи тұрғыдан негізделген жаңа әдіс ұсынады. 2018 жылы алғаш рет ағылшын тілінде жарық көрген бұл еңбек Әбу Зейдтың батыл идеяларын батыстық оқырмандарға жеткізіп, исламды зерттеудің жаңа кезеңін бастады [12].

ISSN 2788-7979 (online)

Pihlaja S. өз еңбегінде діни дискурс аясында діни мәтіндердің, рәсімдердің және басқа да коммуникация түрлерінің әр түрлі аспектілерін қарастырады. Адамдар қасиетті мәтіндерді қалай интерпретациялайды және бұл интерпретациялар уақыт өте келе және әртүрлі мәдени контексттерде қалай өзгереді деген сұрақтарға жауап іздейді [13].

Коммуникanттар арасындағы қарым-қатынас түріне және жағдайдың ерекшеліктеріне қарай діни қарым-қатынастың бірнеше түрі бар: а) мешіт сияқты негізгі діни орталықтағы қарым-қатынас, ол белгілі бір үлгіге құрылған, өзіндік рәсімі болады; ә) кішігірім діни топтардағы қарым-қатынас – бұл қарым-қатынас мешіттен тыс жерде жүреді, ол қазіргі еліміздегі кейбір ағымдар мен Батыстың кейбір діни топтарына тән; в) адамның Құдаймен тікелей қарым-қатынасы – мұндай жағдайда сенуші адам Құдайға жүгіну үшін делдалдарға мұқтаж болмайды, оның ең айқын мысалы – дұға.

«Алпамыс батыр» жырында аталған діни қарым-қатынастардың барлығы қамтылғанын байқауға болады: Әулиелердің басына барып, Құдайдан перзент сұрау; Бабата қабырында түнеуі; Байбөрінің, Аналықтың Құдаймен тікелей қарым-қатынасы және т.б.

Діни дискурста рәсімнің алатын орны ерекше. Діни дискурстың вербалды және бейвербалды қатынасы қатаң рәсімге бағынады. Саяси, педагогикалық, ғылыми немесе заңгерлік және т.б. дискурс түрлерінен вербалды қарым-қатынасты алып тастасақ, дискурс жүзеге аспайды. Ал діни дискурстан вербалды қатынасты алып тастасақ, дискурс сәтсіздікке ұшырамайды, қарым-қатынас тек басқаша түрге ауысады – яғни ишаралар мен дене қимылдарына негізделген ішкі дүниедегі сөйленім. Адамның ішкі дұғасы (монологы), жүректегі дұғасы жоғарғы күшпен (адресант) қарым-қатынасқа айналады. Діни дикурстың ерекшелігі де осында. Дискурстың басқа түрлерінде тілдің қызметі негізгі рөлді атқарады. Діни дискурста рәсім ең жоғары дәрежеге көтеріліп, абсолюттік мәнге ие болады әрі діни қарым-қатынастың негізі болып табылады. Кейде діни дискурста ауызша әрекеттер екінші орынға ауысып, алдыңғы орынға рәсім – бұл қандай да бір діни іс-әрекетті орындау кезіндегі белгілі бір тәртіппен орындалатын ғұрыптық әрекеттердің жиынтығы шығады [14, 446].

ҚОРЫТЫНДЫ

Көріп отырғанымыздай, мұсылмандық діни ілім тұрғысынан дін – бүкіл болмыстың түпкі себебі барын, дүние-болмыстың жаратылу мақсатын, оның сыр-сипатын түсіндіріп, танып-білуге және адамның рухани жетілуіне мүмкіндік тудыратын әрекеттер мен бүкіл дүниетанымды, болмысты толық қамтитын өте кең, ауқымды ұғым. Демек, дін – адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа, қоршаған дүниеге, табиғатқа, өзі өмір сүретін ортаға және өзінің ақыл-ойы мен сана-сезімінен тысқары тылсым дүниеге қатынасы; адамзат танымының дүние мен жаратылысқа деген көзқарасты айқындайтын мифология, философия және ғылымнан ерекше өзіндік бір тұрпаты; Адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени институт, ерекше қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс [15].

Көркем мәтіннің қай-қайсысы болмасын күрделі жүйеге жатады, әр мәтіннің өзіндік кодталған жүйесі бар. Көркем мәтінді зерттеуші тілшінің алдындағы міндет осы кодты шешумен байланыстырылады. Сондықтан лингвистикалық талдаумен айналысатын зерттеуші үшін кодтың сырын ашу дегеніміздің өзі – тұтас алғанда мәтінді, жекелей алғанда, мәтінтүзуші бірліктердің мағыналық құбылуларын, тікелей мәтін ішіндегі қызметін, функциясын ұғыну ғана емес, оны түсіндіруге, дұрыс қабылдауға жол көрсету деген сөз [7].

Осыған орай, зерттеу жұмысында дискурс пен мәтіннің байланысы, діни дискурс мәселелеріне тоқталып, «Алпамыс батыр» жырындағы діни дискурсты қалыптастыратын тілдік бірліктердің мағынасын анықтап, мәтін ішіндегі жұмсалымдық қызметін танытуға тырыстық.

«Алпамыс батыр» жыры – қазақ халқының тарихы, мәдениеті және діни көзқарастары туралы бағалы ақпарат беретін еңбек. Жырдағы діни лексиканың кеңінен қолданылуы, қазақ халқының діни көзқарастарының терең екендігін көрсетеді.

ISSN 2788-7979 (online)

Жырдағы діни элементтер халықтың күнделікті өмірімен тығыз астасып жатыр. Әулиелерге сыйыну, құдіретті күштерге сену сияқты элементтер арқылы халықтың дүниетанымы мен діни көзқарастары көрініс табады.

Жырдағы Байбөрі мен Аналықтың басынан кешкен қиындықтары арқылы адамгершілік, мейірімділік, шыдамдылық сияқты жақсы қасиеттер насихатталады. Жырдағы діни лексиканың, әсіресе «Алла», «Құдай», «Тәңір» сияқты сөздердің синоним ретінде жиі қолданылуы, кейіпкерлердің Аллаға деген шексіз сенімі мен үмітін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Постовалова В.И. Тіл және адамның рухани әлемі. Діни ұғымдар «антропологиялық» түсінікте [Мәтін] / В.И. Постовалова // Тіл мен мәдениеттің тірі қарым-қатынасы. 1-том. Тіл. Менталитет. Мәдениет. – М.-Тула, 2010. – Б. 13-27.

2 Буянова Л. Ю. Лингвоконфессиология қазіргі гуманитарлық ғылыми тану саласында: әдіснамалық құрал-жабдықтар мен ұғымдық аппарат / Л. Ю. Буянова // Тіл. - 2014. - № 21. - Б. 23-27.

3 Григорьева Л. Л. Христиан және мұсылман діни дүниетанының фразеологиялық көрінісі (орыс, ағылшын және араб тілдері материалы бойынша) // Қазан мемлекеттік университетінің хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2009. 151-том. 3-кітап.– Б.179-183.

4 Философиялық сөздік / Ред. Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамабетов, Ж.М.Әбділдин. – Алматы, 1996. – 142-143 бб.

5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б. URL: https://sozdikqor.kz/soz?id=119563&a=%C3%81%C3%9DLIE

6 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі – Алматы: «Сөздік – Словарь». 1997. – 368 б. URL: https://sozdikqor.kz/search?q=%D0%B4%D0%B8%D1%83%D0%B0%D0%BD%D0%B0

7 Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 256 б.

8 Карасик В.И. Тілдік шеңбер: тұлға, ұғымдар, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 б.

9 Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік. – Москва: Советская энциклопедия, 1990 – 688 б.

10 Садирова Г.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері // Филол.ғыл.докт.диссерт. автореф. – Алматы, 2008. – 55 б.

11 Wuthnow, R. J. (2011). Taking talk seriously: Religious discourse as social practice. Journal for the Scientific Study of Religion, 50(1), 1-21.

12 Abu Zayd, N. H. (2018). Critique of Religious Discourse. URL: https://doi.org/10.12987/yale/9780300207125.001.0001

13 Pihlaja, S. (Ed.). (2021). Analysing religious discourse. Cambridge University Press.

14 Топоров В. Н. Миф. Ритуал. Символ. Образ [Мәтін]: мифопоэтикалық саладағы зерттеулер : таңдамалы / В. Н. Топоров. – Москва: Прогресс: Культура, Б. г. (1995). – 621, [2] с.; 21 см.; ISBN 5-01-003942-7

15 Қазақстан – ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы», 2001. – 321 б.

Материал 20.02.2025 баспаға түсті

Религиозный дискурс в поэме «Алпамыс батыр»: отражение духовного образа народа

М.Б. Хамзина[1], Д.Р. Жарыкова[1]
[1] НАО«Медицинский университет Астана», Астана, 010000, Казахстан

ISSN 2788-7979 (online)

Данное исследование направлено на углубленный анализ взаимосвязи между такими понятиями, как «дискурс», «текст» и «речевое действие» в контексте религиозного дискурса. Актуальность работы обусловлена важностью исследования специфики религиозной лексики, особенностей религиозного сознания и языковых механизмов, характерных для религиозной коммуникации в национальном языке.

Поэма «Алпамыс батыр» является неотъемлемой частью богатого культурного наследия казахского народа. В данном произведении наряду с историческими событиями всесторонне отражены религиозные взгляды, верования казахского народа. Изучение религиозной лексики в поэме позволяет получить ценную информацию о духовном мире казахов.

Исследование показало, что комбинирование дедуктивного и индуктивного подходов в лингвоконфессиологии позволяет глубже понять, как язык формирует национальное мировоззрение. С помощью комплекса методов, включающих отбор и анализ языковых единиц, прагматический и когнитивно-семантический анализ, а также статистическую обработку данных, были изучены языковые особенности ислама и проанализирован религиозный дискурс в поэме «Алпамыс батыр».

Религиозная лексика, встречающаяся в поэме «Алпамыс батыр», в основном состоит из слов и понятий, характерных для ислама. Однако в поэме также прослеживаются следы древних религиозных верований тюркских народов. Это свидетельствует о синтезе религиозных взглядов казахского народа как до, так и после принятия ислама.

В поэме были проанализированы языковые единицы, формирующие религиозный дискурс, такие как «мұсылман», «Алла», «намазшам», «құтпан», «диуана», «әулие», «тұмарлық», «әзірет», «құбыла». Было уточнено их значение и функциональная роль в тексте. Религиозная лексика в поэме выполняет следующие функции: отражает веру персонажей в могущество Аллаха, их стремление к добру и избегание грехов; также с помощью религиозных понятий связываются результаты событий: рождение ребенка как результат божественной помощи, победа Алпамыса. Религиозная лексика в поэме отражает мировоззрение казахского народа, его понимание смысла жизни.

Исследование религиозного дискурса в поэме «Алпамыс батыр» свидетельствует о том, что исламские мотивы глубоко интегрированы в национальное мировоззрение казахов.

Ключевые слова: Алпамыс батыр, Байбори, ислам, религиозный дискурс, религиозная лексика, национальное мировоззрение.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Постовалова В.И. Язык и духовный мир человека. Религиозные концепты в «антропологическом» представлении [Текст] В.И. Постовалова // Живодействующая связь языка и культуры. Т. 1. Язык. Ментальность. Культура. – М.-Тула, 2010. – С. 13-27.
2 Буянова Л. Ю. Лингвоконфессиология в системе современной гуманитарной гносеосферы: методологический инструментарий и понятийный аппарат / Л. Ю. Буянова // Мова. – 2014. - № 21. – С. 23-27.
3 Григорьева Л.Л. Фразеологическое отражение христианской и мусульманской религиозных картин мира (на материале русского, английского и арабского языков) // Учёные записки Казанского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки. 2009. Т. 151., Кн. 3.– С.179-183.
4 Философский словарь / Под ред. Р.Н. Нургалиева, Г.Г. Акмамабетова, Ж.М. Абдильдина. – Алматы, 1996. – С. 142-143.
5 Словарь литературного казахского языка. Пятнадцатитомное издание. Том 2 / Сост.: Г. Калиев, С. Бизаков, О. Нақысбеков и др. – Алматы, 2011. – 744 с. URL: https://sozdikqor.kz/soz?id=119563&a=%C3%81%C3%9DLIE

ISSN 2788-7979 (online)

6 Энциклопедический словарь традиционной казахской культуры. – Алматы: «Сөздік-Словарь». – 1997. – 368 с. URL: https://sozdikqor.kz/search?q=%D0%B4%D0%B8%D1%83%D0%B0%D0%BD%D0%B0
7 Момынова Б. Язык поэзии Шакарима (лексико-функциональный аспект). – Алматы: Изд-во «Арыс», 2008. – 256 с.
8 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
9 Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва.: Советская энциклопедия, 1990. – 688 с.
10 Садирова Г.К. Структурные основы многопредложного дискурса в казахском языке: Автореф. дис. ... д-ра филол. наук / Г.Қ. Садирова. – Алматы, 2008. – 55 с.
11 Wuthnow, R. J. (2011). Taking talk seriously: Religious discourse as social practice. Journal for the Scientific Study of Religion, 50(1), 1-21.
12 Abu Zayd, N. H. (2018). Critique of Religious Discourse. URL: https://doi.org/10.12987/yale/9780300207125.001.0001
13 Pihlaja, S. (Ed.). (2021). Analysing religious discourse. Cambridge University Press.
14 В. Н. Топоров Миф. Ритуал. Символ. Образ [Текст]: исследования в области мифопоэтического: избранное / В. Н. Топоров. - Москва: Прогресс: Культура, Б. г. (1995). – 621, [2] с.; 21 см.; ISBN 5-01-003942-7
15 Казахстан: национальная энциклопедия / Гл. ред. А. Нысанбаев. – Алматы: Глав. ред. Казахской национальной энциклопедии, 2001. – 321 с.

Материал поступил в редакцию журнала 20.02.2025

The religious discourse within the epic «Alpamys batyr» offers a profound reflection of the people's spiritual identity

M.B. Khamzina[1], D.R. Zharikova[1]
[1]«Astana Medical University» NJSC, Astana, 010000, Kazakhstan

This study aims to conduct an in-depth analysis of the interconnections between the concepts of «discourse», «text», and «speech act» within the context of religious discourse. The study's relevance is grounded in the importance of investigating the specific characteristics of religious lexicon, the peculiarities of religious consciousness, and the linguistic mechanisms inherent in religious communication within a national language.

The epic poem «Alpamys batyr» is an integral part of the rich cultural heritage of the Kazakh people. Alongside historical events, this work provides a comprehensive reflection of the Kazakh people's religious beliefs and worldview. An analysis of the religious lexicon within the poem allows for valuable insights into the spiritual world of the Kazakhs.

The research demonstrated that the combination of deductive and inductive approaches in linguoconfessional studies allows for a deeper understanding of how language shapes national worldview. By employing a complex of methods, including the selection and analysis of linguistic units, pragmatic and cognitive-semantic analysis, as well as statistical data processing, the linguistic features of Islam and the specific features of religious discourse in the poem «Alpamys batyr» were studied.

The religious lexicon found in the epic poem «Alpamys batyr» primarily consists of terms and concepts characteristic of Islam. However, traces of ancient Turkic religious beliefs can also be discerned within the poem. This indicates a synthesis of the Kazakh people's religious views both before and after the adoption of Islam.

The research analyzed linguistic units that form the religious discourse in the poem, such as «musylman», «Alla», «namazsham», «qutpan», «diuana», «aulie», «tumarlyk», «aziret», «qubyła». Their meanings and functions within the text were clarified. The religious lexicon in the poem serves several functions: it reflects the characters' belief in the power of Allah, their striving for good and

ISSN 2788-7979 (online)

avoidance of sin; it also connects the outcomes of events through religious concepts, such as the birth of a child as a result of divine help and Alpamys' victory. The religious lexicon in the poem reflects the worldview of the Kazakh people and their understanding of the meaning of life.

A study of the religious discourse in the epic «Alpamys batyr» reveals that Islamic motifs are deeply embedded in the Kazakh national worldview.

Key words: Alpamys batyr, Bayburi, Islam, religious discourse, religious vocabulary, national worldview.

REFERENCE

1 Postovalova V. I. (2010). Yazyk i dukhovnyy mir cheloveka. Religioznye kontsepty v «antropologicheskom» predstavlenii [Language and the Spiritual World of Man. Religious Concepts in the "Anthropological" Representation]. In Zhivoderstvuyushchaya svyaz' yazyka i kultury [Living Connection of Language and Culture] (Vol. 1, pp. 13-27). M.-Tula: [Izdatelstvo].

2 Buyanova L. Yu. (2014). Lingvokonfessiologiya v sisteme sovremennoi gumanitarnoi gnoseosfery: metodologicheskii instrumental' i ponyatiinyi apparat [Linguoconfessionalism in the System of Modern Humanitarian Gnosisphere: Methodological Tools and Conceptual Apparatus]. Mova, 21, 23-27.

3 Grigorieva L. L. (2009). Frazeologicheskoe otrazhenie khristianskoi i musulmanskoi religioznykh kartin mira (na materiale russkogo, angliiskogo i arabskogo yazykov) [Phraseological Reflection of Christian and Muslim Religious Worldviews (Based on the Materials of Russian, English and Arabic Languages)]. Uchenye zapiski Kazanskogo gosudarstvennogo universiteta. Seria: Gumanitarnye nauki [Scientific Notes of Kazan State University. Series: Humanities], 151(3), 179-183.

4 Filosofiyak sozdik [Philosophical Dictionary] (1996). Eds. R. N. Nurgaliev, G. G. Akmamambetov, & Zh. M. Abdilin. Almaty.

5 Kazakh ədebi tilining sozdigi. On bes tomdyk. 2-tom [Dictionary of the Kazakh Literary Language. Fifteen Volumes. Volume 2] (2011). Eds. G. Kaliev, S. Bizakov, O. Nakysbekov, et al. Almaty. Retrieved from https://sozdikqor.kz/soz?id=119563&a=%C3%81%C3%9DLIE

6 Kazakh dastyrli madenietining ensiklopedialyq sozdigi [Encyclopedic Dictionary of Kazakh Traditional Culture] (1997). Almaty: "Sozdik-Slovar". Retrieved from https://sozdikqor.kz/search?q=%D0%B4%D0%B8%D1%83%D0%B0%D0%BD%D0%B0

7 Momynova B. Shäkärim poézïyasınıñ tili (leksïka-funkcïonaldı rakurs) [The Language of Shakarim's Poetry (Lexico-Functional Aspect)]. Almaty: Arys.

8 Karasik V. I. (2002). Yazykovoi krug: lichnost', kontsepty, diskurs [Linguistic Circle: Personality, Concepts, Discourse]. Volgograd: Peremena.

9 Arutyunova N. D. (1990). Diskurs [Discourse]. In V. N. Yartseva (Ed.), Lingvisticheskii entsiklopedicheskii slovar [Linguistic Encyclopedic [1] Dictionary] (pp. 688). Moscow: Sovetskaya entsiklopediya.

10 Sadirova G. K. (2008). Strukturnye osnovy mnogopredlozhenogo diskursa v kazakhskom yazyke: Avtoreferat diss. ... doktora filologicheskikh nauk [Structural Foundations of Multi-Sentence Discourse in the Kazakh Language: Author's Abstract of the Dissertation ... Doctor of Philological Sciences]. Almaty.

11 Wuthnow R. J. (2011). Taking talk seriously: Religious discourse as social practice. Journal for the Scientific Study of Religion, 50(1), 1-21.

12 Abu Zayd N. H. (2018). Critique of Religious Discourse. URL: https://doi.org/10.12987/yale/9780300207125.001.0001

13 Pihlaja S. (Ed.). (2021). Analysing religious discourse. Cambridge University Press.

14 Toporov V. N. (1995). Mif. Ritual. Simvol. Obraz: issledovaniya v oblasti mifopoe`ticheskogo: izbrannoe [Myth. Ritual. Symbol. Image: Selected Studies in the Field of Mythopoetics]. Moskva: Progress: Kul'tura.

15 Nısanbaev Ä. (bas. red.) (2001). Qazaqstan – ulttıq éncïklopedïya [Kazakhstan: National Encyclopedia]. Almaty: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы.

ISSN 2788-7979 (online)

Received: 20.02.2025

ISSN 2788-7979 (online)

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

МҒТАР 16.01.45 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp275-288

А.Т. Абужалитова[1], Ж.Н. Сулейменова[1], М.К. Ажгалиев[2]
[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы
[2]Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, 090000, Қазақстан Республикасы

ФИЛОЛОГ-СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Бұл мақалада Қазақстандағы болашақ тіл мен әдебиет мұғалімдерінің лингводидактикалық құзіреттілігін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану мәселесі зерттеледі. Ғаламдану және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдалануға дайын жаңа буын мұғалімдерін қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеу мақсаты – болашақ тіл мен әдебиет мұғалімдерінің лингводидактикалық құзыреттерін дамытуда АКТ-ны қолдану мүмкіндіктерін зерттеу. Негізгі идеялар АКТ-ны оқу процесіне интеграциялау қажеттілігі және филологиялық пәндерді оқытудың дәстүрлі әдістерін қайта қарауды қамтиды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы тіл мен әдебиет мұғалімдерін даярлауда АКТ-ны қолданудың теориялық және әдістемелік негіздерін анықтауда жатыр. Практикалық маңыздылығы АКТ-ны білім беру процесінде тиімді пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеуде көрініс табады. Зерттеу әдістемесі ғалымдардың идеяларын талдау, салыстыру, жүйелеу сияқты теориялық әдістерді және бақылау, сауалнама жүргізу, мұғалімдер мен студенттердің АКТ қолдануын бағалау сияқты эмпирикалық әдістерді қамтиды. Зерттеу жүргізу барысында Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің филология факультетінің 85 студентіне сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелері АКТ қолдану болашақ тіл мен әдебиет мұғалімдерін даярлау сапасын арттыруға, олардың лингводидактикалық құзыреттерін дамытуға және кәсіби өсуге деген ынтасын жоғарылатуға ықпал ететінін көрсетті. АКТ оқу процесінде маңызды құрал болып табылатыны және материалды жақсы меңгеруге ықпал ететіні анықталды. Зерттеу филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі саласына елеулі үлес қосады, АКТ-ны білім беру процесіне интеграциялау және болашақ мұғалімдерді даярлау тиімділігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар ұсынады.

Кілт сөздер: лингводидактикалық құзыреттілік, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, филолог студенттер, кәсіби дайындық, инновациялық оқыту әдістері, мотивациялық компоненттер

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақалада Қазақстанның білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану мәселелері талқыланады. Зерттеу барысында бірнеше негізгі бағыттар анықталды, олар филолог мұғалімдерді дайындауда АКТ-ны қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Қазақстандағы білім беру жүйесі мен құрылымындағы өзгерістер

ISSN 2788-7979 (online)

жаңа буын мұғалімдерін дайындауға ықпал етуде. Мұғалімдер қазіргі заманғы АКТ құралдарын кәсіби қызметінде тиімді қолдануға дайын болуы керек. Бұл АКТ құралдарын білім беру процесіне енгізу арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді. АКТ қолдану мәселелері көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Г. Досжан, С.Б. Усипашим, Г. Куребаева, И. Мусатаева, Т. Кулгилдинова, Б. Жумабекова және басқа ғалымдар АКТ-ның теориялық және практикалық аспектілерін зерттеп, олардың білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктерін талдаған. Ғалымдар АКТ құралдарының әртүрлі түрлерін бөліп көрсетіп, олардың білім беру процесіндегі рөлі мен орнын анықтаған. Интернет, компьютерлер, мультимедиа және басқа да құралдар оқыту процесінде қолданылып, студенттердің білім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, АКТ құралдарын қолдану студенттердің кәсіби және педагогикалық дайындығын жақсартады, олардың білім алу процесін жеңілдетеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында АКТ-ның болашақ тіл мен әдебиет мұғалімдерінің когнитивтік және коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы рөлі де анықталды. АКТ құралдарын қолдану студенттердің өздік жұмысын жетілдіруге, дербес ізденіс жүргізуіне және аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың инновациялық оқыту әдістерін меңгеруіне жол ашады. АКТ-ның интерактивті сипатта болуы студенттердің оқу мотивациясын күшейтіп, оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыратыны зерттеу нәтижелерінде көрсетілді.

АКТ-ны қолдану студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Цифрлық платформалар, онлайн дерекқорлар мен мультимедиалық құралдар студенттерге ғылыми ақпаратты тез әрі тиімді талдауға, жүйелеуге және синтездеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, АКТ негізінде жүзеге асырылатын интерактивті оқыту әдістері – коллаборативті оқу, проблемалық оқыту, веб-квестер мен виртуалды зертханалар – болашақ мұғалімдердің пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар педагогикалық-инновациялық құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Бұл технологиялар болашақ мамандардың кәсіби дайындық сапасын арттырып, олардың заманауи білім беру үрдістеріне икемделуін жеңілдетеді.

Осылайша, мақалада АКТ құралдарын болашақ тіл мен әдебиет мұғалімдерін даярлауда қолданудың теориялық және практикалық негіздері анықталып, олардың тиімділігі дәлелденген.

КІРІСПЕ

Студенттер арасындағы тілдік қатынасты, тілді сыртқы сәйкестендіру тәсілі ретінде қарастырып, ашық және жасырын беделдерді, тілге байланысты стереотиптерді зерттеу әдістерін қолдануда жаңазеландиялық әлеуметтанушы, әлеуметтік лингвистика саласындағы белгілі ғалым және тілдік әртүрлілікті зерттеу бойынша маңызды еңбектердің авторы Мириам Мейерхоффтың еңбектерін негізге алдық [3, 54-80]. Ол тілдің қоғамдағы рөлі мен тілдік вариацияны зерттей отырып, түрлі әлеуметтік контексттерде тілдің қалай өзгеретінін және әлеуметтік топтар арасындағы тілдік айырмашылықтарды қалай көрсететінін қарастырды. Мейерхоффтың ойынша, тілдік вариациялар тек жеке адамның тілдік ерекшеліктері ғана емес, ол әлеуметтік топтың, мәдениет пен қоғамның айқын белгісі. Яғни, тілдің әртүрлілігі қоғамның құрылымымен, әлеуметтік статустармен, топтық байланыстармен тығыз байланысты.

Атап айтар болсақ, студенттер әр елде әртүрлі болғанымен, мамандық таңдау, оны меңгеру, нақты оқу тілін таңдау сынды ұстанымдары мен мақсаттары көбіне сәйкес келеді. “… the issue of linguistic diversity and the need for action-oriented language learning is important for preparing the younger generation to function successfully in the mod- ern world, where cultural and linguistic diversity is becoming an integral part of life” [4, 30]. Яғни, мәдени және тілдік әртүрлілік өмірдің ажырамас бөлігіне айналып жатқан қазіргі әлемде жас ұрпақты табысты іс-әрекетке дайындау үшін тілдік әртүрлілік мәселесі және тілді мақсатты түрде оқыту қажеттілігі маңызды.

Отандық білім саласында тілге, тілдік саясатқа қатысты мәселелер көптеген атаулы зерттеушілеріміздің нысанына айналды. Э. Д. Сүлейменова, Ж. С. Смагулованың өз еңбектерінде Қазақстандағы тілдік жағдай тарихи қалыптасқан көптеген факторларға байланысты екендігін атап өтіп, қазақ және орыс тілдері Қазақстанның этнотілдік жағдаятының басты субъектілері болып табылатындығын айтады. Сонымен қатар авторлар қазақ тілі – қазақ мемлекеттілігінің негіздерінің бірі және қазақ тілін мемлекеттік деңгейде қолдау Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне сәйкес келетіндігіне баса назар аударады, ал орыс тілінің қызмет ету салаларының сақталуы Қазақстанның интеграциялық үдерістерге

ISSN 2788-7979 (online)

ұмтылуын және қолдау көрсетуінің белгісі ретінде сипаттайды [5, 297-324], Б. Х. Хасанов кеңес кезеңіндегі көптілділік, қазақ-орыс қостілділігінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жіті зерттеген [6]. Ғалым көптілділікті қоғамдағы тілдердің қатар өмір сүруі және өзара әрекеттесуі ретінде қарастырған, көптілділік тек қана жеке тұлғаның бірнеше тілді білуімен шектелмейді, ол тұтас қоғамға тән құбылыс екенін атап көрсетеді. Ол көптілділіктің артықшылықтары мен қиындықтарын ғылыми тұрғыдан талдап, қазақ тілінің қоғамдағы орнын нығайту жолдарын ұсынды. О. Б. Алтынбекова өз монографиясында Қазақстандағы этнотілдік үдерістерді саралай келе, көпұлтты еліміздегі мектептердің ахуалын, тілдік жағдаяттың динамикасын анық көрсеткен [7]. Оның еңбектері көбінесе қазақ тілінің қолданысы, оның қоғамдық рөлі және тілдік процестердің даму заңдылықтарына бағытталған.

Өз елімізде зерттелген әрі нақты нәтижелері бар еңбектердің арқасында қазақстандық қоғамның жүріп өткен тарихи жолымен қатар саяси, мәдени, тілдік ерекшеліктерінің толыққанды көрінісіне көз жеткізе аламыз.

Кәсіби білім беру үдерісінде тілдік тұлғаның қалыптасуына қатысты мәселелер мәдениет пен тұлға феномендерін зерттеуде ерекше орын алады. Бұл әлемдік үдеріс, ал қазіргі ақпарат шекарасы ажыратылмайтын жаһандық кезеңде өте маңызды құбылысқа айналып отыр. “Understanding the dynamics of the development of a linguistic personality allows us to better understand the influence of various factors on the formation of language and speech” [8,16] – тілдік тұлғаның даму динамикасын түсіну арқылы тіл мен сөйлеудің қалыптасуына әсер ететін әртүрлі факторларды жақсы түсінуге болады.

Практикалық тұрғыда Н.Е.Лысенко, О.А. Жеглова, А.Н. Алишариева сынды ғалымдардың жұмыстарында қарастырылған зерттеулерді негізге ала отырып, осы мәселені өзге қырынан қарастыруға талпыныс жасалды. Н.Е. Лысенко тіл саясаты мен білім беру саласында зерттеулер жүргізген ғалымдардың бірі ретінде оқыту тілінің кәсіби даму мен білім алудағы маңыздылығын сипаттайды [9]. О.А. Жеглова Қазақстандық білім беру және көптілділік саласындағы белгілі зерттеуші ретінде бірнеше маңызды идеяларды ұсынған, оның пікірі бойынша, Қазақстандағы кәсіби білім беру жүйесінде оқыту тілін таңдау – бұл тек лингвистикалық сұрақ емес, сонымен қатар студенттің кәсіби бағытын анықтайтын маңызды фактор. Көптілділік саясатын дамыту, әсіресе ағылшын тіліне басымдық беру, қазақстандық студенттерді халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етуге бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді меңгеру елдің ішкі нарығында табысты мансап құру үшін міндетті элемент болып табылады" [10].

А.Н. Алишариева, Ж.К. Ибраева, Е.Ю. Протасова студенттердің көптілділік контекстіндегі тілдік артықшылықтары, қазақ, орыс және басқа да тілдер арасындағы таңдаулары мен қарым-қатынасын зерттеп, әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерге, тілдік саясаттың әсеріне және білім беру жүйесінде тілдердің рөліне баса назар аударады [11].

КІРІСПЕ

Өз зерттеуімізде жоғары оқу орындарына түсуші студенттердің тілдік талғамын, оқыту тілін таңдаудағы принциптерін анықтағымыз келеді. Нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің бірінші курсына түскен студенттер контингентін сараптап, олардың ұлттық құрамы мен оқыту тілін таңдаудағы өзгерістерді анықтауды мақсат еттік.

Себебі қазіргі таңда заманауи әлем қарқынды даму мен өзгерістер үстінде. Қоғамдық, мәдени, ғылыми, саяси салалардың барлығында дерлік өзгерістер күнбе-күн орын алуда, олар өз кезегінде білім саласында да көрініс табады. Бұл, әсіресе, жалпы және жоғары оқу орындарындағы тілдік тұлғаның қалыптасуы мәселесімен байланысты.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ағылшын тілі шет тілі ретінде ғана емес, білім берудің барлық деңгейлерінде оқыту тілі ретінде қолданылуы тиіс [12, № 423], оның нәтижелерін жалпы ғана емес, жоғары білім саласында бақылай аламыз. Елімізде жүзеге асырылып жатқан

ISSN 2788-7979 (online)

көптілді білім беру үш тілде қатар оқытудың бірегей жолдарының бірі болып табылады. “Ensuring competent language learning and the development of language competence is an important part of the learning process in the modern world” [4, 30] - тілді сауатты үйренуді қамтамасыз ету және тілдік құзыреттілікті дамыту қазіргі әлемдегі оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Қазақстандағы үштілді білім беру – заман талабы, оның енгізілуі білім мен қабілеттердің кеңеюімен, сонымен қатар тілдерді меңгеру арқылы ғана жүзеге асырылатын адамдар арасындағы өзара түсіністіктің өсуімен байланысты. Соның нәтижесінде мектептердегі білім беру жүйесінде пәндердің бір бөлігін мемлекеттік тілде, бір бөлігін орыс және бір бөлігін ағылшын тілінде жүргізу қолға алынды. Бұндай тілдік саясат мақсаты елімізді әлемдік қоғамдастыққа интеграциялау болып табылады. Тұңғыш президентіміздің бастамасымен 2008 жылдан бастап құрылған Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) осы бағдарламаның негізгі де айқын мысалы бола алады. Себебі, НЗМ – дарынды оқушыларды оқытуға бағытталған және заманауи білім беру әдістерін енгізумен ерекшеленетін Қазақстандағы білім беру саласындағы ең ірі инновациялық жобалардың бірі. Бұл мектептердегі оқу бағдарламасы Cambridge (IGCSE, A-Level) және IB (International Baccalaureate) сияқты халықаралық стандарттарға негізделген. Қазіргі уақытта республика бойынша саны 20-ға жеткен мектептердің халық арасында жоғары беделге әрі үлкен сұранысқа ие болғанын іріктеу емтихандарына қатысушы оқушылардың көптігі дәлел. Бұл мектептерде оқытудың үш тілде жүзеге асырылуын сәтті десе де болады, себебі 11 және 12 сыныптардың әр оқушысы SAT, ACT және IELTS секілді халықаралық емтихандарды тапсырып, НЗМ түлектері мектепті тамамдағанға дейін Harvard, MIT, Cambridge, Stanford, University of Toronto, Nazarbayev University сияқты әлемнің үздік университеттеріне оқуға түседі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қазіргі таңда Қазақстандағы тіл мәселесі өз өзектілігінің ең маңызды деңгейіне жеткендігі сөзсіз. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде тілге қатысты Заңдардың қабылдануы, жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың тілдік жағдайдың өзгеруіне әкелгендігін, бұл өзгерістер білім беру саласында қалайша көрініс тауып жатқандығын ашып көрсеткіміз келді. Осы тұрғыда ірі мегаполистер, соның ішінде көптілділігімен әрі динамикалық жүйесімен ерекшеленетін Алматы қаласындағы тілдік жағдай ерекше қызығушылық тудырады. Соңғы жылдары өңіріміздің тілдік көрінісі түбегейлі өзгеруде, ондаған жылдар бойы қалыптасқан мәдени парадигманың ауысуы жүріп жатыр, осы өзгерістердің нақты көрінісін алу үшін студенттер контингенті таңдалып алынды. Себебі, білім ордаларының көп шоғырланған орталығы Алматы қаласы болғандықтан, жоғары оқу орнына түсуші мектеп түлектерінің саны да осы өңірде өте көп. Мәселенің зерттелетін аспектісінің аясында тілдік сана индивидуалды деңгейде сана мен тілдің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін айқынырақ көрсететінін айта кеткіміз келеді.

Біз зерттеуімізде нақты сандық көрсеткіштерге сүйенетіндіктен, алдымен зерттеу материалы, яғни, 2019-2023 оқу жылдары аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бакалавриатына қабылданған 1-ші курс студенттердің сандық мәліметтері (университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының рұқсатымен) алынды. Берілген студенттер контингентінде олардың жалпы саны, ұлты, факультеті, мамандығы, оқу түрі, ҚР немесе шетелдік резидент екендігі, оқыту тілі жайында ақпараттар бар. Осы ақпараттар негізінде қазақ/орыс/ағылшын оқу тілін таңдаған студенттер саны, олардың ұлттық құрамы, әр факультеттің мамандықтары бойынша оқыту тілдері сараланып, төртжылдық аралықтағы өзгерістер анықталып, қорытындыланды.

Зерттеу жұмысының табысты болуы қолданылатын тәсілдерге (әдістерге) тікелей байланысты. Дұрыс таңдалған зерттеу әдістері сенімді нәтижелер алуға, зерттеу нысанын терең талдауға және ғылыми тұжырымдардың дәлдігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Сандық (statistical analysis) тәсілдерді қолдану зерттеуіміздің нақтылығы мен дұрыстығын арттырады.

ISSN 2788-7979 (online)

Зерттеуде ұсынылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін келесі әдістер қолданылды: зерттелетін мәселенің теориялық аспектілерін талдау, индуктивті-дедуктивті әдістер, жинау, сұрыптау, салыстыру, нақтылау, әдебиеттермен жұмыс, қорытындылау, құрастыру. Зерттеу 4 кезеңнен тұрды:

1.Жинау

2.Сұрыптау: таңдау арқылы (Selection Sort), біріктіру арқылы (Merge Sort).

3.Салыстыру және графикалық сызбалар арқылы талдау

4.Қорытындылау

Зерттеу жұмысында студенттердің ұлты, оқуға қабылданған жылдары және олардың факультеттер мен оқу тілдері бойынша бөлінуін талдау мақсатында таңдау арқылы сұрыптау әдісі мен біріктіру арқылы сұрыптау әдісі қолданылды. Бұл әдістер жинақталған мәліметтерді жүйелеп, оларды тиімді талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, алынған нәтижелерді салыстыру және графикалық диаграммалар арқылы көрсету зерттеудің нақтылығы мен көрнекілігін арттырды.

2. а) Зерттеу барысында ең алдымен, әр оқу жылында қабылданған студенттердің ұлты мен әр ұлт өкілінің жалпы саны анықталды. Осы деректерді реттеу және жүйелеу үшін таңдау арқылы сұрыптау әдісі (Selection Sort) қолданылды:

Әр оқу жылында қабылданған студенттердің ұлты бойынша деректер жинақталды.

Осы деректерді реттеу арқылы қай ұлттың өкілдері қанша пайызды құрайтыны, олардың санының өзгеру динамикасы зерттелді.

Жылдар бойынша ұлттық құрамдағы өзгерістерді салыстыруға мүмкіндік туды.

Бұл әдістің көмегімен әр оқу жылындағы студенттердің ұлттары бойынша реттелген тізімі құрылып, олардың жалпы саны есептелді.

ә) Әрі қарай, зерттеу әр факультет бойынша қазақ/орыс/ағылшын тіл бөлімдерінде оқитын студенттердің санын анықтауға бағытталды. Бұл кезеңде мәліметтерді тиімді сұрыптау үшін біріктіру арқылы сұрыптау әдісі (Merge Sort) қолданылды.

Зерттеу барысында әр факультет бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілінде оқитын студенттердің саны анықталды.

Мәліметтер факультеттерге сәйкес бөлініп, әрбір факультет ішіндегі студенттер оқу тіліне қарай сұрыпталды.

Бұл тәсіл әр оқу тілі бойынша студенттердің үлесін салыстыруға және факультеттер арасындағы айырмашылықтарды талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесінде әр факультет бойынша студенттердің қай тілдік бөлімде басым екенін анықтау мүмкін болды.

3. Сұрыпталған және өңделген мәліметтерді салыстыру, сондай-ақ графикалық диаграммалар арқылы бейнелеу зерттеудің негізгі нәтижелерін нақты көрсетіп, оларды визуалды түрде түсіндіруге көмектесті. Жылдар бойынша студенттердің ұлттық құрамы өзгерді ме? Қай ұлт өкілдерінің саны артты немесе азайды? Қай оқу тілі бойынша студенттер саны көп немесе аз? Факультеттер арасында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқитын студенттер саны бойынша қандай айырмашылықтар бар? – Осы сұрақтарға жауап алу үшін салыстыру әдісі қолданылды. Алынған мәліметтерді қатар қойып салыстыру арқылы нәтижелерді қорытындылау және өзгерістердің себептерін түсіндіру мүмкін болды.

Алынған нәтижелерді көрнекі түрде көрсету үшін бағандық диаграммалар мен кестелер қолданылды. Бұл әдіс зерттеу нәтижелерін оңай талдауға және мәліметтер арасындағы қатынасты түсінуге көмектесті. Әр жылдағы студенттердің ұлттық құрамы мен факультеттер бойынша оқу тілдеріндегі айырмашылықтарды нақты көруге мүмкіндік берді.

4. Бұл тәсілдердің барлығы студенттердің оқу жылдары бойынша ұлттық құрамы мен факультеттердегі тілдік бөліністі нақты зерттеп, олардың өзгерістерін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелердің негізінде болашақта білім беру жүйесіндегі тілдік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар жасауға болады.

ISSN 2788-7979 (online)

НӘТИЖЕЛЕР

Өз зерттеуімізде жоғары оқу орындарына түсуші студенттердің тілдік талғамын, оқыту тілін таңдаудағы принциптерін анықтауды мақсат еткендіктен, нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін 2019-2023 оқу жылдары аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бакалавриатына қабылданған 1-ші курс студенттердің жалпы саны туралы мәліметтерді негізге ала отырып, төмендегі нәтижелерге қол жеткіздік. Берілген аралықта ҚазҰУ отандық және шетелдік студенттерді қоса алғанда 35 ұлт өкілдерін қамтыды. Төрт оқу жылының мәліметтерін талдай келе, аталған контингентте айтарлықтай өзгешеліктер орын алғандығын көруге болады.

Доминант ұлтты қазақтар құрайды (93%), ал орыс студенттерінің саны өзбектер, түркмендер мен Үндістан және Пәкістан халықтарының өкілдерінің санынан аспайды. Ауған және түрік студенттерінің тұрақты өсімін байқауға болады. Қазақстанға мамандық игеру үшін келетін шетелдіктер санының тұрақты өсіміне бірнеше фактор әсерін тигізеді. Мысалы, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің ресми мәлімдемесінде қазақстандық жоғары оқу орындарының әртүрлі халықаралық көрмелерде белсенді түрде қатысатындықтары, сонымен қатар, университеттеріміз арнайы білім гранттарын бөлу арқылы шетел азаматтарын елімізге оқуға тартатындықтары жайында айтқан болатын. Негізінен, шетелдік студенттер медицина, бизнес пен басқару, педагогикалық және әлеуметтік ғылымдарды таңдайтындықтары да атап көрсетілген.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ әлемнің 500-ден астам үздік жоғары оқу орны және ғылыми орталықтарымен ынтымақтастық орнатқан. Жыл сайын университетімізді маман дайындаудың үздіктері қатарынан танып, арнайы таңдап келетін шетелдіктер тек ТМД елдері қатарынан емес, АҚШ, Қытай, Корея, Үндістан, Пәкістан секілді алыс шетелдерден көптеп келуде. “Internationalization in higher education has led to an increasing number of students traveling abroad to pursue education” – жоғары білім беруді интернационалдандыру шетелге білім алу үшін баратын студенттер санының артуына әкелді [13, 1711].

Осындай қашық орналасқан елдердің азаматтарының көбі қазақ/орыс тілдерін мүлдем меңгермеген, сондықтан отандастарымыздың ғана емес, шетелдік студенттердің оқу тілін таңдаудағы негізгі принциптерін көрсеткіміз келеді. 2020 жылға дейін оқу ордамызда оқыту негізінен қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Қазіргі таңда оқыту тілі ретінде ағылшын тілін де таңдауға болады, бұл шетелдік студенттермен қатар еліміздің азаматтарының таңдауы да ағылшын тіліне түсіп жатқанын көрсетті.

Елімізде білім алушы шетелдік студенттердің оқу тілін таңдаудағы өзгеріс анық байқалады. Себебі, шетелдік студенттердің көбеюі Қазақстанның білім беру жүйесіндегі қалыпты жағдайға айналып келе жатыр, ал университетімізді таңдаған шетелдік азаматтардың санының өсуі оқу ордасының үлкен сұранысқа ие екендігінің белгісі. Жалпы оқу тілі бойынша қазақ/орыс бөлімдері ғана болған кезде шетелдіктер екі тілді шамамен бірдей қатынаста таңдайтын. Оқыту тілдерінің қатарына ағылшын тілі қосылғаннан кейін шет тілін таңдаушылар саны артты.

Республикамызда өмір сүретін әртүрлі ұлт өкілдерінің айрықша ерекшелігі – оларда екі немесе одан да көп тілді меңгеру тәжірибесі және солардың негізінде қалыптасқан өзіне тән тілдік сананың болуы. Осы орайда тілдік санаға ықпал ету арқылы қостілді тұлғаларды қалыптастыру мәселесін зерттеудің өзектілігі күмән тудырмайды.

ТАЛҚЫЛАУ

Берілген аралықта ҚазҰУ отандық және шетелдік студенттерді қоса алғанда 35 ұлт өкілдерін қамтыды. Төрт оқу жылының мәліметтерін талдай келе, аталған контингентте айтарлықтай өзгешеліктер орын алғандығын көруге болады. Мысалы, Үндістан мен Пәкістаннан келген студенттер саны соңғы 4 жылда 27 есе өскен.

ISSN 2788-7979 (online)

Кесте 1 әл-Фараби ат. ҚазҰУ студенттерінің берілген аралықтағы жалпы саны (жалпы саны 10-нан асатын ұлттар көрсетілген)

ұлты	**2019-2020**	**2020-2021**	**2021-2022**	**2022-2023**
казақтар	20157	18805	19100	19360
орыстар	247	230	244	237
украиндар	15	19	21	23
өзбектер	312	320	307	330
қырғыздар	15	12	8	13
әзірбайжандар	37	33	27	30
тәжіктер	61	40	50	48
түркмендер	223	313	294	286
татарлар	56	43	42	39
ауғандар	49	78	74	73
дүнғандар	17	18	13	15
қытайлар	78	81	81	83
кәрістер	76	65	47	51
ұйғырлар	181	149	135	132
Үндістан және Пәкістан халықтары	20	272	377	540
түріктер	37	60	62	58

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық жоғары білімнің халықаралық тартымдылығын арттыру мақсатында «Өңірлік білім беру хабын құру және үздік жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту жұмысы жалғасып, қос дипломды бағдарламаларды, студенттер мен жоғары оқу орындары ОПҚ-ның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының әртүрлі нысандарын дамыту, қазақстандық университеттер базасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының кампустарын ашу» жоспарлануда деп айтылды [14]. Сонымен қатар, World University Rankings 2022 рейтингіне қазақстандық төрт университет кірді, бұл тізімде әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетіміз көш бастап тұр. Университетте халықаралық ынтымақтастық қарқынды жүзеге асырылады. 2010 жылғы наурыз айында Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылып, Жоғары білім берудің еуропалық аймағының 47-мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде танылған алғашқы Орталық Азия мемлекеті болғанымыз да, әлемдік университеттермен тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндіктер ашты.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ әлемнің 500-ден астам үздік жоғары оқу орны және ғылыми орталықтарымен ынтымақтастық орнатқан. Жыл сайын университетімізді маман дайындаудың үздіктері қатарынан танып, арнайы таңдап келетін шетелдіктер тек ТМД елдері қатарынан емес, АҚШ, Қытай, Корея, Үндістан, Пәкістан секілді алыс шетелдерден көптеп келуде. Осындай қашық орналасқан елдердің азаматтарының көбі қазақ/орыс тілдерін мүлдем меңгермеген, сондықтан отандастарымыздың ғана емес, шетелдік студенттердің оқу тілін таңдаудағы негізгі принциптерін көрсеткіміз келеді. 2020 жылға дейін оқу ордамызда оқыту негізінен қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Қазіргі таңда оқыту тілі ретінде ағылшын тілін де таңдауға болады, бұл шетелдік студенттермен қатар еліміздің азаматтарының таңдауы да ағылшын тіліне түсіп жатқанын көрсетті.

Көрсетілген аралықтағы сандық көрсеткіштерге назар аударайық. 2019-2020 оқу жылында қазақ бөлімінде оқитын студенттердің жалпы саны 17900 болды (олардың 524-і шетелдіктер), орыс бөлімінде 3914 студент (олардың 452-сі шетелдіктер). Бұдан шетел азаматтарының оқуда қазақ және орыс тілін таңдау мөлшері шамамен бірдей деген тұжырым аламыз.

ISSN 2788-7979 (online)

2020-2021 оқу жылында қазақ бөлімінде оқитын студенттер саны – 16435 (олардың 557-сі шетелдіктер), орыс бөлімінде оқитындар саны – 3692 (олардың 416-сы шетелдіктер, бұл былтырғы көрсеткіштен 8%-ға төмен). 2021-2022 оқу жылында ағылшын бөліміне студенттер қабылдана бастады, олардың саны 528 адам (олардың 464-і шетелдіктер). Университетімізде он бесінші – медицина факультетінің ашылуы шетелдік студенттер санының көбеюіне әсерін тигізді. Қазақстанның денсаулық сақтау және медицина жүйесінің дамуына өз үлесін қосып, болашақта әлемдік деңгейге шығу мақсатында Қазақ Ұлттық университеті осы салада оқу бағдарламаларын ашқан болатын. 2019 жылы медицина және денсаулық сақтау факультетінде 213 шетелдік студент болса, 2020 жылы бұл 567-ге жетті, 2021-2022 оқу жылында ағылшын тілін тағдаған студенттер санының көрсеткіші 823 адамнан асса, 2022-2023 оқу жылында тек медицина факультетіндегі 1-курс студенттерінің 1000-нан астамының оқу тілі – ағылшын тілі.

Төмендегі *Кесте 2* және *Кесте 3* кестелерінде төртжылдық аралықтағы отандық және шетелдік студенттердің жалпы саны берілген.

Кесте 2 Студенттердің оқу тілі бойынша жалпы саны

Оқу жылы	Қазақ бөлімі	Орыс бөлімі	Ағылшын бөлімі
2019-2020	17900	3914	0
2020-2021	16435	3692	528
2021-2022	16366	3956	865
2022-2023	14556	4468	1395


Кесте 3 Шетелдік студенттерінің оқу тілі бойынша жалпы саны

Оқу жылы	Қазақ бөлімі	Орыс бөлімі	Ағылшын бөлімі
2019-2020	524	452	0
2020-2021	557	416	464
2021-2022	491	381	758
2022-2023	383	424	914

Төрт оқу жылы аралығында оқу тілдері бойынша *1 сурет* арқылы пайыздық айырмашылық анық көрсетілген: 2019-2020 оқу жылы студенттердің 82% қазақ тілінде, орыс тілінде 18% білім алса, 2020-2021 оқу жылы қазақ бөлімі 2%-ға азайып, оқыту тіліне ағылшын тілі қосылғандықтан, шет тілінде білім алушылар 2% құрады, орыс тілі бөлімі өзгеріссіз қалды. 2021-2022 оқу жылы қазақ тілінің үлесі 79%, орыс тілі 19%, ағылшын тілі 4% болды. Осы үшжылдық аралықта көрсеткіштер жалпы бірқалыптылығын сақтаса, 2022-2023 оқу жылы оқыту тілін таңдау біраз өзгерістерге ұшырады: қазақ тілінде оқитын студенттер саны 3 жыл бұрынғы көрсеткіштерге қарағанда 11%- ға төмендегенін, ал орыс тілінде оқуды таңдау 4%-ға артқанын байқауға болады. Осылайша, соңғы аталған оқу жылында студенттердің жалпы санының 71% қазақ бөлімінде, 22% орыс бөлімінде, 7% ағылшын тілінде білім алады.

ISSN 2788-7979 (online)

1 сурет. 2019-2023 жылдар аралығындағы ҚазҰУ оқыту тілдері



Енді шетелдік студенттердің оқу тілін таңдаудағы көрсеткіштерге тоқталайық. *Кесте 3* - те берілген мәліметтерден ағылшын тілі бөлімі ашылғаннан кейін осы бөлімді таңдаған шетелдік студенттердің санының артуын байқаймыз. Сонымен қатар, соңғы екі жылда шет тілін таңдаған өз еліміздің резиденттерінің де саны артқан: 2020-2021 оқу жылында олардың саны 64 болса, 2021-2022 оқу жылында бұл көрсеткіш 107 адамға, ал 2022-2023 оқу жылы 148-ге дейін өскен.

Елімізде білім алуды ұйғарған шетелдік студенттердің оқу тілін таңдаудағы динамика анық байқалады. Себебі, шетелдік студенттердің көбеюі Қазақстанның білім беру жүйесіндегі қалыпты жағдайға айналып келе жатыр, ал университетімізді таңдаған шетелдік азаматтардың санының өсуі оқу ордасының үлкен сұранысқа ие екендігінің белгісі. Жалпы оқу тілі бойынша қазақ/орыс бөлімдері ғана болған кезде шетелдіктер екі тілді шамамен бірдей қатынаста таңдайтын. Оқыту тілдерінің қатарына ағылшын тілі қосылғаннан кейін шет тілін таңдаушылар саны өсіп келеді. Бұл өсімді *2 сурет*-тен анық көруге болады:

2 сурет. 2019-2023 жж шетелдік студенттердің оқу тілін таңдау көрсеткіші



ISSN 2788-7979 (online)

Осы сараптаулардан үштілді оқыту бағдарламасына көшу өз нәтижелерін беріп жатқандығына көзіміз жетіп жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда атап өткендей, Алматы қаласындағы тілдік жағдай ерекше. Соңғы жылдары қаланың тілдік көрінісі түбегейлі өзгеруде, ондаған жылдар бойы қалыптасқан мәдени парадигманың ауысуы жүріп жатыр, осы өзгерістердің нақты көрінісін алу үшін студенттер контингенті таңдалып алынған болатын. Себебі, білім ордаларының көп шоғырланған орталығы Алматы қаласы болғандықтан, жоғары оқу орнына түсуші мектеп түлектерінің және шетелдік студенттердің саны күнбе күн көбеюде. Себебі, пандемия кезінде қалыптасқан оқу жағдайы білім алуда еш шекара жоқ екендігін көрсетті: заманауи 1-ші курс студенті өз мүмкіндіктерін кеңейтуде, ағылшын тілін оқуға деген көзқарасы өзгеруде, себебі қазіргі қоғамда шет тілін меңгеру кез келген қарым-қатынаста, әсіресе, академиялық ұтқырлықта да аса маңызды екендігін түсінеді. Президент Қ.К.Тоқаев: «Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс» екендігін өз жолдауында атап өтті, бұл болашақты бағдарлаудың ұтқыр шешімдерінің бірі деп санаймыз.

Біздің зерттеуімізде жоғары оқу орындарына түсуші студенттердің тілдік талғамын, оқыту тілін таңдаудағы негізгі принциптерін анықтау басты мақсат болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін біз 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) бірінші курсына қабылданған студенттер контингентін жан-жақты сараптадық. Бұл талдау аясында студенттердің ұлттық құрамы, олардың оқыту тілін таңдаудағы басымдықтары және осы көрсеткіштердегі жылдар бойғы өзгерістер зерттелді.

Зерттеу барысында ұсынылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін бірнеше ғылыми әдістер кешені пайдаланылды. Ең алдымен, зерттелетін мәселенің теориялық негіздері жан-жақты қарастырылып, ғылыми еңбектер мен әдеби көздерге талдау жасалды. Сонымен қатар, индуктивті-дедуктивті әдістер арқылы деректер жинақталып, олардың арасындағы байланыстар анықталды. Студенттердің тілдік талғамын бағалау үшін нақты статистикалық мәліметтер жиналып, олар белгілі бір критерийлер бойынша сұрыпталды, салыстырмалы талдау жүргізілді және алынған нәтижелер нақтыланды.

Әдебиеттермен жұмыс жасау барысында тақырыпқа қатысты алдыңғы зерттеулерге шолу жасалып, олардың нәтижелері қазіргі жағдаймен салыстырылды. Қорытындылау әдістері арқылы жинақталған мәліметтер негізінде басты тұжырымдар жасалып, алынған деректер негізінде оқыту процесіне қатысты ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған ақпараттарды жүйелеу және құрылымдау жұмыстары да жүргізілді.

Сонымен қатар, жоғарыда қарастырылғандай, тілдік бағдарламалар тек оқыту қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізілетін мектептерде ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарында да табысты жүзеге асырылып жатқаны айқын көрініс табуда. Бұл көптілді білім беру жүйесінің Қазақстанда тұрақты дамып келе жатқанын және оның білім алушылар үшін тиімділігін дәлелдейді. Үш тілді еркін меңгеру студенттердің танымдық қабілеттерін арттырып қана қоймай, олардың түрлі мәдениет өкілдерімен еркін қарым-қатынас жасауына, әртүрлі әлеуметтік және кәсіби ортада өзін сенімді сезінуіне үлкен мүмкіндік береді.

Көптілді білім беру тек тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар студенттердің дүниетанымын кеңейтуге, басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін түсінуге және құрметтеуге де ықпал етеді. Бұл жағдай олардың жаһандану үдерісіне тиімді бейімделуіне, көпмәдениетті ортада сәтті еңбек етуіне жол ашады. Сонымен қатар, бірнеше тілді меңгерген тұлғалар болашақта еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болатыны анық. Олар халықаралық серіктестіктермен жұмыс істей алады, шетелдік оқу орындарында білімін жалғастыруға мүмкіндік алады және жаһандық кәсіби қауымдастықтарға оңай кірігеді.

ISSN 2788-7979 (online)

Осылайша, үш тілде білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуына, оның зияткерлік әлеуетін арттыруға, мәдениетаралық қарым-қатынасты нығайтуға және қазіргі заманғы қоғам талаптарына сай келетін көптілді, көпмәдениетті тұлғаның қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Бұл дегеніміз, көптілді, көпмәдениетті тұлғаның қалыптасуының бастамасы. Өз кезегінде, көптілді білім беру дегеніміз – бірнеше тілді бір уақытта оқыта отырып, индивидті көптілді тұлға ретінде тәрбиелеу мен дамытуға мақсатты түрде ұйымдастырылған, нормаланатын үшжақты үрдіс. Өйткені, тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың жаны, дәстүрлері мен мәдениетін сақтаушы. Қазақстандағы тіл саясаты әрқашан ел аумағындағы әр тілдің және сол тілдерде сөйлеушілердің өзара тату өмір сүруі мен әралуандығын сақтау бағытында болды. Бұны «Қазақстан Республикасының тілдері туралы» Заңы растайды, онда еліміздегі әр тіл ұлттық игілік делінген. Ал халықаралық тілдердің бірі ағылшын тілін оқу тілі ретінде енгізу өз еліміздің азаматтары үшін ғана емес, шетелдік студенттердің Қазақстан аумағында білім алуына үлкен мүмкіндіктер туғызып отыр, себебі, посткеңестік елдерден өзге алыс шетел азаматтарының басым көпшілігі ағылшын тілін жетік меңгерген.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық даму жоспарының "Тілдік жаңғыру" және "Әлемдегі үздік білімге қол жеткізу бастамасы" атты міндеттерінде «шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін үйрету мүмкіндіктерімен халықты барынша мол қамту қамтамасыз етіледі. Білім берудің барлық деңгейлерінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша үштілділікті енгізу жалғасады» делінген. Бұл көптілді білім беру арқылы тіл саясатын үйлесімді жүргізудің айғағы.

Елімізде өмір сүретін әртүрлі ұлт өкілдерінің айрықша ерекшелігі – олардың екі немесе одан да көп тілді меңгеру тәжірибесі және осының негізінде қалыптасқан өзіндік тілдік сананың болуы. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, қостілділік пен көптілділік – елдің әлеуметтік-мәдени ерекшелігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Бұл құбылыс азаматтардың өзара қарым-қатынас жасауына, ұлттық келісім мен тұрақтылықты сақтауға оң ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, қоғамда қалыптасқан тілдік сананың маңыздылығын зерттеу және оған ықпал ету арқылы қостілді немесе көптілді тұлғаларды қалыптастыру мәселесі өзекті бола түседі. Көптілділік тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар адамның дүниетанымына, мәдени интеграциясына, кәсіби және әлеуметтік мүмкіндіктеріне тікелей әсер ететін фактор болып табылады. Бұл әсіресе Қазақстан жағдайында ерекше маңызға ие, өйткені елдегі тілдік саясаттың басты мақсаты – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, оның қоғамдағы рөлін нығайту, сондай-ақ қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу.

Жалпы, Қазақстандағы көптілділік – елдің стратегиялық дамуының бір бөлігі. Бұл бағытта жасалып жатқан жұмыстар бір жағынан қазақ тілінің қоғамдағы беделін арттыруға, екінші жағынан, азаматтардың тілдік санасының дамуына ықпал ететінін көрсетеді. Сондықтан көптілді білім беру мен тіл саясатының одан әрі тиімді жүзеге асырылуы Қазақстанның тұрақты дамуы мен болашақтағы жетістіктерінің кепілі болмақ.

Десек те, мемлекеттік тілді Қазақстан Республикасының әр азаматының меңгеруі мақсатында нақты қадамдар мен бағдарламалар жүзеге асырылуда. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде енгізілуі мен оқытылуы жөнінде тілдер туралы Заң, елбасының ««Қазақстан-2050» - стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы, мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалар осындай қадамдардың нәтижесі. Еліміздің президенті Қ. К. Тоқаевтың құнды пікірі тіл мәртебесін көтеруді үздіксіз жалғастырудың маңыздылығын дәлелдей түседі: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты

ISSN 2788-7979 (online)

байланыстыратын құрал. Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз».

Зерттеуімізді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауымен қорытындылағымыз келеді: «көптілді оқыту бағдарламасы тілдік мәдениетті меңгерген, бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыратын білім берудің жаңа моделін құруды көздейді». Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгеру жастарға әлемдік нарыққа, ғылымға және жаңа технологияларға шығатын; этникалық, қазақстандық және әлемдік мәдениеттерге үйренісуге негізделген конструктивті ынтымақтастықтың жан-жақты ұстанымдарын қалыптастыруға жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мейе А. Тарихи тіл біліміндегі салыстырмалы әдіс. Француз тілінен аударма. Екінші басылым. URSS. 2004. 104 б. A projection of socio-linguistics: The relationship of speech to social status.

2 Лабов У. Тілдік өзгерістер механизмі туралы. Тіл біліміндегі жаңалық. VII шығ. М. 1975. Б. 199-228.

3 Meyerhoff M. Introducing Sociolinguistics, 2nd ed. London/NY: Routledge. 2010. - Б. 54-80.

4 Boyko Y., Sierhieieva O., Matsiuk O., Dmytroshkin D., Levytska N. (2024) “Cross-Cultural Research in Cognitive Psycholinguistics: Analysis of Linguistic Diversity and Cognitive Processes”, Forum for Linguistic Studies, vol. 06 no. 06, pp. 28-42, available at. https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.6758

5 Сулейменова Э. Д., Смагулова Ж. С. Қазақстандағы тілдік ахуал және тілді жоспарлау Сулейменова Э. Д. жалпы ред. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 344 б. - библиогр.: Б. 297-324.

6 Хасанов Б. Х. Ұлттық тілдер, қостілділік және көптілділік: ізденістер мен перспективалар / Б. Хасанов. Алма-ата: Қазақстан, 1989. – 133 б.

7 Алтынбекова О. Б. Қазақстандағы этнотілдік процесстер: монография/Алтынбекова О. Б. - Алматы: Экономика, 2006. - 415 б.

8 Romanchuk S., Kuzmenko O., Berezhna M., Vysoskyi A., Nikolaieva T. (2024) “Analysis of the Linguistic Personality as a Subject of Psycholinguistic Research: Dynamics of Development and Forecasts for the Future Forum for Linguistic Studies” vol. 06 no. pp. 15-27, available at. DOI : https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.6673

9 Лысенко Н.Е. Тілдік емес жоо-да орыс және шет тілдерін оқытудағы тілдік тұлғаның дамуы. 2006.

10 Жеглова О.А. Жоғары оқу орнын ізгілендіру жағдайында ЖОО студенттерінің тілдік тұлғасын қалыптастыру. Жас ғалым. - 2011.- №6 (29) – Т.2. – Б.148-150.

11 Алишариева А.Н., Ибраева Ж.К., Протасова Е.Ю. Алматылық студенттердің тілдік артықшылығы. Тіл экологиясы және коммуникативтік практика. 2019. № 4 (1). Б. 2–12

12 Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118

13 Jokila S. and Mathies Ch. (2024) “Rhizomic communication practices bridging international students and the host society and beyond”, Higher Education, vol. 88, pp. 1711–1730, available at. Springer/ https://doi.org/10.1007/s10734-023-01153-2

14 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы// http: www.edu.gov.kz.

15 Mercy A.A. Language choice in multilingual communities: The case of Larteh, Ghana. Journal/Legon journal of the Humanities/ vol. 25, 2014. https://doi.org/10.4314/ljh.v25il.3

ISSN 2788-7979 (online)
Материал 13.01.2025 баспаға түсті

Роль профессионального фактора в выборе языка обучения: анализ языкового выбора студентов КазНУ им. аль-Фараби

Дж. Нойендорф[1], А.М. Асабаева[2], У.Е. Мусабекова[2]
[1]Джорджтаунский университет, Джорджтаун, штат Вашингтон, 20057, США
[2]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, 050000, Республика Казахстан

Какие факторы влияют на выбор языка обучения студентов при поступлении на профессиональное образование? Языковая политика, государственные программы и проекты, реализуемые в стране после обретения независимости, привели к изменениям национального сознания, и стремление идти в ногу со временем, соответствуя глобальному развитию, несомненно, привели к трансформации современной языковой личности. Целью настоящей статьи является определение факторов, влияющих на выбор языка обучения студентов в современном Казахстане с позиций социолингвистического, психолингвистического и лингвокультурологического подходов. Научно-практическая значимость работы заключается в том, что сделан шаг для определения современного состояния и востребованности изучения языков в системе образования. На основе анализа данных по выбору языка обучения за четырехгодичный период (2019-2023 гг.) были определены языковые предпочтения первокурсников КазНУ. Для решения поставленных в исследовании задач использовались такие общенаучные методы, как сравнительный и статистический анализы, а также анализ структуры и динамики, графическая интерпретация информации. В результате исследования был проведен конкретный анализ языкового выбора выпускников, поступающих в указанное высшее учебное заведение, изменения отношения к изучению языков на основе государственных программ и под влиянием глобального развития. Полагаем, что исследование будет способствовать подготовке выпускников школ к высшему образованию, профессиональной ориентации, адаптации предметов в вузе к языку преподавания, а также более широкому внедрению в образовательный процесс интегративного обучения.

Ключевые слова: языковой выбор, языковая личность, языковое сознание, трехъязычное образование, лингвокультурная ситуация.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Мейе А. Сравнительный метод в историческом языкознании. Перевод с французского. Изд. 2 URSS. 2004. 104 с. A projection of socio-linguistics: The relationship of speech to social status.

2 Лабов У. О механизме языковых изменений. Новое в лингвистике, вып. VII. М. 1975. - С. 199-228.

3 Meyerhoff M. Introducing Sociolinguistics, 2nd ed. London/NY: Routledge. 2010. - С. 54-80.

4 Boyko Y., Sierhieieva O., Matsiuk O., Dmytroshkin D., Levytska N. (2024) “Cross-Cultural Research in Cognitive Psycholinguistics: Analysis of Linguistic Diversity and Cognitive Processes”, Forum for Linguistic Studies, vol. 06 no. 06, pp. 28-42, available at. https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.6758

5 Сулейменова Э. Д., Смагулова Ж. С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане/под общ. ред. Сулейменовой Э. Д. - Алматы: Казахский университет, 2005. - 344 с. - библиогр.: С. 297-324

6 Хасанов Б. Х. Национальные языки, двуязычие и многоязычие: поиски и перспективы / Б. Хасанов. Алма-ата: Казахстан, 1989. – 133с.

7 Алтынбекова О. Б. Этноязыковые процессы в Казахстане: монография/Алтынбекова О. Б. - Алматы: Экономика, 2006. - 415 с.

ISSN 2788-7979 (online)
8 Romanchuk S., Kuzmenko O., Berezhna M., Vysoskyi A., Nikolaieva T. (2024) “Analysis of the Linguistic Personality as a Subject of Psycholinguistic Research: Dynamics of Development and Forecasts for the Future Forum for Linguistic Studies” vol. 06 no. pp. 15-27, available at. DOI : https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.6673
9 Лысенко Н.Е. Развитие языковой личности при обучении русскому и иностранному языкам в неязыковом вузе. 2006
10 Жеглова О.А. Формирование языковой личности студентов вуза в условиях гуманитаризации высшего образования. Молодой ученый. - 2011.- №6 (29) – Т.2. – С.148-150.
11 Алишариева А.Н., Ибраева Ж.К., Протасова Е.Ю. Языковые предпочтения алмаатинских студентов. Экология языка и коммуникативная практика. 2019. № 4 (1). С. 2–12
12 Об утверждении Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118
13 Jokila S. and Mathies Ch. (2024) “Rhizomic communication practices bridging international students and the host society and beyond”, Higher Education, vol. 88, pp. 1711–1730, available at. Springer/ https://doi.org/10.1007/s10734-023-01153-2
14 Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 гг, Постановление Правительства РК от 27 декабря 2019 года // http: www.edu.gov.kz.
15 Mercy A.A. Language choice in multilingual communities: The case of Larteh, Ghana. Journal/Legon journal of the Humanities/ vol. 25, 2014. https://doi.org/10.4314/ljh.v25il.3

Материал поступил в редакцию журнала 13.01.2025

The role of the professional factor in the choice of the language of instruction: analysis of the language choice of students of KazNU Al-Farabi

J. Neuendorf[1],A.M. Assabayeva[2], U.E. Mussabekova[2]
[1]Georgetown University, Georgetown, Washington, 20057, USA
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

What factors do students base on when choosing a language of instruction when entering vocational education? The language policy, government programs and projects implemented in the country after gaining independence led to changes in people's consciousness, and the desire to keep up with the times, corresponding to global development, undoubtedly led to the transformation of the modern linguistic personality. In order to determine these changes, the choice of the language of instruction of students was considered from the social, psycholinguistic and linguocultural points of view. The scientific and practical significance of the work lies in the fact that a step has been taken to determine the current state and demand for learning languages in the education system. Based on the analysis of data on the choice of the language of instruction for a four-year period (2019-2023), the language preferences of first-year students of KazNU were determined. To solve the tasks set in the study, such general scientific methods as comparative and statistical analyzes, as well as analysis of structure and dynamics, and graphical interpretation of information were used. As a result of the study, a specific analysis was carried out of the language choice of graduates entering the specified higher education institution, changes in attitudes towards language learning based on government programs and under the influence of global development. We believe that the study will contribute to the preparation of school graduates for higher education, professional orientation, adaptation of subjects at the university to the language of instruction, combining them with an integrative orientation. The practical significance of the work lies in the presentation of a new questionnaire to students entering higher educational institutions, offering a learning format designed taking into account their language preferences.

Key words: language choice, linguistic personality, linguistic consciousness, trilingual education, linguistic and cultural situation.

ISSN 2788-7979 (online)

REFERENCES

1 Meye A. (2004) [A projection of sociolinguistics: The relationship of speech to social status] Sravnitelnyy metod v istoricheskom yazykoznanii. Perevod s frantsuzskogo. Izd. 2 URSS. 104 p. (in Russian)
2 Labov U. O mekhanizme yazykovykh izmeneniy. Novoye v lingvistike. vyp. VII. M. 1975. p. 199-228 (in Russian)
3 Meyerhoff M. (2010). Introducing Sociolinguistics. 2nd ed. London/NY: Routledge. 54-80 p. (in English)
4 Boyko Y., Sierhieieva O., Matsiuk O., Dmytroshkin D., Levytska N. (2024) "Cross-Cultural Research in Cognitive Psycholinguistics: Analysis of Linguistic Diversity and Cognitive Processes", Forum for Linguistic Studies, vol. 06 no. 06, pp. 28-42, available at. https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.6758
5 Suleymenova E. D. Smagulova Zh. S. Yazykovaya situatsiya i yazykovoye planirovaniye v Kazakhstane / pod obshch. red. Suleymenovoy E. D. Almaty: kaz. Un-t. 2005. - 344 s. - bibliogr.: 297-324 p. (in Russian)
6 Khasanov B. Kh. Natsionalnyye yazyki. dvuyazychiye i mnogoyazychiye: poiski i perspektivy / B. Khasanov. Alma-ata: Kazakhstan. 1989. 133 p. (in Russian)
7 Altynbekova O. B. Etnoyazykovyye protsessy v Kazakhstane: monografiya / O. B. Altynbekova. - Almaty: Ekonomika. 2006. 415 p. (in Russian)
8 Romanchuk S., Kuzmenko O., Berezhna M., Vysoskyi A., Nikolaieva T. (2024) "Analysis of the Linguistic Personality as a Subject of Psycholinguistic Research: Dynamics of Development and Forecasts for the Future Forum for Linguistic Studies" vol. 06 no. pp. 15-27, available at. DOI : https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.6673
9 Lysenko N.E. Razvitiye yazykovoy lichnosti pri obuchenii russkomu i inostrannomu yazykam v neyazykovom vuze. Avtoreferat. Orel. 2006. 22 p. (in Russian)
10 Zheglova O.A. Formirovaniye yazykovoy lichnosti studentov vuza v usloviyakh gumanitarizatsii vysshego obrazovaniya. Molodoy uchenyy. 2011. №6 (29) – T.2. 148-150 p. (in Russian)
11 A.N. Alishariyeva. Zh.K. Ibrayeva. E.Yu. Protasova. Yazykovyye predpochteniya almaatinskikh studentov. Ekologiya yazyka i kommunikativnaya praktika. Almaty. 2019. № 4 (1). 2–12 p. (in Russian)
12 Ob utverzhdenii Gosudarstvennoy programmy razvitiya obrazovaniya Respubliki Kazakhstan na 2011-2020 gody https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118 (in Russian)
13 Jokila S. and Mathies Ch. (2024) "Rhizomic communication practices bridging international students and the host society and beyond", Higher Education, vol. 88, pp. 1711–1730, available at. Springer/ https://doi.org/10.1007/s10734-023-01153-2
14 Qazaqstan Respublikasynda bılım berudı jäne ğylymdy damytudyñ 2020 – 2025 jyldarğa arnalğan memlekettık bağdarlamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2019 jylğy 27 jeltoqsandağy № 988 qaulysy// http: www.edu.gov.kz. (in Kazakh)
15 Mercy A.A. Language choice in multilingual communities: The case of Larteh, Ghana. Journal/Legon journal of the Humanities/ vol. 25, 2014. https://doi.org/10.4314/ljh.v25il.3

Received: 13.01.2025

ISSN 2788-7979 (online)

МҒТАР 16.31.51 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss1pp346-357

Г. Рысбекқызы[1], Б. Әбдуалиұлы[1]
[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 000001, Қазақстан Республикасы

АҒЫЛШЫН ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АНТРОПОНИМИЯЛЫҚ ЛЕКСИКАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕМЕСІ

Қазақ тілін ағылшын тілді аудиторияға үйрету кезінде ұлт мәдениетімен таныстыру тіл үйренушінің тіл табиғатын сезінуіне жол ашады. Бұл орайда тілдік материал ретінде антропонимиялық бірліктерді қолданудың маңызы зор. Қазақ тіліндегі кісі есімдердің және есімдерге қатысты лексика мен мәдени-әлеуметтік ерекшеліктеріміздің шетелдік азаматтар үшін қиындық туғызатын тұстары біршама. Мақалада сол қиындықтардың алдын алу үшін қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесіне енгізуге болатын тапсырмалардың сипаттамасы берілді және түрлері таныстырылды. Бірінші кезекте шет тілін оқытудағы әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің маңызына назар аударылды. Тақырыпқа қатысты осыған дейінгі зерттеулерге шолулар жасалды, білім мазмұнында қамту үшін кісі есімдерінің өзіндік ерекшеліктеріне де қысқаша талдаулар жасалды.

Ағылшын тілді азаматтармен жүргізілген сұхбаттардың нәтижесінде, шетелдіктердің қазақ тіліндегі кісі есімдеріне қатысты туындайтын түсініспеушіліктері мен қиындықтары анықталды және оларды шешу жолдары ұсынылды. Қазақ тілін ағылшын аудиториясына оқытуда антропонимиялық деректерді қолдануға байланысты жаттығулар мен тапсырмалардың үлгілері берілді.

Кілт сөздер: антропоним, оним, қазақ тілін оқыту әдістемесі, қазақ тілі шет тілі ретінде, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ тілін ағылшын аудиториясына оқыту барысында антропонимиялық лексиканың тілдік қатынастағы орнын айқындау мен маңыздылығына түсінік беру – әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік құзіреттілікті дамытудың бір жолы. Антропонимиялық минимум аясына кісі есімдері мен оған қатысты лексика кіреді. Мысалы, қазақ есімдері және оған жалғанып айтылатын туыстық атаулар мен қосымшалардың заңдылықтары, сонымен қатар қазақ есімдерінің құқықтық рәсімделуі, ресми және бейресми қолданысы тіл үйренуші үшін аса маңызды екенін жоққа шығаруға болмайды.

Ономастикалық атауларды шет тілі сабағында қолданудың тиімділігін біраз шетелдік және санаулы отандық ғалымдар қарастырған. Нью Йорк университетінің зерттеушісі Лорел МакКензи ономастикалық бірліктерді тіл үйрету курстарында қолдану ерекшеліктерін анықтады. Ғалым адам аттарын, қысқартып, еркелетіп айтылатын есімдерді фонетикалық курстарда буын түрлерін оқытуда, үндестік заңдарын, ритм мен просодияны түсіндіруде қолдануды ұсынды. Сондай-ақ морфологиялық талдауларды оқытуда топонимдерді қолдануға болатынын көрсетті [1]. В. Катермина мен Н. Соловьева өз еңбегінде шет тілін оқытуда сол елдің мәдениетін көрсететін лексикалық бірліктерді сипаттап, оның ішінде антропонимге назар аударды және құрамында кісі аттары бар фразеологизмдердің тілді үйретудегі маңызына, олардың лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктеріне тоқталады. Ю.Б.Мартыненко қытайлық білім алушыларға орыс тілін шет тілі ретінде үйретуде анропонимдерді дұрыс оқытудың маңыздылығын, қиыншылығын, мазмұны мен тиімді жолдарын көрсетіп берді. Сонымен қатар адам аттарына қатысты сөйлеу этикет нормаларын, елтанымдық әдісті қолданудың жалпы тіл үйренушілердің мәдениеті мен тілдік білімдерін

ISSN 2788-7979 (online)

арттыруға әсері туралы жазды [2]. Н.М.Сергеева бастаған авторлар тобы өз мақалаларында, орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың бастапқы кезеңінде, антропонимдердің лингвистикалық мәселелері туралы ақпарат берудің өзектілігіне тоқталады. Антропонимді оқыту нысаны ретінде қарастырады [3]. Ал қазақ ғалымдарынан Ж.Ағабекова ұлттық-мәдени лексиканы, оның ішінде онимдік бірліктерді қазақ тілін оқытуда қолданудың маңызын қарастырып, қазақ тілін оқыту тіл мен мәдениетті оқытудан тұратынын атап өтеді. Ал мәдениет ұлттық рух, когнитивтік лингвистика және этнолингвистикалық бағыттарды қамтитынына мән беріп, онимдік бірліктерді сабаққа кірістірудің бес әдісін ұсынады [4]. А.Алимхан онимдік бірліктерді шетелдіктерге арналған қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында лингвоелтанымдық дереккөз ретінде қолдану аясын, мақсатын және бағыттарын айқындайды. Оның зерттеуінше жер-су атауларының мағынасы мен құрылымын, этимологиясын, топонимикалық аңыздарды, әдеби онимдер мен этнографиялық ақпаратты оқу тіл үйренушінің тіл байлығын байытып, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеуге қызмет етеді. Бұл материалдар тіл үйренудің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде жергілікті аймақ туралы түсініктерді ұсынатын тілдік бірліктер ретінде әрекет етеді. Ономастикалық атаулар салт-дәстүрді, тұрмыс-тіршілікті қамтитын ұғымдардың біртұтас жүйесін көрсетеді, сол арқылы тілдік және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді дамытуға ықпал етеді. Тілдік және мәдени мазмұнды меңгеру барысында оқушылар ономастикалық бірліктердің құрамындағы мәдени мәнді тереңірек түсінеді. Бұл түсінік олардың жаңа тілде тиімді қарым-қатынас жасауын арттырады [5].

КІРІСПЕ

Қазақ тілі – сан қырлы, түрлі қағидалы, көркемдігі мен өрнегі өзгелерден бөлек ерекше тіл, сондықтан оны шетелдіктерге үйреткенде қабылдауға жеңіл әрі түсінікті болу үшін ерекше әдіс қажет. Шет тілін оқыту барысында әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамытудың маңызы зор және тіл үйретуде онимдік бірліктерді қолдану осы мақсатқа жетудің тиімді жолы ретінде маңызды рөл атқарады. Онимдік бірліктер, яғни ономастикалық атаулар тілдегі лексикалық қордың ауқымды бөлігін құрайды және сан салалы болып келеді. Ономастика – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы. Негізгі құрылымдық бөліктерінің ішінде жер-су атаулары (топонимия), қала ішілік нысандардың атаулары (урбанонимия), адам аттары (антропонимия), жануарлар атаулары (зоонимия), өсімдік атаулары (фитонимия) т.б. секілді салалардың әрқайсысында қазақ халқының дүниетанымын әрі айнала қоршаған әлеммен байланысын көрсететін ұлттық ақпараттар бар. Оларды екшей отырып, тіл үйрету құралы ретінде пайдалану қазіргі тілді үйрету әдістемесі үшін тиімді. Қазақ тілі мен мәдениеті туралы хабары аз шетелдіктерге онимдер арқылы мол ақпараттар беруге болады. Ономастика саласының мамандары «Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси-экономикалық күй-жайы, қоғамдық құрылысы жөнінде қыруар мағлұматқа ие келетіні» туралы айтады [6, 43].

Тіл үйретудегі дәстүрлі тәсілдерде көбінесе грамматикаға, лексикаға және тілдік құрылымдарға назар аударылады, кейде қарым-қатынастың мәдени және әлеуметтік лингвистикалық аспектілері еленбей қалады. Антропонимия жеке есімдерді зерттейтін ғылым ретінде шет тілін оқыту әдістемесінде қолдануға болатын құнды ресурстар ұсынады. Тілді оқыту бағдарламаларына антропонимикалық мазмұнды енгізу арқылы педагогтар тіл үйренушілерге тіл қауымдастығының мәдени, тарихи және лингвистикалық өлшемдерін тереңірек түсінуді қамтамасыз ете алады.

Ағылшын аудиториясына қазақ тілін оқытуда ономастикалық бірліктерді қолданудың әлі де зерттелмеген тұстары көп. Жалпы ономастикалық атауларды шет тілі сабақтарында қолданудың екі жолы бар: бірі нысан ретінде, екіншісі құрал ретінде. Осы екі түріне де мән беру керек. Әсіресе, екінші жолына, яғни тілдік құрал ретінде онимдік бірліктерді қолдануға әдістеме ғылымында аса көңіл бөлінбеген. Ғылыми-зерттеулердің бұл бағыты әдіскерлерден тың идеялар мен шешімдерді күтеді, осы мәселені ескере отырып мақала көлемінде кейбір ұсыныстарды әзірледік. Екіншіден, жоғарыда аталған зерттеулердің басым көпшілігі ағылшын

ISSN 2788-7979 (online)

тілі мен орыс тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған. Яғни сол елдердің ономастикалық деректері мен мәдениетіне арналады. Ал қазақ тілінде бұл мәселе әлі де болса арнайы қолға алынбай келе жатқаны белгілі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу барысында әр түрлі сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Алдымен шетелдік және отандық ғалымдардың тілді екінші тіл ретінде үйретуде ономастикалық атауларды әдістемелік мақсатта қолдануы бойынша жазылған ғылыми мақалалары сарапталып, шолу жасалды. Тақырып аясында осы уақытқа дейін жарыққа шыққан еңбектер өзара салыстырылып, теориялық және практикалық ерекшеліктері анықталды. Бұл жерде тақырыптың әлеуметтік-мәдени теориямен, тілді қатысымдық оқыту теориясымен, мәдениетаралық құзыреттілік теориясымен сабақтастығын атап өту қажет. Осы теориялық деректер мен практикалық деректерді синтездеу үшін, келесі қадам ретінде шетелдіктердің қазақ есімдерін қабылдауы мен кісі есімдеріне қатысты мәдениет аясындағы іс-әрекеттерді түсіну дәрежесін анықтау мақсатында Қазақстанда тұрып жатқан біршама ағылшын тілді өзге ұлт өкілдерімен сұхбат жүргізілді. Сұхбатқа қатысушылар әр түрлі мемлекет, мәдениет өкілдерінен таңдалып, олардың мәдени бейімделуі, әлеуметтік интеграциясы анықталды. Қойылған ашық сұрақтар терең жауап алуға, нақты пікірлерін білуге мүмкіндік берді. Сұхбаттағы жауаптар жинақталып, сапалық талдау жасалды, кодталып, жүйеленді. Зерттеу жүргізудің әр кезеңінде этикалық нормалар сақталды. Атап айтсақ шетелдік азаматтар сұхбатқа ерікті түрде қатысты, олардың жауабын жазып алуға келісім алынып, аты-жөні құпия сақталды.

Теориялық түсініктер мен сұхбаттан алынған эмпирикалық тұжырымдарға сүйене отырып, бірқатар тапсырмалар мен стратегиялар әзірленді. Жинақталған ақпаратты талдау барысында индукциялық, дедукциялық әдістер қолданылды. Аталған әдістемеге енгізілуі тиіс тапсырмалар үлгісін әзірлеу барысында педагогикалық принциптер ескеріліп, дидактикалық әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Бұл тапсырмалар тіл үйренушілерге шынайы өмірдегі мәдениетаралық жағдаяттарды сезінуге және теориялық концепцияларды практикалық контексте қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы бұл зерттеудегі әдіснамалық көзқарас теориялық түсініктерді эмпирикалық бақылаулармен синтездеп, мәдениетаралық құзыреттілік пен тілді меңгеруге арналған инновациялық педагогикалық материалдарды әзірлеуден тұрады. Сапалық зерттеу әдістерінің үйлесімі арқылы тіл, мәдениет, педагогиканың өзара әрекеттестігі көрініс тапты.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ есімдерінің басқа тілдермен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері көп. Оларға грамматикалық тұрғыдан қарасақ, құрамы жағынан жай немесе күрделі болады, әр түрлі сөз таптарына, грамматикалық категорияларға жатады. Лексикалық тұрғыдан қарасақ, өсімдіктердің, жануарлардың, географиялық нысандардың, аспан денелерінің атауларымен, көңіл-күйді білдіретін сөздермен, мінез сипаттарымен т.б. байланысты болып келеді. Сонымен қатар, баланың туған жері мен уақытына, қоғамдағы маңызды оқиғаларға, ата-анасының тілегі мен қалауына, аға-әпкелерінің есімімен ұйқас болуына байланысты қойылуы мүмкін. Мақаланың басында онимдік бірліктердің шет тілін оқытуда екі бағытта қолданылатынына, яғни *нысан ретінде* және *құрал ретінде* жүзеге асатынына тоқталған болатынбыз. Алдымен кісі есімдерінің нысан ретіндегі орны турасында. Антропонимдердің ресми қолданылуы, яғни құжаттарда рәсімделуі әр елде әр түрлі болып келеді. Мысалы, ағылшындықтарда тегі мен есімі ғана қолданылса, испандықтар өз есімін, әкесінің тегін және анасының тегін айтады, ал португалдықтардағы реттілік өз есімі, анасының тегі және әкесінің тегі, ал Египетте арабтар өз атын, әкесінің атын және барлық аталарының есімдерін атап шығады. Біздің елімізде

ISSN 2788-7979 (online)

кеңестік жүйе тұсында енгізілген ресми норма бойынша құжаттарда азаматтардың бірінші – тегі, одан соң – аты, әкесінің аты тәртібімен рәсімделеді. Қазақ елінің өзіне ғана тән ерекшелікпен іс-қағаздарды жазуға талпыныс болғанмен, қолдау ұзын арқан, кең тұсаудан әрі аса алмай отыр. Кеңестік кезеңде енгізілген бұл жүйе әлі де сақталып келеді, алайда екінші жағы да тоқырап тұрған жоқ. Аты-жөнге жалғанған орыс тіліндегі қосымшалар жыл өткен сайын азайып, ұлты қазақ азаматтарының арасында тегін қазақшалап жазу тенденциясы таралып келеді. Осы ерекшеліктерді ескере отырып антропонимдерді, әсіресе олардың қолданылуын алғашқы сабақтан бастап тіл үйренушілерге көрсету керек.

Сұхбат барысында байқағанымыз, қазақ есімдерін қолдану барысында шетелдіктер мынадай қиындықтарды сезінеді:

1) қазақ есімдерінің құрылымы (ұзын-қысқалығы бойынша) әр түрлі;

2) қазақ есімдерінің айтылуы қиындық туғызады, әсіресе құрамындағы төл дыбыстардың айтылуын біршама уақыт үйренуге тура келеді;

3) ешқашан естімеген сөздерді жаттау қиын, тіпті 10-15 адамның атын жаттау үшін бір айдан бір жылға дейін уақыт кеткен;

4) қазақ есімдеріндегі екпінді дұрыс айтпайды;

5) адамның аты, тегі, әкесінің аты деген компоненттерін қашан, қалай қолданылуын түсіне бермейді;

6) таныс, бейтаныс адамдарды жасына, жынысына, дәрежесіне қарай қалай атау керектігін білмейді, түсінбейді;

7) жақсы танып, араласатын адамдардың есімін жас ерекшеліктеріне қарай қысқартып айту жолдарын біле бермейді;

8) қазақ есімдерінің лексикалық мағынасы бар екенін біле бермейді.

Сұхбат берушілердің басым көпшілігі адам аттарын айтуды үйренуге бір айдан бір жылға дейін уақыт кеткенін айтады және олардың айтылуы мен қолданылу ерекшеліктерін алдын ала білсек, қиналмайтын едік дейді. Ағылшын тілді азаматтарда туатын осы қиындықтардың алдын алу үшін бұл тақырыптарды қазақ тілін шет тілі ретінде үйрету әдістемесіне төмендегідей жолдармен кіргізуге болады.

- Қазақ есімдерін фонетикалық жаттығуларда қолдану. Қазақ дыбыстарын, төл дыбыстарды өту барысында есімдерді мысал ретінде алу.
- Қазақ есімдерін есте тез сақтау үшін, кең тараған адам аттарының лексикалық мағынасын түсіндіру. Мысалы, гүл, ай, нұр, жан түбірлі есімдердің мағынасын ашып өту. (Италиялық мұғалімге қазақ оқушыларының аттарының ішінде лексикалық мағынасы барларын аударып бергенімізде «*Қазақ есімдері лексикалық мағына беретінін білмедім. Енді Арлан деген атты ешқашан ұмытпаймын»* деді. Ал пакистандық мұғалім үшін есімдерді айту аса қиын болмаған, себебі оларда бізге ұқсас есімдер жиі кездеседі екен. Мысалы, урду тілінде «мах» ай деген мағына береді, және оларда Махнур деген есім бар екен. Тағы бір филиппиндік мұғалім қазақ есімдері жалпы лексикалық мағына беретінін естідім, бірақ жеке буындардан құралған есімдер болатынын, және әр буынның жеке-жеке мағына беретіндігі туралы білмегенін айтты.*)* Адам есімдерінің лексикалық мағынасын түсіну, қалжың арқылы адамдар арасында жағымды ахуал туғызады. Мысалы, қазақ тілін үйреніп жүрген американдық азамат, Қуандық есімді жігітпен танысу барысында *«Қуандықты көріп, қуандық»* деп жиналған жұртты бір күлдіріп алды. Біздегі Мархаба есімі, түріктерде *сәлем* деген мағына береді. Түрік азаматтары біздегі сол есімді естіп, біраз таңғалған. Яғни, есімдердің семантикалық мағынасын білу мәдениетаралық қарым-қатынасқа жағымды әсер етеді.
- Диалогтарда адам аттарын ханым, мырза немесе мұғалім, апай, аға, апа деген сияқты атаулармен бірге қолдану. (Американдық мұғалім «*Оқушылар «Мирас аға, Мирас аға» деген кезде аға деген оның тегі деп ойладым. Іскерлік құжаттардан қарасам, тегі басқаша екен. Біраз уақыт түсінбей жүрдім*», - дейді.)
- Оқулықтарда, бағдарламаларды қазақ есімдерін қолданғанда «қарапайымнан күрделіге» қағидасын есте ұстау. Себебі, «ж», «х» сияқты ағылшын тілінде жоқ әріптері бар

ISSN 2788-7979 (online)

адам аттарын алғашқы сабақтарда қолдану тіл үйренушілерге қиындық туғызады. Тіл үйретуді енді бастаған кезде *Асан, Самат, Марат, Айдана, Дина* деген сияқты айтуға да, оқуға да, қабылдауға да жеңіл есімдерден бастаған жөн. (Филиппиндік оқытушы оқушыларының арасында *Жанарыс, Қасымхан, Жандос* деген есімдерді айтудан біраз қиналғанын айтты. Италиялық мұғалім үшін айтуға, жазуға, жаттауға ең қиындық туғызған *Жансая* деген есім екен. Пакистандық мұғалім оларда *ж* деген дыбыс жоқ екенін, оның орнына *дж* деп айтатынын атап өтті).

Ж.Ағабекова зерттеу мақаласында қазіргі қазақ тілі пәнінің тіл мен мәдениеттің байланысын, тілдің ұлттық ерекшелігін ұштастыра отырып, ұлттық рухқа сүйене отырып оқытуды, когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттануды қамтитыны жөнінде жазды [4, 105]. Шетелдік азаматтармен сұхбаттасу барысында қазақ халқының есім берудегі кей дәстүрлері мен ғұрыптары туралы түсіндіріп айтқанымызда олар қызыға тыңдады және таңданыстарын жасырмады. Себебі қазақ халқының балаға ат қоюы – сандаған ғасырлардан бері жалғасып, ұлттық дүниетаныммен бірге жасасып келе жатқан дәстүр. Қоғамдық сана, эстетикалық талғамның өзгеруімен бірге есімдер де уақыт елегінен өтіп, түрленіп отырады. Ұлттық есімдер – халық шығармашылығының жемісі. Төл топырағында өніп қалыптасқан есімдердің өзгелерден өзіндік ерекшелігі болады, ол ерекшеліктер таныс емес адамдар үшін қашан да қызық. Қазақ – кісі есімдеріне баса мән берген халық. Ол есімін – «өзім» деп біледі, оған барынша кір келтірмеуге тырысады. Есімін – «мәңгілігім» деп оның өлмеуі үшін ұрпағына жеті, кейде одан да көп атасының есімін жаттатқан. Ұрпақ өсіру де осы орайдағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. *Атыңнан айналайын, атына кір келтірмеу, атын былғамау, аты өлмейді, аты жақсы* немесе кері мағынадағы *аты өшті, аты жаман, атын былғады, аты құрсын* т.б. секілді тұрақты тіркестер қазақ халқының есімге деген көзқарасы мен қатынасын білдіреді. Бұл қатынас өзге халықтарда әртүрлі болуы мүмкін, қызық болатыны да сондықтан.

Қазақ антропонимдері арқылы қазақ мәдениетінің бір қырымен таныстыру үшін мына бағыттағы жұмыстарды орындауды ұсынамыз:

- Адам есімдерінің тарихы туралы әр түрлі бейімделген қысқа әңгімелерді оқуға ұсыну. *Мысалы, мәтіндерде кейіпкерлер неге олардың атын Құралай, Меңдігүл, Абылай, Несібелі, Бақыт т.с.с. деп қойғаны туралы әңгімелейді.* Есімінің тарихы қызықты тұлғалармен немесе балаларына мағыналы есім қойған адамдармен сұхбатты тыңдату.
- Қазақ мәдениетіндегі ат қою дәстүріндегі ерекшеліктер туралы мәтіндер оқу. *Мысалы, Ұлболсын, Жаңылсын, Жалғас, Тоқтар, Елубай, Қалдыбек, Үміт, Дәмелі т.с.с. есімдердің қойылу себептерімен таныстыру.*
- Ілік септігін, тәуелдік жалғауын өту барысында атақты адамдардың есімдерін қолдану.
- Адамдардың қызықты лақап ат таңдауы туралы мәтін оқуға ұсыну. Мысалдар беріп, оларды талдау. Берілген есімдерге қызықты лақап ат ойлап табуды білім алушылардың өздеріне тапсыру сияқты шығармашылық қабілетті дамытуға арналған тапсырмалар беру. Мысалы: Даулет деген жігіт, өзіне Даул деп лақап ат таңдаған. Бір жағынан шын атының қысқартылған нұсқасы болса, екінші жағынан *дауыл* деген мағына береді. Яғни, бұл жерде дауыл – мықтылықтың символы. Сол сияқты білім алушыларды қызықтыру үшін «сөздерді ойнату» стилистикалық көркемдеуіш тәсіліне негізделген тапсырмалар беруге болады. Бұл жерде тапсырманы қазақ есімдерінің ағылшын тілінде белгілі бір мағына беретін сөздермен үндесуіне негіздеуге болады. Мысалы, жастардың арасында танымал Дулат есімді әнші жігіттің ән жинағының аты DoLot (оқылуы [ду лат]). Бұл бір жағынан әншінің өз есімі, екінші жағынан ағылшын тілінен *көп еңбектену, көп жұмыс жасау* деп аударылады.
- Адамдардың жасына, жынысына, жақындығына қарай есімдерін қысқартып айтуға арналған тапсырмалар. Мысалы: *Серікжанның жасы алпыста. Оның атын қалай қысқартып айтасыз? (Сәке, Секе). Қуаныштың жасы он бесте. Оны үлкендер қалай еркелетеді? (Қуантай).*

ISSN 2788-7979 (online)

- Қазақ есімдерінің басқа тілдердегі аударма баламасын табу. Мысалы, *Айым – Luna, Айнұр – Айлин, Өміртас – Livingstone, Сұлтан – Richard.* Бұл жаттығу білім алушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың зерттеу қабілеттерін де дамытады.
- Қоғамда қайшылық туғызатын, әр түрлі пікірге жетелейтін есімдер жайлы мәселелерді пікірталас сұрақтарына қолдану. Мысалы: *Егер өзге ұлт өкілінің есімі тым күрделі, ұзақ болса, оны қысқартып айтуға бола ма? Адам есімі заманауи, ескі немесе ерекше болуының артықшылықтары мен кемшіліктері қандай? Адамдардың өз есімдерін білезікке, төсбелгіге жазып алып, тағып жүруінің жақсы және жаман жақтары. Балаға өзге ұлт есімдерін беру дұрыс па? Балаға көнерген есім беру дұрыс па?*
- Адамның пікірін, өз ойын білдіріп, қиялын дамытуға арналған тапсырмалар. Мысалы: *Егер сіз қазақ болсаңыз қызыңызға/ұлыңызға қандай есім берер едіңіз? Неге? Қазақ есімдерінің тарихы, ат қою мәдениеті туралы оқығаннан кейін, балаңызға қандай ат қояр едіңіз?*
- Әңгіме, кітап, кинодағы кейіпкерлер есімдерінің мәні, ол есімдердің кейіпкер мінезімен және тағдырымен байланысын анықтау.

Сонымен адам есімдерін шет тілін оқытуда қолдану, біріншіден, тіл үйренушілердің қазақ есімдерімен және олардың мағынасымен танысу арқылы тіл байлығын дамытады. Екіншіден, елдің мәдениеті мен тарихы туралы терең түсінік береді. Үшіншіден, өз аттарымен, ат қою дәстүрімен салыстыру арқылы мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Төртіншіден, тіл үйрету әдістемесінде аутентикалық материалдар қолдануға мүмкіндік беріп, ресурс тапшылығы мәселесін шешуге септігін тигізеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Шет тілін оқыту барысында тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті де дамытудың маңызы зор екенін ғалымдар айтып келеді. Себебі тіл мәдениетпен тығыз байланысты. Ұлттық мәдениетті зерттеу барысында тілдің маңызы зор, ал тілді оқыту барысында мәдениетаралық қарым-қатынасқа назар аудару қажет. Мәдениетті оқыту барысында тілдік ойындарды қолдану оқушылардың таңбалық-нысандық құзыреттілігін (symbolic competence) дамытуға мүмкіндік туғызады [7, 274]. Таңбалық-нысандық құзыреттілік дегеніміз біреудің тіліне барынша жуықтау немесе оны тереңірек игеру ғана емес, сонымен қатар өз бойында сол тілде үйретілетін және қолданылатын контексті қалыптастыру дағдысы [8, 664]. Яғни тілді меңгеру тек грамматика мен сөздік қорды меңгерумен шектелмейді, ол тілдің мәдени ортасына енуді, оның тарихи тамырларын, әлеуметтік-саяси контексттерін түсінуді қамтиды. Тілдің мәдени аясын түсіну білім алушыларға сол халықпен ұтымды сөйлесуге көмегін тигізеді. Мәдени құзыреттілік тіл үйренушілердің бейвербалды сигналдарды, тұрақты тіркестерді, басқа да тілдік ерекшеліктерді дұрыс түсінуін қамтамасыз етеді. Білім алушы қазіргі жаһандық қоғамда басқа халық өкілдерімен сөйлесу барысында олардың мәдениетін құрметтеп, өзгешеліктеріне толеранттылық танытып, мәдени сезімталдық қабілеттерін дамыту үшін сол елдің мәдениетінен хабардар болуы қажет. Яғни әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті меңгеру тұлғалар арасында түсініспеушілік, дау-дамайдың туындамауына көмектесіп, мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсартуға септігін тигізеді. Екінші жағынан, тілді мәдениетпен ұштастыра отырып оқыту тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырады. Қызығушылық болған жерде, нәтиже де болады. Үшіншіден, өзге мәдениетті оқу арқылы, адам өзінің мәдени құндылықтары мен наным-сенімдері туралы ойланып, санасын дамытып, таным көкжиегін кеңейтеді. Төртіншіден, егер білім алушы жергілікті халықтың арасында тұруды жоспарласа, мәдениеті туралы алдын-ала білу оған тез бейімделуге, жаңа ортаға қиындықсыз енуге септігін тигізеді. Бесіншіден, өзге мәдениетпен етене жақын араласу тілдік құзыреттілікті нығайтады. Мәдениетті білу танымдық деңгейде сөздер мен тіркестердің мағынасын, мәнмәтінін тереңірек түсінуге көмектеседі.

ISSN 2788-7979 (online)

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік дегеніміз жергілікті халықтың әлеуметтік және сөйлеу әрекеттеріндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін білу, оны қарым-қатынас барысында қолдану, стереотиптерді түсіну, этикет нормалары мен арнайы дәстүрлерді сақтау. Тіл – ұлттың басынан кешкен тарихының, дүниетанымының, тұрмысы мен салтының, өмірілік көзқарастары мен ұстанымдарының айнасы болса, кісі аттары солардың ішінде негізгісі. Тіл – қоғамдық құбылыс, қоғамда болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтарды өз бойына жинақтайды. Сондықтан, халықтың осы асыл қазынасында жалғыз бүгінгі күннің құндылықтары ғана емес, өткеннің де көптеген іздері сақталған. Шет тілді аудиторияда қазақ тілін үйрету үшін осы құндылықтарды сұрыптап, соның ішінде ұлттық ерекшеліктерімізді айшықтай алатын бірліктерді таңдап алу үлкен біліктілікті талап етеді. Осы мақала көлемінде сөз болғалы отырған лексикалық құндылықтардың бірі – ономастикалық атаулар, соның ішінде антрпонимдердің орны үлкен. Тілдегі өзге лексикалық қабаттар секілді кісі есімдерінің де өзіндік қалыптасу тарихы бар және үздіксіз даму эволюциясын басынан кешіріп келеді. Бұл жөнінде Т.Жанұзақ «Қазақ есімдері де санаулы жыл ішінде тосыннан пайда бола қалмаған. Оның өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолдары бар. Қазақ есімдерінің ішінде сол ерте замандарда шығып, көненің қарт куәсі, жұрнағы ретінде өмір сүріп келе жатқандары да, орта ғасырға тән және жаңа дәуірде жасалғандары да көп», - деп тоқталып өтеді [9, 5]. Демек, шет тілді аудиторияда қазақ антропонимиялық лексикасын пайдаланудың өзіндік әдістемесі қалыптасу керек екені сөзсіз.

Шетелдіктерге тіл үйрету қарым-қатынас құралы ретінде меңгертуді ғана емес, сонымен қатар тіл арқылы берілетін ұлт туралы ақпараттардың сапалы болуын да міндеттейді. Бұл өз алдына арнайы ізденістерді талап ететін мәселе, өйткені сөздік қордағы материалдардың барлығы шетелдіктерге қажетті ақпараттарды қамтымайды және оның барлығын бірден игеріп кету мүмкін емес әрі қажет те емес. Сондықтан, тілді оқытудың кәсіби әдістемесінде қандай материалдарды, қалай пайдалануға болады, оларды сапалық және қажеттілік принциптері бойынша қалай анықтай аламыз? дейтін сұрақтардың туындайтыны рас. Білім мазмұнының құрылымдық жүйесі тұрғысынан келсек *оқытудың саясаты* мен *бағыттары* бұл орайда басты тұғырлар болып табылады.

Тілді не үшін оқытамыз? Оның болашағы қандай? дейтін сұрақтар тіл саясатын тудыратыны белгілі. Қазақстан жағдайында екі кезең өзіне назар аударады: бірінші – XXI ғасырда күн тәртібінде өз азаматтарымыздың тілді білу проблемасы қойылған болса, екінші кезекте, яғни қазіргі кезде қазақ тілін шетелдіктерге үйрету мәселесі күн тәртібіне шықты. Халықаралық тіл иелері – алып мемлекеттердің ортасындағы орнымыз бен қазіргі жүріп жатқан жаһандық ықпалдасу үдерістері тіл мәселесінің саясатсыз болмайтынын ескертіп отыр. Сондықтан, кез келген дамыған елдер секілді қазақ тілі мен мәдениетін де мүмкіндігінше тарату аса маңызды қажеттілік екенін ескеруіміз керек әрі бұл – әлем елдері арасындағы өзіндік ерекшелігіміз бен орнымызды айқындаудың бір жолы және ұлт ретінде өмір сүруіміздің кепілі. Білім мазмұнын барынша тиімді әрі мәдени-ақпараттық мүмкіндігі толық материалдармен қамтамасыз ету – білім саясаты қағидаларының бірі.

Білім мазмұнында қамтылатын *негізгі бағыттар* – тілдің лингвистикалық жүйесі, соның ішінде сөз болып отырған лексикалық қабаттары. Лексикалық қабаттардың ішінде антропонимия әрі қызықты, әрі ұлттық ерекшелігі айқын топқа жатады. Егер тарихи тұрғыдан алатын болсақ, қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған хандардың, батырлардың, билердің және басқа да ел тізгінін ұстаған тұлғалардың есімдері бүгін көпке белгілі. Олардың біршамасын тілдік мұра ретінде сақтап, қазіргі сәбилерімізге қойып жүрміз. Сол секілді ауыз әдебиеті шығармаларындағы басты кейіпкерлеріміздің, соның ішінде батырларымыздың есімдері де тілдік санада жаңғырып, әлі күнге сақталып келеді. Фольклорлық шығармалардағы есімдер тек мағынасымен ғана емес, сонымен қатар шығу уәждерімен де қызықты. Халықтың ат қою дәстүрі мен есімдерді таңдау, тұтыну, қолдану мәдениетінің тамаша үлгілері ауыз әдебиетінің материалдарында көрініс береді. Батырдың дамның сұрауымен, Жалғыз Жаратушының қолдауымен өмірге келуі халық ұғымындағы ұрпақтың қаншалықты орын алатынынан хабар береді. Бұл үлгілерді сұрыптап, талдап, маңызды тұстарын шетелдіктерге тіл үйрету кезінде

ISSN 2788-7979 (online)

пайдаланудың әдістемелік тиімділігі жоғары екені сөзсіз. Фольклорлық материалдар халықтың тарихи мәдениетінен ақпараттар береді, мысалы, Алпамыс, Қобланды, Ер Кеңес т.б. секілді жырларда басты кейіпкерлердің есімін әулиелер, пірлер қояды. Бұл орайда біз қазақ халқының ат қою дәстүрі туралы ғана емес, болашақ ұрпақ қамын ойлауы және перзентке деген сүйіспеншілігі туралы да мол ақпараттар ала аламыз. Ата-ананың бір перзент сүюге деген құштарлықпен барша мал-мүліктен, дүниесінен безіп, әулие аралап кетуі бүгінгі күн жастары үшін аса маңызды өнеге. Ал соншалық қиыншылықпен өмірге келген перзент те жай адам емес – тек ата-анасының баласы болып қалмай, халқының қамын жеген ер болуы өмірдің бумеранг заңдылығын көрсетеді. Жас күнінде перзент жанына егілген ата-ана сүйіспеншілігі мен мейірімінің, жүрегіне сіңірілген махаббаттың «жүрегі жылы, бойы құрыш» алып батырды тәрбиелеп шыққанының көрінісі бұл. Осы педагогиканың философияның заңдылықтары, ұрпақ тәрбиесінің сабақтастығындағы орны қорытылып, жүйеленіп тіл үйренушілерге қосымша ұсынылып отыруы тиіс. Әке мен баланың арасындағы, ана мен баласының арасындағы, ер жігіт пен жарының арасындағы қатынастардың ерекшелігі ауыз әдебиеті шығармаларындағы аты-жөн туралы сабақ барысында берлетін қосымша ақпараттарға толы. Ұлттық мәдениеттегі ғасырлар бойы қалыптасқан алдыңғы және кейінгі буын өкілдері арасындағы байланыс осы айтылған дәстүрлі сабақтастық арқылы жалғасып жатыр. Халықтың ұзақ уақыттар бойы ұстанып келген өмірлік қағидалары қазіргі кезде дәстүрлі заңдылықтарға айналған. Оларды шетелдіктерге қазақ тілін үйрету барысында әдістемелік материалдар ретінде қолдану, бүгінгі әдістемелік қажеттілікке айналдыру алдымызды тұран міндеттердің бірі.

Міне осылайша қазақ тілін үйренушілер қазақ халқының тарихынан, мәдениетінен, фольклорынан, ұлттық рухани құндылықтарынан мол ақпараттар алады. Бұл орайда «еңіреген ер», «атаның баласы болма, адамның баласы бол», «ұрпақ қамы», «ел қамы», «атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» т.б. тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер туралы да түсінік бере кету сабақ мазмұнын қосымша материалдармен толықтырудың бір мүмкіндігі екені ескерілуі тиіс. Әр заманның өзіне сай өмір сүру жағдайы, тұрмыстық салттары, табиғи ортамен үйлесу шарттары т.б. секілді тұрмыстық жағдайдан туындап, қалыптасқан ұғым-түсініктері болады. Бүгінгі күнмен салыстырғанда олардың формасы мен мазмұны жағынан да және өзіндік нормалары бойынша да еркшеліктері бар екені белгілі. Олардың барлығы тілдің лексикалық қорында түрлі мағынадағы сөздермен, тұрақты тіркестермен және мақал-мәтелдермен таңбаланған. Осы тілдік таңбалардың ішінде қазақ есімдері де бар. Халықтың басынан кешірген тұрмысы, арман-тілегі, қайғысы мен қуанышы, болашаққа деген мақсат-мұраты кісі аттарының мазмұнынан көрініс тапқан. Әлемнің өзге елдеріндегідей қазақ тіліндегі кісі есімдерін де кездейсоқ және көркем есімдер деп бөлуге болады. Кездейсоқ есімдерге қоғам дамуының әр кезеңінде еліктеу, тілек тілеу, болып жатқан түрлі жағдайлармен үйлесу т.б. себептермен қойылған мағынасы оғаш есімдер жатады. Бұл есімдерді «қазақ есімдері» деген норма мен шарттарға сыйғызу да қиын, тіпті кей жағдайда есім деп айтуға де келмейтін нұсқалар бар. Мысалы, Консентрат, Елка, Апельсин, Солдат секілді кірме есімдер, Мынатаубиік, Класхан, Шаттанша, Жаңылыс т.б. төл сөзден жасалған есімдерді шетелдіктерге тіл үйретуде қолданудан сақтану керек. Осыған байланысты қазіргі антропонимикалық зерттеулерде «антропонимдік өзек» секілді терминдер қолданылып жүр [10], [11]. Ғасырлар бойғы халықтың ат қою шығармашылығы барысында түрлі есімдер жасалды, солардың ішінде сұрыпталып, іріктеліп бүгінгі күнге жеткен көркем есімдер мен компоненттер аз емес. Көптеген көне компоненттер өзара біріктіріліп, Айболат, Айтуған, Айхан, Айерке, Айару, Айзере, Айкүн т.б. секілді жаңа есімдер пайда болып, кеңінен қолданыс тапты.

Қазақ есімдерінің құрамындағы компоненттер қайталанып отырады. Мысалы, Айжан, Айман, Айхан т.б., сол секілді Айжан – Жанай, Айнұр – Нұрай, Байжұма – Жұмабай т.б. секілді есімдердің компоненттері өзара орын алмасады. Бұл орайда тілді үйренушілерге компоненттердің орнын ауыстыруы мағынаны өзгертпейтінін, алайда екі түрлі есім болатынын түсіндіру маңызды. Мысалы, Жұмабайдың да, Байжұманың да мағынасы бір, алайда Жұмабайды Байжұма деп атауға болмайды. Кез келген күрделі тұлғалы есімдердің

ISSN 2788-7979 (online)

тұлғасына тұтастай талдаулар жасамай-ақ, жеке компоненттерге түсінік беру қазақ есімдері туралы біршама ақпарат алуларына мүмкіндік береді. Сол секілді бір ғана «ай» сөзінің антропонимжасамдық қабілеті мен символикалық мәнін түсіндіру, түрлі компоненттермен бірігіп жасалған өзге есімдердің де түсінігін жеңілдетеді (бұл басқа компоненттерге де қатысты).

Сонымен антропонимия жалқы есімдерді, оның ішінде олардың шығу тегін, мағынасын және мәдени мәнін зерттей отырып, қоғамдық құндылықтарды, діни нанымдарды және тарихи оқиғаларды көрсететін мәдени, тарихи және тілдік ақпараттарды қамтиды. Шетел тілін оқыту әдістемесінде антропонимияға мәдениетке ашылған терезе ретінде қарауға болады. Тіл үйренушілерге есім концепциялары, туыстық жүйелер және әлеуметтік иерархиялар туралы түсінік береді. Сонымен қатар, жалқы есімдерді зерттеу сөздік қорды меңгеруді жеңілдетеді және тіл үйренушілердің мәдени құзыреттілігін нығайтады. Жалпы тіл үйретуде аутентикалық материалдарды қолданудың маңызы зор. Тілге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, сын тұрғысынан ойлауды дамытып, мазалаған сұрақтардың жауабын табуға көмектеседі. Тіл үйренушілер аутентикалық ресурстармен жұмыс істеу барысында оны түсініп, талдау, ақпаратты бағалау арқылы, миларында шынай өмірмен байланыс орнатып, тұжырымдар жасайды. Бұндай когнитивті үрдістер өз кезегінде тілді терең түсініп, тілдік құзыреттіліктерін арттыруға септігін тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Антропонимдік бірліктердің әлеуметтік, тарихи, мәдени, функционалды, коммуникативтік аспектілері оларға қатысты көптеген мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Бұл шешімдер кісі есімдерінің тіл жүйесіндегі орнын анықтауға да жол ашады және шетел аудиториясында қазақ тілін оқыту бойынша қазақ антропонимиясын негізге алудың маңыздылығын негіздеп береді. Қазақ антропонимдерінің қолданбалық және практикалық мәселелері арнайы зерттеу нысаны ретінде қолға алынып, тиісті шешімін тапты деп айтуға әлі ертерек екені рас. Алайда, қазақ тілін үйренуші шетелдіктер үшін алғашқы практикалық негіздерін қалыптастыру аса маңызды мәселе. Шетелдіктер қазақ халқын тану үшін ең бірінші оның есімдерімен танысса, азаматтармен әрі қарайғы «тіл табысуларына» да жол ашыла бермек. Өйткені қазақ есімдерінің табиғатында ұлттық дәстүрлі дипломатиялық миссияның негіздері сақталған. Кісі есімдеріне ата, әже, аға, әпке, көке, сондай ақ ереклету, құрметтеу мәнді қосымшалардың жалғанып айтылуы тез тіл табысуға мүмкіндік береді, есімдердің арнайы қолданысынан сұхбаттасушы адамға деген құрмет пен ілтипат ерекше көрініс береді.

Қазақ есімдерінің лингвистикалық және экстралингвистиклық табиғаты қызықты болып көрінгенмен, шетелдік тіл үйренушілерге қиындық туғызатын тұстары аз емес, сондықтан оларды бастапқы деңгейден бастап үйрету қажеттігі туындайды. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың алғашқы сабақтарынан бастап, кісі есімдерінің қарым-қатынаста қолданылуына, олардың аға, апай, мұғалім, мырза, ханым деген сияқты сөздермен тіркесіп келуіне, адамның аты-жөні, тегі, әкесінің атының ресми\бейресми қолданылуна, кісі есімдерінің қандай жағдайда қысқартылып айтылатынына, олардың лексикалық мағынасына назар аударылу керек. Яғни дидактикалық қорға қазақ антропонимдерінің құрылымдық, әлеуметтік, функционалдық, логикалық аспектілеріне қатысты жаттығуларды енгізу әдістемелік материалдар қорының толығуына ықпал етеді.

Зерттеу жұмысы барысында жинақталып, ұсынылып отырған жаттығулар жүйесі ағылшын тілді тіл үйренушілер тап болатын негізгі қиындықтарды еңсеруге көмектесіп, коммуникативтік сәтсіздіктердің алдын алуға арналған. Шетел зерттеушілері аппелятивтердің ұлттық ерекшеліктер мен тілдік мәдениетті көрсететін бір құрал екеніне назар аударып келеді. Ғалымдардың әдістемелік ізденістерінің нәтижелерін есте ұстай отырып, антропонимдік лексиканың қазақ тілін үйренуге одан сайын ынталандыратын қабілетін ескеру аса маңызды.

ISSN 2788-7979 (online)

Зерттеуге, тануға, шығармашылық әрі сыни ойлауға бағытталған тапсырмаларды әдістемеге кіргізу тілді үйрету жұмысына елеулі жеңілдіктер әкеледі деп күтіледі.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР ҒЖБ AP23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» атты мемлекеттік гранттық (2022-2024 жылдарға арналған) жоба аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 MacKenzie L. What’s in a name? Teaching linguistics using onomastic data // Language. – 2018. – Vol. 94. no 4. – pp. e293-e310. https://doi.org/10.1353/lan.2018.0068
2 Мартыненко Ю.Б. Қытайлық білім алушыларға орыс антропонимдерін оқыту // Білім берудегі педагогика мен психология. – 2020. – №1. 94-105 бб. https://doi.org/10.31862/2500-297X-2020-1-94-105
3 Сергеева Н.М. Орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың қарапайым деңгейіндегі орыс антропонимдері // Кострom мемлекеттік университетінің хабаршысы. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика. 2021. – Т. 27. № 3. – 195-201 бб.
4 Agabekova Z. Methods of using onomastics in teaching language and culture // Global Journal of Sociology: Current Issues. – 2017. – 7(2). – pp. 104-109. https://doi.org/10.18844/gjs.v7i2.2395
5 Алимхан А. Топонимиялық деректердің лингвоелтанымдық мәні // «Ұлттық ономастика феномені: ел тарихы, жер тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы, 2022. – 131-136 бб.
6 Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 128 б.
7 Owczarek D. The foreign language student as an ethnographer: language games and ethnographic techniques for enhancing the development of intercultural competence through studying foreign language culture // Neofilolog. – 2020. 55(2). – pp. 265-286. https://doi.org/10.14746/n.2020.55.2.7
8 Kramsch C., Whiteside A. Language ecology in multilingual settings. Towards a theory of symbolic competence // Applied Linguistics. – 2008. 29(4). – pp. 645-671. https://doi.org/10.1093/applin/amn022
9 Жанұзақ Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
10 Әбдуәлиұлы Б. Антропонимдік өзек және лексикалық сабақтастық // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы, фил. сер. – 2020. – №2 (72). – 57-63 бб.
11 Әбдуәлиұлы Б.Антропонимдік өзек және морфологиялық сабақтастық // Ш.Уәлиханов ат. КУ Хабаршысы, фил. сер. – 2020. – №4 (1). – 14-22 бб.

Материал 08.12.2024 баспаға түсті

Методические основы использования антропонимной лексики при обучении казахскому языку англоязычной аудитории

Г. Рысбеккызы [1], Б. Абдуалиулы [1]
[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, 000001, Республика Казахстан

При обучении казахскому языку англоязычной аудитории знакомство с культурой нации открывает учащемуся возможность почувствовать природу языка. В связи с этим очень важно использование антропонимических единиц в качестве языкового материала. Личные имена в казахском языке и лексика, связанная с именами и нашими культурными и

ISSN 2788-7979 (online)

социальными особенностями, имеют ряд моментов, вызывающих проблемы у иностранных граждан. Чтобы не допустить подобных трудностей, в статье описаны и представлены виды заданий, которые можно включить в методику преподавания казахского языка как иностранного. Прежде всего, было обращено внимание на важность социокультурной компетенции при обучении иностранному языку. Сделаны обзоры предыдущих исследований по теме, а также проведен краткий анализ особенностей личных имен для включения их в содержание знаний.

В результате проведенных интервью с англоязычными гражданами выявлены недопонимания и трудности, возникающие в отношении личных имен в казахском языке, и предложены пути их решения. Были приведены примеры упражнений и заданий, связанных с использованием антропонимических данных при обучении казахскому языку англоязычной аудитории.

Ключевые слова: антропоним, оним, методика обучения казахскому языку, казахский язык как иностранный, социокультурная компетенция

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 MacKenzie L. What's in a name? Teaching linguistics using onomastic data // Language. – 2018. – Vol. 94. no 4. – pp. e293-e310. https://doi.org/10.1353/lan.2018.0068

2 Мартыненко Ю.Б. Обучение китайских учащихся русским антропонимам // Педагогика и психология образования. – 2020. – №1. С. 94-105. https://doi.org/10.31862/2500-297X-2020-1-94-105

3 Сергеева Н.М. Русские антропонимы на начальном этапе обучения русскому языку как иностранному // Вестн. Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика. – 2021. – Т. 27. № 3. – С. 195–201.

4 Agabekova Z. Methods of using onomastics in teaching language and culture // Global Journal of Sociology: Current Issues. – 2017. – 7(2). – pp. 104-109. https://doi.org/10.18844/gjs.v7i2.2395

5 Алимхан А. Лингвострановедческий аспект топонимических данных // Сборник материалов Междунар. науч.-прак. конф. «Феномен национальной ономастики: история народа, судьба страны». – Алматы, 2022. – С. 131-136.

6 Жанузак Т., Рысберген К. Казахская ономастика: достижений и перспективы. – Алматы: Азия, 2004. – 128 с.

7 Owczarek D. The foreign language student as an ethnographer: language games and ethnographic techniques for enhancing the development of intercultural competence through studying foreign language culture // Neofilolog. – 2020. 55(2). – pp. 265-286. https://doi.org/10.14746/n.2020.55.2.7

8 Kramsch C., Whiteside A. Language ecology in multilingual settings. Towards a theory of symbolic competence // Applied Linguistics. – 2008. 29(4). – pp. 645-671. https://doi.org/10.1093/applin/amn022

9 Жанузак Т. Исория казахских имен. – Алматы: Гылым, 1971. – 218 с.

10 Абдуалиулы Б. Антропонимическая основа и лексическая преемственность // Вестн. КазНПУ им.Абая, сер. фил. – 2020. – №2 (72). – С. 57-63.

11 Абдуалиулы Б. Антопонимическая основа и морфологическая преемственность // Вестн. КУ им.Ш.Уалиханова, сер. фил. – 2020. – №4 (1). – С. 14-22.

Материал поступил в редакцию журнала 08.12.2024

Methodological Principles for Incorporating Personal Names Vocabulary in Teaching Kazakh Language to English-speaking Learners

G.Rysbekkyzy[1], B.Abdualiuly[1]
[1]L.N. Gumilyov Eurasian national university, Astana, 000001, Republic of Kazakhstan

ISSN 2788-7979 (online)

When teaching the Kazakh language to an English-speaking audience, familiarity with the culture of the nation opens the opportunity for the student to feel the nature of the language. In this regard, the use of anthroponymic units as linguistic material is very important. Personal names in the Kazakh language and vocabulary associated with names and our cultural and social characteristics have a number of issues that cause problems for foreign citizens. In order to avoid such difficulties, the article describes and presents the types of tasks that can be included in the methodology of teaching Kazakh as a foreign language. First of all, attention was drawn to the importance of sociocultural competence in teaching a foreign language. Reviews of previous studies on the topic are made, as well as a brief analysis of the features of personal names for inclusion in the content of knowledge.

As a result of interviews with English-speaking citizens, misunderstandings and difficulties arising regarding personal names in the Kazakh language were identified, and ways to solve them were proposed. Examples of exercises and tasks related to the use of anthroponymic data when teaching the Kazakh language to an English-speaking audience were given.

Key words: anthroponym, onym, methods of teaching the Kazakh language, Kazakh language as a foreign language, sociocultural competence

REFERENCES

1 MacKenzie, L. (2018), "What's in a name? Teaching linguistics using onomastic data", *Language,* Vol. 94, no. 4, pp. e293-e310. https://doi.org/10.1353/lan.2018.0068

2 Martynenko, Y.B. (2020), Obuchenie kitaiskikh uchaschikhsya russkim antroponimam [Teaching Chinese students Russian anthroponyms], Pedagogika i psikhologiya obrazovaniya [Pedagogy and psychology in Education]. Vol.1, pp. 94-105. [in Russian] https://doi.org/10.31862/2500-297X-2020-1-94-105

3 Sergeyeva, N.M. (2021), Russkie antroponimy na nachalnom etape obucheniya russkomu yazyku kak inostrannomu [Russian anthroponyms at the elementary level of teaching Russian as a foreign language], Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta. Seria: Pedagogika. Psikhologia. Sotsiokinetika [Bulletin of Kostroma State University. Series: Pedagogy. Psychology. Sociokinetics], Vol. 27(3), pp. 195–201.

4 Agabekova, Z. (2017), "Methods of using onomastics in teaching language and culture", *Global Journal of Sociology: Current Issues*, 7(2), pp. 104–109. https://doi.org/10.18844/gjs.v7i2.2395

5 Alimkhan, A. (2022), "Toponimiyalyk derekterdin lingvoeltanymdyk mani" [Linguistic and regional significance of toponymic data]. *Conf. Proc. of Republican Sci. and Practical Conference "The Phenomenon of National Onomastics: the History of the People, the Fate of the Land"*, Almaty, 2022, pp. 131-136. [in Kazakh]

6 Zhanuzak, T., Rysbergen, K. (2004), *Qazaq onomastikasy: jetistikteri men bolashagy* [Kazakh onomastics: achievements and perspectives], Almaty.

7 Owczarek, D. (2020), "The foreign language student as an ethnographer: language games and ethnographic techniques for enhancing the development of intercultural competence through studying foreign language culture", *Neofilolog*, vol. 55(2), pp. 265–286. https://doi.org/10.14746/n.2020.55.2.7

8 Kramsch, C. and Whiteside, A. (2008), "Language ecology in multilingual settings. Towards a theory of symbolic competence", *Applied Linguistics*, vol. 29(4), pp. 645-671. https://doi.org/10.1093/applin/amn022

9 Zhanuzak, T. (1971), *Qazaq esimderinin tarikhy* [History of Kazakh names], Almaty.

10 Abdualiuly, B. (2020), Antroponimdik ozek jane leksikalyk sabaktastyk [Anthroponymic basis and lexical continuity], *Abay at.QazUU Khabarshysy. Filologiya seriyasy.* [Bulletin of KazNU named after Abay], vol. 2 (72), pp. 57-63. [in Kazakh]

11 Abdualiuly, B. (2020), Antroponimdik ozek jane morfologiyalyk sabaktastyk [Anthroponymic basis and morphological continuity], *Sh.Ualikhanov atyndagy Kokshetau universitetinin khabarshysy. Filologia seriyasy* [Bulletin of Sh.Ualikhanov Kokshetau University. Philology series], vol. 4 (1), pp. 14-22. [in Kazakh]

Received: 08.12.2024

ISSN 2788-7979 (online)

Біздің авторлар

Б.А. Әбілова – п.ғ.к. (PhD), қауымд. проф., Халықаралық Астана университеті, Астана, 010000, Қазақстан. E-mail: abatzhamal@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-6311-4150.

